

ЖОБА ОРЫНДАУШЫСЫ
«КазГЮУ Consulting» ЖШС

ҚҰРАЛДЫҢ АВТОРЛАРЫ

Ахметтаева Свет Сейфуллақызы
Ережепова Жанна Қарбайқызы
Сембина Жұлдыз Жангелдіқызы
Возняк Оксана Александровна
Пен Сергей Геннадийұлы

Бұл құрал бойынша өз пікірлеріңізді
электронды пошта арқылы жіберулеріңізге болады
ckguu@mail.ru

Басуға 20.11.2013 ж. қол қойылды.

Қаріп түрі «Times New Roman». Көлемі 60x84 1/16

Қағазы офсеттік. Басылымы офсеттік.

Есепті баспа табағы 14 3/4

Таралымы 500 дана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

 **КазГЮУ Consulting**

ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІ

КазГЮУ CONSULTING

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАТАЛДЫҚ
БЕЛГІЛЕРІНІҢ КӨРІНУІ МЕН БАЛАЛАР
АГРЕССИВТІЛІГІ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР

Психологтарға, педагогтарға және ата-аналарға
арналған әдістемелік құрал

Астана, 2013

УДК 616.89-008.444.9
ББК 88.52 (5 Қаз)
3 – 76

ISBN 9965-694-84-2

Бұл әдістемелік құрал балаларға қарсы зорлық-зомбылық көрсету және балалардың агрессивтілік деңгейін анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды дайындау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалар құқығын қорғау комитетінің мемлекеттік тапсырысы бойынша орындалды және баспадан шығарылды.

АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ:

**Ахметтаева С.С., Ережепова Ж.К., Сембина Ж.Ж.,
Возняк О.А., Пен С.Г.**

ІШКІР БЕРУШІЛЕР:

О.С. Санғылбаев

Психология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

Э.К. Қалымбетова

Психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жалпы және этникалық психология кафедрасының меңгерушісі

Әдістемелік құралда адам агрессиясының табиғаты туралы теорияларды жан-жақты талдай отырып, «агрессия» мен «агрессивтілік» ұғымдарының мағынасы ашылған.

Әдістемелік құралда Қазақстанның сегіз аймағында мектеп жасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсету көріністері мен бала агрессивтілігі мәселесі бойынша жүргізілген социологиялық зерттеу нәтижелері берілген.


Әдістемелік құрал бала агрессивтілігі деңгейін психологиялық диагностикалау әдістерінің сипаттамасынан және мектеп жасындағы балалардың агрессивті мінез-құлқын түзету және алдын алу бойынша нұсқаулықтардан тұрады.

Аталған құрал мектеп психологтарына, әлеуметтік педагогтарға, мұғалімдерге және ата-аналарға арналған.

УДК 616.89-008.444.9
ББК 88.52 (5 Қаз)
3 – 76

ISBN 9965-694-84-2

М. Люшер «Түстік таңдау тесті»
әдістемесінің карточкалары



КІРІСПЕ4

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ (социологиялық сауалнама мәліметтері)5

2. АГРЕССИЯ ЖӘНЕ АГРЕССИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....21

2.1. Агрессия теориялары21

2.2. Агрессияның түрлері.....27

2.3. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлығы.....32

3. АГРЕССИВТІЛІК ДЕҢГЕЙІН ДИАГНОСТИКАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР.....38

3.1. Бақылау әдісі40

3.2. Әңгімелесу әдісі41

3.3. Сараптамалық бағалау әдісі41

3.4. Сауалнамалық әдістер42

3.5. Проективті әдістер61

4. БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР.....116

4.1. ҚР-дағы мектеп оқушыларының агрессивті мінез-құлығын түзету және алдын алу: жағдайы мен ерекшеліктері116

4.2. Агрессивті балалармен жұмыс жасау әдістері132

4.3. Жанжал жағдайларын шешу әдістері135

4.4. Мектептегі зорлық-зомбылықтың және қаталдықтың алдын алу әдістері139

4.5. Агрессияның түрлерімен жұмыс жасау әдістері142

4.6. Қатер тобымен жұмыс жасау әдістері151

4.7. Мінез-құлық тренингтері154

4.8. Білім беру органдары мен ұйымдарына арналған нұсқаулықтар176

4.9. Ата-аналарға арналған психологиялық нұсқаулықтар178

5. ҚОРЫТЫНДЫ205

6. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....207

7. ҚОСЫМША209

Деструктивті мінез-құлық саласындағы көптеген ғылыми зерттеулер бойынша агрессивтілік адамның табиғатына негізделген және агрессия – бұл технологиялық жағынан дамыған қазіргі қоғамның нәтижесі емес делінеді.

Көптеген шетелдік және отандық ғалым-зерттеушілер агрессия мәселесімен айналысқан, бірақ бір ортақ ойға келмеген, себебі бұл өте күрделі және көп қырлы мәселе. Бұл әдістемелік құралда агрессияның табиғаты туралы негізгі теориялық көзқарастарға қысқаша талдау жасалып, бала агрессивтілігінің қалыптасуының негізгі себептері берілді.

Психология саласындағы көптеген зерттеулер көрсеткендей, агрессивтілік көбіне-көп балалық және жасөспірімдік кезеңдерде қалыптасады, сондықтан бұл жаста жүргізілген алдын алу және түзету жұмыстары үлкен нәтиже береді.


Әдістемелік құралда психологиялық диагностикалаудың негізгі әдістері баяндалып, сондай-ақ ынталандыру материалдары берілген. Құралда берілген психодиагностикалау әдістері балалардың агрессивтілік деңгейін анықтауда сенімді нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік құралда Қазақстандық мектеп жасындағы балалардың агрессивтілігі мәселесі бойынша социологиялық зерттеулердің нәтижелері берілген.

Бұл кітап кімге арналған? Ең алдымен, мектеп психологтарына, педагогтарына, әлеуметтік қызметкерлерге; өзінің кәсіби қызметінде бала және жасөспірімдердің агрессивтілігі мәселесіне тап болатындарға; адам агрессиясының табиғатын түсінгісі келетіндер мен баланың агрессивті мінез-құлығын түзету және алдын алу әдістерімен танысқысы келетіндерге арналған. Сонымен қатар, бұл кітап өз балаларының агрессивті мінез-құлығын түсінгісі келетін және өз әрекеттерінің, тәрбиелеу әдістерінің қаншалықты дұрыстығын білгісі келетін ата-аналарға да маңызды.

Авторлар осы әдістемелік құралды даярлауға ұйымдастырушылық және қаржылық қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне өз алғысын білдіреді.

М. Люшер «Түстік таңдау тесті» әдістемесінің карточкалары



құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданылумен қатар және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік жауаптылықтан босатқан кезде оның орнына да қолданылатын құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген.

Жоғарыда көрсетілген Заңның 28-бабында профилактикалық есепке алу және бақылауға жатқызылатын адамдардың санаты белгіленген, оған сәйкес профилактикалық есепке, оған қатысты:

- 1) қорғау нұсқамасы шығарылған;
- 2) оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген;
- 3) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылданған;
- 4) әкімшілік қадағалау белгіленген;
- 5) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес, сондай-ақ шартты түрде немесе жазасын өтеу кейінге қалдырылған жаза белгіленген адам қойылады.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ (социологиялық сауалнама мәліметтері)

Қазақстан Республикасы соттары 2009-2010 жыл және 2001 жылдың 6 айы мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 125, 126, 128, 133, 270, 271 баптары бойынша 531 қылмыстық іс қаралған. ҚР Бас прокуратурасы мәліметтері бойынша тек 2012 жылдың 10 айы ішінде кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы 7419 қылмыс жасалған (2011 ж. – 6810), жыныстық сипаттағы әрекеттен 495 кәмелетке толмаған балалар жапа шекті, 33 – пайдақорлық мақсатта ұрланып, заңсыз түрде қамауда ұсталған.

**ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚ** – отбасы мүшесінің еркіндігін және заңды құқығын бұзатын, оны дене немесе психикалық күйзеліске әкелетін және моральдық зиян келтіретін немесе дене не тұлғалық дамуына қауіп тигізетін отбасының кез келген мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты кез келген қасақана әрекеті.

Отбасылық күш көрсету жағдайларында өскен балалардың көп жағдайда өздерінің отбасында осыны қайталау қаупі жоғары. Зорлық-зомбылық отбасылық дәстүрге айналып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін кесел болып бара жатқан соң қоғам дабыл соғуда. Сондай-ақ, «Мені бала кезімде ұрған, ештеңе емес, адам болдым!» деген таптаурын ұрпақтан ұрпаққа беріліп жатыр.

Қазақстандағы күш көрсету мен қаталдық әрекеттері мен балалардың агрессивтілігі мәселесі туралы халықтың пікірін зерттеу мақсатында біз оқушылардың ата-аналары, ұстаздары, сынып жетекшілері мен мектеп психологтары қатысқан социологиялық зерттеу жүргіздік.

Социологиялық зерттеу Қазақстанның Алматы және Астана қалаларында, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында, барлығы 8 аймағында жүргізілді.

Бала агрессивтілігі мәселесін зерттеу бойынша сауалнама жүргізуге 259 мектеп жасындағы балалардың ата-аналары қатысты (1-кесте).

1-кесте.

Аймақтар бойынша респонденттер іріктемесі

Аймақ	Жиілігі	Пайызы
Қарағанды облысы	30	11,6
Қостанай облысы	30	11,6
Батыс Қазақстан облысы	32	12,4
Астана қаласы	40	15,4
Ақтөбе облысы	33	12,7
Алматы қаласы	30	11,6
Жамбыл облысы	31	12,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	33	12,7
Барлығы	259	100,0

Респонденттердің жартысы (50,6%) – облыс орталықтарының тұрғындары. Кішігірім қалалардан 6,6% респондент сұралды, ауылдардан – 15,9%. Астана және Алматы қалаларының респонденттері 27,0% құрады (2-кесте).

2-кесте.

Тұрғылықты жері бойынша респонденттер іріктемесі

Тұрғылықты жері	Жиілігі	Пайызы
Облыс орталығы	131	50,6
Орта/шағын қала	17	6,6
Ауылдық аудан орталығы	21	8,2
Ауыл	20	7,7
Республикалық деңгейдегі қала	70	27,0
Барлығы	259	100,0

Балалардың агрессивтілігі деңгейі мен зорлық-зомбылық және қаталдық әрекеттері көріністерін анықтау бойынша эксперттік сауалнамаға Қазақстанның 8 аймағынан 233 сарапшы қатысты. Сарапшы ретінде сынып жетекшілері мен пән оқытушылары қатысты. Ең көп сарапшы саны Астана қаласында болды – 49 адам және Ақтөбе облысында – 51 сарапшы. Басқа аймақтарда – 20-дан 25-ке дейін сарапшылар болды (3-кесте)

панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері және кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасының жүйесі белгіленген.

Бұдан басқа, Заңның 2-тарауында Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің функциялары және өкілеттіктері (Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті өкілді және атқарушы органдары, кәметке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар, ішкі істер органдары, кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтары және т.б.) жазылған.

«Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңының 19 - 19-5-баптарында жеке профилактикасы шараларының тізімі көрсетілген, оларға: профилактикалық әңгімелесу; құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс; профилактикалық есепке алу және бақылау.

Осы заңның тағы бір жақсы жағы Ұлттық алдын алу тетігін (Заңның 26-бабы) бекіту болып табылады, ол Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде кәметке толмағандарды ұстауға арналған арнаулы мекемелер мен ұйымдарда (кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтарында, арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында) және осы қатысушылардың болуы (бұдан әрі – алдын ала болу) үшін Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де ұйымдарда болады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқаушы комиссиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады.

Бұдан басқа Қазақстанда қолданыста «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы бар, ол адамдардың кең шеңберіне қатысты жалпы қағиданы бекітеді. Осы Заңның 27-бабында олар әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылатын және ол әкімшілік

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандар үшін жаза ретінде - айыппұл салу, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бостандығын шектеу және жазалаудың ең соңғы шарасы ретінде бостандығынан айыру көзделген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 81-бабына сәйкес онша ауыр емес қылмыс жасаған немесе бірінші рет орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны жазаға тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін; тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары ҚР ҚК-нің 82-бабында көзделген.

Демек, тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары кәмелетке толмағандарға, яғни қылмыс жасаған және олар 18 жасқа толмаған адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін, кәмелетке толмаған адамдар жасаған қылмыс кішігірім немесе орташа ауыртпалықты қылмыстар санатына қарастырылуы тиіс. Мұндай шараларға:

ескерту (кәмелетке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды түсіндіруден және қылмыстарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады).

ата-аналарына немесе олардың орнындағы адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға қадағалауға беру (біздің пікірімізше, ҚР ҚК-нің 83-бабында тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеудің осы шарасының мәні толық ашылмаған);

келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу (бұдан алдыңғы жарияланымда аталған мәселені көтерген едік: айыппұл салу сияқты жазамен қатар бұл шара да ол өзінің жасына байланысты айыппұл сомасын төлеуге жеткілікті қаржылай қаражаты болмағандықтан кәмелетке толмаған адамның өзіне емес, ал ата-анасына қолданылады).

Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу белгілі бір орындарға баруға, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуына тыйым салады.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңында тиісті құқықтық инситуттар құрылған және кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласында бірқатар ережелер бекітілген.

Осылай, аталмыш Заңда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және

3-кесте.

Аймақтар бойынша сарапшылар іріктемесі

Аймақ	Жиілігі	Пайыз
Астана қ-сы	49	21,0
Алматы қ-сы	24	10,3
Ақтөбе облысы	51	21,9
БҚО	24	10,3
Қостанай облысы	20	8,6
ОҚО	20	8,6
Қарағанды облысы	25	10,7
Жамбыл облысы	20	8,6
Барлығы	233	100,0

Сұралған барлық респонденттердің жартысынан азын облыс орталықтарының сарапшылары құрады. Орта шамамен қалада 10,3% респондент қатысты, тура осындай респонденттер саны ауылдық жерлерден қатысты. Республикалық деңгейдегі қалаларда, Астана және Алматы қалаларында 31,3% сарапшы қатысты (4-кесте).

4-кесте.

Тұрғылықты жері бойынша сарапшылар іріктемесі

Тұрғылықты жер	Жиілігі	Пайызы
Облыс орталығы	112	48,1
Орта/шағын қала	24	10,3
Ауылдық аудан орталығы	10	4,3
Ауыл	14	6,0
Республикалық деңгейдегі қала	73	31,3
Барлығы	233	100,0

Балалар мінез-құлық үлгілері туралы білімді үш түрлі негізгі ақпарат көзінен алады.

Бірінші дереккөзі – баланы әртүрлі мінез-құлық үлгілерімен қамтамасыз ететін отбасы. Отбасы мінез-құлығы үлгісінде бала ересек кезінде де сақталатын әлеуметтік мінез-құлық нормаларын үйренеді. Үйде отырған бала немен айналысатындығын білу мақсатында, балалардың үйде уақыттарын қалай өткізетіндігі туралы сұрақ қойылды (5-кесте).

5-кесте.

Әдетте бала үйде немен айналысады? (Қазақстанның аймақтары бойынша, % респонденттер)

Жауап нұсқалары	Қарағанды облысы, n=30	Қостанай облысы, n=30	Батыс Қазақстан облысы, n=32	Астана қ-сы, n=40	Ақтөбе обл., n=3	Алматы, n=30	Жамбыл обл., n=31	Оңтүстік Қазақстан обл., n=31
Сабақ оқиды	86,7	93,3	84,4	70,0	68,8	53,3	83,9	67,7
Қызықты ісімен айналысады (кітап оқиды, сурет салады, қолөнермен айналысады)	56,7	36,7	43,8	47,5	46,9	26,7	64,5	41,9
Әлеуметтік желілерде достарымен қарым-қатынас жасайды	33,3	20,0	15,6	37,5	28,1	13,3	41,9	35,5
Теледидар қарайды	46,7	33,3	71,9	47,5	65,6	20,0	71,0	67,7
Үй шаруасына көмектеседі	50,0	43,3	65,6	57,5	43,8	63,3	74,2	64,5
Компьютерде ойнайды	60,0	16,7	43,8	37,5	34,4	16,7	61,3	41,9
Басқа	3,3	-	-	-	3,1	3,3	9,7	9,7

Ата-ананың бала тұлғасына деген ықпалын зерттеу мақсатында ата-ананың баласына қаншалықты уақыт бөлетіндігіне қатысты сұрақ қойылды.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ата-аналардың басым көпшілігі балаларына уақыт бөледі, бірақ оларға (55%) «көбірек уақыт бөлгісі келетіндігі» жөнінде айтқан. Ата-аналардың біршама аз бөлігі – 39% өз балаларына жеткілікті уақыт бөлмейтіндіктерін айтса, тек ата-аналардың 7%-ы балаға уақыты жетпейтіндігі туралы айтқан (6-кесте).

(әрекетсіздігін) және түсетін салдарларды тек 14 жастан бастап түсінеді деп негіздейді. Айта кетерлік, 14 жасқа толмаған адамды тіпті аса ауыр қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін емес. Жиі кезде жазасыздық қылмыстарды жасау себебіне айналады.

Қарағандыда 2013 жылы 14 және 9 жастағы екі дос қыз (екі қыз) сыныптасын өлтірген! Аталған қылмысты қатыса отырып жасалған деп тануға және тиісінше ең қатаң жазаны тағайындауға мүмкіндік болмай тұр, себебі қылмыс жасаған екі қатысушы да қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа толмаған, тиісінше қылмыстық жауаптылық тек 14-жастағы қылмыскерге ғана тағайындалуы мүмкін.

Батыс Қазақстанда кәмелет жасқа толмағандар арасындағы қылмыстар саны артқан. БҚО прокуратурасы қылмыстардың өсуін білім беру мекемелерінің тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығымен байланыстырады. Мысалға, Гагарин атындағы Риддер қаласының коррекциялық мектеп-интернатының тәрбиеленушісі Зырян ауданы Чапаев ауылының № 21 кәсіби мектебіне келіп түсті. Бірақ тексеру жүргізу кезінде жас жігіт оқуға әлі де кіріспегені анықталды. Дегенмен сол уақыт ішінде Өскемен, Риддер қалаларында және Зырян ауданында 18 қылмыс жасап үлгерген. Тағы бір жағдай, Зайсан ауданы сотының қаулысы бойынша кәмелетке толмаған баланы Глубоков ауданының Белоусовка ауылында қылмысқа тартылатын әрекеттерді жасаған кәмелетке толмағандарға арналған мектеп-интернатына жіберген. Бір жылдай көлемінде уақыт өткенде оны мерзімінен бұрын босатып, оқуын жалғастыруға № 20 кәсіби лицейіне жіберген. Алайда бұл бала лицейге бармаған. Зайсанда әкесінің үйінде тұрған. Еш жерде жұмыс істемеген. 2012 жылғы наурыз айынан бастап маусым айы аралығында мүліктік сипаттағы 11 қылмыс жасаған. БҚО прокуратурасының ақпараты бойынша мұндай фактілер көп және мектеп-интернаттар мен ерекше режимде ұстайтын арнайы мектептер тәрбиеленушілерінің өміріне, осындай балдардың оқуын жалғастыруына білім беру органдары мен мекемелері тарапынан тиісті бақылаудың жоқтығы туралы куәландырады, бұл олар тарапынан қылмыстардың жасалуына әкеледі¹⁰.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңында қылмыстар жасаған (жазаның 6 түрі) кәмелетке толмағандарға (14 жастан 18 жасқа дейінгі тұлғаларға) жаза тағайындау немесе жазаға қарағанда сотталуды болдырмайтын тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын (тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының 6 түрі бір-бірден немесе топтық: істің қоғамдық қауіптілік дәрежесі және кәмелетке толмаған қылмыскердің жеке өмірін ескеріп бірден бірнеше шаралар тағайындалуы мүмкін) таңдау қарастырылған.

¹⁰ Ақпарат көзі: <http://altaynews.kz/10028-kazakhstan-prestupnost.html>

Қазақстан (жалпы ақпарат)

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі заңдылық, барлық адамдардың заң алдындағы теңдігі, кінәлі жауапкершілік, әділдік және ізгілік қағидаларына негізделеді. Баланың құқықтары туралы конвенция қылмыстық қуғындауға ұшыраған балалар мен жасөспірімдерді қорғау туралы нормаларды қамтиды: кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты өлім жазасын және өмір бойы бас бостандығынан айыру секілді жазаларды қолдануға тыйым салынған (бұл Қазақстанда толық сақталған). «Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғауға қатысты БҰҰ ережелері» (қылмыстардың алдын алу және құқық бұзушылармен қатынас жасау бойынша БҰҰ Конгресімен қабылданды, 1990 ж.) «*кәмелетке толмағанды түзеу мекемесіне қамау ең ақырғы шара ретінде және ең аз қажетті уақыт мерзім бойы қолданылуы тиіс*» деп көздейді. Осыған орай, қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға тағайындалатын, бас бостандығынан айырудың ең үлкен мерзімін айқындайды – 10 жыл және ауырлататын мән-жайлар болған кезде кісі өлтіргені үшін 12 жыл.

Жалпы қылмыстылық, оның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстары – құбылмалы құбылыс. 14 – 29 жастағы адамдар Қазақстандағы қылмыстардың 57% жасайды. Ересектердің қылмыстары кешегі кәмелетке толмағандардың келуі есебінен көбейеді. Жоғарыда айтылғанның барлығы балалардың (кәмелетке толмағандар және жас балалар) және 18 жасқа дейінгі жастардың қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілігін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізу қажеттілігін айқындады.

Қазақстан (заңнама)

ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігі бірқатар қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктің жасын 14 жас деп көздейді. Атап айтқанда, Қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған адамдар адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені, ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіргені, зорлағаны, нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану іс-әрекеттері, адам ұрлағаны, ұрлық жасағаны (саралаушы құрам), тонаушылық (саралаушы құрам), қарақшылық жасағаны (саралаушы құрам), қорқытып алушылық (саралаушы құрам), адамды кепілге алғаны, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны, ауырлататын мән-жайлар кезінде бұзақылық жасағаны, тағылық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатады. Заң шығарушы кейбір қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік жасының төмендеуін адам өз әрекеттерін

6-кесте.

Сіздің ойыңызша, Сіз балаңызға жеткілікті уақыт бөлесіз бе?

Жауап нұсқалары	Жиілігі	Пайызы
Иә, жеткілікті бөлемін	99	39
Иә, бөлемін, бірақ көбірек бөлгім келеді	140	55
Балаға уақыт мүлдем жетпейді	17	7
Барлығы	256	100

Уақыттың жетіспеуінен балаларға бөлінетін назардың жетіспеушілігі мәселесін республикалық деңгейдегі қалалардың респонденттері атап көрсетті: Алматы қаласындағы ата-аналардың – 13,3%-ы және Астана қаласындағы ата-аналардың – 10%-ы.

Балаларына жеткілікті уақыт бөлетін ата-аналардың ең жоғары пайызы Қостанай облысында кездесті (53,3%) (7-кесте).

7-кесте.

Сіздің ойыңызша, Сіз балаңызға жеткілікті уақыт бөлесіз бе? (аймақтар бойынша, % респонденттер)

Жауап нұсқалары	Қарағанды обл. n=30	Қостанай обл. n=30	Батыс Қазақстан обл. n=32	Астана қ-сы, n=40	Ақтөбе обл. n=32	Алматы қ-сы, n=30	Жамбыл обл. n=31	Оңтүстік Қазақстан обл. n=31
Иә, жеткілікті бөлемін	20,0	53,3	31,3	47,5	46,9	36,7	41,9	29,0
Иә, бөлемін, бірақ көбірек бөлгім келеді	76,7	43,3	65,6	42,5	43,8	50,0	51,6	67,7
Балаға уақыт мүлдем жетпейді	3,3	3,3	3,1	10,0	9,4	13,3	6,5	3,2

Ата-аналарға елімізде балалардың агрессивтілігі, отбасындағы, мектептегі және көшелердегі балаларға деген зорлық-

зомбылық әрекеттері қаншалықты кең таралған деген сұрақ қойылды.

Социологиялық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ата-аналардың 37,1%-ының пікірінше бала агрессивтілігі мәселесінің ең ауқымдысы – көшедегі балаларға деген зорлық-зомбылық әрекеттері мен агрессивтіліктің көрінуі.

Ата-аналардың тек 10,5%-ының пікірі бойынша, отбасындағы балаға зорлық-зомбылық көрсету жоғары деңгейде. Ата-аналардың өте аз бөлігі – 5,7% мектептегі балаларға зорлық-зомбылық әрекеттерінің жоғары деңгейде екендігін айтқан. Ата-аналардың 72,4%-ы мектептегі балаларға зорлық-зомбылық төмен деңгейде деп есептейді (8-кесте).

8-кесте.

Сіз балаларға деген күш көрсету және агрессивтілік көріністері мәселелерінің кең таралғандығын қалай бағалайсыз? (n=209 респонденттер)

Жауап нұсқалары	Төмен	Орташа	Жоғары
Отбасында	49,8	39,7	10,5
Мектепте	72,4	21,9	5,7
Көшеде	22,4	40,5	37,1

Бұл сұрақ бойынша аймақтар арасында қарасақ, Алматы қаласы ата-аналарының 100%-ы және Қостанай облысы ата-аналарының 96,7%-ы Қазақстанда бала агрессивтілігі мәселесі бар екендігін мойындайды.

Қазақстанда бала агрессивтілігі мәселесінің бар екендігін Астана қаласы ата-аналарының 84,2%-ы және Ақтөбе облысы ата-аналарының 83,9%-ы да мойындап отыр. Ең төменгі ата-аналар пайызын Қарағанды облысы бойынша көрсетіп отыр – 62,1% (9-кесте).

9-кесте.

Сіз қалай ойлайсыз, біздің қоғамда балалардың агрессивтілігі мәселесі бар ма? (аймақтар бойынша, % респонденттер)

аймақ	пайыз
Алматы қ-сы, n=30	100,0
Қостанай облысы, n=29	96,7

жағдайларда ғана пайдаланып, кәмелетке толмағандарды сотқа дейін қамауда ұстауға мүмкіндігінше жол бермеу туралы норманы қамтиды. (Ереженің 2-т.).

Ереженің ең маңызды талабы – нәсілі, тері түсі, жынысы, жасы, тілі, діни сенімі, ұлты, саяси не өзге ұстанымдары, мәдени көзқарасы не тәжірибесі, мүліктік, таптық не отбасылық жағдайы, этникалық не әлеуметтік шығу тегі және еңбекке қабілетсіздігінің белгісі бойынша қандай да болмасын кемсітушіліксіз, кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сот төрелігін атқару. Ережелерде баланың діни және мәдени көзқарастарын, тәжірибесі мен моральдық қағидаларын құрметтеу қажеттілігі ерекше белгіленген (Ереженің 4-т.).

БҰҰ мүше мемлекеттерінің арасында қылмыстық жауапкершіліктің ең төменгі жасы жеті жас болып табылады, бұл ретте осы жасты көптеген мемлекеттер ұстанады (Австралия, Тасмания, Бангладеш, Белиз, Иордания, Кипр, Кувейт, Ливан, Пәкістан, Тайланд және т.б.). Сегіз жас Біріккен Корольдікте (Шотландияда), Шри-Ланкада орнатылған; тоғыз жас – Иракта, Филиппинде, Эфиопияда; он жас – Австралия (штаттардың көбісінде), Непалда, Жаңа Зеландияда, Біріккен Корольдікте және т.б.; он екі жас – Канада, Марокко, Корея, Уганда, Ямайка сияқты елдерде; он үш жас – Алжир, Бенин, Гвинея, Мадагаскар, Польша, Сенегал, Тунис, Франция секілді мемлекеттерде; он төрт жас – Болгарияда, Венгрияда, Вьетнамда, Германияда, Италияда, Қытайда, Ливияда, Ресей Федерациясында, Румынияда, Словенияда, Югославияда, Жапонияда және т.б. елдерде; он бес жас – Мысырда, Исландияда, Норвегияда, Перуде, Швецияда және т.б.; он алты жас - Әзірбайжанда, Аргентинада, Беларусьта, Боливияда, Испанияда, Монголияда, Украинада, Чилиде және т.б. елдерде; он сегіз жас – Бельгияда, Колумбияда, Мексикада, Панамада, Уругвайда және т.б. елдерде орнатылған⁹.

Халықаралық стандарттар «бала», «балалар» ұғымдарын пайдаланады, оларға 18 жасқа дейінгі адамдар жатады, егер ұлттық заңнама бойынша олардың кәмелетке толуы одан ерте түспесе және кәмелетке толмаған деп құқық бұзушылық жасаған бала туралы айтады.

⁹ М. Н. Садовникова Кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен қарым-қатынас жасаудың халықаралық стандарттары: кейбір терминологиялық мәселелер, негізгі нормативтік құқықтық актілерді шолу. / Жарияланды: Сибирский Юридический Вестник. - 2005. - № 4.

кеттерден балаларды дереу қайтару бойынша міндеттемелер қабылданады.

Кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстардың алдын алу саласындағы халықаралық стандарттар

Эр-Рияд қаласында қабылданған және БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-сессиясында 45/112 қарарымен бекітілген, Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстардың алдын алу үшін БҰҰ 1990 жылғы Басшы қағидалары кәмелетке толмағандар қылмыстарының алдын алу саласындағы негізгі құжат болып табылады. Қағидалар 1988 жылдың наурыз айында Эр-Рияд қаласында (Сауд Арабиясы) сарапшылардың халықаралық отырысында әзірленді. Эр-Риядтің басшы қағидалары кәмелетке толмағандар мен жастар арасында қылмыстардың алдын алу үшін бірлескен шараларды қабылдау мақсатында жеке сектордың қатысуымен ұлттық, мемлекеттік, жергілікті басқару органдарының, қоғам өкілдерінің, сондай-ақ еңбек, балаларды күту, білім беру мәселелерімен, әлеуметтік мәселелермен айналысатын мекемелердің, құқық қорғау және сот органдарының тығыз ынтымақтастығын көздейді.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстарының алдын алу саласындағы кейбір халықаралық стандарттар (мәселен, бас бостандығынан айыру мәселелерін реттейтін) кәмелетке толмағандардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын бекітеді: мысалы, тамақпен және киіммен қамсыздандыру, медициналық қызмет көрсетуге және білімге еркін қол жеткізу. Осы құқықтар сол не басқа баланың жағдайына қарамастан, ешбір кемсітушіліксіз сақталуы тиіс және мемлекет бұл құқықтар үшін жауапты. Осындай халықаралық құжаттардың қатарына 1985 жылдың 10 желтоқсанында БҰҰ Бас ассамблеясы қабылдаған, «БҰҰ Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі жөніндегі ең төменгі стандартты ережелерін» («Бейжің ережелері») жатқызу керек. Бейжің ережелері 1984 жылдың мамыр айында Бейжің қаласында өткен, БҰҰ VII Конгрессіне Өңіраралық дайындық мәжілісте әзірленді, сондықтан солай аталып кеткен. Бейжің ережелері тергеудің басында материалдарды тиісті «қоғамдық немесе өзге қызметтерге» бере отырып, тергеуді тоқтатуды қолдайды және «істі ресми шешу үшін құзырлы билік органдарының қызметіне мүмкіндігінше жүгінбеуге» ұсынады (11-ереже). Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды қорғау туралы ережелері Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы 45/113 қарарымен қабылданды. Қамау тек ең ақырғы шара сияқты қолданылуы тиіс. Ережелер қамауды тек ерекше

Астана қ-сы, n=32	84,2
Ақтөбе облысы, n=26	83,9
Батыс – Қазақстан облысы, n=26	81,3
Оңтүстік-Қазақстан облысы, n=31	77,4
Жамбыл облысы, n=23	74,2
Қарағанды облысы, n=18	62,1

Қазақстандық ата-аналардың жоғарғы пайызы жанжал жағдайларында балалармен қарым-қатынас орнатып, ортақ шешімге келуге тырысады (79,7%).

Ата-аналар өз балаларымен өзара қатынастары бойынша туындаған мәселелерді шешуде келесі әдістерді аз қолданады:

- белгілі бір нәрселерді жасауға тыйым салады – 22,7%;
- ренжиді – 11,2%;
- оған айқайлайды – 10,0%;
- ақшадан айырады – 4,0%;
- жазалаумен, ұрумен қорқытады – 4,0%;
- онымен қарым-қатынас жасамайды – 1,2%.

Және ата-аналардың аз пайызы денелік күш қолдану әдісін қолданады – 1,2% (10-кесте).

10-кесте.

Сізді балаңыз тыңдамаған жағдайда, Сіз көбінесе...

Жауап нұсқалары, n=251	Жиілігі	Пайызы
Оны көндіруге, сендіруге тырысасыз	200	79,7
Белгілі бір нәрселерді жасауға тыйым саласыз	57	22,7
Ренжисіз	28	11,2
Оған дауыс көтересіз	25	10,0
Ақша бермейсіз	10	4,0
Жазалаумен, ұрумен қорқытасыз	10	4,0
Онымен қарым-қатынас жасамайсыз	3	1,2
Ұрып жібересіз (желкесінен, бетінен) немесе сабайсыз	3	1,2

Көп жағдайда ата-аналар жанжал жағдайын шешудің ымыраға келу әдістерін (оны көндіруге, сендіруге тырысады) қолданады. Бұл параметр бойынша ең жоғары көрсеткіш Қостанай облысы респонденттері арасында кездеседі (93,3%).

Рухани қысым көрсету әдістері Алматы қаласында, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында жиі қолданылады.

Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарындағы ата-аналар денелік қысым көрсетуге бейім екендігі байқалады (11-кесте).

11-кесте.

Сізді балаңыз тыңдамаған жағдайда, Сіз көбінесе... (аймақтар бойынша, % респонденттер)

Жауаптар нұсқасы	Қарағанды обл. n=28	Қостанай обл. n=30	Батыс Қазақстан обл. n=30	Астана қ-сы, n=40	Ақтөбе обл. n=32	Алматы қ-сы n=30	Жамбыл обл. n=30	Оңтүстік Қазақстан обл. n=31
Жауап нұсқалары	85,7	93,3	76,7	82,5	65,6	63,3	86,7	83,9
Оны көндіруге, сендіруге тырысасыз		3,3		2,5		3,3		
Белгілі бір нәрселерді жасауға тыйым саласыз	3,6	3,3	6,7	20,0	6,3	23,3	3,3	9,7
Ренжисіз			3,3	5,0	6,3	10,0	3,3	3,2
Оған дауыс көтересіз	17,9	20,0	40,0	17,5	25,0	30,0	20,0	12,9
Ақша бермейсіз	3,6	3,3	10,0	15,0	9,4	6,7	10,0	19,4
Жазалаумен, ұрумен қорқытасыз			10,0	2,5	6,3	6,7	6,7	
Онымен қарым-қатынас жасамайсыз					3,1		3,3	3,2
Ұрып жібересіз (желкесінен, бетінен) немесе сабайсыз								

Бала агрессивтілігі мәселесін зерттеу барысында мектеп психологтарымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Жүргізілген сұхбат нәтижесі бойынша, мектеп психологтары мектептерде бала агрессивтілігі көрініс беретіндігі туралы атап өтті.

Сонымен қатар, олар қазақстандық оқушыларға вербальды агрессия тән екендігін атап өтті. Балалар көп жағдайда өзінің

бостандығынан айыру; «кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту» - үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады (ауырлығы орташа қылмыстардың санаты, ҚР ҚК 132-1-бабының 1-бөлігі).

Балалар үстінен зорлық-зомбылықты ескерту саласында профилактикалық жұмысты реттейтін нормативтік құқықтық актілер

Нақтырақ айтқанда, «Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында медициналық көмекті жетілдіру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 164 бұйрығы қабылданды, оған сәйкес медицина қызметкері патронаж кезінде *ерте жастағы балаларға қатаң қарау немесе оларға күш қолдану жағдайларын көрсететін белгілерді, мысалы, кішкентай жасқа тән емес жарақаттарды (мәселен, отыра алмайтын немесе жүре алмайтын баланың басын соғып алуы) анықтауға* міндетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1247 қаулысымен **Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2012 – 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары** бекітілді.

«Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 нормативтік қаулысы *«жас немесе кәмелетке толмағанды зорлаганы немесе осындай жастағы адамдарға қатысты жасалған өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері үшін жауаптылық, тек кінәлі қылмыс жасағанға дейін жәбірленушілердің жасы жөнінде білсе ғана орын алуы мүмкін»* деп анықтайды. Біздің пайымдауымызша, осы қаулыны жәбірленушінің жасын ескермей, мұндай қылмыстарды жасағаны үшін адамның жауапкершілігі туралы мәселенің шешілуі туралы ережелерді реттеу тұрғысынан пысықтау қажет.

2010 жылы Қазақстан Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы халықаралық конвенцияны ратификациялады. Баланы шетелдік асырап алу баланың мүдделерін неғұрлым жақсы қамтамасыз ету мақсатында іске асырылатынына кепілдік беру Конвенцияның басты мақсаты болып табылады. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Балаларды халықаралық ұрпақтың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияны ратификациялау туралы» заңына қол қойды, осы құжатпен конвенцияға қатысушы мемле-

жол бермеу; тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы секілді қағидаларды белгілеу керек. Біздің ойымызша, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына деген заманауи көзқарас мемлекеттің өз жақындарын, әсіресе балаларды азаптайтын адамдарға қатысты қатаң саясатын бекітуі тиіс. Бұдан басқа, балаларға қатысты «әлсіз күйдегі адамдар не асырауындағы адамдар» тұжырымдарын пайдаланбай, дене зардабы, психикалық және экономикалық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік туралы ережелерді қарастыру керек. Осындай тұжырымдарды пайдалану ересектерге және балаларға дене зардабын келтіретін адамның қасақана әрекеттерін теңестіреді, бұл мұндай әрекеттердің салдарлары тұрғысынан тең болуы мүмкін емес.

«Неке-отбасылық қатынастағы адамдар, жеке тұрғын үй, пәтер немесе өзге де тұрғын үй-жай иегінде бірге тұратын адамдар арасындағы, сондай-ақ бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастар шеңбері» деп көздейтін «отбасы-тұрмыстық қатынастар» ұғымы басқа адамдардың, яғни отбасында тұрақты тұрмайтын адамдардың жауапкершілігін қарастырмайды; заңмен оқытушылар мен тәрбиелеушілердің жауапкершілігі де көзделмеген, бұл адамдар да өз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) дене зақымын не психикалық зардап келтіруі мүмкін. Заңнаманы талдау нәтижелеріне сүйенетін болсақ, оқытушылар мен тәрбиелеушілер, күтушілер, гувернанткалар осы заңның аясынан тыс қалады, себебі көрсетілген тұлғалардың біреуін де заңмен бекітілген «отбасылық-тұрмыстық қатынастар» ұғымына жатқызуға болмайды. Бұдан басқа, егер ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірінші рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласқан және келтірілген зиянның есесін толтырған жағдайда Қылмыстық кодекстің 67-бабына сәйкес жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкіндігі де заңнаманың ақаулығы болып табылады. Мәселен, егер адам баланы ауыстырса, онда қолданыстағы ҚР ҚК 134-бабына сәйкес бұл адам екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Демек, бұл қылмыс онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады (ҚР ҚК 10-бабы) және кінәлі адамға қылмыстық жауапкершіліктен босатылған болу мүмкіндігін береді. Дәл осындай жағдай «*кәметке толмаған адамды есеңгірететін заттарды тұтынуға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға, не қаңғыбастықпен немесе қайырышылықпен айналысуға тарту*» секілді қылмыспен (ҚР ҚК 132-бабының 1-бөлігі) қалыптасқан – ең қатал жаза – 3 жылға дейінгі мерзімге бас

сыныптастарымен, құрдастарымен ұрысады, кейде өздерінің мұғалімдерімен де ұрысатын жәйттер де кездеседі.

«...Вербальды агрессия бізде кездеседі. Бұл менің ойымша, барлық жасөспірімдерге тән»

«Иә, балалар балағат сөздер айтады. Әдетте, нашар оқитын балалар...»

«Болады. Барлық мектептерде кездеседі, оны жасырмаймыз»

«Бұл жиі, әрі үнемі кездеседі. Қазір бұл жиі кездеседі»

«Жиі, әр үзілісте бір-бірімен ұрысады»

Мектеп психологтарының пікірінше, қазіргі балалар балағат сөздерді саналы түрде айтпайды, өздерінің осындай сөздерді қолданғандарын байқамай да қалады.

Әдетте, психологтарға вербальды агрессияға шағымданып бастауыш және орта сыныптағы оқушылар келеді. Бұл осы жастағы оқушылардың әдетте сынып жетекшілерінен, мұғалімдерден, психологтардан көмек сұрау ерекшелігімен сипатталатындығымен байланысты. Ал жоғарғы сынып оқушылары мұндай мәселелерді өз беттерінше шешуге тырысады.

«Бұл негізінде бастауыш мектептерде кездеседі – балалар ұрысып, ренжісіп, содан келіп шағымданады... Ал үлкен және орта сыныптар үшін – бұл жағдай аз кездеседі»

«Бұл көп жағдайда бастауыш мектеп балаларына тән»

Ауылдық жерлердегі мектептерде қызмет ететін психологтар олардың мектептерінде мұғалімдерге қарсы вербальды агрессия қалалық немесе аудандық мектептерге қарағанда өте аз кездесетіндігін айтады. Мұны олар ауылдарда барлық адамдар бірін-бірі танитындығымен түсіндіреді.

«...Біздің ауыл кішкентай. Балалар мұғалімдермен ұрысса – мұндағылардың барлығы біліп алады»

«Мектептегі балалар сондай көп емес, тіпті мектептен кейін де мұғалімдермен араласады, жиі кездесіп тұрады»

«Менің ойымша, ауылдық жерлердегі тәрбие қалалық немесе аудандық жерлердегі тәрбиеге қарағанда достық қарым-қатынасқа негізделген ...»

«Балалардың мұғалімдермен ұрысып немесе дөрекі сөйлеуін мен кездестірген емеспін. Мүмкін, қандай-да қатаңдық болған

шығар, бірақ бұл сынып аясынан шыққан емес және де мұғалімнің өзі мұны ұжымға жарияламайды»

Қазақстандық психологтардың көзқарастары бойынша, оқушылардың вербальды агрессиясы мұғалімдермен қарама-қайшы өзара қарым-қатынас болуының себебінен туындауы мүмкін.

«Мұндай болып тұрады, бірақ бұл мұғалімді ашуландыруы мүмкін»

«Кейбір жағдайларда бұл болып тұрады. Бірақ бала мұны жәйдан жәй айтып бермейді ғой»

«Әрине, кездеседі, бірақ қазір мұғалімдермен аз ұрысады. Бұл кейбір тұлғаларға қатысты – есепте тұрған балалар немесе жағдайы нашар отбасыларынан шыққан балалар»

Жоғарыда айтылып кеткендей, баланың сөйлеуіндегі және жасөспірімдердің қарым-қатынас жасауындағы дәрежі сөздер біреуді төмендету немесе балағаттау мақсатында емес, көп жағдайда «әдетке айналдырғандықтан» айтылуы мүмкін.

«Қазір балалар үшін балағаттап сөйлеу – бұл амандасу немесе қоштасу ретінде қолданылады...»

«...Жасөспірімдік жастағы балалар бұл кезде бір-бірімен ұрыспайды, дәрежілік танытпайды: «аузымнан шығып кетті» деп түсіндіреді».

«Вербальды агрессия кездеседі. Олар ұрыспайды, олар сөйлеседі»

«...Вербальды агрессия бізде де кездеседі. Бұл, менің ойымша барлық жасөспірімдерде кездеседі. Олар бір-бірін төмендету немесе балағаттау мақсатында қолданбайды...»

«Ой, аузымнан шығып кетті деп түсіндіреді».

«Бұл кейбір тұлғалар, әдетте есепте тұрған немесе жағдайы нашар отбасылардан шыққан балаларда жиі кездеседі».

«Вербальды агрессия кездеседі. Олар «аузымнан шығып кетті» деп айтады».

Психологтар өз сұхбаттарында қазақстандық мектептерде күш көрсетудің кездеспейтіндігі туралы айтады:

Отбасындағы зорлық-зомбылықтан және қатыгез қатынастан қорғау

2013 жылдың қаңтар – қыркүйек айларында республикада бір жасқа дейін 3327 бала қайтыс болған (2012 жылдың дәл осындай кезеңінде – 3995). 2012 жылдың қаңтар – қыркүйек айларымен салыстырғанда, 1 жасқа дейін қайтыс болған балалардың саны 16,7% азайды. Нәрестелердің өлім-жітімінің негізгі себебі перинаталдық кезеңінде туындайтын жағдайлар болып табылады, одан 2013 жылдың қаңтар – қыркүйек айларында 1939 (2333) сәби көз жұмды немесе нәрестелер арасындағы өлім-жітімінің жалпы санынан 58,3% (58,4%) құрайды. Туа біткен ауытқулардан көз жұмған сәбилердің саны 589 (764), немесе 17,7% (19,1%) құрайды, тыныс алу органдарының ауруларынан – 226 (285), немесе 6,8% (7,1%) және жазатайым оқиғалардан, улану және зақымдардан – 162 (159), немесе 4,9% (4,0%) құрайды.

Балалар көбінесе өздерінің туған әке-шешелерінен зардап шегеді.

Ұйымдастырушылық негіздер және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы үшін жауапты мемлекеттік органдар **«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы заңымен** реттелген (2013 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен).

Осы заңның ережелері Бала құқықтары туралы талаптарына толығымен сай келеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық қаупі құрбанға тек дене жаракатын, денсаулығына зиян келтіруден ғана тұрмайды, ол кейде қайтыс болуына да әкеп соқтырады. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық «отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабы және (немесе) психикалық зардап келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)» секілді белгіленген. Осы анықтамаға сүйенетін болсақ, бұл Заң отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы, яғни неке-отбасылық қатынастағы адамдар, жеке тұрғын үй, пәтер немесе өзге де тұрғын үй-жай шегінде бірге тұратын адамдар арасындағы, сондай-ақ бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастардағы зорлық-зомбылықтың профилактикасын реттейді.

Осы Заң 3-бапта тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының қағидаларын реттейді, олардың арасында адамның және азаматтың дене зардабын және (немесе) психикалық зардап шегуіне

педагогикалық біліктілігі бар адамдар қабылданады. Ал тиісті кәсіптік білімі жоқ адамдарға тек қажетті мамандар болмаған жағдайда ғана ұйымның педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша педагогикалық қызметпен айналысу құқығы беріледі. Ұйымдағы педагогикалық қызметке соттың үкімі бойынша оған тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

қорғау нұсқамасын шығаруға (10-б. 10-т.), ал соттардың тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдардың мінез-құлқына қатысты ерекше талаптарды қоюға құқығы бар (10-б. 13-т.).

Осы уақытта оқу мекемелерінде, балаларға арналған интернаттық үлгідегі мекемелерде және/немесе қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде және балаларды түзеу мекемелерінде профилактиканың көрсетілген мәселелеріне, ерте анықтауға немесе араласуға қатысты тиімді заңнама жоқ.

Қазақстандағы нормативтік-құқықтық база интернаттық үлгідегі мекемелерде, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде және балаларды түзеу мекемелерінде еркек және әйел жынысты тәрбиеленушілерді бөлуді көздейді; дегенмен ол осындай мекемелерде балалардың жасына қарай тәрбиеленушілерді топтарға бөлу бойынша ұқсас ережелерді қарастырмайды⁷. Бұл жуырда ғана Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде және мемлекеттік интернаттық мекемелерінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау мақсатында жүргізілген тексеру көрсеткендей, барлық жастағы балаларды бір мекемеде қалдыру жасы үлкен балалардың кішкентай балаларға қатысты күш қолдануымен және қатыгез қатынаспен ұштасатынын көрсетеді. Бұл бағалау дәлелдегендей, мемлекеттік интернаттық мекемелерінде балаларға қатысты жасалатын зорлық-зомбылық психологиялық зақымдарға, өз дене мүшесіне зақым келтіруге және суицид мінез-құлыққа, дене зақымдарына, ал кейбір жағдайларда, тіпті, балалардың қайтыс болуына әкеп соқтырады. (18)

Сондай-ақ оқу мекемелерінде, балаларға арналған интернаттық үлгідегі мекемелерде, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде және балалар түзеу мекемелерінде қызметкерлердің тарапынан балаларға қатысты зорлық-зомбылық елеулі мәселе болып табылатыны тіркелген.

Қазақстанда педагогтық құрамды іріктеу өлшемдерін, сондай-ақ дағдылардың болмауына байланысты лауазым талаптарына сай келмейтін немесе құқыққа қарсы әрекеттерді жасауда кінәлі деп танылған жағдайда, қызметшіні лауазымынан шеттету мүмкіндігін көздейтін нормативтік актілер бар⁸.

⁷ «Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 5 ақпандағы № 68 бұйрығына сәйкес Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы 11 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін ер балалар мен қыз балаларға жеке құрылады.

⁸ «Жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ұйымға педагогикалық жұмысқа біліктілік сипаттаманың талаптарына сай келетін, қажетті кәсіптік-

«Біздің мектепте мұндай жағдайлар жоқ, басқа мектептерде қалай екенін білмеймін, бірақ бізде мұндай кездескен емес»

«Біздің мектепте мұндай жоқ»

«Мұндайды көрмегенмін, байқамадым»

«Менің тәжірибемде мұндай болған емес»

«Жоқ, мұндай болған емес. Бізде сынып жетекшісі жақсы жұмыс істейді»

«Білесіз бе, мұндай бізде болмайды»

«Кейде иығымен қағып кетеді, бірақ мұндай жанжалдар жылдам шешіледі»

«Кітаптарды, дәптерлерді, заттарды жырту жағдайлары болған емес әрине. Вербальды емес агрессияны көрсетпейді»

«Менің тәжірибемде біздің мектепте мұндай жағдайды байқамадым. Тұрақты түрде алдын алу жұмыстары жүргізіліп тұрады. Инспектор дәріс оқиды – оқушылар өзінің ережелерін, өз құқықтарын, қателіктерін біледі»

Мектептегі оқу үдерісі барысында туындайтын жанжал жағдайлары бала агрессивтілігінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазақстандық мектептерде білім алатын балалардың ата-аналары мұғалімдер тарапынан күш көрсетудің жоқтығын айтады.

Мұғалімдер тарапынан денеге күш қолданудың жоқтығын ата-аналардың 91%-ы атап өтті. Ата-аналардың 89,2%-ы балаларын келемеждеу жағдайларымен кездеспегендіктерін айтты.

Ата-аналардың 87,4%-ы мектеп мұғалімдері тарапынан рухани кемсіту және келемеждеу жәйттарын жоққа шығарды.

Респонденттердің 82,4%-ы балалардың бағаларын әдейілеп төмендетумен байланысты мұғалімдердің балаларға деген субъективті қатынасын ешқашан кездестірімегендіктерін айтты.

Мұғалімдердің бүкіл сынып алдында баланы кемсіту немесе келемеждеу, төмендету, күш жұмсау жағдайлары өте сирек кездесетіндігін респонденттердің 3,6%-ы атап өтті (12-кесте).

12-кесте.

Сіздің балаңыздың өмірінде соңғы уақытта мұғалімдерге қатысты келесі жағдайлар болды ма? (n=222)

Жауап нұсқалары	Ешқашан	Кейде	Жиі	Жауап беру қиын
Оған теріс түсінікпен қарап, негізсіз оның бағасын төмендетті	82,4	8,6	3,7	5,4
Оны сынып алдында мазаққа айналдырды	89,2	3,6	1,0	6,3
Оны дөрекі тыйып тастады	84,7	5,9	1,4	8,1
Оны қорлап, тіл тигізген	87,4	3,6	1,4	7,7
Оған қол көтерді	91,0	3,6	-	5,4

Социологиялық сауалнама нәтижесі бойынша анықталғаны: Астана және Алматы қалаларында білім алатын балалардың ата-аналары балалардың агрессиясын мұғалімдер өздерінің әртүрлі жағымсыз әрекеттерімен туындататындығын атап өтті. Астана қаласының ата-аналарының 16,6%-ы мен Алматы қалаларының ата-аналарының 16,7%-ының жауаптары бойынша, мұғалімдер негізсіз олардың балаларының бағаларын төмендеткен. Мұғалімдердің балаларына деген дөрекі қатынасына Астана қаласы оқушылары ата-аналарының 10%-ы мен Алматы қаласы ата-аналарының 30,9%-ы шағым айтқан.

Бұл ең алдымен, республикалық деңгейдегі қалаларда тұратын ата-аналардың мұғалімдерге қоятын талаптардың жоғары болуымен түсіндірілуі мүмкін.

Қарағанды облысының ата-аналарының 100%-ы мұғалімдер тарапынан олардың балаларын төмендету, келемеждеу жағдайларының болмағандығын айтқан. Қарағандылық ата-аналардың 95,5%-ы бағаны төмендету, бүкіл сыныптың алдында кемсіту және денеге күш қолдану жәйттерін жоққа шығарды.

Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстары ата-аналарының 100%-ы мұғалімдер бүкіл сыныптың алдында кемсіту тәрізді әрекеттерге жол бермейтіндіктерін атап өтті.

Жамбыл облысы ата-аналарының 100%-ы мұғалімдердің балаларға күш қолдану жағдайларымен кездеспегендіктерін айтты (13-кесте).

бостандығынан заңсыз айыру және адамды пайдалану жағдайлары жиынтығы бойынша ҚК 126-бабы бойынша және тиісінше ҚР ҚК 128 не 133-баптары бойынша саралануы тиіс.

Білім беру мекемелеріндегі зорлық-зомбылықтан қорғау

1994 жылы Қазақстан БҰҰ Баланың құқықтарын қорғау туралы конвенциясын (бұдан әрі – БҚК) ратификациялады. БҚК мемлекетке балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауды тапсырады және оның рөлін балалар саулығының соңғы төрешісі сияқты айқындайды. БҰҰ БҚК сәйкес 1995 жылғы ҚР Конституциясы балаларға қатыгездікпен қарауға қатаң тыйым салады. Бұдан басқа, 2002 жылғы «Баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 10-бабы баланың құқықтарын және «оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан» қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптары балаларды жеке және қоғамдық салалардағы зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз еткенімен, осы уақытта мұғалімдер, медициналық қызметкерлер және/немесе әлеуметтік қызметшілер үшін хабардар ету міндетін орнататын бап жоқ, себебі бұл балаларға қарсы зорлық-зомбылыққа қатысты.

Дегенмен 2011 жылғы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 67-бабына сәйкес баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгендігі туралы, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы өздеріне белгілі болған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары және өзге де азаматтар бұл туралы қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен қатар, үйде және отбасында балаларға қарай жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты 2009 жылғы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңы да қызмет етеді. Осы заң ұйымдастырушылық негіздерді орнатады және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қызмет көрсету үшін жауапты мемлекеттік органдарды айқындайды, бұл баланың құқықтары туралы Конвенцияның 19-бабының ережелеріне сәйкес келеді. Осы заңға сәйкес ішкі істер органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары орын алған жағдайларда

Жас баланың денсаулығына зиян келтірген не оның өліміне әкеп соққан жағдайда, балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау үшін жауапкершілікті реттеу заң шығарушының қателігі болып табылады (ҚР ҚК 138-бабы).

Сондай-ақ кәмелетке толмаған баланы ҚР аумағынан тыс жерге заңсыз шығару үшін жауапкершілікті көздейтін нормалардың болмауы отандық заңнаманың олқылығы болып табылады. Бұдан басқа, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер үшін жауапкершілікті көздейтін норма да нақтылауды талап етеді.

Баланы асырап алу бойынша заңсыз қызмет үшін жауапкершілікті заңнамалық бекіту жөнінде ұсыныстарды енгізу қажет; алиментті төлеуден жалтару мерзімін 3 айға дейін қысқарту керек.

ҚР ҚК 128 және 133-баптарында адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті емес күшті қолдана отырып не оны қолданамын деп қорқыта отырып әрекеттерді жасау белгісі көзделмейді. Осы баптардың екінші бөлігінде саралаушы белгі ретінде адамның денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті күш қолдану не күш қолданамын деп қорқыту көрсетілген. Сот тәжірибесін зерттеу нәтижелері көрсеткендей, осы қылмыстарды жасаған кезде өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті болып табылмайтын күш қолданылады не күш қолданамын деп қорқыту пайдаланады және осы мән-жайға ешқандай құқықтық баға берілмейді.

ҚР ҚК 132-1-бабының 1-б. жәбірленушінің келісімімен кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту туралы ештеме айтылмаған, бірақ бұл осы норманың жүйелі түсінігінен шығады. Осы баптың 2-б. күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту, оның тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою немесе бұлдіру арқылы не оны алдау арқылы жезөкшелікпен айналысуға тарту арқылы осы қылмысты жасағаны үшін одан да бетер қатаң жауапкершілік қарастырылады.

Қылмыстық қуғындау органдарының не соттардың ҚР ҚК бірқатар баптары бойынша *әрекетті ұйымдасқан топпен жасау* сияқты саралаушы белгіні ескермейтінін жалпы кемшілік ретінде белгілеу керек (*№ 1, 2, 3, 4 қылмыстық істердің материалдарын қараңыз – үзінділер*).

Бас бостандығынан заңсыз айрылған адамды пайдалану мақсатында жасалған адамды бас бостандығынан заңсыз айыру (ҚР ҚК 126-бабының 3-б. «б» тармақшасы) адамды пайдалану (ҚР ҚК 128, 133-баптары) сияқты белгіні қамтымайды. Сондықтан бас

13-кесте.

Сіздің балаңыздың өмірінде соңғы уақытта мұғалімдерге қатысты келесі жағдайлар болды ма? (аймақтар бойынша, % респонденттер)

Жауап нұсқалары	Жилігі	Қарағанды обл. n=22	Қостанай облысы n=30	Батыс Қазақстан обл.n=32	Астана қаласы, n=30	Ақтөбе обл. n=24	Алматы қ-сы, n=24	Жамбыл обл. n=31	Оңтүстік Қазақстан обл. n=29
Оған теріс түсінікпен қарап, негізсіз оның бағасын төмендетті	Ешқашан	95,5	90,0	87,5	73,3	83,3	62,5	80,6	86,2
	Кейде		6,7		3,3	12,5	16,7	16,1	13,8
	Жиі		3,3	3,1	16,6	4,2			
Оны сынып алдында мазаққа айналдырды	Ешқашан	95,5	100,0	78,1	76,7	91,7	75,0	96,8	100,0
	Кейде			12,6	3,3		8,3	3,2	
	Жиі				6,6				
Оны дәрекі тыйып тастады	Ешқашан	95,5	96,7	90,6	70,0	87,5	50,0	90,3	93,1
	Кейде		3,3		6,6	8,3	20,9	3,2	6,9
	Жиі				10,0				
Оны қорлап, тіл тигізген	Ешқашан	100,0	93,3	93,8	73,3	87,5	58,3	96,8	93,1
	Кейде		6,7		3	8,4	8,3		3,4
	Жиі				10,0				
Оған қол көтерді	Ешқашан	95,5	100,0	90,6	86,7	91,7	70,8	100,0	89,7
	Кейде			3,1	6,7	4,2	12,5		3,4

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар пікірі бойынша, баланың агрессиясының көрінуінің негізгі себебі отбасылық тәрбиеде жатыр және көбіне ата-аналарға байланысты (47,6%). Олардың ойынша, бала агрессивтілігінің қалыптасуына қоғам, құрбылары елеулі ықпал жасайды (39,8%).

Ақпараттық технологиялар мен бұқаралық байланыстың қазіргі кезеңінде компьютер (32,5%) мен БАҚ (19,5%) үлкен ықпал етеді. Ата-ана түсінігі бойынша «компьютер» факторы дегеніміз бұл балалардың көптеген жағымсыз ақпарат алатын, агрессивті мінез-құлықты қалыптастыратын интернет жүйесі, сонымен қатар, балаларда қатыгездіктің көрінуіне себепкер болатын компьютерлік ойындар.

Баланың өз басының агрессивті мінез-құлыққа ықпалын респонденттердің 17,3%-ы атап өтті және де респонденттердің 15,6%-ы агрессивті мінез-құлық себебі ретінде мектеп пен мұғалімдерді көрсеткен. Ал заңның кемшіліктерін респонденттердің 7,4%-ы атап өтті.

Балалардың агрессивтілігінің негізгі себептері ішінен ата-аналар рухани тұрғыдан төмендету мен құрбылары (44,3%) және үлкендер тарапынан келемеждеуді (40,9%) бөліп көрсеткен. Респонденттердің шамамен бес бөлігі атап өткен себептер:

- әртүрлі заттармен, жұдырықпен ұру (24,3%);
- баланың сыртқы келбетін, ақыл-ой қабілеттерін сынау (23,0%);
- ата-аналар мен мұғалімдердің шектен тыс қадағалауы (20,9%);
- шапалақпен ұру, итеру, тебу (20,0%);
- теледидар немесе компьютерді сөндіремін деген қорқытулар (18,7%).

Айтылған себептер арасында денелік күш көрсету әдістері кездеседі.

Бала агрессивтілігінің себептері арасында кең таралған себеп ретінде баланың достарымен қарым-қатынас жасауға (14,3%) және компьютерде ойын ойнауға (11,7%) кедергі болуды айтуға болады (14-кесте).

14-кесте.

Сіздің пікіріңізше, төмендегі келтірілгендердің ішінен қайсысы балалар арасындағы агрессияның себебі болып табылады? (n=230)

Жауап нұсқасы	Жілігі	Пайызы
Құрбылар тарапынан төмендету мен қорқыту	102	44,3
Үлкендер тарапынан адамгершілік тұрғыда төмендету	94	40,9

Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 6 нормативтік қаулысының 24-тармағында берілген түсініктемеге сәйкес кәмілетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту деп қылмысқа тартушы адамның кәмілетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) және дайындығын қалыптастыру жөніндегі мақсатты әрекеттерін тану қажет. Ересек адамның кәмілетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей, қылмыс жасау туралы өздігінен жәй ұсыныс айтуы кәмілетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту болып табылмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі қаулысының 26-тармағының түсініктемесіне сәйкес ҚК-нің 131-бабының 3-бөлігінде және 132-бабының 3-бөлігінде көзделген кәмілетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту кезінде *күш қолдану* деп кәмілетке толмағанның денесін ауыртумен, денсаулығына *жеңіл және орташа дәрежедегі зиян келтірумен* байланысты *ұрып-соғуды, өзге де күш қолдану әрекеттерін* түсінген жөн.

Қылмыстық заңнама кәмілетке толмағанды қоғамға қарсы әрекеттерді жасауға тарту үшін де жауапкершілік қарастырылады, олар ретінде есеңгірететін заттарды тұтынуға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді ұдайы тұтынуға, не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту ұғынылады (алайда, іс жүзінде бұл норма қолданылмайды, өйткені көптеген балалар қоғамдық көлікте не дүкендердің айналасында қайыр сұрайды); кәмілетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132-1-бап); кәмілетке толмағандарды саудаға салу (133-бап); Баланы ауыстыру (134-бап); Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару (136-бап); Кәмілетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (137-бап); Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану (139-бап).

ҚР ҚК 137-бабы және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы конституциялық міндеттерді атқарудың құқықтық кепілі болып табылады. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі ата-аналарды және олардың міндеттері жүктелген, өзге адамдарды баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дене бітімі, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қамқорлық жасауға міндеттейді.

Кәмілетке толмаған баланы тәрбиелеу бойынша міндеттерді орындамау не тиісінше емес орындау заңмен, оның ішінде заңға тәуелді ведомстволық нормативтік актілермен, ал мекемелерде не ұйымдарда ішкі тәртіп ережелерімен жүктелген міндеттерді орындамаудан не салғырт орындаудан тұрады. Көрсетілген міндеттерді орындамау, осы тұлғалардың оларды орындауға нақты мүмкіндігі болған, алайда селкостықты көрсеткен жағдайда орын алады.

арқылы түзетілуі мүмкін. Қамау түрінде бұлтартпау шарасын қолдану үшін негіздер азайтылды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы 11 (он бір) қылмыс құрамы (ҚР ҚК 2-тарауы) көзделген: Кәмелетке толмағанды қылмыстық іске тарту (131-бап); Кәмелетке толмағанды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту (132-бап); Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132-1-бап); Кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап); Баланы ауыстыру (134-бап); Бала асырап алу құпиясын жария ету (135-бап); Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару (136-бап); Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (137-бап); Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (138-бап); Кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу (138-1-бап); Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану (139-бап); Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару (140-бап).

Сондай-ақ ҚР Қылмыстық Кодексімен кәмелетке толмағанға қатысты соз ауруын не адамның иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтыруы үшін жауапкершілік қарастырылған (ҚР ҚК 115, 116-баптары). ҚР ҚК 120-бабымен көрінеу кәмелетке толмаған баланы зорлау үшін қылмыстық жауапкершілік осы қылмыстың ерекше саралаушы түрі ретінде белгіленген және, демек, кінәлі адамдар үшін аса қатаң жазаны көздейді. ҚР ҚК 126-бабымен көрінеу кәмелетке толмаған балаға қатысты бас бостандығынан заңсыз айыру үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген, алайда, ата-аналар не оларды ауыстыратын адамдар балаларды бас бостандығынан заңсыз айырған жағдайдағы (балаларды қамауда ұзақ уақыт бойы ұстау) әрекеттердің қылмыстық сипаты жоқ. Сондай-ақ өз баласына қатысты жасалған басқа қылмысты (ұрып-соғу, азаптау, денсаулығына зиян келтіру, сексуалды сипаттағы әрекеттер) жасыру мақсатында жасалған, ересектердің қасақана әрекеттеріне де назар аудару қажет. Осы әрекеттер жоғары латентті болып табылады, олардың ашылуы әрбір 100 жағдайға 3-4 жағдайды құрайды⁶.

«Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы

⁶ Мыналарды қараңыз: Ал-Кавасми Амир Хашим Салман Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы криминалдық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл: з.ғ.к. ғылыми дәрежесін ізденуге диссерт. авторефераты. – Бишкек, 2011. - 26 б.

Өртүрлі заттармен, жұдырықпен ұру	56	24,3
Баланың сыртқы келбетін, ақыл-ой қабілеттерін сынау	53	23,0
Ата-аналар мен мұғалімдердің шектен тыс қадағалауы	48	20,9
Шапалақпен ұру, итеру, тебу	46	20,0
Теледидарды немесе компьютерді өшіру туралы қорқытулар	43	18,7
Баланың достарымен қарым-қатынас жасауына кедергі болу	33	14,3
Бейне ойындармен ойнауға кедергі болу	27	11,7

Өрескел денелік күш қолдануды (өртүрлі заттармен, жұдырықпен ұру) балалар агрессиясының себебі ретінде көп жағдайда Батыс Қазақстан (50,0%) және Қарағанды (37,5%) облыстарының ата-аналары көрсетті.

Агрессияның маңызды себебі ретінде ата-аналар ересектер тарапынан рухани тұрғыдан кемсіту себептерін айтқан (15-кесте).

15-кесте.

Сіздің пікіріңізше, төмендегі келтірілгендердің ішінен қайсысы балалар арасындағы агрессияның себебі болып табылады? (аймақтар бойынша, % респонденттер)

Жауаптар нұсқасы	Қарағанды обл. n=24	Қостанай обл. n=30	Батыс Қазақстан обл. n=28	Астана қ-сы, n = 34	Ақтөбе обл. n =31	Алматы қ-сы, n =29	Жамбыл обл. n=27	Оңтүстік Қазақстан обл. n=27
Шапалақпен ұру, соққы, тебу	25,0	6,7	32,1	26,5	19,4	6,9	18,5	25,9
Жұдырықпен, түрлі заттармен ұру	37,5	20,0	50,0	17,6	25,8	10,3	14,8	22,2

Құрдастары тарапынан қорқытулар мен қорлық көрсету	41,7	73,3	60,7	17,6	48,4	41,4	40,7	33,3
Ересектер тарапынан моральдық қорлық	37,5	53,3	60,7	23,5	35,5	37,9	48,1	33,3
Бейнеойындарды ойнауға кедергі келтіру	4,2	3,3	10,7	8,8	12,9	20,7	22,2	11,1
Ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан шамадан тыс бақылау	25,0	30,0	7,1	14,7	35,5	20,7	14,8	18,5
Баланың достарымен қарым-қатынасына кедергі келтіру	16,7	16,7	14,3	8,8	19,4		18,5	22,2
Теледидар немесе компьютерді сөндіремін деген қорқытулар	16,7	6,7	28,6	11,8	29,0	24,1	11,1	22,2
Баланың сырт келбеті, мәнері, ақыл-ой қабілеттерін сынау	20,8	20,0	35,7	14,7	25,8	20,7	25,9	22,2

141-1-б. 2-б. а), г) тармақшалары бойынша қылмыстық істі қозғады. Сарань қаласы сотының үкімімен К. және А. Жоғарыда көрсетілген баппен көзделген қылмысты жасауда кінәлі деп танылды, К. 3 жыл 6 ай, ал А. – 2 жыл 6 ай мерзіміне бас бостандығынан айырылуға кесілді.

Адамның құқықтары жөніндегі уәкілге азаптау, зорлық-зомбылық және адамның ар-намысын қорлайтын және басқа да қатыгез әрекеттер мен жазалау туралы жазылған шағымдар ылғи да келеді. 2010 жылы мұндай сипаттағы шағымдардың саны – 40, 2011 жылы – 80, 2012 жылы – 52 еді. Осы шағымдар көбінесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің күдіктілерге қатысты азаптауларды, кәмелетке толмағандарға, полицей учаскелерінде, уақытша ұстау изоляторында қылмыс жасады деген күдікпен отырған адамдарға қатысты зорлық-зомбылықты қолдануда заңсыз әрекеттеріне қатысты. Осыған байланысты, сондай-ақ осы шағымдардың тергеу изоляторлары мен түзеу мекемелерінен түсуіне байланысты шағым берушілердің пайдасына қарай бұл шағымдардың мардымсыз бөлігі ғана шешіледі. Мысалы, 2010 жылы – 3, 2011 жылы – 1 және 2012 жылы – 5 шағым оң шешілді⁵.

Қазақстан (қолданыстағы заңнама)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыстық сот ісін жүргізу процесіне қатысушы болған балаларды азаптаудан және басқа да тиісінше емес қатынастан қорғаудың белгілі бір жүйесін жасайды. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қорғаушының, заңды өкілдің немесе оқытушының міндетті қатысуы, міндетті алдын ала тергеу, бас бостандығынан айыру орындарында ересектерден бөлек бөлме, туысқандарына баланы ұстау туралы дереу хабарлау баланы қорғаудың қосымша кепілдіктері болып табылады.

2010 жылы кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясатты гуманизациялауға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Осы заңда кәмелетке толмағандарға қатысты қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазалау және бұлтартпау шаралары барынша қысқартылды. Олар бас бостандығынан айыру орындарына жіберілмей, профилактикалық шараларды қолдану

⁵ Ювеналдық әділет тұрғысынан балаларға қатысты азаптау мен зорлық-зомбылықты қолдану туралы шағымдарды және заңнаманы талдау. Астана, Қазақстан. UNICEF 2013 ж.

Осылай, 2012 жылдың 25 желтоқсанында Атырау қаласында балаларға қатыгездікпен қарағаны үшін олардың өгей шешесі ұсталды. «Қаланың 31-жастағы тұрғыны зайыбы қайтыс болғаннан кейін бір жылдан астам уақыт бойы екі балаға қатал қарағаны үшін тұтқындалды. Ол 12 жасар ұлды және 8 жастағы қызды үнемі ұрып соғып, мейлінше жәбір еткен. Өгей шешеге қатысты ҚР ҚК 107-бабының 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды»³.

2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасында адамның құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан азаптауларды және басқа да қарым-қатынас пен жазалаудың қатыгез түрлерін қолдану фактілерін қарау жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейді, оның құрамына уәкілетті мемлекеттік органдардың жоғары деңгейдегі басшылары, белгілі құқық сақтаушылары және азаматтық қоғам өкілдері кірген, осы жұмыс тобы бас бостандығынан айыру орындарын үнемі тексереді. Оның ішінде, УҰИ (уақытша ұстау изоляторы), тергеу изоляторларын және балаларға арналған тәрбиелеу колонияларын.

Мысалы, 2012 жылы 602 азаптауларды қолдану фактісі тіркелді⁴. Осы жерде тіркелген шағымдар бойынша қозғалған қылмыстық істердің саны артқанын белгілеу керек. 2010 жылдағы 13 қылмыстық істен, 2011 жылдағы 15 қылмыстық істен 2012 жылдағы 27 қылмыстық іске дейін.

Бас Прокуратураның деректері бойынша 2011 жылы кәмілетке толмағандарға қатысты азаптауларды қолдану туралы 1 шағым ғана тіркелді, ал 2012 жылы – 9 шағым.

2012 жылы тіркелген шағымдардың көбісі ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәмілетке толмағандардан кінәсін мойындайтын айғақтарды алу мақсатында психикалық және физикалық ықпалды қолдануы жөнінде еді. Осы шағымдарды қарау нәтижелері бойынша әрекеттерде қылмыс құрамының болмауына байланысты 4 шағым бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартылды (ҚР КІЖК 37-бабының 1-б. 2) т.), 5 шағым тергеушілік бойынша берілді.

Кәмілетке толмаған Л.-мен болған жағдай азаптаулардың осы уақытқа дейін қолданатынын дәлелдейді. Әпкесінің шағымы бойынша, Сарань қ. (Қарағанды облысы) ПБ криминалдық полициясы бөлімінің бастығы К. және көрсетілген ПБ аға жедел уәкілі А. кәмілетке толмағанға қатысты ұялы телефонды ұрлағанды мойында деп, өз өкілеттіктерін асыра пайдаланып, резеңке таяқты қолданды. Қаланың прокуратурасы көрсетілген қызметкерлерге қатысты ҚР ҚК «Азаптау»

³ Атырау облысы ПД баспасөз-қызметі басшысының хабарламасынан

⁴ «2012 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі туралы есеп», 31-бет (есепке сілтеме: http://www.ombudsman.kz/purchase/files/otchet_2012_ru.pdf)

2. АГРЕССИЯ ЖӘНЕ АГРЕССИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ

*«Адамның адамға деген жауыздығы –
мыңдаған адам үшін үлкен қайғы»
РОБЕРТ БЕРНС*

2.1. АГРЕССИЯ ТЕОРИЯЛАРЫ

«Агрессия» түсінігінің әлі күнге дейін нақты анықтамасы жоқ. Агрессия ұғымына анықтама берудегі басты мәселелердің бірі – бұл терминнің іс-әрекеттердің көптеген түрлерін түсіндіруінде.

«Агрессия» сөзі ашу, ыза, реніш деген сияқты жағымсыз эмоциялармен, кек алу, намысына тию немесе зиян келтіру сияқты себептермен, нәсілдік немесе ұлттық жалған наным сияқты жағымсыз ұстанымдармен орайластырылады.

АГРЕССИВТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – бұл ашу мен ызаның эмоционалдық күймен сүйемелденетін айналасындағыларға қатысты дұшпандық ниетті мен әрекет

Агрессия сөзі латынның «aggredi» деген сөзінен шыққан, бұл сөз «шабуылдау» дегенді білдіреді. XIX ғасырға дейін агрессивті деп кез келген тілектестік немесе дұшпандық болсын белсенді мінез-құлық агрессиялық болып есептелетін болған. Негізінен, агрессия деп зиян келтіретін мінез-құлық түсіндіріледі. «Агрессия» түсінігіне нысаны және мінез-құлық әрекеттерінің

АГРЕССИЯ – бұл басқа жан иесіне қатысты оның қалауынсыз балағат немесе зиян келтіруге бағытталған мінез-құлықтың кез келген формасы

нәтижесі бойынша әр түрлі болып келетін – қыршаңқы қалжың, өсек, дұшпандық қиял және деструктивті мінез-құлық түрлерінен бастап қарақшылық және адам өлтіруге дейін баратын мінез-құлық әрекеттері кіреді.

Жалпы, агрессия деп айналасындағы адамдарға қатысты болатын дұшпандық мінез-құлық қарастырылады. Агрессияға дұшпандық күйі жақын болып келеді. Көп жағдайда агрессия мен дұшпандық сезімі бір-бірімен сәйкес келеді, бірақ адамдар дұшпандық, қастық сезімде бола тұра агрессияға бармауы да мүмкін, себебі «агрессор» үшін

мұндай әрекеттің қандай нәтижеге әкеліп, немен аяқталатыны белгілі. Агрессияның дұшпандық, қастық сезімге қатысы болмауы да мүмкін, мысалы адамдар ешқандай дұшпандық қатынаста болмай-ақ бір-бірін ренжітуі мүмкін. Р. Бэрн мен Д. Ричардсонның пікірінше, агрессия міндетті түрде агрессия құрбанына қасақана, мақсатқа бағытталған зиян келтіру деп түсіндіріледі.

Агрессиялық мінез-құлықты зерттеу кезінде түрлі теориялық бағыттар пайда болды. Агрессияның негізгі теорияларына қысқаша тоқталып кетейік.

Агрессияның психоаналитикалық тұжырымдамасы

Бұл теорияның негізін қалаушы австриялық дәрігер-психиатр және психолог **Зигмунд Фрейд**.

Бұл теория шеңберінде агрессия туа берілген инстинкт, адамға табиғаттан берілген түйсік және қажеттіліктер сияқты қасиет ретінде қарастырылады. З. Фрейд адамдар өмір түйсігі – эрос және де сондай күшті өлім түйсігі – танатоспен, өлім мен агрессивті мінез-құлыққа деген түйсіктік құштарлығымен туады деп қарастырады. Адамның өлімге деген құштарлығы оны өзіндік бұзылуына алып келеді, ал агрессияның арқасында бұл бұзылу басқа нысандарға, оның ішінде адамдарға бағытталады. Бұл тұжырымдама бойынша, агрессия ішкі негізге, бастауға ие, ал бақылауға келмейтін зорлық-зомбылық болмауы үшін агрессиялық энергияны үнемі шығарып отыру керек (мысалы, қатігездік әрекеттерді бақылау, жансыз заттарды қирату, спорттық жарыстарға қатысу және үстемдік позициясында болу, билікке жету арқылы).

Фрейдтің айтуынша мәдениет агрессивтік энергияны рұқсат етілген арнаға бағыттап отырады. Сол кезде энергияның әрекетке айналуының екі түрінің бірі – қоғамда мақұлданған іс-әрекетке бару немесе өз мінез-құлқын үнемі бақылауда ұстап жүру жүзеге асады. Зерттеулер көрсеткендей, ең ауыр қылмысқа



Зигмунд Фрейд
(1856 – 1936)

ИЗ НИХ	Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-бап)	47	43
	Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту (132-бап)	3	2
	Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132-1-бап)	20	14
	Кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап)	18	17
	Баланы ауыстыру (134-бап)		
	Бала асырап алу құпиясын жария ету (135-бап)		
	Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару (136-бап)	62	61
	Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (137-бап)	36	41
	Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (138-бап)	21	18
	Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану (139-бап)		1
Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару (140-бап)			

залал келтірген жағдайда жеңілдетуші жайт ретінде ескерілмейді¹.

Қылмыстық жауапкершілік адам өлтіру (ҚР ҚК 96-бабы), абайсызда кісі өлтіру (ҚР ҚК 101-бабы), денсаулыққа қасақана ауыр/орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК 103, 104-баптары), азаптау (107-бап), кәмелетке көрінеу толмаған адамға қатысты ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу (113-баптың 2-бөлігінің «б» тармақшасы) үшін қарастырылған, дегенмен көрсетілген нормаларда бірқатар олқылықтар бар. Дәлірек айтқанда, ҚР ҚК 96-бабында адам өлтірудің саралаушы белгісі ретінде (ауырлататын мән-жайлардың болуы) «кәмелетке толмағандығы белгілі баланы өлтіру» қарастырылған (96-баптың 2-бөлігінің «о» тармақшасы), дегенмен құқық қорғайтын құндылықтардың басымдығына сүйене отырып, осы тармақшаны «бұзақылық ниетпен» немесе «бірнеше рет жасалған адам өлтіру» секілді мән-жайлардан жоғары қою керек. Бұдан басқа, осы норма «ата-аналар немесе оларды ауыстыратын адамдар жасаған, баланы өлтіру» үшін жауапкершілікті көздемейді. Адамға қарсы қылмыстар жәбір көрген не көп уақыт бойы қатыгез қатынасқа ұшыраған адамның кісі өлтіру не денсаулыққа зиян келтіру үшін жауапкершілігін реттеу бөлігінде де толықтыруды қажетсінеді.

Қылмыстық жазаланатын зорлық-зомбылықтан қорғау

Қазақстан (жалпы деректер)


2013 жылдың 9 айында кәмелетке толмағандарға қатысты 7042 (жеті мың қырық екі)² қылмыс жасалды.
*Статистика*²

	Есептік кезеңде қылмыстық істері тергеліп жатқан қылмыстардың саны	Есептік кезеңде тіркелген қылмыстардың саны
Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар (ҚР ҚК 2-тарауы)	207	197

¹ Витковская С.В. *Үйдегі зорлық-зомбылық және әйелдер қылмыстары* //Қылмыстардың алдын алу. – 2004. - №1. –С.75-77).

² Нысан №1-М Тіркелген қылмыстар және 2013 ж. 9 айында қылмыстық қуғындау органдары қызметінің нәтижелері туралы есеп.

өз мінез-құлқын қатты бақылауда ұстап жүретін адамдар, тіпті бала кезінде өздеріне төбелесуге, шулауға мүмкіндік бермеген адамдар барады екен.



Конрад Лоренц (1903-1989)
– австриялық ғалым,
этологияның негізін қалаушы,
Нобель сыйлығының лауреаты


К. Лоренцтің «психогидравликалық моделі»

Бұл теорияның негізін қалаушы К. Лоренц, адамда агрессия түйсігі туа пайда болады деп қарастырады. Адам агрессиясының биологиялық факторлармен шарттастырылуы психогидравликалық модель деген атқа ие болды. Бұл теория ыдысқа толған судың қысымымен ұқсатырылады: егер агрессияға сыртқа шығуға мүмкіндік бермесе, бұл жарылысқа алып келуі мүмкін.

К. Лоренцтің айтуынша агрессивтік түйсік эволюция барысында, адамның өмір үшін күрес және бейімделуі кезінде үлкен рөл атқарды. Қоғамның қарқынды түрде дамуы агрессияның тежегіштік механизмдерінің дамуына алып келді. Жиналған эмоциялар агрессия түрінде сыртқа шығып отыруы керек (бу арба қазандығынан будың шығу қағидасы тәрізді).

Фрустрациялық теория

Бұл теорияны америкалық психолог Леонард Берковиц енгізген. Агрессия **фрустраторлар** – фрустрация әкелетін, мақсатқа жету жолындағы, қажеттіліктерді қанағаттандыру, рахат алу кезіндегі кедергілер әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Фрустраторлар дегеніміз – біздің мақсатқа жетуімізге кедергі келтіретін кез келген жағдайлар.



Леонард Берковиц
1926 ж. т.

ФРУСТРАЦИЯ (лат. *Frustratio* — алдау, сәтсіздік) – өз қалауларыңды орындай алмаған кезде пайда болатын психикалық күй

Мысалы, анасы компьютерде отыруға рұқсат бермеген бала оған сөздік формада («сен жамансың»), қоқан-лоққы көрсету («мен сенің ботқанды жемеймін»), айыптау («сен мені жақсы көрмейсің») және т.б. түрде агрессиясын көрсетуі мүмкін.

Зиян келтірмейтін агрессиялық әрекеттер – сөзбен намысқа тию, агрессиялық қиялдар, үстелді жұдырықпен ұру секілді әрекеттер агрессия деңгейінің төмендеуіне көмектеседі.

Осылайша, жазалаудан қатты қорқыныш сезімі агрессиясын ұстайтын адам агрессияның көрініс беруі қауіпсіз болып табылатын басқа адамға өз агрессиясын аударады.

Фрустрациялық теорияның негізгі идеяларының бірі **катарсис әсері** болып табылады. Агрессияны дене немесе вербальды түрде көрсету уақытша жеңілдік алып келеді, соның нәтижесінде психологиялық тепе-теңдік орын алып, жаңа агрессивті мінез-құлыққа деген дайындық әлсірейді.

Агрессияның бихевиористік концепциясы

Бұл теория бойынша агрессия біртіндеп пайда болған, сондай әрекеттерді бақылау арқылы адамға игерілген мінез-құлық формасы ретінде қарастырылады. Бала басқалардың – ата-анасының, мұғалімнің, құрдастарының агрессиялық әрекеттерін, сөздерін бақылайды және көшіреді, олар оған теріс үлгі көрсетіп «еріксіз түрде» агрессивті әрекетке үйретеді деп қарастырылады.

А. Басс агрессивтік әдеттердің күштері тәуелді болатын бірнеше факторларды көрсеткен болатын.

Біріншіден, бұл ашу мен ыза тудыратын түрткілердің жиілігі мен қарқыны. Ыза түрткілерді көп алған адамдарда, осындай түрткілерді азырақ алған адамдарға қарағанда агрессия көп болады.

Екіншіден, бұл агрессия арқылы жетістікке көбірек жету.

Үшіншіден, адамның агрессиясының дамуын жеңілдететін адамның қабылдайтын мәдени және субмәдени нормалары,

БИХЕВИОРИЗМ (ағылш. *Behavior* – мінез-құлық) адам және жануарлар мінез-құлығы туралы психологияның бағыты.

отбасында түбірінен жою тұрғысынан заңнаманы әрі қарай реформалау бойынша бағдар болып табылады (*Стратегияның 6-тарауы*).

2006 жылдан бастап балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету бойынша заңнаманың әрі қарай дамуы оның Бала құқықтары туралы конвенцияның қағидалары мен ережелеріне толық сәйкестігін қамтамасыз ету және баланың әлеуметтік қолайсыздығының алдын алу үшін құқықтық ахуалды жасау мақсатында іске асырылды. Бұған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексінің, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы», 2010 жылғы 12 наурыздағы № 253-IV «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заңдарының қабылдануы ықпал етті. Балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау жөніндегі ұлттық саясатты жүзеге асыруға білім беру, денсаулық сақтау саласындағы балалардың құқықтарын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік салалық бағдарламалар бағытталған.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы), Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығы), 2008-2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1260 қаулысы), Қазақстан Республикасының Үкіметі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) 2010-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және ЮНИСЕФ-тің елдік бағдарламасының іс-әрекеттер жоспарына қол қойды. Балалықты қорғау, баланың денсаулығына зиян келтіру нәтижесінде балалар өлімінің алдын алу осы құжаттарды қабылдау мақсаты болып табылады.

Балаларға қатысты жасалатын қылмыстардың жыл сайын артуы заңнаманың пәрменсіздігін бейнелейді, қылмыстық заңнамада қарастырылған мүмкіндіктердің бәрі емес іс жүзінде пайдаланады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде «үйдегі зорлық-зомбылық құрбандары» ұғымы жоқ, осы фактор, егер бала кісі өлтірсе не өзіне жәбір көрсеткен не өзін дәмеленген адамның денсаулығына

келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар».

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» **Қазақстан Республикасының Кодексіне** сәйкес, баланың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер баланы күтіп-бағу, тәрбиелеу, оған білім беру жөніндегі міндеттерін орындамаған кезде немесе тиісінше орындамаған кезде не ата-ана (қорғаншылық, қамқоршылық) құқықтарын теріс пайдаланған кезде бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға өз құқықтарын қорғау үшін өз бетінше жүгінуге құқылы.

Балаға бұзылған құқықтарын қорғау үшін берілген құқығын бекітудің өзі кәмелетке толмағандарды қорғаудың халықаралық-құқықтық қағидасын жүзеге асыру болып табылады. Алайда баланың жасына қарай қойылған шектеулерді негізсіз деп санаймыз: заң шығарушы кәмелетке толмағанның өз құқықтарын қорғау үшін сотқа, қамқоршылық және қорғаншылық органдарына жүгіну мүмкіндігін оның белгілі бір жасқа жетуімен байланыстырмау керек. Дәлірек айтқанда, өз көзқарасын білдіре алатын балаға өз мүддесіне қатысты барлық мәселелер бойынша пікірді білдіру құқығын беру қажет және осы құқықты, баланың жасы мен жетілу деңгейін ескере отырып, тиісінше көңіл бөлуге міндетті мемлекет жүзеге асыруға тиіс (БҰҰ «Бала құқықтары туралы» конвенциясы, 20.11.1989 жыл, преамбула, 12-бап).

Қазақстан Республикасы Президенті – Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы (14 желтоқсан 2012 жыл) мемлекеттің әйелге тауар сияқты қарауға қарсы күрес саласындағы саясатын айқындайды. Қазақстан Республикасының Президенті *«балалар - қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес»* деп белгілеп, Үкіметке аналық пен балалықты қорғау, сондай-ақ отбасы және неке саласындағы заңнаманы түбегейлі қайта қарауды, *ана мен балаға қарсы бағытталған қылмыс үшін, сондай-ақ, осы саладағы ең ұсақ деген де заң бұзушылықтар үшін жазаны күшейтуді* тапсырды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен **Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы** бекітілді (2005 жылғы 29 қарашадағы № 1677 жарлығы), оның қызметі адамдардың зорлық-зомбылықсыз лайықты өмір сүруі үшін жағдайлар жасауға бағытталған және зорлық-зомбылықтың барлық көріністерін барлық әлеуметтік салаларда, соның ішінде

қалыптары. Адамдар агрессия марапатталады дегенге үйренуі мүмкін.

Әлеуметтік үйрену теориясы. Бұл теорияны А. Бандура ұсынған болатын. Оның айтуынша, жазалау агрессияны басуы немесе оған ынталандыру жасап, агрессиялық әрекеттерге үйренуге шақыруы мүмкін.

Ол өз зерттеулерінде, денелік тұрғыда көп жаза алған ұлдардың агрессиясының көп болатынын байқаған. Сонымен қоса, әкелері көп ұрған ұлдардың үйде тыныш, тіл алғыш болып жүріп, ал басқаларға қатысты, әсіресе өз құрдастарына агрессияны көп көрсететінін байқаған.

Әлеуметтік үйрену теориясының басты элементі – олардың көмегімен агрессивті мінез-құлықты бақылауға болатын жағымды немесе жағымсыз қуаттауды білдіреді. Жағымды түрде қуаттау – мақтау, мақұлдауды сөзбен білдіру, сабақ барысында жақсы баға қою болып табылады, ал жағымсыз қуаттау – бетке басу, келіспеушілікті сөзбен жеткізу жатады.

Егер аналары баланың агрессиялық қылықтарына үнемі кешіріммен қарап, оларды мақұлдап отырса бұл агрессияның ұлғаюына алып келеді екен. Басқа зерттеулерде көрсетілгендей, өте қатаң жазаға тартылып отыратын балалардың өз жолдастарына деген агрессиясы көп болады екен. Агрессиялық мінез-құлықты баланың денесін жазалау бала агрессиясын, зұлымдығын одан ары өсіріп отырады екен. А.Бандураның айтуынша, отбасы, субмәдениет және БАҚ бізге күнделікті түрлі сабақ беріп отырады.

Отбасы. Жазалау ретінде қол көтеру жиі қолданылатын отбасыларда айналасындағы адамдарға агрессиясы көп балалар өсіп шығады. Ата-аналар балаларын тәртіпке шақырамын деп жекіру, желкеден қойып қалу арқылы агрессияның шешім табу



Альберт Бандура
(1925-1988)

жолы екенін өздері көрсетіп отырады. Көбінесе мұндай ата-аналардың өздерін кезінде осындай жолмен тәрбиелеген болуы мүмкін.

Субмәдениет. Үйден тыс әлеуметтік орта да еліктеу ортасы болып табылады. Футболдық матч сияқты спорттық жарыстарда агрессивті ниеттенген фанаттар өз қатысушыларының қатаң ойындарына жауап ретінде түрлі агрессиялық қақтығыстарға барып отырады.

Агрессияның психогенетикалық теориясы

Бұл теория өкілдері агрессияны генетикалық негізге темпераментке байланысты деп қарастырады. Тұқым қуалаушылықтың жүйке жүйесінің агрессивтілікке деген сезімталдығына әсер ететіні дәлелденген.

Біздің темпераментіміздің типтері, яғни біздің қаншалықты эмоциялық түрде қоша білетіндігіміз туа берілген жүйке жүйесі қызметінің нәтижесі болып табылады.

Қорқынышсыз, импульсивті және ұстамсыз бала агрессияға бейім жасөспірімге айналуы мүмкін.

Балалардың агрессиясының қалыптасуына барлық тұқым қуалаған факторлар әсер етеді. Жас өте келе генетикалық факторлардың әсері күшейе түседі, ал қоршаған ортаның әсері әлсірей түседі. Психогенетиктер агрессивтілік пен эмоционалдық арасында генетикалық тәуелділік бар екенін анықтаған. Агрессивтіліктің жоғарғы деңгейде болуы хромосоманың аномалиясымен түсіндіріледі. Қалыпты жағдайда адам ағзасының жасушаларында 46 хромосома болады: 23 хромосома әкесінен, 23 хромосома анасынан келеді. Ер адамдардың жыныстық жасушаларында барлық хромосома жұптарының арасында Х және У хромосомасы бар жұп бар, ал әйелдік жыныс жасушалары тек Х хромосомаларынан тұрады.

Түзету мекемелеріндегі қылмыскерлердің арасында хромосомалық аномалиясы – 47-У хромосомасы бар ер адамдар көп екені анықталған. Мұндай генетикалық аномалиясы бар қылмыскер-ер адамдардың көбеюі, артық У-хромосомасының пайда болуы агрессияның артуына ықпал ететінін білдіреді.

еңбегін пайдалану мақсатында сыйақы үшін немесе онсыз басқа адамға бере алатын күші бар кез-келген институтты немесе әдет-ғұрыпты пайдалануға» тыйым салынады.

Құлдыққа не құлдарды сатуға абсолютті тыйым **Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде** де расталған, осы құжатта «Ешкім де құлдықта ұсталуы тиіс емес; құлдық пен құл саудасының барлық түріне тыйым салынады» деп көрсетілген.

«Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты Баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 маусымдағы № 219 Заңымен балаларды сатуға, балалар порнографиясына тыйым бекітілген. Жалпы алғанда, Факультативтік хаттамамен көзделген «балаларды саудалау», «балалар порнографиясы» ұғымдарының түсініктемесі Қазақстандағы заңнамасының анықтамасына сай келеді.

БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі конвенциясы (33-сессия, 6 маусым 2003 жыл) 33-сессияда Омбудсменнің баланың құқықтарын бұзу туралы дара шағымдарды шетін нысанда жолдау үшін тетігінің әзірленбегені туралы алаңдаушылықты білдірді; бұдан басқа, Комитет балаларға қарсы жасалған қылмыстар үшін жазалауды кеңейту қажеттілігін айқындады (25-тармақ), *«сатушыларға қатысты балалардың осалдығын азайту бойынша шараларды қабылдау және көмек көрсету үшін дағдарыстық орталықтарды, шұғыл байланыс желілерін, сауда және/немесе сексуалды пайдалану құрбандарын – балаларды оңалту және әлеуметке қайта қайтару бағдарламаларын жасау»* (39-тармақ), бұның барлығы қолданыстағы заңнамаға бірқатар түзетулердің енгізілуін айқындады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан балалар мен әйелдердің құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қабылдады: денсаулықты қорғау, еңбекті қорғау, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау бойынша кепілдіктер туралы, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуының және қылмыстарының алдын алу мәселелері бойынша.

Ұлттық заңнама (шолу)

Баланың құқықтарын қорғаудың ерекше маңыздылығы **Қазақстан Республикасының Конституциясында** да танылған: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез

тырады және мемлекетке балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауды тапсырады және оның рөлін балалар аман-дығының ең соңғы төрешісі сияқты айқындайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы қатыгез қатынасқа тыйым салады. Бұл ретте, Конвенцияның 1-бабы «балаға» «18 жасқа толғанға дейінгі әрбір адам баласын» жатқызады, бұл кейде қолданыстағы заңдарға сәйкес келмейді. Дәлірек айтқанда, отандық қылмыстық заңдар жасалған қылмыстар үшін жазалау шараларын кәмелетке толмағандардың жасына қарай жіктейді (олар «жас балалар», «кәмелетке толмағандар», «16-жасқа жетпеген адамдар» деп бөлінеді).

Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында «Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (2002 жыл) «мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дәрекілікпен қорлаудан қорғауды жүзеге асырады» деп көзделген (10-бап). Осы заңды әзірлеу мен қабылдауға БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілдігінің сарапшылары айтарлықтай үлес қосқан. ЮНИСЕФ және басқа да әріптестердің көмегі ҚР Білім және ғылым министрлігінің (БГМ) жанында БҰҰ Баланың құқықтары туралы конвенциясын жүзеге асыру бойынша ұлттық топты құруға және балалықты қорғау жүйесін реформалауды бастауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ ЮНИСЕФ 2006 жылы қабылданған ата-аналардың қамқорлығынан айырылған балаларға арналған «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарлама жобасын әзірлеуге де көмектесті. Демократия және адамның құқықтары саласындағы еуропалық құрал (ЕИДПЧ) Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғауға арналған қаржылай қаражатты жыл сайын бөледі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет басшылары кеңесінің 1995 жылғы 26 мамырдағы «Адамның құқықтары мен бостандықтары туралы» конвенциясы азаптауды, қатыгез, адамгершіліксіз немесе ар-намысын қорлайтын қатынасты қолдануға тыйымды айқындайды; құлдықта не еріксіз күйде ұстауға, мәжбүрлі және міндетті еңбекке жұмсалуға тыйымды орнатады (4-бап).

Сатудан балаларды қорғау **Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамамен** (БҰҰ Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясына толықтыру, Нью-Йорк, 15 қараша 2000 жыл), **Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы қосымша конвенциямен** (1956 жыл) айқындалған, оған сәйкес «кез-келген институт пен әдет-ғұрыптардың күшіне сай он сегіз жастан кіші баланы немесе жасөспірімді өзінің жеке-шешесінің біреуі не екеуі де немесе оның қамқоршысы осы баланы немесе жасөспірімді не оның

2.2 АГРЕССИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Агрессивті мінез-құлықтың түрлі типтері мен формалары

16-кесте.
Агрессия түрлерінің жіктелімі

Агрессияның көріну түрлері	Агрессия атаулары		
Нысанға бағытталуы бойынша	Гетероагрессия- басқаларға бағытталған (адам өлтіру, зорлау, ұрып-соғу, қорқыту)	Аутоагрессия- өзіне бағытталған (өзін-өзі айыптау, өзін-өзі өлтіру, психосоматикалық аурулар)	
Туындауы бойынша	Реактивті агрессия – сыртқы тітіркендіргішке жауап реакциясы (ұрыс, жанжал)	Спонтанды агрессия ішкі импульстардың әсерінен пайда болады (теріс эмоциялардың жиналып қалуы, психикалық аурулар кезінде)	
Мақсатқа бағытталуы бойынша	Құралдық агрессия- нәтижеге жету құралы ретіндегі агрессия	Уәждемелік агрессия – алдын ала жоспарланған әрекет	
Көріну ашықтығына байланысты	Тура агрессия – тітіркендіріп тұрған объектіге тікелей бағытталған	Жанама агрессия – тітіркену тудырып тұрған емес, бірақ ыңғайлы нысанға бағытталған	
Шығу формасына байланысты	Вербальды агрессия сөздік формада болады (қорқыту, балағаттау)	Экспрессивті агрессия – ым, ишара, дауыс ырғағында байқалатын агрессия	Дене агрессиясы – күш қолдану, қол жұмсау

А. Басс агрессияның мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: **вербальды –дене агрессиясы және тікелей – жанама агрессия.**

Вербальды және дене агрессиясы.

Дене агрессиясының тікелей мақсаты – басқа адамға зиян келтіру, агрессия мақсаты жанама түрде болуы мүмкін, мысалы, басқаны сыйдырмау үшін кедергі келтіру. Одан да басқа сөзсіз қорқытуды (жұдырық көсету) да символдық түрде дене агрессиясына жатқызуға болады

ДЕНЕ АГРЕССИЯ –Басқа адамға қарсы физикалық күш қолдану

Вербальды (ауызша, сөзбен) агрессия – жағымсыз эмоцияларды, сезімдер мен ниеттерді балағатты түрде, анайы, қоғамда мақұлданбаған сөздермен жеткізу.

Вербальды агрессияны А. Басс мынадай түрлерге бөледі:

А) Вербальды-белсенді-тікелей, басқа адамды сөзбен балағаттап немесе төмендеткен кезде көрінеді;

Б) Вербальды-белсенді-тікелей емес, басқа адам туралы өсек тарату, жалған айып тағу.

В) Вербальды-пассивті-тікелей, адаммен сөйлеспеу, сұрақтарына жауап бермеу;

Г) Вербальды-пассивті-тікелей емес нақты сөздермен түсіндіруге қарсылық білдіру, кінәсіз адамды сынап жатқанда оны қорғау.

Вербальды агрессия ашу, ыза, реніш сияқты теріс эмоциялардың сыртқа көрініс табуын білдіреді.

Сөзбен айтылған агрессия жүйкелік ширығуларды шешуге көмектеседі. Адам осы арқылы жаман эмоцияларын сыртқа шығарып, осы ширығудан босайды. Кейде сөздік агрессия алдын ала ойластырылған ренжіту, ашуландыру құралы ретінде де болуы мүмкін.

Мектеп оқушыларының қарым-қатынас кезінде балағаттық сөздерді қолдану себебі мынада: бұл әрине сөйлеу мәдениетінің төмен деңгейін, сөздік қордың аздығын, өз сезімдерін басқа әдеби сөздермен жеткізе алмайтындығын және қарапайым қарым-қатынасқа түсе білмеуді білдіреді. Кей кезде балағаттық сөздер арқылы жасөспірім өзінің «ересек екенін», «еркін екенін» көрсеткісі келуі мүмкін.

Вербальды агрессияның бір түрі – **аггро** болып табылады.

Халықаралық нормалар және стандарттар (шолу)

1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын» қабылдады, осы құжат адамның құқықтары мен бостандықтарын жариялаған халықаралық акт болып табылады; оның ережелеріне сәйкес әрбір адамның зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге құқығы бар. 1959 жылы БҰҰ балаға Адам құқықтарының декларациясында көрсетілген барлық құқықтар тиесілі екенін жариялап, **Бала құқықтарының декларациясын** қабылдады.

Балаларды қорғауға және олардың игілігіне қатысты, әсіресе балаларды ұлттық және халықаралық деңгейлерде тәрбиелеуге және асырап алуға беру кезінде, Әлеуметтік және құқықтық қағидағтар туралы декларацияның 3-бабында (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1986 жылғы 3 желтоқсандағы № 41/95 қарарымен қабылданды) бекітілгендей, «*бала туралы қамқорлық, бәрінен бұрын, оның ата-анасында жатыр*».

Балалардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы мақсаты баланың құқықтарын қорғау болып табылатын ең маңызды конвенцияларға қосылды: Баланың құқықтары туралы конвенция (1994 жылы ратификацияланды); Шет елде алиментті өндіріп алу туралы конвенцияға (1999 жылы ратификацияланды); 2000 жылы – Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы конвенцияға; 2001 жылы – Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты Баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасына және Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына байланысты Баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасына; 2002 жылы – ХЕҰ Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенциясына; 2004 жылдың қарашасында Қазақстан БҰҰ Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенцияға және оның Қорытынды хаттамасына қол қойды.

Қазақстан 1994 жылдың 8 маусымында ратификациялаған **Баланың құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы** (Нью-Йорк, 1989 ж. 20 қарашасы) баланың дені сау дамуына, қатыгез қатынас пен нәпсіқұмарлық азғыруды қоса алғанда, оны неше түрлі қол сұғушылықтан қорғауға, зорлық-зомбылықтан, оның ішінде ата-аналар жасаған зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсетілуіне деген құқықтарын тану үшін арнаулы шараларды заңдас-

17. Андреева Т.В. Семейная психология. СПб., 2004
18. Юнг К. Конфликты детской души. М., 1991
19. Щербинина Ю.В. Вербальная агрессия. М., 2006.
20. Дольто Ф. На стороне ребенка. М., 2013.
21. Дольто Ф. На стороне подростка. М., 2013.
22. Воробьева К.А. Агрессия и насилие в подростковой среде. М., 2011.
23. Елисеев О.П. Практикум по психологии личности. СПб., 2003. 310-327 б.
24. Фурманов И.А. Психология детей с нарушениями поведения. М., Владос, 2009.
25. Семенюк Л.М. Психологические особенности агрессивного поведения подростков и условия его коррекции. М., 1996.
26. Чепмен Г., Кэмпбелл Р. Пять путей к сердцу ребенка. СПб., 2008.
27. Чепмен Г. Пять языков любви. М., 2009.
28. Чепмен Г. Пять признаков любящей семьи. СПб., 2008.
29. Кон И.С. Что такое буллинг и как с ним бороться? / Журнал «Семья и школа». 2006, № 11, 15-18б.
30. Проективная методика для диагностики школьной тревожности Диагностика эмоционально-нравственного развития. / Ред. және құраст. Дерманова И.Б. СПб., 2002. 47-60 б.
31. Музыченко Г. Ф. Проективная методика «Несуществующее животное». Руководство и результаты психодиагностического исследования взрослых пациентов с различными расстройствами эмоционально-личностной сферы. СПб., 2013.
32. Вачков И.В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники. М., 2001.

Бұл термин агрессияның алдындағы салттық әрекеттерді білдіреді, мысалы, футбол фанаттарының «жалынды сөздері» – бұл вербальды түрде болса, рок концерт тыңдаушыларының қимыл-қозғалыстары – вербальды емес түрдегі агрор болып табылады.



Мамандардың айтуынша вербальды агрессияның пайда болып дамуының басты себептерінің бірі әлеуметтік факторлар болып табылады. Олар, мыналар:

1. Қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың болмауы – қылмыстың өршуі, бейәлеуметтік мінез-құлықтың пайда болуы, сөздік агрессия ғибадат болып есептелетін микротоптардың пайда болуы.

2. Қоғамдық санадағы құндылықтар жүйесінің бұрмалануы – қазіргі қоғамда күштің ғибадатқа айналып басты құндылықтардың біріне айналуы; билікке ұмтылу, табысты, өзіне сенімді адамның «сөзбен жауап қайтара білуінің» идеалға айналуы.

3. БАҚ-тағы қорлық көрсету факторларының көп пнасихатталуы. Теледидар вербальды агрессияның бірден-бір көзі болып табылады. Соңғы уақытта түрлі жастар бағдарламысында сөздік агрессия эталондары ғибадатқа айналып кеткен.

4. Отбасындағы сөйлеу мәдениетіне аз көңіл бөліну және мектептегі коммуникативтік дағдыларға мақсатты түрде оқытпау.

ЖАНАМА АГРЕССИЯ – басқа адамға бағытталған әрекеттер (өсектер, ызалы қалжың), ешкімге бағытталмаған ашудың жарылуы (айқай, аяқпен тепкілеу, үстелді жұдырықтау, есікті қатты жабу)

Тікелей және жанама агрессия

Бұл тікелей құрбандық нысанына бағытталған агрессия. Жанама түрде болса құрбандық нысанының өзіне емес оны алмастырушы-нысанға бағытталады. Жанама агрессия кезінде адамның сыртқы түрі немесе жұмысы туралы жаман айтуға

болады. Агрессия күйі сыртқы формада айқын көрінуі мүмкін, мысалы төбелес құмарлықта, жабайылықта, ал кейде агрессия жасырын реніш түрінде де болуы мүмкін. Кездейсоқ және реактивті агрессия түрлері де кездеседі.

Экспрессивті, дұшпандық, құралдық агрессия түрлерін С. Фишбах бөліп көрсеткен болатын.

Экспрессивтік агрессия ашу мен ызаның еріксіз түрде жарылысы сияқты көрінеді, бұл мақсатқа бағдарланбаған тез басылатын жарылыс, тыныштықты бұзған нысанға қатысты шабуыл жасау немесе жауап беру міндетті емес.

Дұшпандық агрессия басқа адамға міндетті түрде зиян келтірумен сипатталады.

Ақпараттық агрессия бейтарап сипаттағы мақсатқа жетуге бағдарланған, ал агрессия құрал ретінде қолданылады, мысалы жазалау-тәрбие құралы ретінде.

Дұшпандық агрессия, С.Фишбах бойынша басқа адамға зиян келтіруге, бір жерін ауыртуға бағытталған, оны агрессия үшін жасалатын агрессия деп қарастыруға болады. Ал, құралдық агрессия тек мақсатқа жетуге бағытталған, онда зиян келтіру, қиянат жасау міндетті емес.

БУЛЛИНГ – бір немесе бірнеше баланың бір балаға не бірнеше балаға қатысты саналы түрде ұзаққа созылған дене немесе психикалық зорлық көрсетуі

Буллинг – агрессивтік мінез-құлықтың түрі ретінде.

Қазіргі уақытта БАҚ құралдарында агрессияның жаңа бір түрі – буллингке көп көңіл бөліне бастады. Буллинг деген (bullying, bully-бұзақы, төбелескіш, зорлаушы) қорқыту, дене немесе психологиялық террор арқылы басқа адамды қорқытып, оны өзіне бағындыру дегенді білдіреді.

Өзінің «Мектептегі буллинг: ол туралы біз не білеміз, не істей аламыз?» (1993) деген кітабында норвегиялық психолог Дан Ольвеус буллингке жақын тұратын оқушылардың типтік қасиеттерін қарастырған болатын:

- оларда басқа оқушыларды өздеріне бағындырып, оларға би болу қажеттілігі қатты дамыған;
- олардың мінез-құлығы импульсивті және ашуға толы;
- оларда тіпті мұғалім мен ата-аналарына деген де агрессивтік мінез-құлық орын алады;

6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты «Қазақстан-2050» (14 желтоқсан 2012 жыл)
2. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 жылдың 20 қарашасында № 1386 (XIV) қарауымен қабылданған Бала құқықтары Декларациясы
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» № 319-III Заңы, 2007 жыл 27 шілде.
4. Қазақстан Республикасы «Неке және отбасы туралы» № 321 Кодексі, 1998 жыл 17 желтоқсан.
5. «Орта білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызмет көрсету Ережесін бекіту туралы» 2011 жылдың 20 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 528 бұйрығы.
6. Чепмен Г. Пять путей к сердцу подростка. СПб., 2009.
7. Шевандрин Н.И. Основы психодиагностики. М., 2003.
8. Тренинги с подростками. Волгоград, 2009
9. Чуднова А., Дьяченко С., Азарова Ю. Ключ к тайным пластам подсознания человека. Карточки Люшера. М., 2010
10. Старшенбаум Г.В. Наши дети. Ростов-на-Дону, 2012
11. Бэрн Р., Ричардсон Д. Агрессия. СПб., 1998
12. Гребенкин В. Профилактика агрессии и насилия в школе. Ростов-на-Дону, 2006
13. Паренс Г. Агрессия наших детей. М., 1997
14. Иванова Л.Ю. Агрессивность, жестокость и отношения старшекласников к их проявлениям. / сб. Проблемы личности, профилактика отклонений в ее развитии. М., 1993
15. Степанов В.Г. Психология трудного школьника. Москва, 1998
16. Личко А.Е., Попов Ю.В. Делинквентное поведение, алкоголизм и токсикомании у подростков. М., 1988

Екіншіден, бастауыш және орта сыныптарындағы оқушылар агрессияның көріну актілеріне шағым жасайды. Мұның себебі осы жастағы оқушылар ересектер көмегіне жиі сүйенеді, ол сынып жетекшісі немесе мектеп психологы болуы мүмкін.

Үшіншіден, Қазақстандағы ауылдық және қалалық мектептерінде балалар арасында агрессивтіліктің көріністерінде айырмашылықтар бар: ауыл мектебіндегі балаларда агрессивтілік көрінісі төмен.

Төртіншіден, жасөспірімдік шақтағы агрессивтілік пен кіші мектеп жасындағы балалардың агрессивтілігі арасында айырмашылық бар. Бұл тек қана биологиялық ерекшеліктермен ғана байланысты емес, сонымен қатар, әлеуметтік, мәдени және психологиялық себептерге байланысты. Жасөспірімдік шаққа қарай дене агрессивтілігі бәсеңдейді да, вербальды агрессивтілік орын алады.

Қорытындылай келе, оқушылардың агрессивті мінез-құлқына жүргізілген талдау нәтижесі бойынша, оқушылардың агрессивті мінез-құлқын түзету және алдын алу мақсатында жүйелі жұмыс атқарылуы қажет, оқушылармен ғана жұмыс жасаумен шектелмей, оның қоршаған ортасымен: отбасымен, педагогтармен, құрдастарымен жұмыс жасау қамтылуы керек. Оқушылардың агрессивті көріністерін түзету қоршаған ортамен конструктивті өзара әрекеттесу тәсілін, мінез-құлықтағы өзіндік реттеу дағдысын қалыптастыру, ызаны басқаруды және бақылауды үйрету, баладағы эмпатияны дамыту бойынша жұмыс жасау.

Сонымен қатар педагогтармен оқушылардың агрессивтік көріністерінің алдын алу және түзету жұмысы жүргізілуі керек, оның ішінде диагностика жолдарын білу, бала агрессивтілігінің алдын алу және түзету амалдарын білу, агрессивті оқушылармен қарым-қатынасқа түсу дағдысын дамыту, теріс эмоционалдық жағдайларды өзіндік шешу техникасына үйрету қажет.

- оларда өздерінің құрбандарына деген аяушылық сезімі болмайды;

- олар әдетте дене тұрпаты жағынан жақсы дамыған.

Буллингтің құрбандары кімдер? Олардың ерекшеліктері былай көрсетілген:

- оларда қорқақтық, ұяндық пен ұялшақтық басым;

- олардың қобалжу деңгейі жоғары;

- олар өздеріне сенімсіз және өзіндік бағалаулары төмен;

- оларда депрессия байқалады, суицидқа бейім болады;

- олардың құрдастарының арасында жақын достары жоқ;

- олар дене тұрпаты жағынан әлсіз.

Мұғалімдер балаларды:

- сыртқы түрі, мінез-құлығы және мектептегі үлгерімі бойынша кемсітетін болса;

- оларға жаман ескертулер жасап, рухани түрде кемсітетін болса буллингтің дамуына өздері ықпал етіп отырады.

Мектептегі буллингтің түрлері өте көп, оған: мазақтау, келемеждеу, ақша талап ету, түрлі дене немесе психикалық кемсіту арқылы қорлау, «бойкот» жариялау, заттарын бүлдіру т.б. жатады. Қазіргі уақыттағы кең тараған буллинг түрі – ақша талап ету. Ал заттарын, киімін, оқулықтарын бүлдіру азырақ кездеседі.

Кибербуллинг – ұялы телефон, Интернет арқылы қорқыту түрі етек алып келе жатыр.

Аутоагрессия – агрессивтіліктің түрі ретінде

Аутоагрессия – өзіне зиян келтіруге бағытталған мінез-құлық түрі. Оның түрлері – өзін айыптау, өзін төмендету, түрлі дене жарақаттарын жасау, тіпті өзін-өзі өлтіруге дейін барады.

Психоаналитикалық бағыт бойынша аутоагрессия психологиялық қорғанысқа жатады, өзіндік қорғануға ықпал етеді. Психоанализдің негізін қалаушы З.Фрейдтің айтуынша адамның өзіне зиян келтіруі кездейсоқ емес, оның негізінде бейсаналық агрессиялық туа біткен болмыс бар, осылайша адам өзіне қол жұмсау арқылы өзін жазалап қана

«Егер менің жақындарымның бірі қолымды кесіп алдым не қысып алдым десе, мен оны әдеттегідей аяудың орнына не үшін олай істедің? - деп сұраймын»

З. Фрейд

қоймай, осы ширыққан жағдайға алып келген адамды да жазалайды.

Аутоагрессия ішімдіктер мен темекі өнімдерін ерте бастан қабылдау түрінде де кездеседі, кейде өзіне денелік қол жұмсау, мысалы, трихотилломания түрінде, аса қауіпті жағдай – суицид түрінде кездесуі мүмкін.

Аутоагрессия, өзінің дұрыс емес, жаман жүріс-тұрысын сезіну әдеті ретінде адамда туа бітпейді. Бірінші жылы бала өз қателіктерін ойлап ақталмайды, бұл сезім біртіндеп пайда болады.

Даму барысында балада рефлексия – өзі туралы ойлау, талқылау пайда болады. Өз мінез-құлқын бағалап, ненің жақсы, ненің жаман екенін біле бастайды. Өзінің дұрыс емес мінез-құлқын жоюға тырысады, ол үшін өзін кең тараған, ата-анасының мысалынан көріп жүрген – жазалау арқылы тәрбиелеуге көшеді. Бала өзіне ұрысып, жаман қылықтары мен қателіктері үшін өзін жазалай бастайды. Біртіндеп мұндай өзін-өзі тәрбиелеу тәсілі әдетке айнала бастайды.

Өзіне басқаларға ашулануға, өз сезімін көрсетуге рұқсат бермеген адам, аутоагрессиямен ауыратын адамдар тобына жатады. Бас кезінде ол өте күрделі бола қоймағанымен (кездейсоқ жарақаттар), біртіндеп ол созылмалы бас ауруларына, басқа да психосоматикалық көрініс табатын, өзін-өзі талқандауға дейін баратын мінез-құлық түрлеріне дейін ұлғаяды. Басқаларға көрсетілмеген ашу адамның өзіне бағытталған визасына айналады

2.3. ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫ

Жасөспірімдік жас – бұл балалық пен ересек өмірдің арасындағы шекара. Жасөспірімдік жасты өтпелі кезең деп атайды. Жасөспірімдік жастың психологиялық жай-күйі бұл жастың екі «дағдарыстық» сәтімен: психофизиологиялық –

5. ҚОРЫТЫНДЫ

Ғасырлар бойы адам агрессивтілігінің табиғатын түсіну көптеген ой елегінен өткен, агрессия әр түрлі позициядан – пәлсапа, поэзия, діни көзқарастан қарастырылған.

Агрессивтілік болжап болмайтындығымен және өзгешелігімен ерекшеленеді, сондықтан ол өз заңдылығына бағынады. Бұл заңдылықтар әрбір адамның мінез-құлқына әсер етеді.

Агрессия жайлы мәліметтердің көптігі соншалықты біздің оқу құралымызда оның бәрін қамту мүмкін емес.

Бала агрессивтілігі мәселесін оның ішінде тұлғалық ерекшеліктері және қатынас көріністерін талдау барысында балалардың және жасөспірімдердің агрессивтілігінің себептерін түсінуде әр түрлі теориялық бағыттарды көрсетті, осы себептен бала агрессивтілігін алдын алу және түзетудегі әдістерді құрау үшін әр түрлі бағыттардың барлығын көрсетті.

Тиімді бағыт ретінде, агрессивтілік көріністердің орын алуы тұлғалық ерекшеліктер мен балалардың мінез-құлқындағы әлеуметтік-психологиялық себеп байланысы қарастырылған. Жасөспірімнің өз бетінше жұмыс жасауға ұмтылуы, оның жаңа әлеуметтік рөлін мойындауында ересек адамдардың қарсы келуі психологиялық кедергіге әкеледі, осы себептен жасөспірімдер мінез-құлықтың агрессивтілік формасын қолданады.

Біздің әлеуметтік зерттеу материалдарымыз бойынша, жасөспірімнің агрессивтілік деңгейі және ерекшеліктеріне айқын әсер ететін оның әлеуметтік ортасы, соның ішінде отбасындағы, өзара қатынасындағы басымдылық көрініс алады.

Біздің зерттеуіміздің көрсеткен нәтижесі бойынша, Қазақстан мектептерінде оқытушылар тарапынан балаларға бағытталған қаталдық және зорлық-зомбылық әрекеттері көрінісі байқалмады.

Балалардың агрессивті мінез-құлқына талдау жасау нәтижесінде, біріншіден, Қазақстан мектептерінде вербальды агрессивтілік жиі көрініс алады. Вербальды агрессивтіліктің жоғары деңгейінің себептері ол қазіргі заман бұқаралық ақпараттағы цензураның жоқтығы. Осы себептен, балалардың сөйлеу мәнерінде санасыз түрде көптеген былапыт сөздерді қолдануы көрінеді.

II-тип – әке негізінен отбасылық табысқа көп көңіл бөледі. Күйеуі әйеліне баланы тәрбиелеу мәселелеріне толықтай мүмкіндік береді. Жұмысбасты болғандықтан, ол өзін тәрбие мәселесі бойынша әйелінен артық еместігін сезінеді. Уақыты бос болған күнде де балалармен айналысуды жөн көрмейді. Сондықтан уақыт өте балалардың одан өзін алшақ ұстауы ғажап емес. Осы жағдайда әйелі кішкентай қулыққа баруға мәжбүр болады, ол балаларды әкесінің қарауына тастап, өзі төркініне бірнеше күнге кетіп қалады.

III-тип – заманауи. Бұл типтегі әкелерге қарым-қатынас, балаларға қамқорлық жасау тән және қалыпты. Бос уақытының аздығына қарамастан кешкі уақытын әдетте балаларымен өткізеді. Ол балаларды сүйеді, оны оларға көрсетуден ұялмайды, тек қана үлкен балаларымен ойнап қана қоймай, сонымен қатар, кішкене балаларына қамқорлық жасауды да ұмытпайды. Балалары оны жақсы көреді. Олар өзінің ең құпия тілектерімен әкесімен де, шешесімен де бөліседі.

жыныстық өсіп-жетілумен және әлеуметтік – ересектер әлеміне енумен байланысты болады.

Бұл сәттердің біріншісі дененің өзгеруіне, сондай-ақ эмоционалдық-әсерлік өзгерістерге соқтыратын ішкі гормондық және физиологиялық өзгерістермен байланысты болады.

Екінші сәт – балалықтың аяқталуы және ересектер әлеміне енуі жасөспірімнің санасында сыни ойлау қабілетінің жетілуімен байланысты болады.

Жасөспірімдік кезеңнің шекарасы шамамен балалардың орта мектептің 5-8 сыныптарында оқыған кездеріне тұспа-тұс келеді және 10-11 жас пен 14 жасқа дейінгі уақытты қамтиды. Бала дамуының жасөспірімдік кезеңінің ерекше жағдайы оның «өтпелі», «дағдарыстық», «қиын», «күрделі» деген атауларында көрініс тапқан.

Жасөспірімдік агрессияның себебі мен механизмдерін түсіну үшін жасөспірімдік кезеңнің негізгі сипаттарымен танысу керек.

Бұл жас кезеңінің бірінші ерекшелігі бала ересектер әлеміндегі екіжүзділік, жалғандыққа қарсыласа отырып жан жылуына мұқтаж болады, өзін басқалардың түсінгенін қалайды, ересектердің мақұлдап, қолдағанын күтеді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ – адамның өз-өзін, өз қабілеттерін, дене сипаттамаларын, әрекеттерінің руханилығын саналы түрде бағалау

Жасөспірімнің екінші ерекшелігі – өзінің ішкі әлемін ашып, өзін тани бастауы. Оларда өзіндік сана және өзіндік анықталуға деген қажеттілік оянады. Жасөспірім өзін, өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін білгісі келеді. Өзінің ішкі әлемін ашады, түрлі қобалжулар мен драмалық сезім-

дерге толы күйді кеше бастайды, қарым-қатынасқа деген қажеттілігі оянады және де қарым-қатынастағы таңдау, жекешелену сәттері байқала бастайды.

Жасөспірім өзінің сыртқы келбетін бағалай бастайды, әдемілік эталоны өте жоғары болып және шындыққа сай келмеуі мүмкін. Бұл баланың өзіндік бағалауына әсер етеді. Бұл кезеңде өзінің дене параметрлерін бағалау өзіндік бағалауда жоғарғы орын алады. Қарама-қарсы жыныс өкіліне қатысты алғашқы

сезімдер пайда болған кезде жасөспірімнің өзінің дене түр-келбетіне деген назары ұлғая түседі.

Жасөспірімнің агрессивті мінез-құлық түрлері

Жасөспірімнің агрессивті мінез-құлық түрлері оның даралық ерекшеліктеріне және отбасындағы жағдайларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Жасөспірімнің агрессивті мінез-құлықтары негізінен қандай түрлерде кездеседі?



Жасөспірім басқаларға қарсы денелік күш жұмсауы мүмкін (дене агрессиясы) немесе сөз, айқай, қорқыту арқылы өз сезімдерін білдіруі мүмкін (вербальды агрессия).

Жасөспірім нақты бір адамға арналған агрессиясын жанама жолмен ол туралы өсек-аяң тарату арқылы да көрсетуі мүмкін.

Жасөспірімдерде көбінесе пассивті-агрессивті мінез-құлық – жасырын агрессия кездеседі, олар айтқан істі орындамауы немесе баяу орындап, берілген тапсырманы ұмытып уақыт созып жүруі мүмкін.

Қазақстандық психологтардың айтуынша, мұндай физикалық және вербальды агрессияның көп кездесетін кезеңі 14-15 жас аралығына сай келеді.

«Бұл сондай стандарт – 7-9 сыныптар. Жасөспірімдік кезең. 10-11 сыныпқа келгенде олар тәрбиелі болып шыға келеді, ол кезде ұрысуға да уақыт таппайды, өздерінің оқу үшін келгендерін түсіне бастайды».

Бұл жасөспірімдік кезең – 8-9 сыныптар, себебі бұл кезде олардың ағзаларында гормондық толқыныс болып жатады, оларға сондықтан өз эмоцияларын сыртқа шығару керек. Өскен сайын сабырлылық пайда болады».

Дәл қай жас кезеңінде агрессия болады, мұндай кезең жоқ деп ойлаймын. Кейде агрессия ті балалар бастауыш сынып-

14. Әкесіне отбасымен бірге еңбек демалысын өткізген пайдалы.

15. Ұл бала жастайынан қызға қарағанда ерекше тәрбиеленуі керек.

16. Кейбір балалар өз бос уақытында анасына қарағанда әкесімен болғанды ұнатады.

17. Әйелі үшін баласы маңыздырақ сияқты болып күйеуіне көрінеді.

18. Барлық сұрақтар бойынша күйеуі әйелінің орнын баса алады.

19. Бала анасына қарағанда әкесін көбірек сыйлауы керек.

20. Әкесі баласын тәрбиелеген кезде әйелі үнемі килігеді.

21. Егерде күйеуінің қалауы болса, ол жаңа туылған нәрестені әйелінен жаман күтім жасамайды.

22. Әке қыздарына қарағанда ұлдары үшін маңыздырақ

23. Әйелі күйеуін салмақты тәрбиелеуші ретінде қабылдамайды.

24. Отбасында әжесі болса, баланы тәрбиелеу жеңіл болады.

Жауап топтарындағы балл қосындысын шығарындар. Әке типі максималды балл санымен сәйкес келеді.

1 топ: сұрақтары 1, 4, 5, 12, 13, 15, 19, 22.

2 топ: сұрақтары 2, 6, 8, 9, 11, 17, 20, 23.

3 топ: сұрақтары 3, 7, 10, 14, 16, 18, 21, 24.

I-тип – дәстүрлі. Күйеуі отбасының басшысы, қоршаған ортамен қарым-қатынасты өзі құрады. Балаларды тәрбиелеу мәселесінде ол шешім қабылдаушы. Ол кей кездері шектен шыққан қатал: тәртіп мәселесіне аса мән береді, балалардан өз міндетін атқаруын талап етеді. Көп балалы отбасыларда бала тәрбиелеу мәселесіне, әсіресе ұл балаларға аса мән беріледі. Бірақ әке мен балалар арасында өзара сенімділік байқалмайды.

11-12 балл – сіз өз тәрбиелеу тәжірибеңізбен кәсіби педагогтармен бөліссеніз болады. Болашақта сізде балаңызбен түсініспеушілік болмайды.

Отбасы отағасы

Келесі пікірлермен келіссіз бе: («иә» жауабы – 2 балл, «толық емес» – 1, «жоқ» – 0). Жұбайыңызға да осы сұрақтарға жауап беруін ұсыныңыз.

1. Күйеуі кішкентай балаларға қарағанда ересек балалар тәрбиесіне көп мән береді.
2. Ажырасудан кейін балалар анасымен қалуы керек.
3. Жақсы күйеу әдетте жақсы әке де.
4. Әйелге қарағанда ер азаматтар өз сезімін ашық көрсетпеуі қажет.
5. Балаларды тәрбиелеуде әкенің пікірі шешуші.
6. Бала туылғаннан кейін әйелі күйеуіне аз көңіл аударады.
7. Жаман әкемен тұрғанға қарағанда, онсыз тұру қолайлы.
8. Әйелі күйеуіне қарағанда баланың тәрбиесін жақсы біледі деп есептелгендіктен, ол баланы тәрбиелеумен айналыссын.
9. Егер де бала бір қиындыққа тап болса ол көмекті анасынан сұрауы керек.
10. Балаға деген махаббат жоғары болған сайын оны тәрбиелеу оңай болады.
11. Әкесі баланың тәрбиесіне әйелі сұраған кезде ғана араласуы керек.
12. Ата-аналары ажырасқаннан кейін, балалары анасымен қалғандықтан, әкесін мүлдем ескермейді.
13. Әдетте аналар балаларын шектен тыс еркелетеді.

тарда да кездеседі, орта буында да кездеседі. Агрессивті болуы мүмкін 1-2 бала бар».

Негізінен агрессия кез келген кезде болуы мүмкін: 1-ден бастап 11-сыныпқа дейін, 8-9 сынып балаларының менің бақылауымша агрессиясы көбірек».

«Агрессия кез келген кезде болады. Бұл мектепке барғысы келмейтін бала болуы мүмкін немесе мектепте бір нәрсе балаға ұнамай қалса ол агрессиясын көрсетуі мүмкін. Бірақ бұл көбінесе жасөспірімдік кезеңде кездеседі, балалар бала болғысы келмей ересек болғысы келетін кез».

«Жасөспірімдік кезеңде, нақтырақ алғанда 7-8 сыныптарда достарының алдында өзіндік қалыптасу адам болу үдерісі басталады. Балалар өзіндік қалыптасуды күштің көмегімен жасайды».

Жасөспірімдік кезде ұлдарда да, қыздарда да агрессивтіліктің көбейіп немесе азайып отыратын кезі болады.

Ұлдарда агрессия көрінісінің 2 шыңы бар: 12 және 14-15 жаста. Қыздарда: 11 және 13 жас. Балалар агрессиялық мінез-құлықты тек отбасына, құрдастарына қарап емес, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, ең бірінші компьютерлік ойындар арқылы үйренеді.

Психологтармен жүргізілген тереңдетілген сұхбат жауаптарын талдай келе, қазіргі балаларда дене агрессияның үнемі байқалатынын айтамыз.

«Төбелес, көбінесе үзіліс кезінде»

«Жұдырықтасу, қазіргі кезде аяқпен тебу етек алған»

«Әрине балалар төбелеседі. Балалар төбелеспейтін кез болушы ма еді?»

«Егер менің алдымда төбелесіп жатса, әрине кедергі жасаймын, ажыратамын, бөлек бұрыштарға тұрғызам»

«Арасында ары кетсе бір-бірін иықтармен қағып өтуі мүмкін»

«Сұрткіштерді лақтырып, терезелерді сындырады»

«Ашуланып қарайды, итереді, байқамай соғып қалады»

Психологтардың айтуынша, алғашқы агрессиялық әрекеттер төменгі мектеп жасында байқалады, ойындары төбелес түрінде

болады. Ал агрессивті мінез-құлық 3-4 сынып оқушыларында да байқала бастады.

«Шамамен 3-сыныпта басталады, ал сосын жасөспірімдік кезде агрессия жаңа күшпен қайта көрінеді, бұл кезде жасөспірімдік дағдарыс басталады»

«Агрессия барлық кезде де болады, жасөспірімдік кезде көбірек кездеседі»

«Бұл негізінен балалар жоғарғы сыныпқа барған кезде олардың қобалжығандарынан болады»

«Мүмкін 5-сыныпта шыға, және 1-сыныпта, балалардың көбісі балабақшаға да бармай мектепке бірден келеді»

«Бұл негізінен ойын түрінде»

«Балалар міндетті түрде төбелесіп ойнайды бұл бастауыш сыныптарда»

«Вербальды және вербальды емес агрессиялар негізінен бастауыш сыныптарда, әсіресе 4-сыныпта, бұл кезде олар өздерін үлкен адам ретінде санай бастайды. Сосын олар 5-сыныпқа өтеді, өздерін кіші сезіне бастайды, өздерінен үлкен балаларды көріп басылады, үлкендері оларды тоқтатады»

Топтық жасөспірімдік агрессияның болуы, мысалы, топтық төбелестер – мектеп үшін сирек кездесетін құбылыс.

«Ондай жағдайлар сирек болатын болды»

«Жылына бір рет болып қалады»

«Тәжірибеден алып қарасақ, мұндай жәйт жылына бір рет болып тұрады»

Сарапшылар айтып кеткендей 10-11 сыныпқа келгенде балаларда агрессия төмендей бастайды.

Сарапшылардың ойынша бұл балалардың есейіп, өздерін ұстай алуына және өз жүріс-тұрыстарын талдай алу қабілеттерінің дамуына байланысты болады. Бітіруші сынып оқушылары үшін мұғалім-сарапшылардың айтуынша ҰБТ (ұлтық бірыңғай тест) ойдағыдай тапсыру мәселесі маңызды болады.

7. Сізде келесідей әдет байқала ма: «Менің заманымда...» немесе «Бала деген қарсылық білдірмеу керек»?

8. Балалармен қуаныштарыңызды және қайғыларыңызды бөлісесіздер ме?

9. Жазалау тәсілі ретінде теледидарды көрмеу немесе бейнеойындарды ойнауға тыйым саласыз ба?

10. Бала сізсіз бос уақытын қалай өткізетіндігін нақты білесіз бе?

11. Егер де біреу ата-ананың орнына баланы жақсы тәрбиелейтін тәрбиеші-роботты ойлап тапса, сіз осы машинаны сатып алар ма едіңіз?

12. Бөгде адамдардың көзінше балаңызды сынайсыз ба?

Сіздің жауабыңыз төменде көрсетілген жауаппен сәйкес болатын болса өзіңізге 1 балл есептеңіз.

1-жоқ 4-жоқ 7- жоқ 10- жоқ

2- иә 5-иә 8-иә 11-жоқ

3-иә 6-иә 9-жоқ 12-жоқ

Баллдардың қосындысын санаңыз.

1-2 балл – сіз шектен тыс қаталсыз және талап етушісіз. Бала сізден өзінің қамығуын жасырады да, оны өзіне жақын басқа адамдармен бөліседі: оқытушы және достарымен. Балаңыздың жаман ортадан тәлімгер тауып алуынан сақтаныңыз!

3-4 балл – балаға азырақ еркіндік пен өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік бергеніңіз дұрыс болар еді.

5-6 балл – сіздің жүйелі тәрбиелеу стиліңіз жоқ: кейде шектен тыс қаталсыз. Кейде балаға шектен тыс еркіндік бересіз. Сондықтан да балаңыз, сіздің қашан мадақтайтыныңызды немесе қашан жазалайтыныңызды білмейді.

7-8 балл – сіз педагог сияқты тәжірибелі емессіз, бірақ баланы мейіріммен, махаббатпен тәрбиелейсіз.

9-10 балл – сіз өте жақсы ата-анасыз, балаңызға тәлім тәрбие арқылы өмірлік мәселелерді дұрыс шешуге бағыт-бағдар бере аласыз.

6. Мүмкіндік болса, мен балаға теріс қылықтарының салдарын ашып көрсетуге тырысамын.

7. Материалдық емес, рухани ынталандыру ауқымын кеңейтуге тырысамын.

8. Басқа ата-аналардың балалармен жағымды қарым-қатынасын үлгі ретінде қолдануға тырысамын.

Барлық позициялар бойынша алынған баллдардың қосындысын шығарып, оның орта арифметикалық санын табыңыз.

4,5-5 балл. Баланы тәрбиелеуге дайындығыңыз және олармен өзара қатынасыңыз жоғары. Балалармен жалжалға түсуден, сізге психологиялық-педагогикалық мәдениеттіліктің жоғарғы деңгейі мүмкіндік береді.

3-4,5 балл. Баланы тәрбиелеуге дайындығыңыз орташа. Балалармен қарым-қатынасқа түсуде сізде жанжалдар тууы мүмкін.

3 баллдан аз. Баланы тәрбиелеуге дайындығыңыз төмен. Баланы тәрбиелеу мәселесінде жанжалға түспеу үшін өзіңіздің біліміңізді арттыруыңыз керек, сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық мәдениеттілігіңізді көтеру керек.

Сенім және бақылау

1. Балаңыздың кішкентайынан тазалыққа құмарлығын мақтан тұта аласыз ба?

2. Балаңыздың ер мен әйел арасында өзара қатынасты сипаттайтын сұрақтарына мұқият және байсалды жауап бере аласыз ба?

3. Балаңыз 5 жасқа толғаннан кейін оны сүйіп құшақтайсыз ба?

4. Баланың өз заттарын өзі жинастырғанын талап етесіз бе?

5. Баланың көзінше өз қателігіңізді мойындауға қабілеттісіз бе?

6. Баланың өзіндік сырын сақтау құқығын сыйлайсыз ба?

Мектеп мұғалімдері мен психологтарын сұрау нәтижелері бойынша агрессивті мінез-құлық шеңберіндегі «көтер топтарына» 8-9 сынып оқушылары кіреді.

Бұл жас кезеңі өте жоғары деңгейде кездесетін өзіне көңіл аударту, менмендік, өзі және өзінің басқаларда қалдыратын әсері туралы үнемі ойлап жүру, соның салдарынан болатын ұялшақтық сезімімен сипатталады.

Адам дамуының жасөспірімдік кезеңі туралы айтқан кезде бұл кезеңнің қиын, әрі күрделі екенін міндетті түрде атап кетеміз. Бұл қиындықтар тек жоғарыда келтірілген сипаттармен ғана шектеліп қалмайды, ол біріншіден, пубертаттық дағдарыс, жасөспірімдік ұқсастық дағдарысымен сипатталады, бұл дағдарыстан сәтті өту болашақ тұлғаның жақсы, дұрыс агрессивті емес болып қалыптасуына көмектеседі.



3. АГРЕССИВТІЛІК ДЕҢГЕЙІН ДИАГНОСТИКАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚТАР

Бала агрессивтілігімен байланысты мектептерде нәтижелі жұмыс атқару үшін міндетті түрде психология және психологиялық диагностика, бала тұлғасын түзету салалары бойынша терең білімді қажет етеді. Бұл мәселемен айналысатын маман психологиялық әдістермен тәжірибеде жұмыс істей білуі және баланың агрессивтілігін түзету және алдын алу мақсатында әртүрлі тренингтерді жүргізу және ұйымдастыра білу дағдысы болуы керек.

Мектеп психологтарымен жүргізген тереңдетілген сұхбаттасу нәтижесінде біз көптеген агрессивті балалармен жұмыс істейтін психологтардың әдістемелік нұсқаулықтармен қамтамасыз етілмегендігін білдік. Көп жағдайда олар өз жұмысында жеке кітапханасындағы кітаптарды қолданады, психологиялық және педагогикалық журналдардағы мәліметтерге сүйенеді, бірақ ақпараттың көпшілігін интернет желісінен алады.



«Агрессивтілік туралы арнайы әдістемелік нұсқаулықтар жоқ, бірақ девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс істеу материалдары, тренингтер және т.б. көп»

«Агрессия туралы басқа материал жоқ, ал жалпы материалдар бар»

«Нақты материалдар жоқ. Әріптестермен кеңесіп біртіндеп ортақ әдістеме өңдейміз»

«Мен ресейлік «Мектеп психологы» журналын алып тұрамын, әртүрлі әдістемелер қолданамын. Сонымен қатар тәжірибелік материалдарды да қолданамын»

«Агрессивті мінез-құлықты түзету туралы әдістемені қолданамын»

4. Әдейілеп үлкендерді ызаландырады
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі

5. Өзінің жіберген қателіктеріне немесе теріс қылықтарына басқаларды кінәлайды
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі

6. Өкпелегіш және басқалардың әрекеттеріне жылдам ашуланады
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі

7. Сынағанға шыдамайды және ашулануға бейім
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі

8. Қастық ойлаушы және кекшіл
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі

Егер де сіз «жиі» немесе «өте жиі» жауабын минимум 4 рет қолдансаңыз, онда ойлану керек. Балаңыздың мінез-құлқы үлкен мәселенің белгісі болуы мүмкін.

Балалармен қарым-қатынасқа түсудегі өзіндік бағалау

Баланы тәрбиелеу үрдісінде өзіңіздің мінез-құлқыңызды 5 баллдық шәкілмен бағалаңыз.

1. Баламның ерекшелігі үнемі менің есімде.
2. Әрдайым жаңа жағдай жаңа шешімді талап ететінін мен білемін.
3. Мен кішкентай баланың қызығушылығы мен қажеттілігін түсінуге тырысамын.
4. Қатынастағы қарама-қарсылықты дұрыс даму факторы ретінде қабылдаймын.
5. Балаға қылықтарының теріс көрініс алатындығын сезінуге мүмкіндік беруге тырысамын.

7. Әрекетіңізбен балаңызды бопсаламаңыз.
8. Әлсіздігіңіз бен сезіміңізді балаңызбен бөлісуге қорықпаңыз.
9. Қарым-қатынасыңызды оқу үлгерімінің жетістіктеріне қарай орнатпаңыз.
10. Баларыңызды шарт қоймай жақсы көріңіз.
11. Баламен қарым-қатынаста «Мен – өкіл» ретінде қолданыңыз.

«Сен-өкіл»	«Мен-өкіл»
Сен жаман қылық жасадың	Мен ойлаймын, не ...
Сен олай істемейсің	Менің көңілім толмайды, сенің...
Сен олай жасамауың керек	Мен ойлаймын, сен не ...
Сен кінәлісің	Сенің жасаған ісіңе байланысты Мен қамықтым
Сен мені ызаландырасың	Маған бұл ұнамайды
Сенікі дұрыс емес, сол себептен сен жазаланасың	Менің ойымша , осы жағдайда сенікі дұрыс емес

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТЕСТТЕР

Сіздің балаңызда бәрі дұрыс па?

«Менің баламмен бәрі дұрыс па?» сұрағына жауап беру үшін қарапайым тестті толтырыңыз.

Менің балам

1. Өзін ұстай алмай қалады
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі
2. Үлкендермен сөз таластырады
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі
3. Үлкендердің орнатқан ережелері мен талаптарын қабылдамайды немесе орындаудан бас тартады
ешқашан немесе сирек | кейде | жиі | өте жиі

«Агрессивті жасөспірім – бұл кім» оқу құралы ата-аналарға арналған құрал. Ол жерде жаттығулар мен дәрістік сабақтар берілген»

«Мен нақты бір құралдан алмаймын. Жағдайға байланысты көптеген құралдардан аламын. Сабақтың мақсатына қарай мен жаттығуларды төрт түрлі автордан алуым мүмкін».

«Мектеп бағдарламасы бойынша ұсыныстар. Өңделген бағдарлама бар, бірақ ол ресейлік басылым. Менің ойымша балалар барлық жерде бірдей, сондықтан да өз жұмысымда қолданамын».

«Жоқ, агрессия туралы құжаттар жоқ. Біз мұны жағдайға байланысты шешеміз».

«Жоқ, ешқандай нұсқау жоқ. Бізге ешкім берген жоқ. Әрине, біз өз семинарларымыздан жинаймыз. Халыққа білім берудің қалалық бөлімінің әдіскері ауызша ұсыныстар береді: қалай жұмыс істеу керек, қалай тіл табысу керек, мәселені ушықтырмай шешу туралы».

«Мынау Фурманованың «Мінез-құллығы бұзылған балалар психологиясы», Немовтың «Мектеп психологы» атты кітабы»

«Менде жоқ. Бірақ мектепте мектеп ережелері бар».

«Менде ресейлік тәжірибелік психологтарға арналған анықтамасы бар. Негізінде, ресейлік басылымдар, ал қазақстандық тек «Мектептегі психология» деген журнал».

«Мен не істеу керектігін білемін, ал менің үстелімде олар жоқ».

«Жоқ, менде мұндай құжаттар жоқ».

«Бұл оқу әдістемелік құрал, бұл жерде нақты жазылмаған, бірақ агрессия туралы мәліметтер бар».

«Ешқандай құжаттар жоқ. Барлық психологтар қолданатын кітаптар, оқулықтар бар».

«Мектеп психологиясы» журналы және «Жан жылуы». Көп ақпаратты интернеттен аламын».

«Нақты ұсыныстар жоқ, бірақ кітаптардан алынған жеке материалдар».

Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып әртүрлі психологиялық диагностика құралдарымен әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында, біз негізгі психологиялық әдістер ретінде

біз мектеп жасындағы балалардың агрессивтілік деңгейін анықтау әдістерін ұсынамыз:

1. Бақылау
2. Әңгімелесу
3. Сараптамалық бағалау
3. Сауалнама (анкеталау)
4. Психологиялық тестілеу

3.1. БАҚЫЛАУ ӘДІСІ

Бақылау әдісі баланың агрессивті мінез-құлығын зерттеуде кеңінен қолданылады.

Бұл әдістің мақсаты оқу және басқа да іс-әрекет барысында жасөспірімнің педагогтар мен құрбыларымен өзара қарым-қатынас жасау үдерісіндегі жағымды және жағымсыз факторлар ерекшеліктерін анықтау болып келеді.

Психологтың сұрауы бойынша ата-аналар, мұғалімдер, сынып жетекшілері бақылау мәліметтерін тіркеп отырады. Сабақ барысындағы немесе сабақан тыс уақыттардағы психолог пен педагогтың бақылаулары бала тұлғасы туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Баланың мінез-құлығын бақылау барысында америкалық психологтар М. Алворд мен П. Бейкер өңдеген критерийлерді қолдануға болады.

Егер баланың 6 ай ішіндегі мінез-құлығынан төменде берілген 8 белгінің 4-еуі байқалса, онда оны агрессивті деуге болады.

Балада агрессиясының болу белгілері:

- Өзін-өзі жиі басқара алмайды.
- Үлкендермен жиі сөз таластырады, ұрысады.
- Ережелерді орындаудан жиі бас тартады.
- Адамдарды әдейі жиі ашуландырады.
- Өз қателіктеріне басқаларды жиі кінәлайды.
- Жиі ашуланады және белгілі бір нәрселерді орындаудан бас тартады.

- Кекшіл, қызғаншақ.

- Сезімтал, оны ашуландыратын оны қоршаған адамдардың (балалар мен ересектер) әртүрлі әрекеттеріне жылдам жауап береді.

бақылауды үйреніңіз. Бала немесе жасөспірім өзінің агрессивті мінез-құлқын көрсеткенде, ол жағымсыз эмоцияны – ашулануды, ызалануды, қорқуды не-месе дәрменсіздікті тудырады. Үлкендер бұл жағымсыз мазасызданулардың орынды екенін, балаларда осы сәтте сезімдердің басым болып тұрғанын сезінуі қажет.

5. Жағдайдың шиеленісуін төмендетіңіз

Сіздің негізгі мақсатыңыз – жағдайдың шиеленісуін төмендету.

6. Оның агрессивті мінез-құлқын бірігіп талдаңыз

Жағдай шешіліп, барлығы сабасына түскеннен кейін, агрессивті мінез-құлқты талдауға өтіңіз. Әңгімелесу барысында байсалдылықты және объективтілікті сақтау өте маңызды. Агрессивті мінез-құлқтың жағымсыз салдарын және деструктивтілігін мұқият түсіндіру керек.

7. Агрессивті емес мінез-құлқтың үлгісін көрсетіңіз

Балалар кішкентай кезінде олардың агрессивті реакциясына ата-аналардың мінез-құлқы агрессивті емес жайдарлы болуы қажет.

Агрессивті емес мінез-құлқтың үлгісін балалар жылдам қабылдайды.

Басты шарт – бұл ата-аналардың шынайылығы.

БАЛА АГРЕССИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ НҮСҚАУЛЫҚТАРЫ

1. Отбасында ашық және сенімділік ахуалын сақтауға тырысыңыз.

2. Баланы үміттендіріп, орындалмайтын уәдені бермеңіз.

3. Балаңызға шарт қоймаңыз.

4. Балаға әсер етуде ұқыпты болыңыз.

5. Өзіңізге рұқсат ететін нәрселерді бала жасаса, оны жазаламаңыз.

6. Баламен қарым-қатнас барысында өз пайдаңыз үшін талаптарыңызды өзгерте бермеңіз.

Кейде жасөспірімді тыңдай отырып, оның ісінің дұрыстығын мойындаймыз. Егерде жасөспіріммен қарым-қатынас құруда қателік жіберген болсаңыз, өз қателігіңізді мойындағаныңыз жөн. Жасөспірімдердің көбі, өзінен кешірім сұраған ата-ананы кешіреді.

Туындаған мәселе бойынша ата-ана жасөспірімге қарағанда басқа көзқараспен қарайды. Осы себептен көптеген отбасында ата-анамен жасөспірім арасында жанжал туындайды.

ЖАНЖАЛ ЖАҒДАЙЫН ШЕШУ НҮСҚАУЛЫҚТАРЫ

1. Болмашы агрессия барысында өзіңді бір қалыпты ұстаңыз

- Балаңыздың еркелігіне көңіл аудармаңыз;
- балаңыздың сезімін түсінуге тырысыңыз;
- көңілін басқаға аударыңыз, қандай да бір тапсырма ұсыныңыз;

2. Тұлғаның өзіне емес, мінез-құлыққа назар аударыңыз

Бала тынышталғаннан кейін, агрессия кезінде өзін қалай ұстағанын, не сөйлегенін, осы себептен өзара оның мінез-құлқын талқылаңыз.

3. Сынамаңыз және кеңес бермеңіз

Ешқандай сыни көзқарастар болмауы керек. Оларға мінез-құлқының жағымсыз салдарын көрсету қажет. Жасөспірімге агрессияның бәрінен де бұрын өзіне зиян келтіретіндігін сендіру керек.

4. Өзіңіздің эмоцияңызды бақылауда ұстаңыз

Агрессивті балалармен қарым-қатынас жағдайында өзіңіздің жағымсыз эмоцияларыңызды



3.2. ӘНГІМЕЛЕСУ ӘДІСІ

Жасөспірімдердің ата-аналарымен және де отбасының басқа да мүшелерімен, педагогтармен, мектептегі және мектептен тыс жерлердегі достарымен қарым-қатынасын анықтау үшін әңгімелесу әдісі қолданылады.

Ата-аналармен, педагогтармен әңгімелесу отбасындағы тұрақты жағдайды, адамгершілік хал-ахуалды білу үшін, ата-анасымен және де отбасының басқа мүшелерімен өзара қарым-қатынас сипатын анықтау үшін, баланың отбасындағы және мектептегі, көшедегі және достарының арасындағы мінез-құлығын білуге мүмкіндік береді. Әңгімелесу материалдары жасөспірімнің агрессивті мінез-құлығының себептерін үлкендер көзқарасымен көруге мүмкіндік береді; оның теріс әрекеттері үшін кім өзін жауапты санайтындығын айқындаймыз. Әңгімелесу барысында жасөспірімнің өзінің агрессивті мінез-құлығының себептерін қалай түсіндіретіндігін, оған қандай адамгершілік баға беретіндігін біле аламыз.

3.3. САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ ӘДІСІ

Бұл әдіс бірнеше сарапшылардың бақылау үдерісінде баланың агрессия деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Сарапшы ретінде баламен тығыз жұмыс жасайтын және онымен жақын қарым-қатынас жасайтын және әртүрлі жағдайларда оның мінез-құлығын бақылай алатын адамдар бола алады. Бұл пән мұғалімдері, сынып жетекшісі, спорттық секцияның жаттықтырушысы, ата-аналар, үлкен аға, апайлары болуы мүмкін. Сарапшыларға «Бақылау картасы» (Стоттың картасы тәрізді) беріледі, баланың агрессивті мінез-құлығын сипаттайтын баланың бірнеше мінез-құлық белгілері беріледі, сонымен қоса оларды бағалайтын бағалау шәкім беріледі:

- әрқашан – 3 балл
- жағдайға байланысты – 2 балл
- кейде – 1 балл
- ешқашан – 0 балл

Әр сарапшы агрессияның көріну жиілігін балл арқылы бағалайды. Соңынан әр бақылаушы үшін орта көрсеткіш есептеледі.

Оқушының агрессивтілік деңгейін анықтау үшін біз Г.П. Лаврентьева және Т.М. Титаренко құрастырған анкетаны ұсынамыз.

Баланың агрессивтілігінің критерийлері

(Г.П. Лаврентьева және Т.М. Титаренко)

1. Кейбір жағдайларда оған жаман рух қонған тәрізді болып көрінеді.
2. Ол бірнәрсеге көңілі толмаса үндемей тұра алмайды.
3. Егер оған біреу жамандық жасаса, ол оған соны қайтаруға тырысады.
4. Кейде ол ешқандай себепсіз ашуланады.
5. Оның ләззаттанып ойыншықтарды сындыратын кездері де болады.
6. Кейде ол айтқанынан қайтпайтыны соншалық айналасындағылардың шыдамы таусылады.
7. Жануарларды ашуландырғаннан бас тартпайды.
8. Оны сөзбен жеңу мүмкін емес.
9. Егер оған біреу әзілдесе өте қатты ашуланады.
10. Кейде оның айналасындағыларын есінен тандыратындай бір жаман нәрсе жасағысы келіп тұрады.
11. Әдеттегі айтқан нәрселерді керісінше жасауға тырысады.
12. Жасына сәйкес емес күйбелектік тән.
13. Өзін тәуелсіз және шешім қабылдаушы ретінде қабылдайды.
14. Бірінші болғанды, бұйрық бергенді, өзіне басқаларды бағындырғанды жақсы көреді.
15. Сәтсіздіктер болса ол өте қатты ашуланып, кінәлі адамды тапқысы келіп тұрады.
16. Тез ұрысып, төбелесіп кетеді.

рұқсат етемін бе, әлде мен оны бала ретінде қабылдаймын ба?»

Егерде сіз жасөспірімді көп қадағалайтын болсаңыз, онда сіз оған: «Мен сенің өміріңе жиі араласа беретінімді білемін. Мен сенің ер жеткенінді білемін» – деп айтсаңыз, оңтайлы болар еді.

Ызаланғанда жасөспірімдердің ешкіммен сөйлескісі келмейтіндігінің басқа бір себебі: ол ата-анасымен осы жағдайды бөліскенде, ата-ана ашуға бой алдыратындығын, ол өз тәжірибесінен біледі. Жасөспірімдер ұрыс-таластан шаршағандықтан, осындай жағдайларда оларды керісінше кінәлап, намысына тиетіндіктен, ешкімге еш нәрсе айтпауға тырысады. Қайтадан бәрін басынан өткізгісі келмейді.

Басқа адамның сезімін дұрыс ұғыну үшін – сіз өзіңізді жасөспірім орнына қойыңыз, өмірді оның көзімен көруге тырысыңыз. Өзіңізді бір сәтке жасөспіріммін деп елестетіңіз, өзіңізге деген сенімсіздігіңізді, көңіл-күйіңіздің өзгеруін, тәуелсіздікке ұмтылуыңызды, ата-анаңыздың түсіністігіне және махаббатына деген қажеттілігіңізді – еске түсіріңіз.

Бесінші кезең – шешімді табу.

Сіз жасөспірімді мұқият тыңдап, оны қолдағаннан кейін, сіз жұмыстың келесі қадамына өтсеңіз болады. Өз ойыңызды білдіріп, шешім табуға тырысыңыз.

Осы кезеңде ғана ата-ана өз пікірімен жасөспіріммен бөліседі. Егерде сіз оны мұқият тыңдап, оның ызылануына негіз бар екенін және осындай мінез-құлыққа құқылы екендігін білдірсеңіз, ол сіздің пікіріңізді тыңдауға келіседі.

Әкесімен жазаланған алты жасар бала сұрайды:

- Әке, сіз кішкентай болғанда, сізді атам ұрды ма?

- Иә!

- Ал атам кішкентай болғанда, оны әкесі ұрды ма?

- Әрине!

- Сіздің атаңызды, оның әкесі ұрды ма?

- Иә, әрине. Сен мұны не үшін сұрап отырсың?

- Қай ақымақ мұны бірінші бастағандығын білейін дегенмін!

ЖАСӨСПІРІМНІҢ ЫЗАСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бірінші кезең – тыңдай білу.

Қалам алып, қағаз бетіне балаңыздың не айтқанын жазып отырыңыз. Балаңыздың нені әділетсіздік деп санайтынын, не айтқанын толықтай жазып алыңыз. Сіз тек қана тыңдай отырып жазуыңыз қажет.

Сізге керекті мәліметті жинағаннан кейін ғана, оны талқылауыңызға болады.

Ашуын шығарғаннан кейін ғана, сіз өзіңіздің не ойлатыныңызды білдіріңіз, мысалы: «Менің ойымша, сен бұған келесі себептерге байланысты ызалысың... Мен сені дұрыс түсіндім бе?» Мұндай сұрақтар жасөспірімге сіз оны мұқият тыңдағандығыңызды, сонымен қатар ары қарай тыңдауға дайын екендігіңізді көрсетеді. Оның сізге тағы да бір нәрселерді айтуға мәжбүр етеді. Жасөспірім сізбен ары қарай өзін мазалайтын мәселелерімен бөліседі.

Екінші кезең – тыңдай отыра, қорғанбаймыз.

Ары қарай естігенімізді жазып отырамыз. Өзіңізді қорғаштаудан сақтаныңыз. Осы кезде тыңдаудың екінші кезеңінде екендігіңізді естен шығармаңыз.

Үшінші кезең – сын тыңдау.

Жасөспірім үндемей қалған сәтте, мәселенің мән-жағдайын түсіну үшін, оның мін айтқандығын қайталаңыз, оған тағы да өз ойын жеткізуге мүмкіндік беріңіз. Үшінші кезеңнен кейін жасөспірім сіздің оған шынайы көмектескіңіз келгендігін сезінеді.

Тұйық жасөспірімге көмектесу неғұрлым қиын. Оның өзін мазалайтын немесе ызасын келтірген жағдайымен бөліспеу, ата-ана бойында дәрменсіздікті тудырады. Жасөспірімнің не ойлайтынын және не сезінетінін білмейінше, ата-ана оған көмектесе алмайды.

Тұйық жасөспірімнің ата-анасы өздеріне келесідей күрделі сұрақтарды қойуы керек: «Мен жасөспірімді шектен тыс қадағаламаймын ба? Мен оның өз еркінше шешім қабылдау құқығын құрметтеймін бе? Оған жасөспірім екендігін сезінуге

17. Әдетте өзінен кіші және әлсіздермен қарым-қатынас жасағанды қалайды.
18. Көңілсіз ашуланшақтық белгілері жиі кездеседі.
19. Құрбыларымен санаспайды, айтқанынан қайтпайды, бөліспейді.
20. Кез келген тапсырманы өте жақсы орындап шығатындығына сенімді.

Кілтi:

Әр жауапқа берілген оң жауап 1 баллға тең.

Жоғары агрессивтілік – 15-20 балл

Орта агрессивтілік – 7-14 балл

Төменгі агрессивтілік – 1-6 балл

3.4. САУАЛНАМАЛЫҚ ӘДІСТЕР

Агрессивтілікті зерттеу әдістерінің бірі – сауалнама. Бірақ, өкінішке орай А. Басс дұрыс айтқандай, сауалнамалар агрессияны зерттеуде кеңінен қолданылмайды. Ол мұны балалардың сұрақтарға жауап беру барысында өздерін жақсы жағынан көрсетуге тырысатындығымен түсіндіреді. Бұл үрдіс «әлеуметтік қажеттілік» деп аталады.

Сауалнамалық әдістер анкеталарды, тұлғалық сауалнамаларды, тесттерді қолданады.

Анкеталау әдісінің ерекшелігі жылдам жүргізілуі, көп адам қатысуы, алынған мәліметтердің сандық нәтижесі болып келеді. Кемшілігі әлеуметтік жақсы көрінуге тырысу мақсатында балалар анкета сұрақтарына жалған жауап беруінде.

Агрессивті мінез-құлықты психологиялық диагностикалаудағы ең қолайлы әдіс Басса-Даркидің сауалнамасы болып есептеледі, ол жасөспірімдердің агрессивтілігін зерттеуде кеңінен қолданылады.

А. Басс және А. Даркидің агрессия түрлерін және көрсеткіштерін диагностикалау әдістемесі (А.К. Осницкийдің бейімдеуімен)

Бұл әдістеме бойынша алынған мәліметтерді өңдеу қарапайым және оқушылардың агрессивті мінез-құлығын диагностикалауға арналған психологиялық әдістемелер ішіндегі ақпараттық әдістеме болып келеді. Агрессия түрлерін және көрсеткіштерін диагностикалау әдістемесі бірнеше шәкілдерден тұрады:

- **дене агрессиясы** – төбелестерде, дене зақымдарымен және де адамға басқа да денесіне әсер етулермен байланысты агрессивті мінез-құлық,

- **вербальды агрессия** – сөздік түрде көрінетін агрессия: айқай, өсек және т.б.,

- **жанама агрессия** – ренжіткен адамға емес, керісінше басқа адамдарға (жануарларға немесе заттарға) бағытталған агрессивті мінез-құлық,

- **негативизм** – қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелеріне деген қарама-қайшылық,

- **ашуланшақтық**

- **секемшілдік**

- **өкпелеу**

- **кінәлілік сезімі (аутоагрессия).**

ИА – агрессия индексі (агрессияның жалпылама көрсеткіші).

ИБ – өшпенділік индексі (өшпенділіктің жалпылама көрсеткіші), индивидтің өзін қоршаған адамдарына деген өшпенділік деңгейін көрсетеді.

БАССА-ДАРКИ САУАЛНАМАСЫ

Аты-жөні

Жынысы

Жасы

Ата-анасының жұмыс орны

«Менің қызым он үште. Ол ашуланғанда көрішілердің бәрі мұны біледі. Ол истерикада жылап, айқайлап, секіріп, эмоционалды жарылады».



Балада жасөспірім шағына қарай агрессивті мінез-құлықтың қандай да бір типі байқалады.

Жасөспірімдердің агрессивті реакциясы екі түрде көрініс алады: ішкі және сыртқы. Үндемейтін жасөспірімнің ызасы ішкі түрде байқалады. Оның агрессиясы ішінде жиналады, онымен ешкім жұмыс істемейді. Сондықтан баланы агрессия іштей жеп жатады. Іште жинақталған ыза пассивті-агрессивті мінез-құлыққа әкеледі. Пассивті-агрессивті мінез-құлық салдарынан баланың спортқа, мектепке деген қызығушылығы жоғалады.

Басқа жағынан, көптеген жасөспірімдер де сыртқа бағытталған эмоционалды жарылыс байқалады. Жасөспірімдер дұрыс емес деп есептейтін нәрсені ата-аналары айтатын болса, олар оған өте дөрекі, жаман сөздермен жауап қайтарады. Кейбіреулері қолында тұрған нәрсені лақтырып, жан-жағын жайпап сындырады.

Ата-аналары жасөспірімнің неге ызаланғанын анықтауы қажет: оның ойынша ата-анасы нені дұрыс емес жасады; қандай жаманшылық жасады?

Егер де ата-анасы жасөспірімді тыңдамаса және осы мәселені шешуге көмектеспесе ол өзіндегі ызаны күшейтеді. Егер де ата-ана жасөспірімді тыңдаса, мәселенің негізгі себебін білсе, онда олар ақылға қонымды реакцияға жетеді. Ата-аналар жасөспірімнің дауыс көтергендігіне шыдай алмай, жауап ретінде олар да айқай көтереді. Мысалы, «Аузыңды жап та, бөлмеңе бар. Сенің менімен бұлай дауыс көтеріп сөйлеуге ешқандай құқығың жоқ!».

Ата-ана баласының сөйлеу мәнеріне емес мазмұнына көңіл аударуы қажет. Бұл сәтте ызаның себептерін анықтау маңызды. Егер де ол сізге айқайласа, онда ол сізге бір нәрсені айтпақ. Сіз ата-ана ретінде мұны естуіңіз керек.



Кейбір ата-аналар балаларына сыйлық жасап жатырмыз дейді, ал шын мәнісінде олар көрсетілген қызметіне ақы төлеп жатыр. Балаларға мұндай келісімдер ұнайды. Олар осындай жолмен өздеріне қажетті нәрселерге қол жеткізуді үйренген.

Бұл барлық отбасыларда кездесетін стандартты әдіс, бірақ ол сыйлыққа ешқандай қатысы жоқ.

Жиі ата-ана сыйлық ретінде балаға ақша ұсынады. Ата-ана баласына жеткілікті деңгейде ақша беріп, олардың махаббатқа деген қажеттілігін толық қанағаттандырдым деп ойлайды. Бірақ екі маңызды кезең бар.

Біріншіден, бала ақшаны сыйлық ретінде есептемейді, ақшаны беру керек деп қабылдайды.

Екіншіден, бала жұмыс істемегендіктен, ақшаның құндылығын түсінбейді. Сондықтан, ата-анасынан ақшаны ала отырып ол бұл жағдайда олардың махаббатын терең эмоционалды деңгейде сезінбейді.

Әрине, ақшалай мадақтау баланың мектепте сабақ оқуға деген талпынысына және тырысуына түрткі болады. Егер де балаға бұл сабағы үшін ақша төлесеңіз талпынысы да артуы мүмкін. Тек қана ақшаны тым көп беруге болмайды. Егер де ата-ана баласына өлшемсіз ақша беретін болса, бала бұл сыйлықты ата-ана махаббатының көрінісі ретінде қабылдамайды.

Екінші бағыт ата-ана жасөспірімге ақшаны қандай да бір мақсатты орындауға тиесілі деп береді мысалы, спорттық секция, концертке немесе гитарада ойнауға үйрену курсына және т.с.с. Ақша отбасының басқа мүшелерінің көзінше мадақтап ұсынылады.

«Менің он бес жасар қызым бір нәрсеге ашуланса, ол үндемей қояды. Мен одан не болғанын сұраймын, ол жауап беруден бас тартады. Ол маған ешнәрсе айтпағандықтан мен оған қалай көмектесетінімді білмеймін».

Нұсқау:

«Сіз келісетін тұжырымдарға «иә», келіспейтіндерге «жоқ» деп қойып шығыңыз».

1. Кейде мен басқаларға зиян келтіргім келіп тұратындығымды баса алмаймын.
2. Менің жақсы көрмейтін адамдарды өсектейтін кездерім болады.
3. Мен тез ашуланамын, бірақ жылдам басыламын.
4. Егер мені жақсылап сұрамаса, мен өтініштерді орындамаймын.
5. Мен өзіме тиістіні әрқашан алмаймын.
6. Мен туралы адамдардың менің сыртымнан айтатынын білемін.
7. Егер мен достарымның мінез-құлығын мақұлдасам, ол туралы оларға айтамын.
8. Егер мен біреуді алдасам, мені ар-ұятым мазалайды.
9. Мен басқаларды ұруға қабілетсіз сияқтымын.
10. Мен ешқашан заттарды лақтыратын жағдайға жететіндей ашуланған емеспін.
11. Мен әрқашан басқалардың кемшіліктеріне түсіністікпен қараймын.
12. Егер маған орнатылған ереже ұнамаса, мен оны бұзғым келіп тұрады.
13. Басқалар әрқашан жағымды жағдайларды (менен де жақсы) қолдана алады.
14. Мен басқа адамдардың маған мен күткеннен де жақсы қарым-қатынаста болса, мен бұған күмәнмен қараймын.
15. Мен адамдармен жиі келіспеймін.
16. Кейде менің ойыма мен ұялатын сан түрлі ойлар келеді.
17. Егер әлдекім мені бірінші болып ұрса, мен оған жауап қайтармаймын.

18. Мен ашуланған кезде, есікті қатты жабамын.
19. Мен басқалар ойлағаннан да ашуланшақпын.
20. Егер әлдекім өзін бастықсымақ ретінде көрсеткісі келсе, мен әрқашан оған керісінше жасаймын.
21. Мені тағдырым аздап алаңдатады.
22. Менің ойымша, көп адамдар мені жақсы көрмейді.
23. Егер адамдар менімен келіспесе, мен бәсекеден бас тарта алмаймын
24. Жұмыстан қашатын адамдар өздерін кінәлі сезінуі керек.
25. Менің отбасыма, маған тіл тигізгендер мені төбелесуге итермелейді.
26. Мен дөрекі қалжыңдарға қабілетсізбін.
27. Мені келемеждесе мен қатты ашуланамын.
28. Егер адамдар өздерін бастық ретінде ұстаса, менсенсімеуі үшін барлығын жасаймын.
29. Әр аптада маған белгілі бір адамдар ұнамай қалады.
30. Адамдардың көпшілігі мені көре алмайды.
31. Мен адамдардың менің құқығымды сыйлағанын талап етемін.
32. Мен ата-аналарым үшін аз нәрсе жасағаным үшін маза-сызданамын.
33. Мені үнемі ашуландыратын адамдар, олардың мұрындарынан шертуге тұрады.
34. Ашудан мен кейде көңілсіз боламын.
35. Егер маған жаман қатынаста болса, мен ренжімеймін.
36. Егер мені біреу ашуландырғысы келсе, мен оған назар аудармаймын.
37. Мен көрсетпесем де, мені кейде көре алмаушылық мазалайды.
38. Кейде мені мазақ қылатын сияқты.
39. Мен ашулансам да, эмоциямды «қатты» көрсетпеймін.

Әрине, жасөспірім шақта ұлыңызда немесе қызыңызда отбасынан тыс, оның достары пайда болады. Бала жасөспірім жасына жеткенде, ол көбінесе достарымен қыдырғанды, олармен киноға барғанды, телефон арқылы немесе электронды поштамен қатынас құруды бірінші орынға қояды. Сіз оның қарым-қатынас құру құқығын мойындауыңыз қажет. Оның достарын білгеніңіз дұрыс болады.

Әлеуметтану ғылымдарының докторы И. Этуотер жасөспірімнің өмірінде оның құрдастары төрт маңызды рөлді алатынын атап көрсетеді.

1-рөлі: топ жасөспірімді эмоционалды және қоғамдық тұрғыда қолдағандықтан, оның ересек жасқа өтуіне көмектеседі.

2-рөлі: жасөспірім өзінің жеке мінез-құлқын және тәжірибелерін құрбылары берген стандарттармен бағалай алады.

3-рөлі: басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды дамытуға және әлеуметтік дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4-рөлі: топтың басқа мүшелерімен өзін салыстыра және сәйкестендіре алуына топ көмектеседі.

Бірақ, бейәлеуметтік өмір сүретін балалардан: жұмыс істемейтін, сабаққа бармайтын, есірткі мен алкогольді ішімдіктер ішетін достардан алшақтату үшін барынша күш жұмсаңыз.

«Біз 9 жасар ұлымызға әр алған бестігі үшін 100 тенге беруді өзіміз үйреттік. Туысқандарымыз келгенде олардан да ол ақиалай сыйлық сұрайды».

Ата аналар көбінесе балалары өзін жақсы, тәртіпті ұстаса, оларды мақтап, қалағанын алып береді немесе керісінше: бала бір нәрсені жасай алмай жатса, ата-аналары оның қалағанын алып бермейді. Әрине, балаларының жақсы жасаған жұмыстары үшін ата-аналары оларды мадақтап жатса, біз оған тыйым сала алмаймыз.

Кей кездері мадақтау баланың мінез-құлқын өзгертуге көмектеседі. Екінші жағынан, ата-аналар балаларының мақсаттарына жету үшін өздерін пайдаланып жатқанын түсінуі қажет.

Жаңа білім мекемесіне ауыспас бұрын, сіз мектеп басшысымен өз балаңыздың жеке ерешелігі туралы сөйлесіңіз. Баланы тәрбиелеуде сіз қандай стильді қолданатыныңызды айтып, ақпарат бергеніңіз жөн. Содан кейін директордан осындай стильді қолданатын ұстазды ұсынғанын сұраңыз.

Сіз өз балаңызбен мектеп ауыстырған кезінде, басқа балалардан қысым көрмеу үшін, өзара сөйлесуіңіз керек:

Сіз балаңызға, өзіне деген сенімділік өзін-өзі ұстаудан басталатынын түсіндіріңіз: түзу тұру, ренжіткен адамның көзіне тік қарау, сондай-ақ дауыс ырғағына мән беру: нақты және эмоцияға берілмей сөйлеу дағдысын қалыптастыру.


Баланы өзін ренжіткен адамға немқұрайдылықпен қарап, өз күйзелісін көрсетпеуге үйрету керек.

Балаға мұндай сәттерде келесідей сөздерді айтуға үйрету керек:

«Токтат», «Саған қарауға уақытым жоқ», «Доғар».

Баламен бірге осы сөздерді қандай сәттерде қолдану керек екенін айтып жаттығыңыз.

Балаға «Мен қалаймын» деген сөзді қолдана отырып, сөзді жалғастыруды ұсыныңыз. Мысалы, «Мен сенің осыны тоқтатқаныңды қалаймын», «Мен сенің менімен бұлай сөйлескеніңді қаламаймын».



Баланың психикалық немесе дене денсаулығына қауіп төніп тұрса, сіз бұл туралы мектеп әкімшілігіне немесе білім беру басқармасының басшысына жазбаша немесе ауызша хабарлауға құқылысыз.

Кейбір жағдайларда бала немесе жасөспірімде агрессия көрініс алса, үлкендердің тарапынан осы жағдайға байланысты, баланың жүріс-тұрысындағы агрессия шиеленіске, жанжалға әкелмес үшін араласқаны жөн.

«Біздің қызымыз бізбен, отбасымен бірге уақыт өткізуге қарсы. Бос уақытын тек достарының арасында өткізгенді қалайды».

40. Менің қателіктерімді кешіргенін қалаймын.
41. Егер мені біреу ұрса да, кейде мен жауап бермеймін.
42. Мен қалағандай болмаса, мен ренжімеймін.
43. Кейбір адамдар мені тек қатысуымен ашуландырады.
44. Мен шын мәнінде қатты жек көретін адамдар жоқ.
45. Менің ұстанымым: «Бөтендерге ешқашан сенбе».
46. Егер мені біреу ашуландырса мен ол туралы не ойлайтынымды айтамын.
47. Мен соңынан өкінетін нәрселерді көп жасаймын.
48. Егер мен ашулансам, мен біреуді ұрып жіберуім мүмкін.
49. Он жасымнан бастап мен ашу-ызамды көрсеткен емеспін.
50. Мен өзімді жарылуға дайын тұрған жарылғыш бөшке ретінде жиі сезінемін.
51. Егер менің қандай екенімді барлығы білсе менімен тату тұру қиын деп ойлайтын еді.
52. Басқалардың маған жақсы жағдайлар жасауына не себеп болғаны туралы көп ойлаймын.
53. Егер маған айқайласа, менде оған айқайлай бастаймын.
54. Сәтсіздіктер мені қынжылтады.
55. Мен басқаларға қарағанда көп те емес, аз да емес төбелесемін.
56. Мен қатты ашуланған кезде, қолыма түскен кез келген заттарды қолыма алып сындырған кездерімді еске түсіре аламын.
57. Мен кейде төбелесті бірінші бастауым мүмкін.
58. Менің тағдырым кейде маған әділетсіз екендігін сезінемін.
59. Бұрын мен адамдардың көпшілігі өтірік айтады деп ойлайтынмын, бірақ қазір бұған сенбеймін.
60. Мен ашуланғандықтан ұрысамын.
61. Мен қателік жасаған кезде мені ар-ұятым мазалайды.

62. Мен өз құқығымды қорғау үшін денелік күш қолдану керек болса қолданамын.
63. Мен кейде өз ашуымды шығару үшін үстелді жұдырықпен ұрамын.
64. Маған ұнамайтын адамдармен мен дөрекілеу боламын.
65. Маған зияндық жасайтын дұшпандарым жоқ.
66. Мен адамды орнына қоя алмаймын, егер ол кінәлі болса да.
67. Мен дұрыс өмір сүрмегенім туралы көп ойланамын.
68. Мені төбелесуге мәжбүрлейтін адамдарды білемін.
69. Мен болмашы нәрсеге бола ашуланбаймын.
70. Маған адамдар мені ашуландырғысы немесе келемеждегісі келеді деген ойлар аз келеді.
71. Мен кейде адамдарды жәй ғана қорқытамын, бірақ өз қорқытуларымды орындамаймын.
72. Мен кейінгі кезде мазасыз болып кеттім.
73. Бәсекелесуде мен дауысымды жиі көтеремін.
74. Әдетте мен адамдарға деген жаман қатынасымды жасырамын.
75. Мен айтысқаннан гөрі келіскенді қалаймын.

Басс-Дарки сауалнамасы бойынша өңдеу агрессивті және өшпенділік реакцияларының әртүрлі формаларының индексі арқылы есептеледі. Ал индекстер алынған жауаптарды қосу арқылы алынады.

1. *Физикалық агрессия:*

«иә» – № 1, 25, 33, 48, 55, 62, 68

«жоқ» – № 9, 17, 41

2. *Жанама агрессия:*

«иә» – № 2, 18, 34, 42, 56, 63

«жоқ» № 10, 26, 49

жасөспірімдерге керек кезінде сөйлесуге дайын екендігімізді көрсетуіміз керек.

Бала сөйлескісі келген кезде, ата-анасы меселін жиі қайтарғандықтан, бала ата-анасынан екінші мәрте көмек сұрағысы келмейді. Ата-ана ретінде, біз баламызға не айтып, не айтпау керек екендігіне мұқият болуымыз керек. Жасөспірім үйіне көңілі түсіп келеді. Ол өз жағдайын айта бастағанда, ата-ана осы жолы сен нені бүлдірдің? дейді. Өңгіме осымен бітеді, жасөспірім өзін түсінбегенін сезінеді. Кей кездері ата-аналар келесідей жауап береді: «Түк етпейді, келесі аптада мұның бәрі ұмытылады». Кей кездері біз бос кеңес беруге ұмтыламыз: «Қайғыға іспен көмектесе алмайсың. Одан да барып неге жүгіріп қайтпасқа?» Мұндай жауаптарда оған келетін түк пайда жоқ. Кейбір жасөспірімдер ата-аналарымен ойларын бөліспейді, өйткені олар алдын ала не деп жауап беретіндігін біледі.

Ата-аналар жасөспірімнің көңіл күйіне мұқият назар аударып, қарым-қатынас жасау үшін жағдай туғызу қажет. «Сенде бүгін ауыр күн болған сияқты. Сен бұл туралы бөліскің келмейді ме?» деген ұсыныстарыңызды жасөспірімдердің көбі қабылдайды. «Сен бүгін қобалжулы сияқтысың. Не болды?» деген сылтаумен жасөспірім қызбен сөйлесуге болады. Баланың сөзіне мұқият болсаңыз, сөзіңіздің астарында зіл болмаса, жасөспірімге сізбен сөйлесуге оңай түседі.

Есіңізде болсын, жасөспірім өзінің сезімдері мен ойларын айтпауға да болады. Осындай сәтте, оны сөйлетем деп ойласаңыз, сіз оның дербестігін және тәуелсіздігін жоққа шығарған боласыз. Жасөспірім сіз баламен ол даяр болған кезде сөйлесуге дайын екендігіңізді білдіруіңіз керек.

Кейде жасөспірімдер ата-анасы қалаған кезде емес, өздері сөйлескісі келетін уақытта сыр бөлісуге дайын. Кей кездері жасөспірімге қолайлы уақытта сөйлесу керек. Бұл ылғи кешке, бәрі ұйықтап қалған кезде болуы мүмкін. Тиянақты ата-ана мұндай сәтті жіберіп алмауға тырысады.

«5-сыныптың екінші тоқсанында маған баламды бір мектептен басқа мектепке ауыстыруыма тура келді. Мен мұғалімнен, басқа балалардың менің балама қысым болмауын қадағалауын сұрадым. Бірақ ол маған, оның жұмысы балалардың мәселесін шешу емес, оқыту болып табылады деді».

жаны ауырып тұр ма, осындай жағдайларды түсінуі қиын. Мұндай балалардағы адамгершілікті ояту керек: мысықты және иттерді сипалаңыз, жануарларға күтім жасаңыз; баланың назарын басқа адамның қайғысына, төмен көңіл-күйіне аудартыңыз және көмектесуге тырысыңыз. Егер де бұл көмектеспесе, балаға жауапкершілік алуды үйретіңіз – өзінің агрессивті мінез-құлқын «қайталап көрсетіңіз» («Ал енді бар да кешірім сұра»).

БАЛАЛАРДАҒЫ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУГЕ ҰСЫНЫСТАР

1. Балалардағы агрессивті жүріс-тұрысты түзетуді ең алдымен ата-ана, Сізден бастау керек. Есіңізде болсын, отбасында қажетті өзгеріс болмай, балаңыздың бойындағы агрессияны түзету мүмкін емес.

2. Бала әрбір сәтте өзін ата-анасының сүйетінін, бағалайтынын, қажет екендігін, қабылдайтынын сезінуі қажет. Оны сүйоден және аяудан ұялмаңыз.

3. Басқа адамдар туралы жаман сөздер айтпаңыз, ашуға бой алдырмаңыз, тиімді мінез-құлық ерекшелігін көрсетіңіз.

4. Дауыс көтеру және тыйым салу агрессивтілікті жеңуде тиімді нәтиже бермейді. Осындай мінез-құлықтың себебін түсінгеннен кейін ғана, жақсы нәтижеге қол жеткіземіз.

5. Эмпатияны дағды ретінде қалыптастырыңыз.

6. Балаңызға өз агрессиясын шығаруға мүмкіндік беріп, басқа нәрсеге көңіл аудартыңыз (мысалы, жастықты ұру).

7. Баланың өзін-өзі көрсетуге ұмтылуын басуға тырыспаңыз, түсінушілікпен қарап, ортақ бір шешімге келіңіз.

«Менің 15 жасар ұлым бар. Ол менімен сөйлескісі келмейді. Мен одан кіммен және қайда болғанын сұрасам, ол жауап қайтармай өз бөлмесіне кіріп кетеді. Мен онымен қалай қарым-қатынас жасасам болады?»

Кішкентай балаларға қарағанда жасөспірімдер оңашалануға бейім. Жасөспірімдердің пікірлері мен ойлары ата-аналарының ойларынан өзгешеленіп, тәуелсіз болуға ұмтылады. Біз

3. *Ашулану:*

«иә» – № 3, 19, 27, 43, 50, 57, 64, 72

«жоқ» – № 11, 35, 69

4. *Негативизм:*

«иә» – № 4, 12, 20, 23, 36

5. *Өкпе:*

«иә» – № 5, 13, 21, 29, 37, 51, 58

«жоқ» – № 44

6. *Сезіктенгіштік:*

«иә» – № 6, 14, 22, 30, 38, 45, 52, 59

«жоқ» – № 65, 70

7. *Вербальды агрессия:*

«иә» – № 7, 15, 23, 31, 46, 53, 60, 71, 73

«жоқ» – № 39, 66, 74, 75

8. *Кінәлілік сезімі:*

«иә» – № 8, 16, 24, 32, 40, 47, 54, 61, 67

Сауалнама агрессивті және өшпенділік реакцияларының формаларын анықтайды.

Дене агрессиясы (шабуылдау) – басқа адамға қарсы денелік күшті қолдану.

Жанама агрессия – агрессия басқа адамдарға жанама түрде бағытталады (өсектер, зілді әзілдер), сонымен қатар, ешкімге бағытталмаған агрессия – ашулану белгілері, айқайлау, аяғымен жерді тарсылдату, жұдырығымен үстелді ұру және т.б.

Ашуланишақтыққа бейімділік (қысқаша – ашулану) – қатаңдық, дөрекілік жағдайларында ашулануға бейім тұрады.

Негативизм – беделді адамға немесе басшылыққа бағытталған мінез-құлықтың оппозициялық белгісі; бұл мінез-құлық қалыптасқан заңдар мен дәстүрлерге деген енжар қарсыласудан белсенді күреске ауысуы мүмкін.

Өкпе – болған немесе ойдан шығарылған күйзелістерге қатысты бүкіл әлемге деген ашу-ыза, айналасындағыларға деген көре алмаушылық сезімі.

Секемшілдік – айналасындағыларға деген сенбеушілік және байқампаздық, олардың өзіне қатысты зиян келтіруіне сенімді болуы.

Вербальды агрессия – жағымсыз сезімдерді ұрысу, айқайлау арқылы, сонымен қатар сөздік формада жауап беру (қорқыту, қарғау, ұрысу).

Сонымен қатар, сегізінші тармақ – **кінәлілік, ар-ұят сезімі**. Бұл шәкіл сұрақтарына жауап әдетте тыйым салынған (қоғамдық нормалар) мінез-құлық түрлеріне қатысты кінәлілік сезімімен байланысты. Бұл тармақ оның өзін теріс әрекеттер жасайтын жаман адам ретінде қабылдау деңгейін көрсетеді. Дене агрессиясы, жанама агрессия, ашулану және вербальды агрессия барлығы **агрессивті реакциялардың индексі**н құрайды, ал өкпе және секемшілдік – **өшпенділік индексі**н құрайды.

Қобалжуды, фрустрацияны, агрессивтілікті және ригидтілікті өзіндік бағалау.

Нұсқау:

«Әр тұжырымның жанына бұл тұжырымдардың Сізге қаншалықты тәндігіне байланысты 1, 2, 3 немесе 4 сандарын қойыңыз».

Қобалжуды өзіндік бағалау

1. Әдетте сіз өзіңізге сенімділікті сезбейсіз?
1 2 3 4
2. Болмашы нәрсеге байланысты жиі қызарасыз?
1 2 3 4
3. Ұйқыңыз тыныш емес пе?
1 2 3 4
4. Сіз сары уайымға тез салынасыз ба?
1 2 3 4
5. Сіз әлі болмаған қиялдағы сәтсіздіктерге мазасыздана-сыз ба?
1 2 3 4
6. Сіз қиындықтардан қорқасыз ба?
1 2 3 4
7. Сіз өз кемшіліктеріңізді талқылауды ұнатасыз ба?
1 2 3 4

2. Агрессивті-өкпелегіш және тез шаршайтын бала

Баланың өкпелегіштігі тәрбиелеудің жетіспеушілігі немесе үйренудегі қиындығынан ғана емес, сонымен қатар жүйке жүйесінің даму ерекшеліктерімен және ағзаның дұрыс өспеуімен байланысты.

Шектен тыс сезімталдық, ашуланшақтық, әлсіздік агрессивті мінез-құлықты тудырады. Баладағы психикалық қысымды төмендету үшін онымен бірігіп, шуылы көп ойындарды ойнаңыз. Және балаңыз үнемі агрессивті болса онда жағдайды шиеленістірмеңіз.

3. Оппозициялы мінез-құлықты көрсететін агрессивті бала

Егер де, бала елдің барлығына ғана емес, тек қана ата-анасына, өзіне таныс адамдарға ғана дөрекілік көрсететін болса, онда о сіздің өзара қатынасыңыз дұрыс емес: сіз балаңызбен сирек араласасыз, бұрынғыдай балаңыз үшін үлгілі емессіз; балаңызға қызықсыз, немен айналысатынын білмейді, сондықтан да ол өзінің көңіл-күйін және мәселелерін сізге аударды, өз жауапкершілігін сіздің мойныңызға жүктейді. Осындай мәселелерді балаңыздың орнына шешпей, баламен бірлесіп шешуге тырысыңыз.

4. Агрессивті-қорқақ бала

Өштесушілік, күмәнданушылық баланың келе жатқан қауіптен қорғану құралы болуы мүмкін. Қорқыныштармен жұмыс жасанғандықтан, яғни, қауіпті жағдайлар тудырып, баламен бірігіп сол қауіпті жеңіңіз, сонымен қатар, жағдайлар жағымды, жағымсыз болып ауысып отыру керек.

5. Агрессивті-сезімі жоқ бала.

Кейбір балаларда өзгелерді эмоционалды түсіну, сезіну қабілеті бұзылған. Мұның себебі, отбасылық тәрбие жағдайының дұрыс болмауынан, баланың интеллектуалды дамуының бұзылуынан, сонымен қатар, эмоционалды суықтық, қаталдық, жоғары эмоционалды қозушылықтан болуы мүмкін. Мұндай балалар жиі ашуланады немесе керісінше немқұрайлы, төбелеседі, жаман сөздер айтады, жануарларды қинайды, сонымен қатар, оның басқалардың жағдайын, яғни олар ренжіп тұр ма,

8. Кінәлілік сезімі. Ар-ожданы жоғары балаларда агрессия жиі көрінеді, өйткені өздері ренжіткендердің алдында ұялып, өзін кінәлі сезінеді.

9. Өзін-өзі жаман сезіну және шаршап-шалдығу. Егерде баланың ұйқысы қанбаса немесе біреуге ренжіген болса, онда оның бойында агрессияны жиі байқауға болады.

10. Отбасылық бағыт-бағдар. Балалар сіңіргіш сияқты өздеріне «бағыт-бағдарды» сіндіріп алады. Осы себептен балалардың бойындағы агрессивті фактілер, мысалы, нәсілдік мәселесіне байланысты, қобалжытады.

11. Балаға деген немқұрайдылық.

Балалардың мінез-құлқындағы агрессивтіліктің негізгі басты себебі, ол бала әлеміне эмоционалды немқұрайдылықпен қарау.

Осы себептен балалар ата-анаға, өзіне, тіпті бүкіл әлемге қарсы шығады.

Агрессивті мінез-құлық – бұл баланың жан айқайы, оның ішкі әлеміне деген назар аудартуы, себебі онда теріс эмоциялар өте көп жиналған. Теріс эмоцияларды шығару арқылы ол өз психологиялық күресуін көрсетеді.

АГРЕССИВТІ БАЛАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚҰРУ

1. Шектен тыс белсенді-агрессивті бала

Тынымсыз балалардың тәртіпке бағынуы қиынырақ болады. Мұндай балаларға үйінде барлығы рұқсат етілгендіктен, басқа ортаға түскенде олардың қалаулары орындалмағандықтан агрессия көрсетеді.

Сонымен қатар, ойын жағдайларында ережелерді қолдана отырып, шектеу жүйесін құру керек.

Балалар өз қателігін мойындаған кезде оны ынталандыра біліңіз.

Оларға өз қателігін басқаға аудармауды үйретіңіз.

Құрдастарын, ересектерді және жалпы өмірді түсіну дағдысын үйретіңіз.

8. Сізді сендіру оңай ма?

1 2 3 4

9. Сіз иланғыш адамсыз ба?

1 2 3 4

10. Сіз күтуді ұнатпайсыз ба?

1 2 3 4

Фрустрацияны өзіндік бағалау

1. Шешімі бар жағдайлардың өзі кейде маған шешілмейтін сияқты болып көрінеді.

1 2 3 4

2. Сәтсіздіктер мені қатты қынжылтады, менің салым суға кетеді.

1 2 3 4

3. Үлкен сәтсіздіктерде мен еш себепсіз өзімді кінәлауға бейіммін.

1 2 3 4

4. Бақытсыздық пен сәтсіздіктер мені ештеңеге үйреткен жоқ.

1 2 3 4

5. Мен күрестен жиі бас тартамын, себебі оны нәтижесіз деп ойлаймын.

1 2 3 4

6. Мен өзімді қорғаусыз деп есептеймін.

1 2 3 4

7. Кейде менде түңілу жағдайы болады.

1 2 3 4

8. Қиындықтар алдында не істерімді білмей жабырқап қаламын.

1 2 3 4

9. Қиын жағдайларда кейде мен өзімді кішкентай бала ретінде ұстаймын, өйткені маған жандары ашығанын қалаймын.

1 2 3 4

10. Өзімнің мінезімнің кемшіліктерін түзету мүмкін емес деп есептеймін.

1 2 3 4

Агрессивтілікті өзіндік бағалау

1. Соңғы сөзді өзім айтамын.
1 2 3 4
2. Көбіне әңгімелесу барасында сөйлесіп отырған адамның сөзін бұзамын.
1 2 3 4
3. Мен тез ашуланамын.
1 2 3 4
4. Басқаларға сын айтқанды ұнатамын.
1 2 3 4
5. Басқаларға беделді адам боғым келеді.
1 2 3 4
6. Аз нәрсемен қанағаттанбаймын, көп нәрсеге ұмтыламын.
1 2 3 4
7. Ашуланғанда өзімді ұстауым қиын.
1 2 3 4
8. Бағынғаннан гөрі басқарғанды ұнатамын.
1 2 3 4
9. Менің ым-ишарам біршама дөрекілеу.
1 2 3 4
10. Мен кекшілмін.
1 2 3 4

Ригидтілікті өзіндік бағалау

1. Маған әдеттерімді өзгерту қиын.
1 2 3 4
2. Зейінімді ауыстыру қиын.
1 2 3 4
3. Кез келген жаңа нәрсеге өте қауіптілікпен қараймын.
1 2 3 4
4. Мені сендіру қиын.
1 2 3 4
5. Кейде мені ойдан шығарып тастайтын ойлар келіп мазалайды.
1 2 3 4
6. Адамдарға бірден жақындасып кете алмаймын.
1 2 3 4

ата-ана мен баланың арасындағы және ата-аналардың өзара қатынасында эмоционалды байланыстың болмағанының салдары. Егер да ата-аналарының арасында үнемі ұрыс-керіс болып тұрса, онда мұндай отбасында эмоционалды-психологиялық атмосфера бала үшін нағыз сынақ болады. Ата-аналар ұрыс-керісінде баланы өздеріне құрал ретінде пайдаланса, мұндай жағдай өте қауіпті болып табылады.

4. Бала тұлғасын сыйламау. Егер баланы үнемі сынап, намысына тиетін ескертулерді жиі жасаса, онда баланың бойында өзінің күшіне және өзіне деген сенімсіздік пайда болып, одан терең әрі күрделі «комплекс» туындап, бала ашық түрде ашу ызасын көрсете бастайды.

5. Ата-аналар тарапынан шектен тыс объектеу немесе назар аударудың аз болуы. Егер де балаға ата-аналар шектен тыс көңіл аударып, олардың қалауларын орындауға тырысса, онда ол ерке және бұзық болып өседі. Егер де ол айтқан сөзін орындата алмаса, агрессия көрініс алады.

Ата-ананың балаға көңіл бөлмеуі немесе қолдарының бос болмауы агрессияның себебі ретінде қарастырылады, мысалы, «байқамай қалғаннан, ұрысқаны жақсы болар еді». Егер де біз баланың қиналысына және күйзелуіне көңіл аудармасақ, онда балада ересектер оны түсінбейді және оған көмек көрсете алмайды деген көзқарас туындайды, осы себептен балада жалғыздық, дәрменсіздік, қорғансыздық сезімі пайда болады. Нәтижесінде, балада адекватты емес агрессивті реакция туындайды.

6. Шектен тыс бақылау немесе бақылаудың мүлдем болмауы. Баланың жүріс-тұрысын шектен тыс бақылап отырса (гиперопека) немесе мүлдем көңіл аударып қарамаса (гипоопека) бұл бала үшін зиян. Егер өктемшіл ата-аналар өз балаларын басқарып, олардың ерік-жігерін басып отырса, бұл оларда қорқыныш, жабырқаушылық сезімдерін тудырады.

Үнемі шектеу көрген, тәуелділік жағдайында өскен баланың жүріс-тұрысында көрініс алатын агрессия қарастырылып отырған жағдайға қарсылық ретінде көрініс алады.

7. Дене белсенділігін шектеу. Бала жүріс-тұрысындағы агрессивті көріністер себебі ата-ана тарапынан қойылған шектеу немесе нұсқаулар болып табылады. Бұл жағдайда баладағы агрессия жиналған энергияның тасуымен негізделген, өйткені оларға қойылған шектеулер із қалдырмай қоймайды.

4-ереже. Сөзін бөлмеңіз. Сіздің міндетіңіз – оның ойын, сезімін, қалауын сезіну.

5-ереже. Сұрақ қойып отырыңыз. Егерде сізге жасөспірімнің не айтқысы келгенін ұқсаңыз, оған сұрақ қоя отырып, оның қалауын дұрыс түсіндіңіз бе, әлде жоқ па соны қайталап тексеріңіз.

6-ереже. Түсінгеніңізді білдіріңіз. Жасөспірім сіздің тыңдағаныңызды және оны түсінгеніңізді білуі қажет.

7-ереже. Өз ойыңызды айтуға рұқсат сұраңыз. «Сен менің не ойлайтынымды білгің келе ме?» Егер де жасөспірім сізге: «Иә» десе, сіз онымен өз ойыңызбен, пікіріңізбен, сезіміңізбен бөлісесіз. Ал егер де жасөспірім сізге: «Соншалықты емес» десе, – әңгімелесуді доғарыңыз.

8-ереже. Өз атыңыздан сөйлеңіз. Ең қарапайым тәсіл ретінде – сөйлемде «Мен» сөзін пайдалану. Мысалы, «Мен ойлаймын... мен сезінемін... мен қалаймын...». Бұл өз ойыңыздың көрінісі; сіз жасөспірімге өз ішіңізде не болып жатқанын айтасыз. Келесідей сөз тіркестері: «Сенікі дұрыс емес, сен түсінбедің, сен жағдайды дұрыс ұқпадың, сен өзінді дұрыс ұстамадың, сен менің өмірімді қиындаттың», – кінәлауға жатады. Олар ылғи да екі реакцияны тудырады: талас-тартыс немесе алшақтау.

БАЛА АГРЕССИЯНЫҢ «ОТБАСЫЛЫҚ» СЕБЕПТЕРІ

1. Ата-аналар балаларды қабылдамайды.

Қалаусыз өмірге келген балаларда агрессия ұстамасы жиі болады. Ата-анасы балаға оның дүниеге жоспарсыз келгенін айтпаса да, олар оны ата-анасының қимыл-әрекетінен, дауыс ырғағынан сезеді. Мұндай балалар барлық әрекетімен өмір сүруге құқылы екенін, ата-аналарының махаббатын жаулап алуға тырысады.

2. Ата-аналар тарапынан немқұрайдылық және өшпенділік. Егер ата-аналар балаға немқұрайлы қараса, кей кездері тіптен өшпенділік танытса, олар бұл жағдайда терең күйзеледі.

3. Отбасындағы эмоционалды байланыстың болмауы. Бала бойындағы агрессивтілік деңгейінің жоғары болуы, бұл

7. Мен жоспарым біршама бұзылса ашуланамын, мазасызданамын.

1 2 3 4

8. Тәуекелге баруым өте қиын.

1 2 3 4

9. Табандылықты жиі көрсетемін.

1 2 3 4

10. Өзім қабылдаған күнтізбем бұзылса, бірден күйзеліске ұшыраймын.

1 2 3 4

Кілтi:

Берілген тұлғаның әр қасиеті бойынша балл қосындысы есептеліп, 2-ге көбейтіледі. Әр қасиет бойынша жоғарғы балл саны – 80-ге тең. Келесі нормалар беріледі:

20 – 30 балл – төменгі деңгей

31 – 45 балл – орта деңгей

46 және одан жоғары – жоғары деңгей

«Қарым-қатынастық агрессивтіліктің интегралды формасын анықтау» тесті

Нұсқау:

«Жауап қағазына тұжырымның жанына өзіңіздің «иә» немесе «жоқ» деген жауабыңызды қойыңыз».

1. Кейде мен кенеттен «жарыламын», ашуланамын.
2. Егер мен өзімнің ашу немесе ызам басқа біреуге берілгенін көрсем, онда бірден өзімді қолға аламын.
3. Жиналып қалған ызадан құтылу үшін, мен өзіме ерекше дәстүр ойлап таптым: жастықты жиі ұрып тұрамын, қабырғаны ұрамын, жүгіремін және т.б.
4. Мен мектепте өзімді өзім ұстаймын, ал үйде ұстамды емеспін.
5. Кейде мен өзімнің басқа біреулердің ашу, ызасын шақырып тұрғанымды түсінемін, бірақ маған өз мінез-құлығымды өзгерту қиын немесе өзгерткім келмейді.

6. Егер маған дөрекі сөйлесе, мен әдетте, өз-өзімді ұстаймын және дөрекілік ежол жібермеймін.
7. Кейде мен өзім мойындаймын: мен жаман адаммын.
8. Егер мен ашулансам болды, қоршаған адамдардан өзімнің қалағанымға қол жеткіземін.
9. Мен көбіне қарама-қарсы топтарға кіріп кеткенімді байқамай қаламын.
10. Кей кездері мен біреумен ұрысқым келіп тұрады.
11. Мен өзімнің дөрекілігім үшін жиі жазаланамын.
12. Мені қандай да бір болмашы нәрсе үшін ашуланамын.
13. Ашуланғанда мен біреуді (баланы, жануарды және т.б.) ұрып жіберуім мүмкін.
14. Ашу-ыза басқанда мен жаны жоқ заттарға ызамды шығарамын (үстелді жұдырықпен ұру, бір нәрсені сындырамын, ыдысты сындырамын).
15. Мені ешкім танымайтын жерде мен өз ашуым мен ызамды көрсете аламын.
16. Менің ойымша, менің мінезім оңай емес.
17. Егер құрбыларымның бірі мен туралы жаман сөз айтса, мен оған ол туралы не ойлайтынымның барлығын айтамын.
18. Кейде менің өзімді жек көретін немесе өзіме ашуланатын кездерім болады.
19. Күрделі немесе қиын нәрсені жасау үшін мен өзімді өзім ашуландыруым керек.
20. Кейде мен жақсы емес топтың мүшесі болғанымды байқамай қаламын.
21. Әдетте, мен біреумен ұрысып алсам, өзім жеңілдеп қаламын.
22. Кейбір адамдар менің дөрекілігім үшін маған ренжулі.
23. Мен қатты шаршаған кезде жылдам ашуланып, өзімді өзім ұстай алмаймын.

- Сипалауды қолдану.

Біз жақсы көретін адамымызға жақындай отырып, оған өзіміздің эмоционалды жылылығымызды білдіреміз. Нәрестені қолына ала отырып, ата-ана оны әлдилейді, бетінен сүйеді, басынан сипайды.

Ал, жасөспірімге келгенде қалай? Әрине, егерде сіз оны құрбыларының көзінше құшақтасаңыз, ол сізді «Қойыңыз!»- деп итеруі мүмкін.

Егерде сіздің балаңыз қандай да бір жетістікке қол жеткізсе, құшақтауыңыз орынды (спорттағы жеңіс, конкурсқа сәтті қатысу, ҰБТ тапсыру, жүргізуші куәлігін алу).

- Жасөспірімнің сөйлеуіне назар аударыңыз.

Ол сөйлегенде көзінді алып қашпа, төбесінен төнбе немесе ол сөйлеп жатқанда басқа жаққа қарама.

- Балаңызды дұрыстап тыңдауды үйреніңіз.

Қарым-қатынас психологиясында бұл «белсенді тыңдау» технологиясы деп аталады.

«БЕЛСЕНДІ ТЫҢДАУ» ЕРЕЖЕСІ

«Белсенді тыңдау» дегеніміз не?

1-ереже. Жасөспірімді тыңдауда басқа ешнәрсемен айналыспаңыз. Егер жұмысыңыздан босай алмай жатсаңыз, былай деңіз: «Менімен сөйлескің келетінін білемін, маған ол қызықты.

Бірақ мен саған толықтай көңіл аударғым келеді. Дәл қазір мен саған көп көңіл бөле алмаймын, дегенмен, сен маған жұмысымды аяқтауға уақыт берсең, мен сенің қасыңда отырып, тыңдауға дайынмын».

2-ереже. Жасөспірім сезіміне мұқият болыңыз. Өзіңізден сұраңыз: «Менің балам не сезінеді?» Бұл сізге оның не айтқысы келгенін түсінуге көмектеседі.

3-ереже. Жасөспірімнің қимылын бақылаңыз. Кейде дене қимылы айтқан сөзіне сай келмейді.

«Адамға екі құлақ берілгенмен ауыз біреу, сондықтан тіс жармауды ұмытпа.

Халық мәтелі

Денелік күш көрсету құрбаны болған балаларға мектептегі агрессия және жүріс-тұрысын бақылай алмау қасиеті тән. Олар агрессия арқылы өздерінің қобалжу мен дәрменсіздік сезімдерін қорғайды. Осындай жүріс-тұрыс нәтижесі – басқалардан өзін дистантты ұстау. Мұндай балалардың достары аз болады, өйткені құрбыларын олардың мінез-құлқының импульсивтілігі және тез ашуға берілгіштігі қорқытады.

*Анасының кіршіксіз сүйіктісі болған адам,
сәттілікке сенімді және өзін жеңімпаз сезініп,
шынайы сәттілікке жетектеп әкеледі.*

ЗИГМУНД ФРЕЙД

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛАЙ ЖАСАУ КЕРЕК?

- **Жасөспірімге мін тағуды доғарыңыз.**
- **Ашық өз өкініштеріңізбен бөлісіңіз.**

Онымен дұрыс емес қарым-қатынаста болғаныңызбен де, сіз оған шын жүректен жақсылық тілейтініңізді жеткізіңіз. Сіз оны шын жақсы көретініңізді айтыңыз және ол не істесе де сіз оны әрқашанда жақсы көресіз.

- **Жасөспірімнің мінез-құлық шекарасын қалыптастырыңыз.**

Баласын жақсы көретін ата-ана олардың шекарадан асып кетпеуін қадағалап отырады.

- **Мадақтау сөздерін қолданыңыз.**

Көптеген жасөспірімдерде – өзін-өзі бағалау төмен. Жасөспірімдік кезең бұл үнемі барынша көп қолпаштауды қажет ететін уақыт. Қатты, ащы, мін таққыш сөздер – жасөспірім үшін ауыр болып табылады.

- **Жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін жағымды сөздерді жиі пайдаланыңыз.**

Ата-анасынан жылы сөз естімеген жасөспірімдер, есейген шағында эмоционалды жағымсыз сезімдерді бастан кешіреді.

24. Менің ашулануыма себеп болған адам өзінің кінәсын біліп, кешірім сұраса немесе өзінің қателігін түсінсе, менің ашуым тез қайтады.
25. Ашулану мен басқа да шиеленіс жағдайларды белсенді демалыс – спорт, туризм, мәдени шаралар арқылы басамын.
26. Кейде мен ата-анаммен немесе мұғаліммен қатынасты дауыс көтеру арқылы шешемін.
27. Менің тілім ащы.
28. Мен қоршаған адамдардан дөрекілік, агрессивтілік немесе ызалануға тап болсам мен жеңіл «оталамын».
29. Менің өмірімде болған жаман нәрселердің көбісіне лайықтымын.
30. Ыза көбіне менің өміріме көмектеседі.
31. Мен кезекте тұрғанда жиі ұрысамын.
32. Кейде маған басқалар, менің өзімнің ашуланғанымды байқамай қалатынымды айтады.
33. Ашу немесе ызалану менің денсаулығымға зиян келтіреді.
34. Кейде мен себепсіз ашулана бастаймын.
35. Егер мен ызалансам, көп жағдайда қайтуым тез.
36. Жүйке жүйемді басу үшін мен қандай да бір жұмыспен (оқу, теледидар, үй жұмысы) арнайы түрде айналысамын.
37. Көлікте немесе дүкенде мен мектепке қарағанда агрессивтімін.
38. Мен тік мінезді немесе қыңыр адаммын.
39. Егер маған біреу ызама тиіп қалжыңдаса мен бірден оны орнына қоямын.
40. Мен белгілі себеппен өзіме жиі ашуланамын.
41. Үйдегілермен қарым-қатынас жасауда мен суық түрде қатаң ұстаймын.
42. Баррикадаларға бару керек болса мен барар едім.
43. Әдетте менің ызам маған белсенділік береді.

44. Мен бірнеше күн өзімді ұстай алмағандығым үшін бірнеше күн уайымдаймын.
45. Менің барлық адамдарды жек көретін кездерім болады.
46. Ыза немесе агрессия кезінде мен ешкімді көрмеу, естімеу үшін басқа жаққа кетіп қаламын.
47. Мен ызамды өзімді ренжіткен адамның затына бағыттаймын.
48. Кейде көлік кептелісінде немесе кезекте тұрғанда мен қатты агрессивті боламын, бірақ соңынан өзімді сол үшін ыңғайсыз сезінемін.
49. Мен көбіне көп сөйлемеймін, қырсықпын, тіл алмаймын.
50. Мен дөрекі немесе ызақор адамдармен тез тіл табысамын.
51. Егер құдай мені күнәларым үшін жазаласа, онда ол маған лайықты еді.
52. Қоршағандарға әсер ету үшін, мен өтірік ашуланып немесе ызаланамын.
53. Өзімнің қызығушылығымды жүзеге асыру үшін барлығымен бірге кездейсоқ қарсылық митингіге қатысар едім.
54. Ашу, ызадан кейін мен өзімді біраз уақыт жақсы сезінемін.
55. Менің ашуланшақтығым жақындарым мен достарыма жағымсыз әсер етеді.

Тест нәтижелерін өңдеу және талдау

Әрқайсысы 0-ден 5 баллға дейін аралықта жеке бағаланатын 11 параметрді ескере отырып «агрессия индексі» анықтауға мүмкіндік береді. Кілтке сәйкес әр жауапқа бір балл беріледі; баға жоғары болған сайын агрессивтіліктің көрсеткіші де жоғары болады.

1. Агрессияның кездейсоқтығы: +1, +12, +23, +34, +45;
2. Агрессияны тежеу қабілетінің жоқ болуы: -2, +13, -24, -35, -46;


Қандай жағдай болғанда да, келесідей айтуды ұмытпаңыз: «Мен сені қатты жақсы көремін, сол себепті саған кеңес беруім керек».

Балаңыздың қылықтарын ұнатпасаңыз да, оны толықтай қабылдайтыныңызға, ол сенімді болу керек.

*Жылы, нәзік, қолдауы бар,
оң ортада өскен балалар,
өсе келе гүлденіп өз жемісін береді.*

ГЭРИ ЧЕПМЕН

Ата-ана, өз құзыреттілігін асыра пайдаланып, балаларын ұрып-соғып олардың эмоционалды дамуына зиян келтіруде. Зерттеулер қорытынды бойынша, зорлық жасаған жасөспірімдердің көбі өзі ата-анасының тарапынан зорлық-зомбылық көрген. Отбасында тәрбиелеу тәсілі ретінде, ауыр денелік жаза қолдану және боқтық сөз пайдалану немесе кейбір отбасында ата-анасы спирттік ішімдікке салынған, балалары қараусыз, эмоционалды күтімсіз болып табылады, осы себептен көптеген балаларда жүйке-психикалық және дене дамуында қалыс қалу белгілері байқалады.



Шетелдік мамандар балалардың осы жағдайын «**өсіп-өнуге қабілетсіздік**» – деп таныған.

Қатыгез, мейірімсіз жайт баланың бойында өзіндік төмен бағалауды туындатады – осының салдарынан ата-ананың және маңызды ересек адамдардың қатынасы орнатылады. Кішкене бала – жазалау, денелік күш көрсету, керексіз нысан ретінде – өзінің қалаусыз және оны жақсы көрмейтіндігін сезініп, өзіне көңілі толмай өзіне жеккөрінішті көзқараспен қарайды.

Қорытындылай келе, бала эмоционалды зорлық құрбаны, яғни, ол өзін түкке алғысыз және жаман екенмін деген оймен ер жетеді.

бөліскенінің орнына, теледидар көреді. Кейбір отбасыда, дәл осы уақытта ата-анасы кітап, журнал немесе газет оқумен уақытын өткізеді. Осыған байланысты, көп отбасыда ас қабылдау – эмоционалдық байланыс орнату уақыты ретінде жіберіліп қояды.

Балаңызбен тиімді қатынас орнату үшін, негізгі ереже ретінде – ас қабылдау уақытын бір-біріңізбен әңгімелесумен өткізу керек.

Бүкіл отбасыңызбен үстел басына жиналумен, сіз балаңызға келесіні үйретесіз:

- **Сөйлесуге.** Балалар өзінің сөйлеу және құрметпен тыңдау дағдысын дамытады. Әңгімелесу барысында олар сөздік қорын толтырып, өз ойларын жеткізуді үйренеді.

- **Үнемі үйдің тамағын ішуге дағдыланады.**

- **Басқалар туралы ойлау.** Балаңызға кең болуды үйретесіз, дәмді тағаммен бөліскенде өзіне қолайлы бөлшегін алып қалмауын, сонымен қатар басқаның қамын ойлауды да үйретуге болады.

- **Бірлесе еңбек ету.** Балалар ата-анасымен бірге дастархан жайып және оны жинауға көмектесе алады, үлкендеу балалары ас мәзірін дайындауға да көмектесе алады.

Профессор Д. Гарбарино көп жылдар бойы зорлық-зомбылық жасаған жасөспірімдер психологиясын зерттеген. Оның қорытындысы бойынша, жасөспірімдердің бойындағы зорлық-зомбылықтың қалыптасуына әкеліп соқтырған олардың *сырт қалуы*. Бала оған қарағанда басқаның жақсы екендігін естігенде, өзінің сырт қалғанын сезінеді.

Ата-ананың негізгі міндеті: балаларына, оның жүріс-тұрысына қарамастан, олардың ата-анасы болғандықтан бақытты екендігін сендіруіңіз қажет. Ата-ана махаббатының астарында – шартсыз махаббат жатады: «Мен сені жақсы көремін, мен саған қамқор боламын. Мен сендікпін, өйткені сен менің баламсың. Сенің жасаған ісің маған ұнамаған күнде де, мен сені жақсы көремін, сенде бәрі жақсы болғанын қалаймын. Сен – менің қызымсың немесе ұлымсың, қандай жағдай болмаса да, мен сені үнемі жақсы көретін боламын».

3. Агрессияларды іс-әрекеттерге немесе жансыз заттарға ауыстыру қабілетінің жоқ болуы: -3, -14, -25, -36, -47;
4. Анонимді агрессия: +4, +15, +26, +37, +48;
5. Айналадағылардың агрессиясын шақыру: +5, +16, +27, +38, +49;
6. Агрессияны бейнелеуге бейімделу: -6, +17, +28, +39, -50;
7. Аутоагрессия: +7, +18, +29, +40, +51;
8. Агрессияның ритуализациясы: +8, +19, +30, +41, +52;
9. Көпшіліктің агрессиясының ықпалына түсу: +9, +20, +31, +42, +53;
10. Агрессиядан ләззат алу: +10, +21, +32, +43, +54;
11. Агрессия үшін төлем: +11, +22, +33, +44, +55.

Агрессияның жоқ болуы немесе өте төмен болуы (0-ден 8 баллға дейін) әдетте респонденттің жауаптарының жалғандығы, өзін жақсы жағынан көрсетуге ұмтылуы. Сонымен қатар, мұндай көрсеткіштер өзіне деген сыни көзқарасы жоқ және талаптану деңгейі жоғары адамдарға тән.

Агрессия деңгейінің жоғары болмауы (9-20 балл) респонденттердің көпшілігінде кездеседі. Ол әдетте кездейсоқ агрессиямен, агрессияларды іс-әрекеттерге немесе жансыз заттарға ауыстыру қабілетінің жоқ болуымен сипатталады.

Агрессияның орта деңгейі (21-30 балл) әдетте кездейсоқтықпен және тежеу қабілетінің әлсіздігімен сипатталады.

Агрессияның жоғарғы деңгейі (31-ден 40 баллға дейін). Оның орта деңгейіне тән атрибуттарына арандатушылық, есе қайтару қосылады.

Агрессияның деңгейінің өте жоғары болуы (41 және одан да жоғары балл) агрессиядан ләззат алумен, көпшіліктің агрессиясына иланумен, қоршаған адамдардың агрессиясын шақырумен байланысты.

Спилбергер-Ханиннің әдістемесі

Тестілеу екі жауап беру қағазын қолданумен жүргізіледі: бір бланк ситуациялық қобалжудың көрсеткіштеріне арналған қағаз, ал екіншісі – тұлғалық қобалжудың деңгейін зерттеуге арналған.

СИТУАЦИЯЛЫҚ ҚОБАЛЖУ – субъективті түрде бастан кешіріп отырған эмоциялармен сипатталатын адамның нақ осы сәттегі жағдайы: шиеленіспен, мазасызданумен, жайсыздықпен, нақты осы жағдайдағы күйгелектікпен сипатталады.

Ситуациялық қобалжудың деңгейін анықтау

Нұсқау: «Төменде берілген әр сөйлемді оқып шығып оң жақтағы бағанаға өзіңізді қазіргі кезде қалай сезінгеніңізге байланысты белгілі бір санды белгілеңіз. Сұрақтарға жауап беруде көп ойланбаңыз, өйткені дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ».

Жағдайға байланысты қобалжу шәкілі

№ п/п	Тұжырым	Ешқашан	Ешқашан дерлік	Жиі	Әрқашан дерлік
1	Мен байсалдымын	1	2	3	4
2	Менде ешқандай қауіп жоқ	1	2	3	4
3	Мен шиеленіс жағдайындамын	1	2	3	4
4	Мен іштей ұялшақпын	1	2	3	4
5	Мен өзімді еркін сезінемін	1	2	3	4
6	Менің көңілім бұзылып отыр	1	2	3	4
7	Мені болуы мүмкін сәтсіздіктер қынжылтады	1	2	3	4
8	Менің жаным тыныш	1	2	3	4
9	Мен қобалжулымын	1	2	3	4
10	Мен іштей қанағаттану сезімін сезініп отырмын	1	2	3	4
11	Мен өзіме сенімдімін	1	2	3	4
12	Мен күйгелектеніп отырмын	1	2	3	4
13	Мен өзімді қоярға жер таппай жүрмін	1	2	3	4
14	Мен ашуланып тұрмын	1	2	3	4
15	Мен шиеленісті сезініп отырған жоқпын	1	2	3	4
16	Менің көңілім тоқ	1	2	3	4
17	Мен мазасызбын	1	2	3	4
18	Мен тынышсызданып отырмын	1	2	3	4
19	Мен көңілдімін	1	2	3	4
20	Көңілім жағымды болып тұр	1	2	3	4

Ағасы қарындасынан сұрайды:

- Сен қайда болдың?
- Аружанның үйінде.
- Сендер не істедіңдер?
- Қуыршақ ойнадық.
- Сонымен кім ұтты?

Қазіргі таңда қоғамды және бірінші кезекте ата-ананы баланың адам қатыгездігін олардан көп білетіндігі алаңдатады. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарында көп назар аударылатын адам өлтіру, тонау және зорлау жаңалықтарына байланысты. Ғаламтор мектептегі зорлық-зомбылық мәселесіне арнап түсірілген бейнетүсірілімге толы.

Балалар зорлықты тек қана теледидардағы жаңалықтардан және кинодан емес, сонымен қатар олардың көбі әкелерінің анасын соққыға алғанын немесе өздері де ересектердің зорлығының арқасында жәбірленуші болған.

Қазіргі заман – балалар үшін өте қиын, сондықтан олар ата-ана кеңесін, өздеріне қоңіл аударғанын және түсінгенін қалайды. Жасөспірімнің болашаққа деген жоспарына, жұмыс таңдауына, болашақ мамандығын таңдауына ата-ананың аса зор ықпал ететіні дәлелденген.

Көше бойында екі ұлының қолынан жетектеп анасы келеді. Оларды танысы кездестіреді:

- Саламатсызба, Сара Абрамқызы!
- Қандай әдемі балапандар! Жастары нешеде?
- Хирург – алтыда, юрист – төртте.

Балалар психологтарының айтуы бойынша, баланың толыққанды жетілуі үшін, ата-анамен бала арасында тығыз эмоционалды байланыс болуы керек, бала өзінің қараусыз екендігін сезінбеу керек. Егер де ата-ана өз баласының сүйікті екендігін сездірткісі келсе, онда олар өзара қатынасына көп уақыт бөлу керек.

Түскі ас қабылдау барысында балаларыңызбен эмоционалды қарым-қатынас құру үшін қолайлы уақыт.


Бірақ, өкінішке орай, көп отбасыда ас қабылдау барысында ата-ана мен балалары өз ойларымен және жаңалықтарымен

4.9. АТА-АНАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НҮСҚАУЛЫҚТАР

*Балалар дөрекі, қызғанишақ, ашуланшақ,
қызыққыш, ұстамсыз, өтірікші және тұйық;
ашуын күлкі арқылы да, жылау арқылы да көрсетеді,
ұсақ-түйекке бола қатты қуанып,
соншалықты қайғыруы мүмкін,
жанын ауыртқанына шыдамайды, бірақ
өзгелердің жанын ауыртады, – олар енді ересек адамдар.*

ЖАН ЛАБРЮЙЕР

Алдыңғы буынның еш біреуінде жасөспірімдерді тәрбиелеу міндеті қазіргі кездегідей осынша қиын болған емес. Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық ойдан жасалған кино әлемімен шектелмейді, ол кешкі жаңалықтар ақпаратында үнемі орын алады. Өз құрбыларына, туысқандарына немесе өздеріне қол салатын жасөспірімдер туралы ақпарат біз үшін үйреншікті болды.



Интернеттің, кабельді және жер серіктік теледидардың пайда болуы қазіргі балаларға кез келген интернетке салынған фильмдерді, бейнероликтерді көруге мүмкіндік тудырған. Интернет біздің балаларға негізгі қарым-қатынас құралы және өз ойларымен, жаңалықтармен алмасу тәсілі ретінде бола бастады. Балалар желі арқылы

әлемнің кез келген жеріне ақпарат жіберіп, достарымен қарым-қатынас жасайды.

Әлеуметтік зерттеулер бойынша жасөспірімдердің уақытының көбі үй тапсырмасын дайындауға емес, компьютерді қолдануға кетеді екен. Көп оқушылардың ата-аналары балаларының уақытының көбісінің компьютерлік ойындарға кететінін айтып шағымданады.

Тұлғалық қобалжудың деңгейін анықтау

Нұсқау: «Төменде берілген әр сөйлемді оқып шығып оң жақтағы бағанаға өзіңізді әдетте қалай сезінетініңізге байланысты бір санды белгілеңіз. Сұрақтарға жауап беруде көп ойланбаңыз, өйткені дұрыс немесе бұрыс жауаптар жоқ».

ТҰЛҒАЛЫҚ ҚОБАЛЖУ – адамның қобалжуға бейімділігін және жағдайларды қауіп төндіруші ретінде қабылдау үрдісінің болуын сипаттайтын тұрақты жеке сипаттамасы

Тұлғалық қобалжу шәкілі

№ п/п	Тұжырым	Ешқашан	Ешқашан дерлік	Жиі	Әрқашан дерлік
1	Менің көңіл күйім көтеріңкі болады	1	2	3	4
2	Мен ашуланамын	1	2	3	4
3	Мен тез ренжимін	1	2	3	4
4	Мен басқалар сияқты жолы болғыш болғым келеді	1	2	3	4
5	Мен басқалар сияқты жолы болғыш болғым келеді	1	2	3	4
6	Менің күшім тасып жұмыс жасағым келіп тұр	1	2	3	4
7	Мен салмақты, сабырлы және жинақымын	1	2	3	4
8	Мені болуы мүмкін қиындықтар қобалжытады	1	2	3	4
9	Мен болмашы нәрселерді қатты уайымдаймын	1	2	3	4
10	Менің бақытты болған кездерім бар	1	2	3	4
11	Мен бәрін жүрегіме жақын қабылдаймын	1	2	3	4
12	Маған өзіме деген сенімділік жетпейді	1	2	3	4
13	Мен өзімді қорғансыз сезінемін	1	2	3	4
14	Мен сыни жағдайлар мен қиындықтардан қашуға тырысамын	1	2	3	4
15	Менің сары уайымға салынатын кездерім болады	1	2	3	4
16	Менің риза болған кездерім болады	1	2	3	4
17	Кез келген болмашы нәрселер мені қынжылтады	1	2	3	4
18	Менің өзімді бақытсыз адам ретінде сезінетін кездерім болады	1	2	3	4
19	Мен салмақты адаммын	1	2	3	4
20	Мен өзімнің жұмыстарымды ойласам мазам кетеді	1	2	3	4

Кілті

СТ	Жауаптар				ЛТ	Жауаптар			
№№	1	2	3	4	№№	1	2	3	4
<i>Ситуациялық қобалжу</i>					<i>Тұлғалық қобалжу</i>				
1	4	3	2	1	21	4	3	2	1
2	4	3	2	1	22	1	2	3	4
3	1	2	3	4	23	1	2	3	4
4	1	2	3	4	24	1	2	3	4
5	4	3	2	1	25	1	2	3	4
6	1	2	3	4	26	4	3	2	1
7	1	2	3	4	27	4	3	2	1
8	4	3	2	1	28	1	2	3	4
9	1	2	3	4	29	1	2	3	4
10	4	3	2	1	30	4	3	2	1
11	4	3	2	1	31	1	2	3	4
12	1	2	3	4	32	1	2	3	4
13	1	2	3	4	33	1	2	3	4
14	1	2	3	4	34	1	2	3	4
15	4	3	2	1	35	1	2	3	4
16	4	3	2	1	36	4	3	2	1
17	1	2	3	4	37	1	2	3	4
18	1	2	3	4	38	1	2	3	4
19	4	3	2	1	39	4	3	2	1
20	4	3	2	1	40	1	2	3	4

Нәтижелерді талдау.

Нәтижелерді талдауда әр шәкіл бойынша жалпы қорытынды көрсеткіш 20-дан 80 баллға дейін қамтиды. Неғұрлым қорытынды балл жоғары болса, соғұрлым қобалжу деңгейі (ситуациялық немесе тұлғалық) жоғары болады. Көрсеткіштерді талдауда келесі бағалауларды қолданылады: 30 баллға дейін – төмен; 31-44 балл – орта; 45 және одан жоғары балл – жоғары. Қобалжу деңгейінің жоғары болуы (> 46) невротикалық

Оқушылардың агрессивтілігінің алдын алуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп басшылығы пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, әлеуметтік қызметкерлер мен педагог-психологтардың агрессивті және «тәуекел топтардағы» балаларды ертерек анықтау бойынша тығыз өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуі керек.

Жүргізілген социологиялық зерттеу көрсеткендей, педагог-психологтарға арналған кабинеттер көп мектептерде жоқ. Психологиялық кабинеттердің көпшілігі материалдық және техникалық жабдықталуы жағынан артта қалады. Сондықтан да, мектеп басшылығы педагог-психологтарды қазіргі заманға сай техникалық және әдістемелік құралдармен жабдықталған жеке психологиялық кабинеттермен қамтамасыз етуі керек.

Орта білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметтің іс-әрекеті Ережелеріне сәйкес педагог-психологтар өздерінің кәсіби біліктілігі мен дәрежесін көтеру керек. Мектеп басшылығы педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтар үшін біліктілікті арттыру курстарында оқуға, жоғары маманданған психолог-тәжірибешілердің семинарларына және тренингтеріне қатысуға мүмкіндік жасауы керек.

Көптеген мектептерде мұғалімдердің психологиялық біліктілігі жеткілікті деңгейде жоғары емес, олар өздерінің жұмысында балалардың психологиялық жағдайын, баланың мінез-құлқының түрткілерінің сан түрлі болуын есепке алмайды, ал бұл өз ретінде педагогикалық қызметті көп жағдайда ресми қырынан көрсетеді және мектепте жағымсыз құбылыстарды туындатады.

Мұғалімдердің агрессивті балалармен өзара әрекеттестігі бойынша психологиялық біліктілігін арттыру мақсатында мектептің барлық педагогикалық ұжымын біліктілікті арттыру курстарында оқуын ұйымдастыру ұсынылады.

Мектептің әр оқушысы өзін өмірдің қиын кездерінде қалай ұстау керектігін білуі қажет.

Педагог-психологтар оқушыларды балаларға қатысты күш көрсетудің алдын алу мақсатында қауіпсіз мінез-құлық бойынша білімдермен қамтамасыз етуі керек. Осыған байланысты, психолог-педагогтарға күш қолдануға және қатыгездікке ұшыраған балалармен, сонымен қатар басқа кәсілетке толмаған балаларға қатысты күш және агрессия көрсеткен балалармен психологиялық жұмыс жүргізу ұсынылады.

4.8. БІЛІМ БЕРУ ОРГАНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚТАР

Балаларға қарсы күш көрсету және оның алдын алу, сонымен қатар бала агрессиясының көріністерін анықтау мақсатында ұйымдастырушылық және әдістемелік шаралар жиынтығын қолдану керек.

Облыстық білімді басқару, аудандық білім беру бөлімдері білім беру ұйымдарын білікті мамандармен (психологтармен және әлеуметтік педагогтармен) қамтамасыз ету тиіс.

Барлық білім беру мекемелерінде, әсіресе ауылдық жерлерде психологиялық қызмет көрсетулерді белсенді түрде ұйымдастыру керек.

Білім беру органдарының негізгі бағыты балалар арасындағы қатыгездік пен күш көрсетудің деңгейін төмендету болуы керек.

Білімді басқару және аудандық білім беру бөлімдері агрессивті балалармен жұмыс жасау әдістері және жанжал жағдайларын шешу әдістері бойынша мұғалімдерге арналған үйретуші семинарлар өткізуді ұйымдастыру керек.

Білімді басқару және аудандық білім беру бөлімдері бала агрессивтілігінің алдын алу және түзету және «тәуекел тобындағы» балалармен жұмыс жасау бағдарламалары бойынша мектеп психологтарына арналған біліктілікті дамыту арнайы курстарының өткізілуін ұйымдастыру қажет.

Білімді басқару және аудандық білім беру бөлімдері, әсіресе аудандық деңгейде балаларға жедел әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша сенім телефондары қызметтерін құруға жәрдем жасауы қажет.

Балаларды тәрбиелеу жағынан ата-аналарға көмек көрсету мақсатында аймақтық деңгейде ата-аналарға арналған әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық және құқықтық кеңес беру Орталықтарын ашу қажет.

Жергілікті басқару органдары мемлекеттік емес секторлармен бірлесе отырып, халықтың қолжетімді бағамен отбасылық демалу Орталықтарын құру мәселелерін шешуді жүзеге асыруы керек.

Мектеп өскелең ұрпақтың қызығушылық саласының қалыптасуына, балалардың қарым-қатынастық, әлеуметтік іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі.

жанжалдың болуымен, эмоционалды оққылық және психосоматикалық аурулармен байланысты болуы мүмкін.

Қобалжу деңгейінің төмен болуы (<12), керісінше, депрессивті, енжар, мотивация деңгейінің төмен болуымен сипатталады. Тест көрсеткіштері бойынша қобалжу деңгейінің төмен болуы тұлғаның жоғары қобалжуды ығыстыруының нәтижесі болып келеді.

3.5. ПРОЕКТИВТІ ӘДІСТЕР

Балалардың суреттері біз ойлағаннан да көп нәрсе айтуы мүмкін. Балалар бояулар мен қарындаш арқылы мұғалімдер, ата-аналардан жасырғандарын жеткізеді. Балалар кейде өз мәселелерін, күйзелістерін, қорқыныштарын сөзбен жеткізе алмайды, бірақ қағаз бетінде өз агрессивтілігін сурет арқылы жеткізе алады. 60-80% оқушыларға жүргізген зерттеулер бойынша балаларда агрессивтіліктің қандай да бір түрі кездеседі, бірақ балалар агрессивті көріністерді шынайы мінез-құлығында көрсетпеуі де мүмкін. Яғни, агрессивтілікті тек агрессияның алғышарты ретінде қарастыру керек. Бірақ оның шынайы мінез-құлықта көрінуі баланың нақты әлеуметтік жағдайынан тәуелді.

Мектеп жасындағы балалардың агрессивтілік деңгейін анықтау үшін біз келесі проективті әдістемелерді ұсынамыз.

Балаларды зерттейтін проективті психологиялық әдістерге бала әрекетінің нәтижесін талдауды жатқызамыз – бұл суреттер, батпақтан, ермексаздан, әртүрлі аппликациялардан жасалған мүсіндер. Сурет тесттерін орындай отырып, балалар әдетте үлкендердің суретке деген қызығушылықтарына қуанып, қағазда не салынғаны туралы әңгімелегенді ұнатады. Бала сурет арқылы өзінің мәселесін көрсетуге тырысады.




1. «КАКТУС» графикалық әдістеме (бастауыш мектеп жасына арналған)

Нұсқау:

Балаға үлкен ақ қағаз бен қара қалам беріңіз. Балаға өз білгенінше кактус салуын сұрайсыз.

Қосымша ретінде, бала сурет салып болған соң оған талдауға көмектесетін сұрақтарды қоюға болады:

1. Бұл кактус үйде өседі ме, әлде жабайы ма?
2. Бұл кактустың тікені көп пе? Оны ұстауға бола ма?
3. Кактусқа оған су құйған, тыңайту ұнай ма?
4. Кактус жалғыз өсе ме әлде бір өсімдікпен бірге ме? Егер бір өсімдікпен бірге өссе, ол қандай өсімдік?
5. Егер кактус өссе, онда ол өзгере ме (тікенеңгер, көлемі, өсінділері)?



Сурет бойынша алынған мәліметтерді өңдеу нәтижелері бойынша бала тұлғасының қасиеттерін диагностикалауға болады:

Агрессивтілік – инелерінің болуы, әсересе олардың өте көп болуы. Қатты шығып тұрған, ұзын, бір-біріне жақын орналасқан инелері агрессивтіліктің жоғарғы дәрежесін көрсетеді.

Импульсивтілік – үздік түзулердің болуы, қатты басып салу.

Менмендік, жетекшілікке ұмтылу – қағаздың ортасында орналасқан үлкен сурет.

Өзіне деген сенімсіздік, тәуелділік – қағаздың астыңғы жағында орналасқан кішкентай сурет.

Демонстративтілік, ашықтық – кактустағы шығып тұрған өсінділер, формалардың астарлы болуы.

Тұйықтық, сақтық – жиектеріндегі немесе кактустың ішіндегі иректердің болуы.

Оптимизм – кактустарды "көңілді" салынуы, түрлі түсті қарындаштармен ашық түстерді қолдану.

«Аутсайдер» жаттығуы

Мақсаты: балалар топтың тарапынан болатын агрессияға дұрыс жауап беруді үйренеді. Аутсайдерлердің мәселелері қарастырылады.

Жасы: 12-15 жастағы жасөспірімдер

Саны: 20-30 адам

Топтағы ойыншылар жұп-жұп болып бөлінеді, бір адам аутсайдердің рөлін ойнайды. Оның міндеті топтағы жасөспірімдердің қасына барып, олардың назарын өзіне аудартып әңгімеге тарту. Топтың міндеті – оның әңгімесіне жауап бермеу, топқа қоспау, күш қолдануға болмайды. Егер де аутсайдер жеңсе, ол топтағы басқа адаммен рөлін ауыстырады.

аяқтап болғаннан кейін сөзді жұбыңызға беріңіз, сосын ол кезекпен өзінің сөзін айтып шығады».

Жаттығу аяқталғаннан соң оны орындауда болған қиындықтар талқыланады: өз сезіміңізді қай кейіпкерге көрсету қиынырақ болды, ашуды және агрессияны не тудыратынын табу оңай болды ма? Сосын топ жаттығу барысында болған сезімдерімен бөліседі.

Керек уақыт–20-30 минут.

Төмендегі берілген сабақтың мақсаты – мінез-құлықтың зорлық-зомбылық түрін болдырмау (жоғары сыныптарға жүргізіледі), топтың тарапынан болатын агрессияға дұрыс қатынас жасай білуді балаларға үйрету.

«Маятник» жаттығуы

Мақсаты: психологиялық қысымды түсіру, эмпатияны және сенімді қалыптастыру. Уақыт: 10-15 минут.

Ойнаушылар мықты шеңбер жасайды: бір адам топтың ортасына кіріп тұрады, оның көзін байлайды да, оған айтады, маятник сияқты теңселіп, жан-жағына құла дейді. Басқа қатысушылардың міндеті «маятникты» барынша ұстап, оны құлатып алмау. Маятниктің рөлін ойнаушы өзін еркін ұстап, топқа қарсылық жасамауы керек.

Ойын аяқталғаннан кейін топ өзара әрекеттесу үрдісін талқылайды, қорқу және сенімсіздік шекарасын анықтайды.

«Өткізіп жіберіңізші, өтінемін» жаттығуы

Мақсаты: топтық ынтымақтастықты дамыту.

Жасы: 12-14 жастағы жасөспірімдер

Уақыты: 5 минут

Жасөспірімдер қолдарынан ұстап, шеңбер құрып тұрады. Бір қатысушы топтың сыртында қалады. Топтың міндеті – топтың сыртындағы қатысушыны топқа кіргізуін өтінгенше топқа кіргізбеу. Ол осылай өтінуді өзі тапқанда ойын аяқталады.

Маңызды кезең – ойын аяқталғаннан кейінгі дискуссия, сезімді, эмоцияны білдіру. Тақырыпты талдау үшін себеп табылады: «Лидерлер және аутсайдерлер», «Топтық қысым», «Жанжал немесе ымыра».

Қобалжу – ішкі сызықтардың, үзік сызықтардың көп болуы түрлі түсті қарындаштардың ішінен қара түстерді қолдану.

Нәзіктік – жұмсақ түзулер мен формалардың, гүлдердің, әшекейлердің болуы.

Экстраверттілік – суретте басқа да кактустар мен гүлдердің болуы.

Интроверттілік – суретте тек бір ғана кактус салынған.

Үйіндегілердің қорғауына ұмтылу, отбасылық қауымдастық сезімі – суретте гүл құмыраларының болуы, үй кактусының суретінің болуы.

Үйіндегілердің қорғауының жоқ болуы, жалғыздық сезімі – жабайы өсетін, шөлдегі кактустардың суретінің болуы.

2. «Өмірде жоқ жануардың суреті» әдістемесі

Сипаттамасы: Әдістеме проективті болып есептеледі. Тұлғаның ерекшеліктері туралы болжамды ұсынуға көмектесетін балалармен үлкендерді зерттеуде қолданатын бағдарлау әдістемесі. Барлық белгілер символдық түрде талданады.

Мақсаты: тұлғалық ерекшеліктерді диагностикалау: жағымды, теріс.

Нәтижесінде келесі реакциялар қарастырылады:

- вербальды;
- вербальды емес;
- өшіру және ол нені білдіреді;
- объектілерді салу реті, үзілістердің болуы.

Нұсқау:

«Өмірде жоқ, кинолар мен мультфильмдерде, ертегілерде, компьютерлік ойындарда жоқ жануардың суретін салып, оған ат қою керек»

A4 форматты қағаз, жуандығы орта, қара қалам, 6 түс, өшіргіш, ұштағыш керек.

Зерттелуші сұрақтарға жауап беруі керек (суретті нақтылау, әңгімелесу: қайда тұрады, кіммен тұрады, немен қоректенеді, оның мінезі қандай, көңіл-күйі қалай, ол нені жақсы көреді, нені ұнатпайды, достары бар ма, қастары ше, олармен қалай күреседі, неден қорқады).

Тесттің талдануы:

Сурет орналасқан кеңістік

Оң жағын, кеңістік алдыңғы жағында және жоғарғы жағында орналасса ол болашақпен, осы шақпен байланысты. Қағаздың сол жағында және қағаздың төменгі жағында болса, жағымсыз және депрессивті эмоциялармен, сенімсіздікпен және енжарлықпен байланысты. Оң жағы бос болса жағымды эмоциялармен, белсенділікпен, нақты әрекеттермен байланысты.

Суреттің қағазда орналасуы.

Нормадағы жағдайда сурет тік орналасқан қағаз ортасында орналасуы керек. Сурет салу үшін жылтыр емес ақ қағазды алу керек. Қарындаштың жұмсақтығы орташа болуы керек; қалам мен фломастерді қолдануға болмайды.

Егер суреттің орналасуы қағаздың жоғарғы жағына орналасса (қаншалықты жақын болса, соншалықты айқын көрініс береді) өзіндік бағалаудың жоғары болуын, өзінің әлеуметтік ортадағы алатын орнына көңілі толмауын, қоршаған адамдардың мойындауының жеткіліксіздігін, өзін-өзі көрсетуге ұмтылу үрдісін көрсетеді.

Суреттің төменгі жақта орналасуы – өзіне деген сенімсіздік, өзіндік бағалаудың төмен болуы, жабырқаулық, батылсыздық, өзінің әлеуметтік ортадағы алатын орнына қызықпау, өзін өзі көрсетуге ұмтылмау.

Фигураның орталық бөлігі (басы немесе оны ауыстыратын бөлік). Басы оңға қарап тұрса – іс-әрекетке деген тұрақты үрдістің болуы. Барлық ойдағы, жоспардағы немесе жүзеге асырып жатқан әрекеттер (аяқталмаған болса да). Зерттелуші өзінің жоспарлары мен ойларын орындауға, жүзеге асыруға бірден ауысады.

Басы солға қарап тұрса – рефлексияға, ойлануға деген үрдіс. Бұл әрекет адамы емес: ойлаған, жоспарлаған шаруалардың жартысы ғана жүзеге асады немесе басталады. Кейде белсенді әрекет алдындағы қорқақтық немесе батылсыздық байқалады.

Суреттің тұрасынан тұруы («анфас»), яғни сурет салып отырған адамға қарап тұруы (өзіне), менмендік ретінде талқыланады.

«Осы сюжетті басынан аяғына дейін кино көріп отырғандай қараңыз. Осы сюжетті жағымсыз кино ретінде көруге тырысыңыз: ақ түсті қараға ауыстырыңыз, сосын – керісінше. Өте жағымсыз жағдайға келгенде кадрды тоқтатыңыз.

Осы кадрды шыны пластинкадан жасалған сурет ретінде елестетіңіз. Суретті қолыңызға алып сыртқа шығыңыз. Биік қабатты үйге барып, лифтке отырып, ең соңғы қабатқа көтеріліңіз. Лифтіден шығып шатырға көтеріліңіз. Шатырдың шетінде тұрып суретке қараңыз, сосын жерге тастап жіберіңіз. Оның жерге қарай ұшып бара жатқанын бақылаңыз, жерге түсіп майда сынықтар болып кеткеніне қараңыз. Сосын кері жол жасаңыз: шатырдан шығыңыз, лифтімен төмен түсіп, бөлмеге оралыңыз.

Ал енді осы сюжетті тағы да қарауға тырысыңыз. Назар аударыңыз: жағдайда және мінез-құлқыңызда не өзгерді. Егер де жаттығуды аяқтасаңыз, белгі беріңіз – басыңызды иезіңіз, 3-4 рет дем алыңыз да көзіңізді ашыңыз. Тәжірибенізді топпен бөлісіңіз.

Керек уақыт – 1 сағат.

5-жаттығу

Мақсаты: агрессивті мінез-құлқымыздағы түрткілерді зерттеу, жағымсыз эмоцияларды сезімдер арқылы көрсету.

Нұсқау: «Сіздің әрқайсыңыз агрессияның соңы не болатынын білесіз, бірақ әрқашан да оның шынайы түрткісін түсінбейсіздер, яғни агрессияны тудыратын себептерді түсіндіре алмайсыздар. Біздің шынайы түрткілеріміз немесе ниеттеріміз бізден жасырынып тұрады. Агрессияңыздың себебін оны мақсатының не екенін тапсаңыз, онда сіз оның табиғатын түсінуді үйренесіз. Қазір біз осы мәселені шешуге тырысамыз.

Жұпқа бөлініп, бір-біріңізге қарама-қарсы отырыңыз.

Ойша «жағымсыз» бейнелерге, көрмеге оралуға тырысыңыз. Кез келген кейіпкерге баруыңызға болады. Бұл адамнан сізге не ұнамайтынын анықтаңыз, енді алдыңыздағы отырған адамды сол деп ойлап оған бәрін дауыстап айтыңыз.

Сонымен, алдыңызда сіздің шамыңызға тиетін, ашуыңызды келтіретін және сіздің ренішіңізді тудыратын адам тұр.

Сөзді мына сөйлемнен бастаңыз: «Бұл адамда маған ұнамайтыны...» дәл сол сөзді мынадай сөйлеммен бітіріңіз «сондықтан, менің оны ұрғым келеді» және т.с.с. Сөйлемді

болғанға шейін кішірейтіңіз. Ал енді әңгімелеріңізді сырттан бақылаңыз. Өзіңізді қалай көріп тұрсыз? Жағдайды қалай көріп тұрсыз?

Егер де жаттығуды аяқтасаңыз, белгі беріңіз – басыңызды изеңіз, 3-4 рет деміңізді алып, көзіңізді ашыңыз.

Топпен тәжірибенізді бөлісіңіз. Бұл жаттығуды жасауда нені жасау оңай, нені жасау қиын болды? Не ұнады, не ұнамады? Осы жолы көрмеде кімге тоқтадыңыз? Қандай жағдайды елестеттіңіз? Жаттығу барысында көңіл-күйіңіздің қалай өзгергенін айтып беріңізші? Қазір не сезініп отырсыз?»

Керек уақыт – 1 сағат.

3-жаттығу

Мақсаты: ашуды және агрессияны жеңудің оңайырақ тәсілін таңдау және жағымсыз эмоцияларға жауап қайтару.

Орындалу тәртібі: жайғасып отырыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, 3-4 рет терең дем алып, көзіңізді жұмыңыз, тағы да өзіңізді шағын көрмеде жүрмін деп елестетіңіз. Ары қарай 1-жаттығудағы көрме жайлы нұсқаулық оқылады.

«Осы сюжетті басынан аяғына дейін қарауға тырысыңыз. Ал енді сюжеттің басына оралыңыз, суретті керісінше басын аяғына қаратып қойыңыз, ары қарай сюжетті аяғына дейін көріңіз.

Ал енді қайтадан басына оралыңыз, бірақ бұл жолы барлық қатысушылар, соның ішінде сізде мультфильмдегі батырлардың даусымен сөйлеңіздер.

Егер де жаттығуды аяқтасаңыз, белгі беріңіз – басыңызды изеңіз, 3-4 рет деміңізді алып, көзіңізді ашыңыз.

Топпен тәжірибенізді бөлісіңіз.

Керек уақыт – 1 сағат.

4-жаттығу

Мақсаты: ашуды және агрессияны жеңудің оңайырақ тәсілін таңдау және жағымсыз эмоцияларға жауап қайтару.

Орындалу тәртібі: жайғасып отырыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, 3-4 рет терең дем алып, көзіңізді жұмыңыз, тағы да өзіңізді шағын көрмеде жүрмін деп елестетіңіз. Нұсқау 1-жаттығуда берілгендей.

Басында сезім мүшелеріне сәйкес келетін бөлшектердің болуы – құлақ, ауыз, көз. «Құлақ» бөлшегінің мағынасы: ақпаратқа қызығу, өзі үшін қоршаған адамдардың пікірінің маңыздылығы.

Аузы ашық және тілі көрініп тұрса бұл сөйлеу белсенділігі (сөз құмарлық), еріні қоса салынған болса – сезімталдық; кейде екеуі де бірге болуы мүмкін. Егер тілі мен еріні салынбай тек ашық тұрған ауызы салынса, әсіресе, асты қатты басылып тұрса – күдік пен қорқыныштар, сенбеушілікті көрсетеді.



Тісі мен ауызы – вербальды агрессия, көп жағдайларда – қорғаныс ретінде көрінеді (арпылдасу, соқтығу, оған сөйлеген адамдарға дөрекі жауап береді, айыптаушылық, жазғыру). Балалар мен жасөспірімдерге ауызын доғал сызықтармен салу тән (қорқақтық, қобалжу).

Көзіне ерекше мән береді. Бұл адамның бойында қорқыныштың болуын сипаттайды: кірпігінің салыну немесе салынбауына ерекше назар аудару керек. Кірпік – бұл истероидты-демонстративті мінез-құлық мәнері.

Кірпік сонымен қатар басқалардың оның сыртқы әдемілігіне, киіну мәнеріне таңданыспен қарауына ерекше мән береді.


Басының үлкен болуы (фигураға қатысты) бұл зерттелушінің басқалардың және өзінің бойындағы ақыл-ой бастауын бағалайтындығын білдіреді.

Кейде басында қосымша бөлшектер болуы мүмкін: **мүйіз-қорғаныс, агрессия**. Қосымша басқа да белгілермен бірге болуы мүмкін – тырнақтармен, қылтаңдармен, инелермен – агрессияның сипаты: кездейсоқ немесе қорғаныс-жауап беру.

Қанаттары – өзін-өзі әдемілеуге және ақтауға тырысу. Жал, жүн, сәнді шаш – сезгіштік, өз жынысын көрсету.

Құйрықтары.

Өз әрекеттеріне, шешімдерге, қорытындыларға, вербальды нәтижелеріне деген қатынасын көрсетеді. Және де құйрықтың (қағазда) қайда бағытталып тұрғандығы да маңызды. Құйрық оңға қарап тұрса — өзінің әрекеттеріне және мінез-құлқына деген қатынас. Солға – өз ойларына, шешімдеріне деген қатынас; жіберілген мүмкіндіктеріне, өзінің шешімсіздігіне деген қатынас. Бұл қатынас құйрықтың жоғары (сенімді, жағымды, ширақ) немесе төмен (өзіне көңілінің толмауы, өзінің әділдігіне сенбеу, жасаған әрекеттеріне, сөздеріне өкіну және т.б.).



Фигураның пішіні.

Қосымша шығыңқы нәрселердің, пішіндердің, сызықтардың болуы немесе болмауы (қалқандардың, сауыттардың, инелердің болуы). Егер ол:



- үшкір бұрыштармен салынған болса – бұл қоршағандардан қорғаныс, агрессивтілік;
- қоюлап бояса, шеттерін басыңқы сызса – бұл қорқыныш пен үрейді көрсетеді;
- қалқандары болса, сызықтар екі қатар етіп салынса, байқампаздықпен, күдіктенгіштікпен байланысты.

Қорғаныстың бағыттылығы – кеңістікте орналасуына байланысты:

- фигураның жоғарғы сұлбасы – жоғарыда тұрған адамдарға, тыйым салатын, мүмкіндігін шектейтін, мәжбүр-

Біздің жұмысымыздың барысында сіздер өздеріңіздің агрессияларыңызды және ашуларыңызды басу тәсілінің әр түрлі «зияны жоқ» жаттығулармен танысасыз.

Жайғасып отырыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, 3-4 рет терең дем алып, көзіңізді жұмыңыз. Сіз шағын бір көрмеге тап болдым деп елестетіңіз. Ол жерде сіздің ашу-ызаңызды тудыратын, сізді ренжіткен немесе сізге әділетсіз болған адамдардың суреттері ілініп тұр. Көрменің ішінде жүріп осы суреттерге қарауға тырысыңыз. Кез келген біреуін таңдаңыз да қасына тоқтаңыз. Осы адаммен байланысты бір жанжал жағдайын еске түсіріп көріңіз. Осы жағдайда өзіңізді ойша көруге тырысыңыз.

Өзіңіз ашуланған адамға сезіміңізді көрсетіңіз. Сезіміңізді шектемеңіз, айтудан ұялмаңыз, не айтқыңыз келеді бәрін айтыңыз.

Сіз бұл адамға сіздің сезіміңізге түрткі болатынның бәрін жасадым деп елестетіңіз. Өз әрекетіңізді тежемеңіз, сол адамға не жасағыңыз келеді, бәрін жасаңыз.

Егер де жаттығуды аяқтасаңыз, белгі беріңіз – басыңызды изеніңіз, 3-4 рет дем алыңыз да көзіңізді ашыңыз.

Топпен тәжірибеңізді бөлісіңіз. Бұл жаттығуды жасауда нені жасау оңай, нені жасау қиын болды? Не ұнады, не ұнамады? Сіздің көрмеңізге қасыңыздағылардың қайсысы кірді? Кімге тоқтадыңыз? Қандай жағдайды көз алдыңызға елестеттіңіз? Сол жайында айтыңызшы. Жаттығу барысында жағдайыңыз қалай өзгерді? Жаттығудың басында және аяғында сезімдеріңіз немен ерекшеленді?

Керек уақыт– 1 сағат.

2-жаттығу

Мақсаты: ашуды және агрессияны жеңудің оңайырақ тәсілін таңдау және жағымсыз эмоцияларға жауап қайтару.

Орындалу тәртібі: жайғасып отырыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, 3-4 рет терең дем алып, көзіңізді жұмыңыз. 1-жаттығудағы шағын көрме жайлы нұсқау оқылады.

«Осы адаммен сөйлесіп тұрғаныңызды елестетіңіз. Сол адамды көз алдыңызға келтіріңіз: ол сізді ызаландыратын әрекет жасап жатыр. Ал енді әңгіме басында оның бойының кішірейіп бара жатқанын, даусының әлсізденгенін, өзінің сенімсіз сөйлеп тұрғанын елестетіңіз. Оны мүлдем кішірейіп, сіз елемейтіндей

3-БӨЛІМ

Кейбір адамдар ашуланшақтығынан және өзін-өзі реттеу қабілетінің жоқтығынан агрессия көрсетуге бейім. Мұндай жағдайда денені босаңсыту (релаксация) жаттығуларын жасаған дұрыс. Агрессивті реакцияларға бейімділікті түзетуде бұл жаттығудың түрі жеткілікті деңгейде алдын алу және түзету нәтижесі жоғары.

Жаттығулардың негізінде олардың кейінгі бағалауының өзгеруі және олар жайында ойлау тәсілдерінің өзгеруі арқасында тұлғаның ашуды арандатушы оқиғаларға кері реакциясы әлсіреуі мүмкін.

1-жаттығу

Мақсаты: ашуды және агрессияны жеңудің оңайырақ тәсілін таңдау және жағымсыз эмоцияларға жауап қайтару.

Нұсқау: «Осиет әңімені тыңдаңыз. Бұрынғы өткен заманда өте қаһарлы, улы және ызалы жылан өмір сүрген екен. Бір күні ол данышпанды кездестіреді, оның қайырымдылығына таң қалып, өзінің ашуын жоғалтады. Данышпан оған адамдарды ренжітуін тоқтатуына кеңес береді, жылан оның айтқанын тыңдап, енді ешкімге зиян келтірмеймін деп шешім қабылдайды. Бірақ адамдар жыланның қауіпті емес екенін білгеннен кейін оған тас атып, құйрығынан ұстап арлы-берлі лақтырып ойнауды бастайды. Бұл уақыттар жылан үшін өте қиын кездер болады. Данышпан не болып жатқанын көреді және жыланның шағымын тыңдайды да былай деп айтады: «Қымбаттым, мен сенен адамдарға қайғы әкелме деп сұрадым, бірақ, мен саған оларды еш уақытта ысылдама және қорқытпа деп айтқан жоқпын».

Мораль: дұшпандарымызға және жақсы емес адамдарға ысылдап, өзіміз үшін жауап бере алатынымызды көрсетудің еш зияны жоқ. Бірақ сіз сақ болуыңыз керек және дұшпаныңыздың қанына у жіберуіңізге болмайды. Ашуға берілмей, жауап беруді үйрену қажет.

РЕЛАКСАЦИЯ – арнайы психофизиологиялық техникаларды, физиотерапияны және дәрілік құралдарды қолдану нәтижесінде бұлшықеттердің тонусын төмендету. Ол психикалық қысымды түсіруге ықпал етеді.

лейтін, яғни жасы бойынша үлкен ата-аналарына, мұғалімдерге, бастықтарға, басшыларға деген қарсылық;

- төменгі сұлба – мысқалға, мойындамауға деген қарсылық, төмендегі бағыныштылардың алдында беделдің жоқ болуы, сөзге қалудан қорқу; жанындағы сұбалар – шектен тыс күдікшілдік және өзін-өзін қорғауға деген дайындық; пішіні бойынша емес, жауардың ішіне немесе үстіне салынған «қорғаныстар».

Оң жағында – шынайы іс-әрекеттің болуы, сол жағында – өз пікірін, сенімдерін, талғамдарын қорғау.

Жалпы күші.

Құрамды бөліктері неғұрлым көп болса, (нақты қажеттерден басқа), соғұрлым күш те көп болады. Керісінше болса – күшті сақтау, ағзаның астениялығы, созылмалы соматикалық ауру (түзу сипатымен дәлелдене түседі – өрмекші тәріздес әлсіз түзу). Түзулердің керісінше болуы – қалың және қатты басылған болса – қобалжу.



Қағаздың артқы жағынан көрініп тұратын басылған түзулер – (сурет салып жатқан адамның қолының дірілдеуі) қатты қобалжу.

Жануарлардың түрлері.

Тақырыптық жағынан жануарлар қауіпті, қорқытатын және бейтарап (арыстан, бегемот, қасқыр немесе құстар, ұлу, құмырсқа немесе тиын, ит, мысық тәрізді) деп бөлінеді. Бұл өзіне, «Менге» деген қатынас, өзінің өмірдегі алатын орны туралы көзқарасы, өзін маңыздылығы жағынан сәйкестендіруі (қоянмен, шыбын-шіркеймен, пілмен, итпен және т.б.). Бұл жағдайда салынған жануар – сурет салып отырған адамның өзі.

Агрессивтілік.

Агрессивтілік деңгейі суретте орналасқан бір-бірімен байланысы бар немесе жоқ бұрыштардың санына, сипатына

байланысты. Әсіресе агрессияның негізгі символдарына назар аудару керек – **тырнақтар, тістер, тұмсықтар**. Сонымен қатар айта кететін жағдай, жыныстық белгілерге мән берген жөн – емшектерге, емізік, адам тәріздес фигура және т.б. Бұл жынысқа деген, тіпті жыныстық қатынасқа деген көзқарасы.

Дөңгелек фигурасы (әсіресе ештеңемен толықтырылмаған) тұйықтыққа деген үрдіс, ішкі әлемнің жабықтығы, басқаларға өзі туралы ақпарат бергісі келмеуін білдіреді.

Жануар денесіне әртүрлі механикалық бөліктерді салуға да мән беру керек – жануарды тракторға немесе танкіге қою, ұшаяқ, постаментке қою; басына зырылдауық, бұранда қою; көзіне электролампа салу, денесіне және аяқтарына – ұстағыш, антенна, пернелер салу.

Атауы.


Мағыналы бөліктерді рационалды біріктірумен байланысты («ұшатын қоян», «жүгіретін мысық», «шыбын жегіш» және т.б.).

Басқа нұсқасы – кітаби-ғылыми сөз құрастыру, кейде латындық жұрнақ немесе жалғаулардың болуы («ратолетиус» және т.б.).

Бірінші – ақылдылық, нақты ұстаным және бейімделу; екінші – өзінің ақыл ойын, білімдарлығын, білімін көрсетуге бағытталған демонстративтілік. Ешқандай мағынасы жоқ үстіртін дыбыстық атаулар да кездеседі («лялие», «лиошана», «гратегер» және т.б.). Бұл қоршағандарға деген жеңіл қарым-қатынас, қауіптілік белгісін бағалай алмауды білдіреді.

Суреттегі агрессия белгілері:

- Үшкір импульсивті түзулер, қатты басу;
- Жалпы сипаты агрессивті, шабуылдаушы;
- Агрессивті бөлшектердің болуы (тырнақ, қалқан, ине, тілімдер және т.б.);
- Вербальды агрессия (шанышқы, ара, тіс, азуы, от шығаруы).



осыған ұқсас өмірлік жағдайларын айта бастаса, оған кедергі келтірмеу керек. Оларға қатысты өмірлік жағдайлар және сезімдер топта көбірек айтылса, ол жасөспірімдер үшін жақсы болады.

Керек уақыт– 1-1,5 сағат.

5-жаттығу

Мақсаты: агрессивті мінез-құлық мәселесін түсіну және өзінің жеке агрессивті импульстарының бағыттарын тануды үйрену.

Орындалу тәртібі және нұсқау: «Әрбір адамға табиғатынан агрессивті энергия берілген. Дегенмен оны әртүрлі адамдар әрқалай қолданады: біреулері – бір нәрсені жасау үшін, мұндай агрессивті энергияны конструктивті деп атауға болады; басқалары – бүлдіру немесе құрту үшін, мұндай агрессияны деструктивті дейді. Конструктивті агрессия – бұл белсенділік, жетістікке жетуге ұмтылу, өзін және басқаларды қорғау, еркіндікті және тәуелсіздікті жеңіп алу, өзінің ар намысын қорғау. Деструктивті агрессия – зорлық-зомбылық, қаталдық, жек көрушілік, теріс ниет, ашу, міншілдік, қазымырлық, ыза, қырсықтық, қыңырлық, өзін-өзі кінәлау. Сондықтан да, бізде не болып жатқанын түсіну үшін, өзіміздің агрессивті импульстарымызды білуіміз өте маңызды, оларды басқарып қоршаған ортаға зиянын тигізбей, қалаған арнамызға бұруымыз қажет.

Өзіңіздің мінез-құлқыңызға талдау жасай отырып сұрақтарға жауап беруге тырысып көріңіз: Сіздің агрессивті энергияңыз көбінесе қандай формада (деструктивті немесе конструктивті) көрінеді?

Агрессивті энергияларды басқару тәсіліңізді ойлаңыз: оған жол бересіз бе немесе керісінше, тоқтатуға тырысасыз ба?

Өзіңіздің агрессивті энергияңызға қалай қарайсыз?»

Жаттығуды орындау барысында топтың әр мүшесіне өз ойын айтуға мүмкіндік тудыру қажет, уақытты және оның айтып жатқан тақырыбын қысқартуға болмайды.

Керек уақыт – 1-2 сағат.

Жүргізуші балаларды белсенділікке шақырып отырады. Ойын балалар өздері тараған кезде немесе жүргізуші тоқтатқан кезде аяқталады. Ол үшін «Сағат 6 болды, базар жабылады» деп айтылады.

Керек уақыт – 1 сағат.

Ойын аяқталған соң топ алған әсерлерімен бөліседі. Қай жерде қиындық болды? Қандай рөл ұнады? Сатушы ма, әлде сатып алушының ба? Ойын кезінде қандай сезімде болдыңдар?

Сосын барып жаттығуды жалпы түрде талқылау керек. Жаттығуда не ұнады? Не ұнамады? Не оңай, не қиын болды?

4-жаттығу.

Мақсаты: эмоциялармен танысу, вербальды, вербальды емес сезімдермен қарым-қатынас жасау, жағымсыз тәжірибелерге қарсы тұра білу.

Материалдар: алдын ала дайындалып алынған ішінде сезімдер жазылған карточкалар. Олар мыналар болуы мүмкін: реніш, қуаныш, өкпе, шабыт, қорқыныш, қанағаттану, ыза, ұят, аса масаттанушылық, ризашылық, таңдану, қорқу, ұялу, қайғы.

Орындалу тәртібі және нұсқау: *«Сіздерге сезімдер жазылған карточкалар таратылады. Олармен танысыңыз, бірақ қасыңыздағыларға көрсетпеңіз. Мына алдарыңызда тұрған үстелге шығып, «ескерткіш» секілді, қолыңыздағы карточкадағы жазылған сезімді көрсетесіз. Топтың міндеті – «ескерткіштің» қандай сезімді бейнелегенін табу. «Ескерткіш» тренердің бұйрығымен ғана «бұзылады» (бұл жерде топтың әр мүшесінің өз ойын айтқаны дұрыс). Осы бөлім біткеннен кейін топ дөңгелектене отырады.*

Карточкаңызда көрсетілген сөзді қалай түсінетініңізді түсіндіріңіз. Бұл қасиеттердің нені білдіретіндігін және қандай өмірлік жағдайларда туындауы мүмкін екендігін бейнелеуге тырысыңыз.

Өміріңізде осы сезімдерді көрсеткен қандай да бір жағдайды еске түсіріп көріңіз. Әңгімелеп берсеңіз болады.»

Эмоционалды тәжірибені талқылағанда жаттығуға қатысқан әрбір қатысушыдан ақпарат алуға тырысу керек. Сонымен қатар, бір адам өз сезімін айтып жатқан кезде, оның сезімдері топта отырған басқа қатысушының де сезімдерін оятып, ол да өзінің

Кейде жануарлар агрессивті бөлшектерге толы болады, бірақ оларды қолдану сипаты агрессияны емес агрессиядан қорқуды көрсетуі мүмкін. Мұны анықтауға әңгімелесу көмектеседі. Егер зерттелуші бұлар қорғануға қажет десе, онда агрессиядан қорқуды сипаттайды.

Әңгімелеудегі агрессияның белгілері:

- Ашулы мінез;
- Жануарлармен, адамдармен қоректену;
- Агрессияға деген анық көрсетулер (бұзу, сындыру, өлтіру, жеу), егер агрессияның белгілері оның мінез-құлығынан көрініс бермей, суретінде, әңгімесінде көрініс берсе – бұл ығыстырылған агрессия;
- Тұрғылықты жерінің алыс болуы;
- Жануардың жалғыздығы;

Агрессивтілік деңгейін бағалау шәкілі

1. Суреттегі сызықтардың қатты, сенімді болуы – 1 балл
2. Суреттің ұқыпсыздығы – 1 балл
3. Үшкір бұрыштардың көп болуы – 1 балл
4. Бұрыштардың жоғары орналасуы – 1 балл
5. Суреттің үлкендігі – 1 балл
6. Басы оңға немесе анфас тұруы – 1 балл
7. Құйрығы жоғары қарауы, үлпілдек болуы – 1 балл
8. Қорқытатын көзқарас – 1 балл
9. Қорқынышты кейіп – 1 балл
10. Шабуылдау құралдарының болуы (тістер, мүйіз, тырнақтар) – 1 балл
11. Жыртқыштар – 1 балл
12. Басшы немесе жалғыз — 1 балл
13. Шабуылдағанда дәстүрлі тәсілдермен әрекет етеді – 1 балл
14. Түнгі жануар – 1 балл
15. Басқа белгілер – 1 балл

Суретті талдау нәтижесінде қорытынды баға есептеліп, баланың агрессивтілік деңгейі туралы қорытынды жасалады (неғұрлым қорытынды сома көп болса, соғұрлым баланың агрессивтілік деңгейі жоғары болады).

Агрессивтіліктің өте жоғары деңгейі – 11-15 балл.

Агрессивтіліктің жоғары деңгейі – 7-10 балл.

Агрессивтіліктің орта деңгейі – 4-6 балл.

Агрессивтіліктің әлсіз деңгейі – 0-3 балл.

3. Э. Вагнердің «Қол тесті» әдістемесі

Бұл әдістеменің авторы Э. Вагнер қол қызметінің дамуы бас миының дамуымен байланысты дейді. Яғни, зерттелушілерге көрнекі материал ретінде әртүрлі әрекет жасап тұрған қолдың суреттерін көрсетіп, тұлғаның агрессивтілігі туралы қорытынды жасауға болады.

Әртүрлі әрекет жасап тұрған қолдың суретін көрсетіп, зерттелушіден оны талдап беруін сұрайды. Суретте көрсетілген әрекет түрін таңдау проекция механизмі арқылы жүзеге асады және зерттелушідегі белгілі бір жағдайлармен байланысты болып келеді.

Стимулдық материал – қолдың суреті салынған стандартты 9 карточка және бір суреті жоқ карточка беріледі. Суреттегі қол не істеп тұрғанын айтып беруі керек.

- Суреттер белгілі тәртіпте және орналасуда көрсетіледі.

- Нақты емес және екі жақты жауап берілсе, оны анықтап айтуын өтінеді: «Жақсы, тағы да не?» деп сұрайды, тек ешқандай жауапты міндеттемейді. Егер Сіз өзіңіздің әрекеттеріңізден қарама-қайшылық кездестірсеңіз, келесі суретке ауысуыңызға болады.

- Сурет-карточкаларды кез келген жағдайда ұстауы мүмкін.

- Карточка бойынша жауаптар нұсқасы шектелмеген және зерттелушілерден қарсыласудың пайда болуына алып келетін стимулдар болмауы керек. Әдетте *жауаптың төрт нұсқасын* алған жөн. Егер жауаптар саны аз болса, анықтап аласыз, басқа ештеңе айтқысы келе ма жоқ па сұрап аласыз, ал хаттамада тек

3–жаттығу

Мақсаты: тұлға ішілік жанжалдарды ойнау, оған өз қатынасынды анықтау, өз жағымсыз қасиеттеріңді жағымды бағалауға тырысу. Жаттығу екі бөліктен тұрады.

1-БӨЛІМ

Қыздыру жаттығулар

Орындау тәртібі: қатысушылар үлкен шеңбер болып отырады. Әркім өз атының бас әрпінен келетін жағымды және жағымсыз қасиеттерін айтуы керек.

Керек уақыт – 5-10 минут.

Жаттығу аяқталған соң талқылау керек.

2-БӨЛІМ

«Сиқырлы базар» ойыны.

Үлкен және кіші қағаздар керек. (Әр адамға 10 данадан).

Орындалу тәртібі: қатысушылар шеңбер болып отырады. Берілетін нұсқау: «Сіздердің ата-аналарыңыз бен мұғалімдеріңіз сендерді өздерін жаман ұстайды және бойларыңда жаман қасиет көп деп шағымданды. Бірақ менің ойымша әр адам өз қылықтарына өзі баға бере алады. Келісесіздер ме?» (Топтан кері байланыс алу керек). Бірақ дегенмен де біздің бойымызда бізге көмектесетін және кедергі келтіретін қасиеттеріміз бар. Сондықтан қазір «Сиқырлы базар» деген ойын ойнаймыз. Бұл базарда адамның бойындағы қасиеттер сатылады.

Үлкен қағазды алып «САТЫП АЛАМЫН» деп жазып астына саудагерлер оқи алатындай анық етіп, өздеріңіз алғыңыз келетін қасиеттерді жазыңыздар. Бұл қағазды кеуделеріңізге түйреуішпен түйреп алыңыз.

Енді кішкене қағаз алып сатқыңыз немесе ауыстырып алғыңыз келетін қасиеттерді жазып алыңыз.

Базар ішінде жүріп, тауарларды қараңыз. Бұл жерде шектеу жоқ, сіз өзіңіздің бір қасиетіңізге бірнеше қасиеттерді ауыстырып ала аласыз. Тек есте сақтаңыз – орнына ешнәрсе алмай қасиетті бере салуға болмайды, ұнамаса басқа нұсқаларын қарастырыңыз».

2-БӨЛІМ

Өз агрессиямен жұмыс кезінде қажетті қабілеттер мен іскерліктердің ішінде өзін-өзі ерікті реттей алу қабілеті маңызды болып табылады. Бұл жерде өзінің жағымсыз қасиеттерің мен сезімдеріңді талдау және өзіндік талдау маңызды рөл атқарады. Сондықтан келесі тапсырмалар кешені өзіндік сананы ынталандыруға бағытталған.

1-жаттығу

Мақсаты: Мен күйлерін өткен, осы, келер шақта өзектендіру, өзіндік сананы белсендіру.

Орындалу тәртібі: 3-4 адамнан бөлініп топ болып отырады. Аралары 1,5-2 метр болуы керек. Қатысушыларға: «Топ ішінен жатығуды бастайтын адамды таңдаңдар» деген нұсқау беріледі. Сіздерге сөздер беріледі, сол сөзден басталатын фразаларды айтуыңыз керек. Жаттығу 3 сериядан тұрады.

1-серия. **Мен бұрын...**

2-серия. **Шын мәнінде мен...**

3-серия. **Мен енді...**

Керек уақыт – әр серияға 5-10 минут.

Басшының рөлі сөйлемнің керекті сөзден басталуын қадағалау, ойынның белсенді өтуіне жағдай жасау – «Фразаның қалай аяқталуын ойламай, басыңызға келгенін айтыңыз, егер айтуыңыз қиын болып есіңізге ешнәрсе түспесе, ойынды келесі адамның жалғастыруына беріңіз». 3-серия аяқталған соң бұл жаттығуда не ұнап, не ұнамағанын айту, қай серияда қиындық болды, орындау кезінде не ойлағандарыңызды айту керек.

2-жаттығу

Мақсаты: Мен-мотивациясын өзектендіру, еріктік реттеу үдерістерін белсендіру.

Орындалу тәртібі: 1-жаттығудағы сияқты.

1-серия. **Мен ешқашан...**

2-серия. **Мен ... қалаймын, бірақ оны істей алмайтын шығармын**

3-серия. **Егер мен шынымен қаласам, онда...**

Керек уақыт: әр серияға 5-10 минут.

бір ғана жауап нұсқасы айтылған жағдайда *4 белгісі қойылады, яғни бұл жалғыз баламасыз жауап болады және 4 баллға тең.

• Барлық жағдайларда анық емес жауаптарды болғызбауға тырысу керек.

• Барлық жауаптар хаттамада тіркеледі. Жауаптардан басқа зерттелушінің карточканы қалай ұстағандығы, сонымен қатар суретті көрсеткен уақыттан жауап беру уақыты да тіркеледі.

Нұсқау: Баланың алдына № 1 карточканы көрсетіп:

«Қара, мына жерде қолдың суреті салынған. Оған мұқият қарап – бұл суретте қол не істеп тұрғанын айт? Егер саған бір нәрсе түсініксіз болса, суретті қолыңа ұстап қарауыңа болады»

Әдетте, балаға қысым көрсетпей, толық талдау алу үшін әр сурет бойынша 2-3 жауап алу керек.

Ары қарай №2 суретті балаға көрсетіп нұсқауды келесі түрде қайталау керек: «Қол не істеп тұр?». Балада көбіне барлық суреттерде бір қолдың суреті салынған ба деген сұрақ туындайды. Бұл жағдайда балаға психологтың оны білмейтіндігі туралы түсінікті түрде айтуы керек, ал бала оған сурет қалай көрініп тұрғанын айтуы керек.

Осылайша, балаға реті бойынша 9 суретті көрсетеді. Әр сурет балаға бастапқыда стандартты түрде көрсетіледі (тест нөмірі берілген түрінде). Балаға тура суреттегі әрекеттерді өз қолымен қайталауына тыйым салуға болмайды, бірақ хаттамада бұл жәйттерді тіркеу керек («Нәтижелерді тіркеу» бөлімінде).

Егер бала жауап беру барысында қиналса, оған келесі түрде нұсқау беруі керек: «Тырысып көр, басқадай айналдырып қара, тағы бір рет қарап көр», «Бұл қиын емес» және т.б.

Жауаптар нақты болмаса және өте қысқа болса баладан анықтап сұрап алу керек (мәселен, кімнің қолын алып тұр, кімді ұрғысы келіп тұр, бірінші болып ұра ма, әлде екінші болып па, нені сипалағысы келіп тұр және т.б.).

№ 10 суретті көрсеткенде (бос карточка) балаға төмендегідей нұсқау беріледі: **«Сенің алдында бос қағаз тұр. Бұл жерде ештеңенің суреті салынбаған. Көз алдыңа қолды елестетіп, оның не істеп тұрғанын айтып бер».**

Осылайша алдыңғы карточкаларды көрсеткендей, анықтауыш сұрақтарын қоюға болады және де оларды қысқаша хаттамаға тіркеу қажет.

Нәтижелерді тіркеу.

Баланың барлық жауаптары тіркеледі, суретті көрсеткен кезден жауап берген кезге дейінгі уақыт, анықтауыш сұрақтар, суретті ұстау жағдайы (стандартты немесе ауыстырылған) және әр сурет бойынша қосымша түсіндірулер тіркеледі.

1. Агрессия (А). Қол зақым келтіріп жатқан, белгілі бір нәрсені белсенді түрде ұстап тұрған, агрессивті әрекет жасап жатқан қол (шымшып, шапалақпен ұру, өсімдікті өлтіру, ұрайын деп тұрған және т.б.) ретінде қабылданады.

2. Нұсқау (У). Қол бір әрекет үдіреске қатысады: бағыттап, кедергі жасап, басқаларға жол көрсету (оркестрге дирижер болу, нұсқау көрсету, дәріс оқу, мұғалімнің оқушыға: «шық мына жерден» деуі, милиционердің машинаны тоқтатуы және басқалар).

3. Қорқыныш (С). Қол басқа адамдардың агрессивті әрекеттерінің құрбаны немесе өзін қандай да бір дене әсерден қорғаушы ретінде қабылдануы; өзіне зиян келтіріп жатқан ретінде. Бұл санатқа агрессияны терістеу үрдісі да жатады (ашулы қол, жұдырықты түю, бірақ ұру үшін емес; қорқыныштан қолды көтеру; соққыны тоқтатқан қол және т.б.).

4. Эмоционалдылық (Э). Қол басқа адамдарға деген махаббатты бейнелеп тұрған қол; біреуге деген бауыр басушылықты, жақсы қатынасты, мейірімділікті бейнелеп тұрған (достық қол алысу; иықтан қағу; жануарды сипалау, гүл беріп тұрған қол; құшақтап тұрған қол және т.б.).

5. Қарым-қатынас (К). Қолдың қарым-қатынас әрекеттерін бейнелейді: біреуге карап сөйлеу, қарым-қатынас орнатуға тырысу. Қарым-қатынас жасап тұрған серіктестер теңдігі (әңгімедегі ым-ишара, ым-ишара тілі, жолды көрсету)

6. Тәуелділік (З). Қол басқа адамға бағыныштылықты көрсетеді: екінші жақтың жақсы қарым-қатынасына негізделген «жоғарыдан төменге» позициясындағы қарым-қатынасқа қатысу (өтініш; солдаттың офицерге құрмет көрсетуі; оқушы сұрақ қою үшін қолын көтерді; садақа сұрап тұрған қол; адам жолда машина тоқтатып тұр және т.б.).

қатты ысқырады. Машинисттер ауысады. Ойын барысында паровоз рельстен шығып қалуы, құлауы мүмкін.

2-жаттығу

Орындалу тәртібі: ойыншылар 2 топқа бөлінеді. Ойын футболға ұқсайды. Доптың орнына жастық қолданылады. Ересектер – төреші болады, жастықты аяқпен ғана емес, қолмен де лақтыруға болады. Басты мақсат – қақпаға гол салу. Жастық жоқ кезде бір-біріне қол жұмсауға, итеруге болмайды – бұл басты ереже. Айыптылар алаңнан қуылады

3-жаттығу

Орындалу тәртібі: балалар өздері қалаған жануарларға айналады, басында орындықтардың артында, торда отырғандай отырады. Әр қайсысы өз кезегінде өз жануарын көрсетеді. Қалған балалар оның қандай жануар екенін табуы керек. Барлығын тауып болған соң «андар» еркіндікке шығып, бір-бірімен ойнауына, жүгіруіне болады.

4-жаттығу

Орындалу тәртібі: жастықтардан үлкен үй тұрғызылады. Әр баланың міндеті – «батыл шабуылмен» оған айғайлап тұрып секіру. Үйді бұзбай оған секірген бала жеңіске жетеді. Әр бала өз мүмкіндіктеріне байланысты үй тұрғызуына болады. Бір бала шабуылдаған кезде қалғандары қолдау көрсетуі керек – «Жарайсың», «Керемет» деп айтулары керек.

5-жаттығу

Нұсқау: «Араларыңнан кім ағаш жарған адамды көрді және кім ағаш жарып көрді? Кім көрсете алады? Балтаны қалай ұстау керек? Адам аяғын қалай ұстап тұру керек?»

Айналаңызда орын қалатындай етіп тұрыңыз. Сізге бірнеше отын жару керек. Сіз жаратын ағашыңыздың жуандығы қандай, соны көрсетіп, оны тақтайға қойып балтаңызды жоғары ұстаңыз. Балтамен әрбір отынды жарған сайын «Х» деп айқайлаңыз.

Жүргізуші «тоқта» деп айтқан кезде ойын тоқтайды. Әр бала өзінің неше отын жарғанын айтуы керек.

Керек уақыт 2-3 минут.

3-жаттығу. «Темір жол кассасы»

Жүргізуші. *«Өзіңізді вокзалдамын деп елестетіңіз, сіз мінетін поезд 15 минуттан кейін жүргелі тұр. Кассада бір билет қалды, бірақ кассир билетті сатпай тұр. Сізге билетті сатуына кассирді сендіру керек».*

Өзіне-өзі сенімсіз, ұялшақ бала «кассир» етіп таңдап алынады. Қандай-да бір жағдай болған кезде жолаушыларды сыртқа шығаратын «күзетші» таңдалынады.

Қатысушылар кассаның алдына кезекке тұрады. Жетекшінің белгісімен касса ашылады да тура 15 минуттан кейін жабылады.

Талқылау жүргізіледі. «Кассир» кері байланыс жасайды: Ол кімге билет сатар еді? Не үшін? Кімге сатпас еді? Не үшін? «Кассир» үшін дұрыс нұсқа жасалынады.

«Психоэмоционалды тренинг»

Бұл тренинг баланың агрессивтілігін төмендетуге бағытталған. Психотерапия мамандары жағымсыз энергияны сыртқа шығарып, олардан босану керектігін және өз эмоциялары мен күйлерін бақылау керектігін айтады. Сондықтан да эмоциялық, еріктік, адамгершіліктік және жүріс-тұрыстық салаларда өзгерістерді ынталандыру үшін келесі жаттығулар ұсынылады.

1-БӨЛІМ

Агрессивтік реакциялар мен күйлерді жүріс-тұрыстық деңгейде бойдан кешіру бойынша жаттығулар. Бұл сырттай агрессияны азайтуға бағытталған вербальды немесе дене әрекеттері түрінде болуы мүмкін. Бұл блоктың мақсаты: агрессияны сыртқа шығара отырып, ішкі ширығуды төмендету.

1-жаттығу

Орындалу тәртібі: балалар бірінің иығына бірі қолдарын қойып бірінің артына бірі тұрады, паравоз құрады. Жүргізушінің «паровоз» деген бұйрығынан соң қозғалысты бастайды: дыбыс шығарады, ысқырады, дөңгелегі бір такт бойынша істейді, балалар бір-біріне сәйкес қимылдауға тырысады. Паровоз түрлі бағыт бойынша жүреді, баяу жүреді, басқа бағытқа ауысады,

7. Демонстративтілік (Д). Қол әртүрлі тәсілдермен өзін көрсетуге тырысады, қолдың демонстративті әрекетке қатысуы (сақинаны көрсету, маникюрын көрсету, қабырғада көрсету, билеу, музыкалық аспапта ойнау және т.б.).

8. Жарымжандық (УВ). Қол зақымдалған, ауру қол, белгілі бір әрекеттерге деген қабілетсіздік (зақымданған қол, ауру адамның немесе өлейін деп жатқан адамның қолы, сынған саусақ)

9. Белсенді өзіндік қасиетінің жоқ болуы (АБ). Қол қарым-қатынаспен байланысты емес әрекетке араласу; бірақ қол өзінің физикалық орналасуын ауыстыруы мүмкін (инеге жіпті сабақтау, жазу, тігу, машина жүргізу, жүзу және т.б.).

10. Енжар өзіндік қасиетінің жоқ болуы (ПБ). Әрекетсіз қол немесе әрекет жасайын деп тұрған қол немесе әрекет етуі үшін басқа адамның қатысуын қажет ететін қол, бірақ қол өзінің денелік орналасуын өзгертпейді (демалып жатыр; қозғалмай жатыр; адам үстелге сүйеніп отыр; ұйқы барысында салбырап тұруы)

11. Сипаттау (О). Бұл санатқа қандай әрекет жасап тұрғаны белгісіз қол жатады (томпақ қол, әдемі қол, баланың қолы, ауру адамның қолы).

Тестің нәтижелерін өңдеу және талдау:

Зерттелушінің әр жауабын 11 санаттың біріне жатқызамыз.

«Агрессия» және «Нұсқау» санаттарына жататын жауаптар зерттелушілердің агрессияның жоғары түрлерімен, қоршағандарға бейімделгісі келмеуімен байланысты жауаптар.

«Қорқыныш», «Эмоционалдылық», «Қарым-қатынас» және «Тәуелділік» санаттарының жауаптары әлеуметтік ортаға бейімделумен байланысты әрекеттер үрдіні көрсетеді; бірақ агрессивті мінез-құлықпен байланысты емес.

Агрессивтіліктің қосынды баллы келесі формула бойынша есептеледі:

A = (Агрессия + Нұсқау) – (Қорқыныш + Эмоционалдылық + Қарым-қатынас + Тәуелділік)

Яғни, ашық агрессивті мінез-құлық көрсеткіші алғашқы екі санат бойынша жауаптардың қосындысынан «бейімдегіш» жауаптардың қосындысын шегеру.

Формуланьың бірінші мүшесі агрессивті үрдісті сипаттайды, екінші – ұстамды агрессивті мінез-құлық үрдістерін.

Тест нәтижелерінің қысқаша талдауы қосынды көрсеткішті тест нормаларымен сәйкестендіріп зерттелушінің қазіргі жағдайы туралы агрессивтілік деңгейі туралы шешім қабылданады.

Осылайша, жағымды тұлға аралық қатынасқа негізделген жауап санының көп болуына қарамастан, әлеуметтік кооперацияны сипаттайтын жауаптардың толық болмауының өзінде 2-3 агрессивті жауап қастандық деңгейінің жоғары болуын сипаттайды.

Әр санатқа сәйкестендіргеннен кейін әр санат бойынша пікірлер саны есептеледі. Әр санат бойынша жауаптар пайызы есептеледі.

1-жаттығу. «Мүсін жасаймыз».

Жүргізуші балаларға шеңбер жасап тұруды ұсынады. Жасөспірімнің біреуі «балшық» болады, ал қалғандары «мүсіншілер». Тапсырма: «Қайырымдылық» деп аталатын мүсін жасалады. Кезекпен ойынның барлық қатысушылары «балшық» болады. Мүсіннің атауы да өзгертіліп отырылады — «Жауапкершілік», «Махаббат», «Жек көрушілік», «Батылдық», «Сенімділік», «Қорғансыздық», «Әділдік».

2-жаттығу. «Менің құқықтарым»

Жүргізуші жасөспірімдердің өз-өзіне сенімділігін арттыру үшін, «менің құқықтарым», «адамның құқығы» түсініктерін түсіндіреді. Сосын балаларға «Жасөспірімдердің құқықтары тақырыбында декларация» жазу ұсынылады. Тапсырманы орындауға 10-15 минут уақыт беріледі. Тапсырма орындалғаннан кейін жалпы «Декларацияны» жасау үшін «конституциялық комиссия» жұмыс жасайды.

Жетекші критерийлерді береді:

1. Сенің құқығың басқалардың құқығын шектемеу керек.
2. Бұл құқықтарды жүзеге асыру басқа адамдар емес, сенің өзіңе байланысты. Ары қарай топта театрлық қойылым түрінде талқыланған құқықтар қабылданады. Топ мүшелері талқыланған құқықтарды қорғайды, ал жетекші оған күмәнданады. Қабылданған ұсыныстар тақтаға жазылады. Соңынан жетекші алынған «декларацияны» оқиды.

Жүргізуші: *«Жеке құқықтарымызды қорғауда біз тек өзімізге ғана қараймыз және оларды өзіміз қорғаймыз, біз өзімізге ғана сенуіміз керек. Бірақ бұл үшін біз өзімізді дұрыс ұстай білуіміз керек және басқалардың құқықтарын шектемеуіміз қажет.»*

Ең бастысы — өзіңіздің құқығыңызды қорғай отырып, айналаңыздағы басқа адамдардың да осындай құқығы бар екендігін естен шығармаңыз. Басқалардың құқығын өз құқығыңызды қорғағандай қорғаңыз.»

Құқықтар тізімін плакатқа жазып балалардың алдына іліп қойыңыз. Өзінің және өзгелердің құқықтарының сәйкестігінің негізі талқыланады.

2-жаттығу. «Сиқырлы дүкен»

Жүргізуші: «Өзіңіздің қалағаныңызды сатып алатын сиқырлы дүкенге кезіктім деп елестетіңіз. Кез келген мінез қасиеті, кез келген рухани құндылықтар: жалпы алғанда «не алғың келеді бәрін ал бірақ ақысын төле. Дүкен ерекше болғандықтан, одан алған затыңның ақысын өз қасиеттерің арқылы төлеу қажет»

Кеңістік ұйымдастырылады: сатушы сөресі, қойма, есік; қатысушылардың арасынан «тапсырыс беруші» таңдалады — жүргізушінің көмекшісі, дүкенге келіңіздер деп шақыратын «жарнама агенті» және қатысушылар «кезекке» тұрады. Дүкеннің жұмыс уақыты шектеулі екені ескертіледі, ол кез келген уақытта жабылып қалуы мүмкін. Жетекші дүкенге келушілердің бастамасын мадақтайды, өйткені ол сатып алуды жүргізеді. Тапсырыс беруші қоймадан қасиеттерді әкеледі, олар зат секілді сатылады. Дүкенге кіргісі келгендердің барлығы кіріп болған соң, талдау жүргізіледі: өздеріңіздің қасиеттеріңізден айырылу қаншалықты қиынға соқты? Неліктен осы қасиеттер қажет? Ойын барысында өздеріңді қалай сезіндіңдер? Неліктен кейбіреулеріңізге сатып алуда қиындықтар кездесті?

3-жаттығу. «Сөйлемді аяқта»

Жүргізуші барлық қатысушыларға сөйлемді аяқтауды қажет ететін бланкілерді таратып береді:

1. «Мен осындай сәттерде ... бақыттымын»
2. «Маған ең жаманы ...»
3. «Түсіне алмаймын, неліктен мен...»

— «Менің өмірім жақсырақ болар еді, егер де мен...»

— «Өзімнен өзгерткім келетін ең басты нәрсе, – бұл...»

Жетекші бланкілерді 5-10 минуттан кейін жинап алады. Нәтижелері топта талқыланбайды (бұл бланкілерді жетекші талдайды және кейінірек жеке кеңес беруде қолданады).

4-САБАҚ


Тақырыбы: «Мен адамдар арасында»

Мақсаты: Эго позициясын күшейту.

I



II



III



IV



8-кезең. «Соқпақ және жар».

Жүргізуші екі орындықты қосады (7 адамнан тұратын топ) және оларды жіппен байлайды (тұрақты болуы үшін). Тағы да 4 орындықты байланған орындықтан 30 сантиметрдей алшақтықта қарама-қарсы қояды, «соқпақ» және «арал» болуы үшін.

Жүргізуші. *«Қазір менің бұйрығыммен сіздер мына соқпақпен жүгіріп өтулеріңіз керек (орындықтарды көрсетеді) және мына аралға барып тұрасыздар (байланып тұрған орындықтарды көрсетеді). Аралда барлықтарыңыздың тұруларыңыз қажет. Барлықтарыңыз аралда тұрған кезде бірігіп бір ұран шығарасыздар. Барлықтарыңыздың аралға жиналып айғайлағандарыңызды естігеннен кейін мен секундомерді өшіремін. Егер де біреуіңіз соқпақтан құлап қалсаңыздар, барлық топ ойыннан шығады және айып ұпайы салынады. Басталды!»*

Ойынды талдау. «Идеалды уақытпен» салыстыру. Қай кезеңдер көп есте қалды, не үшін? Не оңай болды, не қиын болды? Достарыңыз жайлы жаңадан не білдіңіздер?

3-САБАҚ

Тақырыбы: «Дос болып жүрейікші»

Мақсаты: тренингке қатысушылардың рефлексиясын көтеру.

Сабақтың басталу рәсімі.

«Басқалардың өзіңе қалай қатынас жасағанын қалайсың, оларға да солай қатынас жаса» тақырыбында жетекшіге сөз беріледі.

1-жаттығу. «Сөйлейтін алақандар»

Жүргізуші. *«Қазір жұпқа бөлініп, қолдарыңыздан ұстап, көздеріңізді жұмыңыздар. Қолдарыңыздың сөйлеп тұрғанын елестетіңіз. Тек қолдарыңыздың көмегімен сізге мынаны жасау керек: бір-бірлеріңізбен танысу, пікір таластыру, ұрысу, айтысу, достасу, бір-бірлеріңізден кешірім сұрау».*

Талқылау: Осы жағдайларда сіз қандай сезімде болдыңыз, олардың қайсысы жағымды, қайсысы жағымсыз, не үшін?

Үй тапсырмасын талқылау: қандай жағдайлар сізде жағымсыз бағалауды тудырды, не үшін? Қайсысы жағымды, не үшін?

Жүргізуші. «Қазір менің бұйрығыммен сіздер барлықтарыңыз жіптің басқа жағына шығуларыңыз керек.

Жіптен тек аттап өтуге болады. Ешқандай заттарды – орындықтар, үстелдер т.б. қолдануға болмайды. Егерде, бір ойыншы жіпке тиіп кетсе, онда алдын өтіп қойған ойыншылар ойынды қайтадан бастайды. Егер де біреу құлап қалса барлық топ ойыннан шығып, 300 айып секундын алады. Басталды!»

Жүргізуші ойыншыларға олардың бір-біріне көмектесуі керек екенін ескертпейді. Ойыншылар бір-бірін демеп ойнаса, жүргізуші олардың жіберген ұсақ қателіктерін байқамағандай болып, кейбір жағдайларда тіптен жіпті сәл түсіруі мүмкін.

6-кезең. «Қорап»

Жүргізуші топқа бір сызыққа тұруын өтінеді және сіріңке қорабының сыртын көрсетеді.

Жүргізуші: «Қазір сіздерге қорапша бірінші ойыншыдан бастап соңына дейін беріледі. Шарты: қорапшаны біз қолмен емес мұрынмен мұрынға береміз. Бірінші ойыншыға мен өзім мұрнына қолыммен қорапшаны кигіземін. Егер де қорапшаны беріп жатқанда құлатып алса, онда сол қорапшаны берген адам қолымен қорапшаны қайтадан мұрнына кигізіп ойынды әрі қарай жалғастырады. Басталды!»

7-кезең. «Хайуанаттар бағы»

Жүргізуші: «Қазір мен сіздерге әр түрлі жануарлар жазылған карточкалар таратамын. Сіздер бір мезгілде екі нәрсені жасауларыңыз керек:

біріншіден, осы жануардың шығаратын дыбысын жасайсыз, екіншіден, тағы кімдердің осындай дыбыс шығарып жатқанын естіп соларға барып қосыласыз да, «үйір» жасайсыздар. Мысалы, егер де сізде «қой» деп жазылса, онда сіз «бе-е-е» деп айғайлайсыз. Барлықтарыңыз тұрып болғаннан кейін мен секундомерді тоқтатып карточкаларыңызда не жазылғанын тексеремін. Егер де кімде кім өз үйірінде болмаса немесе қателесе топқа 10 айып секунд беріледі»

Жетекші барлығын дөңгелектене тұрғызып карточкалар таратып береді. Ойынның басталуы «басталды!» бұйрығынан соң басталады. 7 адамнан тұратын топқа карточкалар: «ит» – 2 дана, «мысық» – 3 дана, «қаз» – 2 дана.

V



VI



VII



VIII



алдында тұрған ойыншы артына қарауы қажет. Ойыншы карточкадағы сөзді алдыңғы ойыншыға қимылмен түсіндіреді. Ол ойыншы осылайша алдында тұрған ойыншыға осы сөзді қимылмен түсіндіреді, басқа қимылдарды қолданса болады. Қатардың ең алдында тұрған ойыншыға кезек жеткен кезде ол көрсетілген қимылды дауыстап айтады. Ойын барысында дауыстап ешнәрсе айтуға болмайды. Әр айтылған сөзге – 10 секунд айып салынады, жаман сөз айтылса – 20 секунд айып салынады. Иықтан түртпей тұрып қарауға болмайды, ондай жағдайда да айып салынады. Егер де ең алдында тұрған ойыншы карточкада жазылмаған, спорттың басқа түрін айтса онда артындағы ойыншылардың қайсысынан қателік кеткенін біртіндеп анықтаймыз. Қателескен әр ойыншыға 10 секунд айып салынады».

Жүргізуші топтың сұрақтарына жауап береді, ойыншылар бір-бірлерінің арттарынан қатарласып тұрады, жаттығу басталады. Карточкада мынандай сөздер болуы мүмкін: «баскетбол», «жүзу», «волейбол».

4-кезең. «Лабиринт»

Топ кабинеттен шығады, жетекші 5 орындықты бір сызықтың бойымен шахмат тақтасы секілді орналастырады. Топ кіреді. Жетекші капитан тобын таңдауды ұсынады.

Жүргізуші. «Қазір мен капитанның көзін байлаймын. Ол ирек сызық жасап орындықтардың арасынан өтуі қажет (қалай жасалатынын көрсетеді). Кез келген орындыққа немесе басқа ойыншыға тиіп кетсе онда 10 секунд айып салынады. Топ қалай жүру керек екенін айтып капитанына көмектесуі керек».

Жүргізуші ойыншыларға бөлменің ішін есептеп алуға және капитанға кезекпен айтып отырғанның дұрыс екенін айтпайды. Капитанның көзін байлап, жетекші «Басталды!» деген бұйрық береді.

5-кезең. «Қысқа жіп»

Топ ойынға шыққанда, жүргізуші орындықты үстел үстіне қойып, оған жіп байлайды, жіп орта бойлы ойыншының кеуде тұсының биіктігіндей болуы керек. Жіптің екінші шетін жүргізуші өз қолында ұстайды. Бөлме жіппен бөлінген болып шығады.

қосымша уақыт беріледі. Жол парағында кезеңдер атауымен, уақыты жазылып отырады, ол жерде «идеалды уақыт» және кезең атауы көрсетілген. Ойыншылар қол ұстасып кабинеттен бірге шығады. Жүргізушінің бұйрығы бойынша олар қайтадан кіреді.

1-кезең. «Сауық кеші»

Жүргізуші. *Алыс жолға шығар алдын кішкене уақыт отыра тұру салты бар. Міне қазір сіздер де отыруларыңыз керек, бірақ бұл жерде сіздер әрқайсыңыз біреудің тізесіне отыруларыңыз керек және сіздің тізеңізде біреу отыру қажет.*

Басқа еш нәрсе түсіндірмей жетекші «Басталды!» деген бұйрық беріп секундомерді қосады.

Ойыншылар шеңбер болып бір-бірлерінің алдына отыруды түсініп, солай отырған кезде ғана секундомер тоқтайды.

2-кезең. «Нөмірлер»

Жетекші ойыншыларға арқаларына жапсыруға болатын (қатысушылар саны бойынша), қағаздан дайындалған нөмірлер көрсетеді. Барлығына шеңбер болып тұру ұсынылады.

Жүргізуші: *«Қазір мен әрқайсыңызға нөмір жапсырамын бірақ олар рет-ретімен емес. Сіздің міндетіңіз: бірінші нөмірден ең соңғысына дейін қатарласып тұра қалу және ойынның маңызды шартын сақтау керек — ешнәрсені дауыстап айтуға болмайды. Өз нөміріңізді шешіп алып қарауға болмайды, саусақтармен көрсетуге және басқа әдістермен де көрсетуге болмайды. Бұл ережелерді бұзғанға – 10 секунд айып салынады, жаман сөздер айтқанға – 20 секунд. Басталды!»*

3-кезең. «Бұзылған телефон»

Жетекші бұл кезеңнің де алдындағылардай сөйлемей өтетіндігін түсіндіруі қажет. Барлығына бір сызықтың бойымен тұру ұсынылады.

Жүргізуші. *«Қазір барлықтарыңыз бір-бірлеріңіздің арттарыңыздан тұруларыңыз қажет. Ең соңғы ойыншыға спорттың бір түрі жазылған карточка көрсетемін. Мысалы, «футбол». Ойыншы карточкадағы сөзді оқып басын изегеннен кейін мен секундомерді қосамын. Осыдан кейін ойыншы алдында тұрған ойыншының иығынан ұстау керек, сол кезде ғана*



4. А.М. Прихожанның мектеп қобалжуын диагностикалау әдістемесі

Мектеп қобалжуын диагностикалауға арналған проективті әдістемені А.М. Прихожан өңдеді.

Тест 18 x 13 см көлемдегі 12 суреттен тұратын 2 жиынтықтан тұрады. *А жиынтығы* қыз балаларға арналған, *Б жиынтығы* – ұлдарға. Суреттердің реттік нөмірі артқы жағында жазылады.

Нұсқау: «Қазір сен суретке қарап әңгіме құрастырасың. Менің суреттерім біршама ерекше болып келеді. Барлығына кара, үлкендерде де, балаларда да беттері жоқ. (№1-ші сурет көрсетіледі). Бұл ойлануға қызық болу үшін арнайы жасалған.

Мен саған суреттерді көрсетемін, олардың барлығы 12, ал сен ұл баланың (қыздың) суретте қандай көңіл-күйде екенін айтуың керек. Сен өзің білесің, біздің көңіл-күйіміз біздің бетімізде бейнеленеді. Бізде жақсы көңіл-күй болса, біздің бетіміз көңілді, бақытты, ал жаман көңіл-күй болса – көңілсіз, жабырқау. Мен саған суретті көрсетемін, ал сен маған баланың (қыздың) беті көңілді ме, әлде көңілсіз бе, әлде қандай екенін түсіндіресің».

№ 1-ші сурет бойынша тапсырманы орындау жаттығу тапсырмасы болып есептеледі. Бірінші тапсырма барысында бала түсінуі үшін нұсқауды бірнеше рет қайталау керек. Содан соң № 2-шіден № 12-ші тапсырмаға дейін көрсетіледі.

Әр суретті көрсетпес бұрын сұрақтар қайталаынады: **«Қыздың (ұлдың) беті қандай? Оның түрі неге ондай?»**

№ 2, 3, 5, 6, 10-шы суреттерді көрсетпес бұрын балаға бір персонажды алып, ол туралы әңгімелеп беруін сұрайсыз. Балалардың барлық жауаптары тіркелуі керек.

Нәтижелерді талдау.

№ 2-11 суреттер бойынша жауаптар бағаланады. Ал № 1-ші сурет жаттығу суреті болып келеді, оның негізінде баланың нұсқауды түсінген немесе түсінбегендігі тексеріледі. № 12-ші сурет бала тапсырманы жағымды көңіл-күйде аяқтауына арналған. «Сәтсіз» жауаптар саны есептеледі (максималды сан – 10-ға тең).

2-жаттығу. «Мені шақыр...»

Қатысушылар шеңбер болып тұрады. Жетекші балаларға топта өздерін қалай атағанын қалайтындары бойынша қандай да бір ат, лақап ат таңдап алуды ұсынады. Әрбір қатысушы ортаға шығып қолмен қимыл жасай отырып аттарын айтады. Балалар алға бір қадам шығып, ишара белгісін қосып аттарды қайталап айтады. Барлық топ өздерінің жаңа аттарын айтып шыққаннан кейін ортаға жетекші шығып өзін таныстырады.

3-жаттығу. «Сенімді – арсыз – ұялшақ»

Жүргізуші ойыншыларға кезекпен шығып үш карточканың біреуін алуды ұсынады. Карточкада былай деп жазылған: біреуінде – «сенімді», ал екіншісінде – «арсыз», үшіншісінде – «ұялшақ». Қатысушының қандай карточканы алғанын топ білмейді. Қатысушының міндеті – көрсетілген адамның мінез-құлқын бейнелеу. Ойыншының қандай мінез-құлықты көрсетіп жатқанын топ табуы қажет.

Талқылау: қандай мінез-құлық оңай табылды? Не үшін? Өзіне сенімді мінез-құлықтан арсыздықты ажырату оңай ма? Айырмашылығы неде?

2-САБАҚ

Тақырыбы: «Сенімнің соқпағы»

Мақсаты: топ ішілік өзара сенімді қарым-қатынасты орнату.

Сабақтың басталу салты. Үй тапсырмасын тексеру. Тыйым салатын белгілерді қабылдау. Жүргізуші сенімнің кез келген компанияның өмірінде, топта, ұжымда маңызды фактор екенін айтады. Бүгінгі сабақта «Сенімнің соқпағы» деп аталатын ойынды ойнауды ұсынады.

Ойын ережесі:

Барлық әрекеттер уақытпен орындалады.

Ойынға қатысушылар бір-бірімен емес «Идеалды уақытпен» санасады, ал ол уақыт әр жаттығу үшін әр бөлек. Барлық тапсырмалар топтық, түгелдей барлық ойыншымен орындалады. Кезеңдер арасында барлығы ойын жүріп жатқан кабинеттен бірге шығады. Кабинеттен кіріп-шыққанда олар қол ұстасып шығуы керек. Егер де тізбек үзілсе, бұл үшін айып ретінде

жетекшіге де қатысы бар екенін атап көрсетеді. Әр ереже балалармен талқыланады.

«Келісім шартты»:

1. Өзінің позициясын нақты анықтауда қатысудың өз еркімен болуы: тапсырманы айтқың немесе орындағың келмесе – оны орындама, бірақ шартты тыйым салатын белгінің көмегімен айтуына болады.

2. Дұрыс немесе дұрыс емес жауаптар болмайды. Сенің айтып отырған пікірің дұрыс жауап болып табылады.

3. Ақпараттарды топтың ішінен шығармау. Сабақтан кейін талқыламау.

4. Өтірік айтпау (жай ғана үндемей қалуға болады).

5. Егер де өзі сұрамаса басқа адамның айтқан ойын бағалауға болмайды. «Келісім шарттың» барлық тармақтары талқыланып болған соң, жетекші бұл ережелерді сақтауға «салтанатты түрде уәде беруге» міндетті және мұны жасөспірімдерден де, талап етеді. Сосын осы ережелер жазылған плакатты тақтаға іледі де әрқайсысы астына қолын қояды. Осы плакат барлық сабақтарда қатысушылардың көз алдында болуы қажет. Осыдан кейін сабақтың басталу салты орындалады – жалпы белгі немесе «келісім шарттың» қортындысын еске салатын леп белгісі.

1-жаттығу. «Визитка»

Жүргізуші.

Әр адам өзін визиткадағы мәліметтер арқылы өзін басқа адам ретінде ұсына алады.

Әр адамның өмірінде басшылыққа алатын бір ұраны немесе ережесі бар.



5-7 минут аралығында ойланып осы сөзді өз визитқаңызға жазыңыз.



Әркім өзінің жазуын оқиды. Барлық жағдайларда да жетекші эмоционалды қолдау көрсетеді. Сосын қысқа талдау жүргізіледі:

— жазбада негізінен не жайында айтылады;

— өзіміз жайлы басқа адамдарға не айтқымыз келеді?

Соңында жетекші өзінің визиткасындағы жазбаны көрсетеді.





есептелген, сондықтан да бағдарламада педагог балалармен жұмыс жасауда маман ретінде күштірек болуы үшін психологиялық-педагогикалық әдістер қолданылған.

Мақсаты: эго-сәйкестілікті қалыптастыру үрдісін қолдау және оңтайландыру.

Міндеттер:

1. Жасөспірімдердің коммуникативті мәдениетін дамыта отырып, оларға қарым-қатынас жасау тәсілін үйрету.
2. Жанжал жағдайларында конструктивті әрекет жасай білуді қалыптастыру.
3. Қажетті психологиялық қорларды және құралдарды қамтамасыз ете отырып, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін өзі дамыту уәждемесін қалыптастыру.

Ескертпе: сабақ басталар алдында әр жасөспіріммен жеке кеңес беру жүргізіледі, олардан топтық жұмыстан не күтетінін анықтайды. Топтық жұмыс аяқталғаннан кейін балалардан өткізілген жұмыстардан кейін оларда қандай өзгешеліктер болғанын бекіту мақсатында тағы да бір жеке кеңес беру жүргізіледі. Кеңес беруде Басса-Дарки әдістемесі бойынша тест жүргізіледі. Тест тұлғалық өзгерістердің нәтижелілігін бақылауға мүмкіндік береді.

Сабақтың құрылымы

1. Сабақтың басталуы. Сәлемдесу, «келісім шартты» еске салу, топтағы жалпы жағдайды анықтау, топты жұмысқа дайындау.
2. Негізгі бөлім. Жаттығуға дайындау. Жаттығу. Нәтижелерді талдау.
3. Сабақтың қорытындысын жинақтау. Жетекшінің қорытынды сөзі. Үй тапсырмасы, сабақты аяқтау.

1-САБАҚ

Тақырыбы: «Танысу»

Мақсаты: «Келісім шартты» қорытындылау, топтан не күтетінінді диагностикалау, вербальды және вербальды емес танысу. Жетекші балаларға сабақтың мақсаты, оның ерекшеліктері жайлы айтады және сабақта белгілі бір мінез-құлық ережесін қабылдауды ұсынады, ерекше түрде бұл ережелердің

4.7. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ ТРЕНИНГТЕР

Балалар мен жасөспірімдер мінез-құлқын қоршаған ортаға бейімдеу үшін мінез-құлыққа арналған тренингтер жүргізіледі.

«Жанжалдар тренингі» (тренинг тұжырымдамасын Томас Гордон өндеген). Ата-аналар және педагогтар балалардың жағымды әлеуметтік мінез-құлқын байқамайды, ал агрессивті мінез-құлқын жазалайды.

Тренинг ата-аналармен жұмыс жасауға бағдарланған және оның мақсаты – ата-аналарды балаларымен «бір тілде» сөйлеуге үйрету, жанжалды шешудің конструктивті формасын көрсету.

Тренингтің алты қадамы:



1. Жанжалдың себептері қойылады да оларға атау беріледі;
2. Мүмкін болатын баламалы шешімдер өңделінеді;
3. Баламалы шешімдер сыни бағаланады;
4. Қолайлы нұсқа қолданылады;
5. Шешімді орындау жолдары жасалынады;
6. Шешімді тексеру жүзеге асырылады.

Әңгімені жүргізу техникасы:

«Мен – сен – жолдау».

Бұл техника бойынша бір нәрсе жасағаны үшін баланы кінәлаудың орнына, осы қылықты былай жасағаның дұрыс болар еді деп өз сезімін, ойын жеткізу. Бұл тренинг жағымсыз сезімдерді, мазасыздануларды жеңуге көмектеседі. Үлкендермен тең дәрежеде сөйлесе отырып, балалар сезімдерінен қорқудың қажеті жоқ екендігіне дағдыланады. Белсенді түрде тыңдау олардың өз әрекеттерін талдауға және мәселе жайлы ашық айтуына түрткі болады. Ол әңгімелесушінің жағдайын түсінуге және әлемді басқа жағынан көруге көмектеседі. Бұл тренинг «педагог пен оқушының» әлеуметтік байланысының арасында қолданылады.

Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқын түзету бағдарламасы агрессивті мінез-құлқы бар балалардың әлеуметтік іскерлігінің базасын кеңейту үшін арналған. Ұсынылып отырған нұсқа, ең алдымен топтық психотерапиялық жұмыс аймағында арнайы дайындықтан өтпеген педагогқа жүргізуге





- баланы өз ашуын дұрыс жолмен сыртқа шығара білуге үйрету;
- өз ашуын басқара білуге үйрену;
- конструктивті қарым-қатынасқа үйрену;
- жүріс-тұрыстың деструктивті элементтерін азайту;
- мәселелік жағдайларда конструктивті мінез-құлық дағдыларына үйрену;
- өз эмоцияларын қадағалауды дамыту. Топтық және жеке жұмыс кезінде баланың өзінің және жағдайдың жағымды жаққа өзгеруіне сенуіне мүмкіндік беретін жағдай жасау керек. Топтық жұмыс ерекше, іш пыстырмайтын болуы керек. Балалардың қызығушылығын ынталандыратын тапсырмалар болуы керек. Агрессияны түзету кезінде балалар түрлі ситуацияларда адекватты жүріс-тұрыстың моделін сезіну керек.

Балалар өз отбасындағы қарым-қатынас тәжірибелерін құрдастарымен арадағы қатынас кезінде де пайдаланады, «тәуекелге бейім топқа жататын» балалардың басқа балаларды ренжітуіне жол бермеуге арналған жұмыс өте маңызды болып табылады.



Жұмыс кезінде балалардың өздерін рефлексиялауына үйрету керек, өз өмірлеріне өздерінің әсер ете алуына жағдай жасау керек.

Пайда болған мәселелерді шешу керектігін сезінуге үйрету керек. Агрессияның пайда болуына әсер ететін жағдай – ол фрустрация, ата-ана махаббатына зәру болу, олардан үнемі жазалану арқылы бала осындай фрустрация күйін кешеді.

Егер ата-аналары үнемі жазалап отыратын болса, бұл агрессияның пайда болуының бірден бір шарты болып табылады. Сондықтан түзету жұмыстары ата-аналармен де жүргізілу керек, онда ата-аналар конструктивті тәрбиелеу жолдарына үйреніп, баланың жеке-дара ерекшеліктері туралы ақпарат алады.

байланысты пайда болатын психологиялық проблемалар агрессияның мінез қалпы ретінде қалыптасуына алып келеді. Агрессия көрсету арқылы мұндай балалар өз дегендеріне жетеді.

Агрессияның мінез бітіміне айналуы балада қарым-қатынасқа керек дағдылардың қалыптаспауымен байланысты. Бұл ата-аналардың тәрбиесінің жетіспеуінен болады. Келесі себеп – зақым әкелетін ситуацияларға реакциясы. Сондықтан «тәуекелге бейім топтағы» балалармен түзету жұмысы кезінде қарым-қатынас пен мінез-құлықтың әлеуметтік мақұлданған стилін қалыптастыруға көп көңіл бөлу керек.

Мұндай балалардағы агрессияның себебі:

- эмоциялық зақым әкелетін жағдайдың болуы және одан шығудың мүмкін болмауы;
- өзінің керек еместігін сезіну;
- ата-аналардың агрессияны қолдауы балалардың үнемі осындай мінез-құлық көрсетуіне алып келеді;
- ата-аналардың балаларынан бас тартуы;
- болашақ алдындағы қорқыныш.

«Тәуекел топтағы» балалармен түзету жұмыстары ұзаққа созылады. Психологтың жұмысы кеңес беруге бағытталады.







Психотерапиялық жұмыс агрессия табиғатына байланысты болады. Бір жағынан агрессияны елемей, оған көңіл аудармау керек болса, екінші жағынан, агрессиялық мінез-құлықты ойын контекстіне кіргізу керек, ал үшіншіден, ойын арқылы агрессияның сыртқа шығып, мәселенің жағымды шешілуіне бағдарлану керек.

Кіші мектеп жасындағы балалар үшін арттерапия, сюжеттік-рөлдік ойындар жақсы әсер етеді.

Агрессияны түзету жұмысының негізгі бағыттары:

- өз эмоцияларын сезінуге үйрену және сезімдерін сөзбен айта білуге, жеткізе білуге үйрену;
- қобалжу деңгейінің төмендеуі;
- өзіндік бағалауды жоғарылату;





Мынадай шараларды жүргізу керек:

- Түрлі балалар қатысатын клубтар мен студиялар ұйымдастыру. Жағымды «Мен» бейнесін қалыптастыратын клуб. Әрбір кездесу түрлі тақырыпқа арналады. Мысалы: «Ат», «Өткен шақ, осы шақ, болашақ», «Армандар мен қалаулар».

- Біріккен психологиялық ойындар.
- Жеке түзету ойындары.

«Мен» бейнесі жақсарған соң ғана үшінші қадамға өтуге болады.

Үшінші қадам – мінез-құлықты түрлі жаттығулар мен тренингтер арқылы қайта бағдарлау.

Түзету жұмысы кезінде шешілетін міндеттер:

- балаларды өз қажеттіліктерін түсінуге үйрету;
- эмоциялық күйлерді реттеу амалдарына үйрену;
- адекватты өзіндік бағалауды қалыптастыру;
- ішкі өзіндік бақылауға үйрену және
- жағымсыз импульстарды ұстауға үйрену;
- жағымды өмірлік позицияны қалыптастыру;
- болашақты жоспарлау технологиясы.

4.6. «ТӘУЕКЕЛ ТОПТАРМЕН» ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕРІ

«Тәуекел топтағы» балалармен жұмысты қарастырайық. Үнемі дағдарыстық ситуацияға жиі түсетін балалар «тәуекелге бейім топқа» жатады. Ата-аналардың маскүнемдігі, ата-аналардың махаббатының болмауы, қорлықтың себебі болуы мүмкін. Мұндай балалар өз қиындықтарын жеңе алмай, қараусыз қалуы мүмкін.



Мұндай балаларға әлемге деген сенімсіздік, өзіндік бағалаудың төмен болуы, қобалжу тән. Өмір ерекшеліктеріне

- Өзіндік бағалауды көтеру.
- Қобалжуды азайту.
- Әлеуметтік қатынастардан қорқуды азайту.
- Өз эмоциялары мен басқалардың сезімін түсіну, эмпатияға үйрету.
- Ішкі өзіндік бақылауды қалыптастыру және жағымсыз импульстарды ұстай білу.
- Қиын жағдайдан шыға білу жолын үйрену.
- Жағымды рухани позиция мен өмірлік болашақтарды қалыптастыру.

Түзету жұмысының кезеңдері

Бірінші қадам. Адекватты емес өзіндік бағалауды түзету кезінде балалар жағымды эмоциялық тәжірибе алатын, жаңа қызығулары мен жаңа мүмкіндіктері пайда болатын түрлі шаралар мен психологиялық акциялар ұйымдастыру керек:

- «Сәттілік минуты», «Жұлдыздар фабрикасы» сияқты шаралар ұйымдастыру, мұндай кезде балалар өздерін көрсетіп, эмоциялық тұрғыда нығая түседі.

- Әр сыныпта «Танысу тақтасын» ұйымдастыру. Бұл тақтада бала туралы ақпарат беріледі (суреті, оның шығармашылығы, оның армандары және т.б.). Ақпарат эмоциялық жағымды болуы керек. Онда сыныптастар мен мұғалімдерге тілек жазуға арналған жер болуы мүмкін.


- «Жұлдыздар күні», «Аттар күні» сияқты шаралар өткізу керек. Әрбір күні бір бала сол күннің жұлдызына айналады. Бәрі сол күні одан интервью алады, қолтаңба сұрайды, оны мақтайды.



- «Жетістіктер көрмесін» ұйымдастыру, онда жасөспірім қандай да бір іспен айналысады да соның жетістіктері көрмеге қойылады.

Мұндай шаралар баланың өзін қызықты, қажетті екенін сезінуге көмектеседі.

Екінші қадам – «Мен» бейнесін оңалту.

Бұл қадам баланың өзін жүзеге асыруға, өзіне қызығуын арттыруға мүмкіндік береді, адекватты өзіндік бағалауды қалыптастырады.





көрінбей, бір белгісіз бағытқа бағдарланған болуы мүмкін. Мұғалім балалармен ата-аналармен, достарымен қарым-қатынасы, оның жетістіктері туралы сенімді сөйлесуі керек. Мұндай балаларға психологтың көмегі қажет.

ҚОБАЛЖУ – анық емес-тік, белгісіздік жағдайды сезіну, болуы мүмкін негативті ситуацияларды күту, түсініксіз жағдайларды алдын ала сезу. Қобалжу себебі көбінесе түсініксіз.

9. Кінәлілік агрессиясымен жұмыс

Бала агрессиясын кінәлі адамға бағыттап, өз күнәлік сезімінен арылуға тырысады. Агрессия сыртқа бағытталып – ренжіткен адамға бағдарлануы мүмкін. Егер агрессия әкесіне немесе анасына бағытталған болса, бала оны өз құрдастарына немесе мұғалімге бағыттауы мүмкін. Егер кінәлаушы адам-мұғалім болса, онда сыныптағы ең әлсіз балаға шабуыл жасалуы мүмкін.

Агрессия өзіне бағытталуы мүмкін, «мен жаманмын, мен кінәлімін, мені жазалау керек» деген ой қалыптасуы мүмкін. Жаза өзіндік ішкі бұзылуға алып келетін формада болып, қандай да бір тәуелділіктен, заң бұзушылықтан көрінуі мүмкін.

Мұғалім баланы кінәлау кезінде өзінің жауапкершілігін сезінуі керек, тәрбиелеу мақсатындағы кінәлау кезінде бала кінәні сезіп, агрессиясын ішке немесе сыртқа бағыттауы мүмкін.

10. Адекватты емес өзіндік бағалаумен жұмыс

Жүріс-тұрысында қиындықтар бар оқушылар депрессия деңгейінің жоғары болуымен, стресс, апатия, қобалжудың жоғары болуымен агрессия, аутоагрессиямен, күнә сезімімен сипатталады. Бұдан өзіндік бағалаудың адекватты болмауы (төмен немесе жоғары), өзіне жағымсыз қарауы туындайды. Мұндай балалардың эмоциясы асқынған, ширыққан түрде болады.


Түзету жұмысы үшін ширыққан эмоциялық күйді шешу керек. Түзету жұмысының келесі кезеңдері көрсетіледі:

көрермендерге бағытталады. Кейде мұндай мінез-құлық балаға махаббаттың, көңіл аударудың жетіспеуіне баланысты болуы мүмкін.

Мұндай әрекетті елемеу керек. Керек болса баланың өз әрекеттеріне жауап беретінін түсіндіретін санкциялар қолдану керек.

6. Кек алу агрессиясымен жұмыс


Кек алу агрессиясы дұшпандық, кекшілдік, сенімсіздік мүмкіндіктерінен көрінеді. Бұл баланың өзара сүйіспеншілік жетіспейтін берекесіз отбасында өсіп келе жатқанын көрсетеді. Мұндай балалардың «кілтін» тауып оларға түсіністік таныту керек.



7. Қорқыныш агрессиясымен жұмыс



Агрессивтілікті шешу баланың қорқыныштарымен жұмыс жасау арқылы жүруі мүмкін. Мұндай балаларда агрессия қорқақтықпен сәйкес жүреді. Қорқыныш баланың «жан-жақты қорғанып, дайын жүруіне» ықпал жасайды.

Бұл жерде психологтың көмегі керек. Мұғалім балаға қорқыныштың қалыпты жағдай екеніне үйретуі керек. Сенімсіздік пен дұшпандық баланың мүмкін болар қауіптен қорғанысы болуы мүмкін. Оның қорқыныштарымен жұмыс істеу керек. Мысалы, қауіпті жағдайды модельдеп, баланың осы жағдайды жеңе білуін ойын түрінде көрсетуге болады, әрине мұндай ойынның соңы баланың жеңісімен аяқталуы керек.



8. Қобалжу агрессиясымен жұмыс

Қобалжу жағдайы көбінесе түсініксіз, сондықтан агрессия ішке бағытталып, баланың көп тамақ жеуінен, тәттіні көп жеуінен, сағызды көп шайнаудан, компьютер мен теледидар алдында босқа отыруынан көрініс табуы мүмкін немесе сыртқа бағытталып ашу, өсек айтудан көрінуі мүмкін. Агрессия тура



барғанда агрессивті болады. Оларға шектеу қойып, ережелерді ойын түрінде үйрету керек.

Педагог мұндай балаларды қолдап, мамандар бақылауына жіберуі керек. Мұндай бала өз мәселесін дұрыс түсінуін қажет етеді. Мұғалім оған адамдар арақатынасының қыр-сырын, өз сезімдері мен қалауларын, әрекеттерін түсінуге көмектесуі керек. Міндетті түрде:

ЭМПАТИЯ – өзін басқалардың орнына қоя білу, оларды сезіне білу

- өз қателіктерін сезінуге;
- өз қатесін басқаларға аудармауға;
- эмпатияға үйрету керек.

4. Көшбасшылық агрессиямен жұмыс

Көшбасшылық агрессия лидерлікке деген эгоистік ұмтылыстан, бәсекелестіктен туындайды. Бұл ережені бұзатын, өзін көрсетуге тырысатын әрекеттерден көрініс табады. Егер бала бәрімен емес, тек мұғалімдермен, ата-аналармен анайы түрде, ретсіз сөйлесетін болса, онда бұл оппозициялық-өзіне қаратуға бағытталған әрекетті білдіреді. Бұл темпераментке немесе отбасындағы беделдік тәрбие тәсіліне байланысты болуы мүмкін.

Мұндай оқушыларда эмпатия сезімін тудыру керек, басқаларды түсіне білуге үйрету керек. Бала лидердің бәрін тек басқаратын адам ғана емес, сыйлы, құрметті адам екенін ұғыну керек.

Мұғалім мұндай балалардан көмек сұрап, тапсырмалар беріп, өз алғысын білдіріп отырса, балада өзін маңызды, қажетті адам екенін сезіну арқылы дұрыстала бастайды. Егер бала «шектен шығып жатса», онда мектепте қалыптасқан ережелерді есіне түсіру керек. Бірақ бір жағынан мұғалім қатал, өз айтқанында тұруы керек.

5. Демонстративті агрессиямен жұмыс

Балалардың кез келген жолмен өздеріне көңіл аудартуға, тіпті агрессияға баратын кездері де болады. Олардың агрессиясы

Сонымен сіз бірнәрсені ұмыттыңыз, яғни шатасып қалдыңыз.

1. Басыңызды бір жағына қисайтып, қолыңызды созып «қате болып қалды» деп айту керек


Бұл қимылдың мәні неде? Қобалжу деңгейі жоғары адам қателескен кезде қиындықты үлкен апат ретінде ойлайды, ситуацияның маңызын арттыра түседі, ал бұл қимыл арқылы жағдайдың мәнін бірден азайтуға болады.

2. Қолыңызды айқастырып, өзіңізді құшақтаңыз да «Мен жақсымын» деп айтыңыз.

Өзіңізді негативтен позитивке ауыстырыңыз. Адам қателескен кезде өзін «жаман» сезінеді, сондықтан өзінді тыныштандырған дұрыс, осы арқылы қалыпты жағдайды қайтарыңыз, «Мен жақсымын» деп қайталаңыз.

3. Сіз жақсы болып қалдыңыз. Жаттығу аяқталған жоқ, сіз оның маңызды кезеңіне келдіңіз. Сондықтан үшінші қимыл: қолыңызды алдыңызға алып «Жұмыс істеу керек!» деп айтыңыз. Сіз өзіңізге жұмысқа кірісуге жігер бересіз, қатені жөндеуге ұмтыласыз.


Егер қателігің аздаған және кездейсоқ болып қалған жағдай болса еш нәрсесіз оны басыңыздан алып тастауға тырысыңыз. Ал егер қателігіңіз үлкен, әрі кейін қайталануы мүмкін болса, онда оны қайталанбастан етіңіз. Есіңізге түсіріп жазыңыз. «Өзін-өзі кінәлаудың қажеті жоқ, ал мәселе болашақта шешілуі керек»



3. Гипербелсенді агрессиямен жұмыс

Көбіне мынадай жағдай болуы мүмкін, бір оқушы үнемі себепсізден себепсіз ашуланып, басқаларға тиісе беруі мүмкін. Бұл баланың құрдастарының арасындағы бейімделуіне кедергі жасайды. Бұл жағдай баланың өз әрекеттерін дұрыс құрылымдай алмайтындығын көрсетеді. Мамандардың айтуынша осындай балалар үшін «әлем-хаос, ал ол кез келген әсерге ретсіз түрде реакция береді».

Қимылы көп (гипербелсенді-агрессивті) балалар үшін тәртіпті және тіл алғыш болу қиын. Ондай балалар үйде бәрі мүмкін, бәрін жасауға болатын жағдайда өсіп, мектепке



Қатты ашуланып тұрып-ақ оны қауіпсіз түрде шығаруға болады.

Екінші қадам – балаға тіпті ең жақын адамына да қатысты ашу, ыза, реніш сезімдерін кінә сезімінсіз бастан кешіруге рұқсат беру.

Үшінші қадам – агрессиясы мен жағымсыз эмоцияларын сыртқа шығаруға көмектесу.

Төртінші қадам – өзіне қатысты негативтерді бақылау (сәтсіздікке алып келетін ойлар, сезімдер, эмоциялар)

Бесінші қадам – баланың өзіне деген қатынасын жағымды жаққа өзгерту, өзін сүйеге үйрету.

Көбіне бала өзінің қатты ашуын шығара алмауы мүмкін, мысалы, мұғалімге деген жек көрушілігі, бірақ ол сабақтан соң-ақ өз сезімдерін шығара алады «буын шығара алады». Біздің санадан тыс саламыз үшін біз ренжіткен адамға өз ойымызды бетке айтып тұрмай ба, әлде басқа жерде айтып тұрмай ба бәрібір. Алдын алу үшін арасында жаман газеттерді жыртып тұруға болады, бұл керексіз жаман эмоцияның шығуына көмектеседі.

Аутоагрессияның бар екенін сезіну – ағашқы және маңызды факт, бірақ бұл жеткіліксіз. Мұндай жағдайлардың жойылуы – жоспарлы, жүйелі түрде жүргізетін күштің арақасында жүзеге асады. Балаларды өмірден позитив алып қуана білуге үйретіңіз.

«Қате!» жаттығуы

Бұл жаттығу аутоагрессияның алдын алып, түзету жасауға бағытталған. Адамның өз қателіктеріне аса қиналмай жөндей білуге үйретеді.

«Қате!» жаттығуы 3 қарапайым қадамнан тұрады:

1-қадам – «Қате».

2-қадам – «Мен жақсымын».

3-қадам – «Жұмыс істеу керек!».

Салттарды меңгеру кезінде қимылдары шынайы болуы керек, үйреніп болған соң тәжірибеде қиялданған дене қимылдары қолданылады. Шынайы қимылдарды қолдану әрине жақсы, бірақ қоршаған адамдар арасында ыңғайсыздық тудырады. Жаттығуды шынайы қимылдармен бастаңыз.

Түзету жұмыстары келесі шаралармен жүзеге асады:

- Адекватты мінез-құлық үлгілерін модельдеу;
- Меңгерілген мінез-құлық моделінің тиімділігі бақылап көру үшін түрлі рөлдік ойындар ойнау;
- Кері байланыс орнату (жағымды әсерлерді нығайту);
- Дағдыларды мектепте оқу жағдайынан өмірлік жағдайға ауыстыру.

Жасөспірімдердің агрессиялық мінез-құлықтың негізгі себептерінің бірі қарым-қатынас жасау біліктілігінің болмауы, әлеуметтік нормалар мен ережелерді қолдана білмеуі. Осыған байланысты түзету жұмыстары қатарына жасөспірімдерде қарым-қатынас жасау біліктілігін дамытуға және қарым-қатынасқа бетбұрыс жасауға көмектесетін әдістерді енгізу маңызды болып табылады.

Агрессияларды түзету жұмысында рөлдік ойындар мен вербальды емес жаттығуларды қолдану тиімді болып табылады. Жағымды өзіндік бағалауды қалыптастыратын, жасөспірімдердің өзін-өзі тану механизмі ретінде болатын рефлексияны дамытатын, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға үйрететін жаттығуларды енгізу керек.

Жасөспірімдер сенімді мінез-құлықты дамыту тренингтеріне мұқтаж, бұл олардың аутоагрессия деңгейін төмендетеді.

Жасөспірімдер агрессиясымен жұмыс бойынша түзету блогы дегеніміз – түрлі психотерапиялық әдістемелер элементтерінен тұратын психологиялық тренинг болып табылады.

Тренингтің мақсаты жасөспірімнің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің баламалы тәсілдерін іздеу болып табылады.

Тренинг барысында келесі міндеттер шешіледі:

- Өзіндік қажеттіліктерді саналы түрде ұғыну;
- Өзіннің жағымсыз эмоцияларымен жұмыс істеу;
- Өз эмоциялық күйінді реттеуге үйрену;
- Әлеуметтік мақұлданған мінез-құлық тәсілдерін үйрену.

2. Аутоагрессиямен жұмыс

Бірінші қадам: бала өзіндегі ашу мен ызаның бар екенін сезінуі және кімге, неге ашуланатынын анықтауы керек. Жағымсыз эмоцияларды сезіну және оларды сыртқа шығару екі бөлек.

Нәтижелерді талдау. Қобалжудың жалпы деңгейі баланың сурет персонаждарының көңіл-күйлерін көңілсіз, қайғылы, үрейлі ретінде сипаттайтын «сәтсіз» жауаптары бойынша есептеледі. Жеті және одан да жоғары сәтсіз жауаптар берсе баланы қобалжығыш деп санаймыз.

М. Люшердің «Түстік таңдау тесті» әдістемесі

Бұл құралда біз тек психикалық шиеленістер, қобалжу, үрей және т.б. туралы ақпарат беретін түстердің сипаттамасына тоқталдық.

М. Люшердің ұсынысы бойынша, негізгі түстердің орналасуын бағалау керек – **қызыл, сары, көк және жасыл**, және қосымша түстер – **қоңыр, қара және сұр**.

Ең бірінші орында – **қоңыр, қара және сұр** түстердің болуы – қобалжу дабылы. Баланың кез келген негізгі түстердің соңғы үшінші орындарда орналасуы және кез келген қосымша түстердің алдыңғы үштікте орналасса, бұл стресстің, қобалжудың, үрейдің, нашар денсаулықтың болуын көрсетеді. Бұл күйзелістер оның өзі үшін маңызды қажеттіліктерді ығыстыруына, басуына негізделген. Бұл қажеттіліктің сипатын соңғы екі түс сипаттайды. Әдістемеді қосымша берілген сегіз түс қолданылады. Оларды киіп алу қажет.

Тестілеу барысында бұл түрлі-түсті карточкаларды ең алдымен жоғарғы қатарда түрлі түсті түстерден бастап кездейсоқ ретте орналасқан. Тест табиғи жарықта жүргізіледі.

Нұсқау: «Мына карточкаларға қарап, сізге ұнаған түстерді таңдаңыз. Бұл түсті өзіңіздің киіміңіздің түсімен, сүйікті түсіңізбен, қазіргі кездегі сәнді түспен байланыстырмай таңдаңыз. Жай ғана қазіргі кезде қандай түс сізге ұнап тұр – сол түсті таңдаңыз. Таңдаған карточканы шетке алып қойыңыз. Енді қалған карточкалар ішінен ең сүйкімді түсті таңдаңыз. Шетке алып қойыңыз. Осы шараны барлық карточкаларды таңдап болғанша қайталайсыз».

Нұсқау (психологқа арналған) :

Тестілеу барысында түстік қатар түзіледі. Келесі орналасу жұптарын бөлесіз:

- **бірінші және екінші орындарда** орналасқан түстер;
- **үшінші және төртінші орындарда** орналасқан түстер;
- **бесінші және алтыншы орындарда** орналасқан түстер;
- **жетінші және сегізінші орындарда** орналасқан түстер.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ОРЫН

Оқушының бойында стресстің, қобалжудың, үрейдің, нашар денсаулықтың болуын келесі түстердің бірінші және екінші орындарда орналасуы айқындайды.

Көк + қара: түсінбеушілік

Бұл түстердің сәйкестігі қатынастарға деген көңілі толмаушылықты көрсетеді. Адам жылылықты және жан тыныштығын қажет етеді, бірақ бұл мақсаттарға агрессивті түрде жетуге тырысады.

Қара түс екінші орында орналасса, жақын адамдардың тарапынан қолдаудың жоқтығын және түсінбеушіліктің болуын сипаттайды. Адам бұл жағдайға шыдай алмайды, сондықтан да ашулы болады.

Көк + сұр: бостық

Барлық күштер жақында болған сәтсіздіктерден құтылуға бағытталған. Адам шаршаған және өзін бос сезінеді. Оған тыныштық қажет және оны жақсы көретін және түсінетін адамдармен бірге демалыс қажет.

Көк + жасыл: жақындарының қолдауы маңызды

Бұл түстердің үйлесуі достарының қолдауының маңызды екендігін көрсетеді. Әрекеттер тек сабырлы, тыныш жағдайларда нәтижелі. Егер адамды сынайтын, асықтыратын болса, ол ештеңені жасай алмайды.

би табу, спортта жетістікке жету баланың ішкі қолайсыздығын, өзіне деген көңілінің толмауын жеңуге көмектеседі, бұл агрессияның бастапқы себебін жоюға көмектеседі

- Күш қолданбай оқыту мен тәрбиелеу идеясын қолданыңыз

Біріншіден, тәртіптің бұзылуы, балада агрессияның пайда болуы оның мектептегі оқу жүйесіне бағынғысы келмейтінін көрсетеді.

Екіншіден, балаларды мектеп материалдарымен қызықтырып, оларға өзін көрсетуге мүмкіндік беру керек, тиімді қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету тәсілдеріне үйрету керек.

Үшіншіден, олардан жұмысты талап етіп емес, бірге жұмыс істеу керек, мұғалімнің қатаң талабын орындап емес, оның позициясына өзіндік сәйкестік жасауға үйрету керек.

Зерттеулер көрсеткендей, балаларға тек қаталдық танытатын болсақ олардың агрессиясы күшейе түседі.

Егер мұғалім өз сыныбында баларға үлкен талап қойып, оларды басып отырса бұл сыныптың агрессиялық деңгейі жоғары болады.

Оқушыларды бақылау, олардың еркіндігін шектеу неғұрлым жоғары болған сайын, балаларда басқаларға деген агрессия күшейе түседі. Қатал педагогикалық жүйе мектептегі қатаң тәртіпті ұстап тұруға көмектескенмен балалар мен жасөспірімдерде агрессияны күшейтеді.

Агрессиялық жүріс-тұрысты психологиялық-педагогикалық түзету кезінде балаларды мәселелік жағдайларда түрлі мінез-құлық формаларын ұстана білуге үйрету керек. Конструктивті жүріс-тұрыс дағдысына, жанжалдарды шешу дағдысына үйрету керек. Бұл рөлдік ойындар, дискуссиялар, ширығуды шешуге көмектесетін жаттығулар арқылы мүмкін болады. Жағымды «мен» бейнесін қалыптастыруға көмектесетін жаттығуларды жүргізу керек.

Жасөспірімдер өзін-өзі бақылай білуге, өзінің келіспеушіліктерін білдіре алуға, мәселелік жағдайларда өз эмоциясын ұстай алуға үйрену керек.

МЕН ИДЕНТИФИКАЦИЯСЫ – біреумен бірдей болу, сол топқа жату, соған ұқсауға тырысу

Түзету жұмысы кезінде екі негізгі бағытты ескеру керек:

- әлеуетті агрессорлармен (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар) жұмыс істеу;

- әлеуетті зорлық-зомбылық көрушілермен жұмыс істеу.

Агрессиялық жүріс-тұрысты түзетудің негізгі шарттары:

- Қоршаған әлеуметтік ортада жағымды жағдайға бағдарлану;

- Қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

- Бірлік, өзара түсінушілік, жылылық сияқты эмоциялық қалыпты ұстап отыру.

Осыған байланысты жасөспірімдерге жақсы көңілде қарап, жайдарылық көрсетіп, оларға сенім білдіріп, белсенді әрекеттерге шақырып, олардың жетістіктерін мақтап, «кері байланыс» жасап отыру керек.

4.5. АГРЕССИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕРІ

1. Жасөспірімдік агрессиямен жұмыс

Өкінішке орай, агрессиямен жұмыстың барлық түрлері бірдей нәтижелі бола бермейді.

Балалар агрессиясы негізінен отбасында сыртқа шығып отырады: себебі кішкентай баланың басқа ортасы жоқ. Жасөспірімдер агрессиясы тек отбасына емес, құрдастарына, басқа ересектерге (мұғалімдерге) бағытталуы мүмкін. Жасөспірімдік агрессиямен жұмыс кезінде:

- Өзіңіз агрессия көрсетпеңіз.

Өзіңізді қолыңызға алыңыз, агрессия одан сайын жағдайды ушықтырады. Тәрбиелеудің тиімді тәсілін жасаңыз. Авторитарлық та, еркіндікке жіберу тәсілі де дұрыс болмайды, ұтымды жол – соңғы шешімді ересектер қабылдайтын болса да баланың пікірлері мен қалаулары ескерілу керек.

- Баланың агрессиясы басқа арнаға бағытталу керек

Спорт пен шығармашылық баланың агрессиясын әлеуметтік мақұлданған формада шығаруға көмектеседі. Сонымен қоса хоб-

Жасыл + қара: қаттылық

Адам бәрінен де барлық нәрсе бойынша асып түсуге тырысады, басқа адамдардың ықпалына түсіп қалу және төмендеп, қорқынышынан қаттылық және күш көрсету жолдарын таңдайды. Оның ұстанымы: кез келген мүмкіндікті қолданып тек жетістікке жету.

Қызыл + жасыл: табандылық

Адам менменшіл, мақсатқа бағытталған және табандылыққа бейім. Ойлаған мақсатына жетуде белсенді, ешкімге оның ісіне араласуға мүмкіндік бермейді. Кедергілер сізді қорқытпайды.

Сары + сұр: қарсыласу

Сары – қуаныш түсі, бірақ сұр түс бұл қуанышты басады. Бұл үйлесімділік қазіргі жағдайда қалыптасқан жағдайлар қатты қобалжытатындығы туралы ақпарат береді.

Көк + қоңыр: жалғыздықтан қорқу

Қоңыр түстің екінші орында орналасуы бұл жалғыздықтан қорқуды сипаттайды. Адам өзін жақсы көретіндерге ұмтылады, махаббатты дәлелдеуді қажет етеді, физикалық комфортқа және де жақсы қатынастарға ұмтылады.

Жасыл + көк: қолдауды қажет ету

Адам қолдау және байлық туралы армандайды, бірақ өзіне сенімсіз, сондықтан да қолдауды қажет етеді. Ол өте сезімтал, сондықтан да достары мен туыстары жағынан қолдаудың болмауынан жапа шегеді. Достарды таңдауда таңдампаз, қарым-қатынас жасауда аса мұқият.

Жасыл + қоңыр: күшті жоғалту

Адамның пікірінше, әлем оған аса қатаң талап қояды. Бұл оның күшінің жоғалуына әкеліп және дискомфорт жағдайын тудырады. Бірақ соның өзінде ол басын тік ұстап, ештеңеге қарамастан жағдайды шешуге тырысады. Оған тыныш жағдайда жақсылап демалуы қажет.

Қоңыр + сұр: демалу қажеттігі

Егер адам қоңыр түстен кейін сұр түсті таңдаса – **назар аударыңыз**, оның ішкі ресурстары шаршаған! Адам демалысты, тыныштықты қажет етеді!

Қоңыр + көк: жалғыздық

Көк түс екінші орында орналасса, бұл адамның жалғыздығы және қорқынышы бар екендігін білдіреді. Оған күшті адамның қорғауы қажет. Оған жақсы психологтың көмегі қажет.

Қоңыр + жасыл: босанудың қажеттігі

Адам оған жаман ықпал ететін қазіргі жағдайларға қарамастан өзінің дегеніне жеткісі келеді. Ол демалысты қажет етеді, мүмкін оған емделу қажет.

Қоңыр + қара: түңілу

Қара қойылған мақсаттардың шынайы еместігі туралы хабарлайды, бірақ терең түңілудің белгісі де болуы мүмкін. Адамға тыныш жағдайда күшін орнына келтіргені жөн. Болашақ оған қара түсте көрініс береді.

Қара түс: трансформацияны аса қажет ету

Бірінші орында қара түстің болуы – бұл қазіргі жағдайларға деген қарсылық. Адам өзінен басқа ешкімді тыңдамайды, өзінің өміріне ешкімді араластырмайды және өзінің ойымен сәйкес келмейтін барлық көзқарастарды жоққа шығарады.

Қара + сұр: сенімнің жоқ болуы

Сұр түс қарадан кейін орналасса, сенімнің жоқ болуын сипаттайды. Қалыптасқан жағдайлар жарақаттайды және де бұлай өмір сүруге болмайды.

Қара + көк: қарсылық білдіру

Айналасындағы қалыптасқан жағдай қинайтын жағдайлар ретінде қабылданады. Бәрінен қашып тыныш жағдайда демалу керек, оған көмек қолын ұсыну керек.

жек көрушілікті тудырады. Мұндай педагогтар үшін әкімшілікпен бірге арнайы тренингтер жүргізу керек.

Келесі бағыттар: «Қарым-қатынас тренингі», «Агрессивті балалармен қалай жұмыс жасау керек?», «Өзіңді және балаларды қалай жақсы көру керек?», «Жемтікке айналмау үшін не істеу керек?» тақырыптары бойынша жұмыс бағдарламалары және тренингтік сабақтар керек.

Қауіпсіз оқу ортасын қалыптастырудағы керекті бағыт – бұл оқу орындары жетекшілерінің кәсіби және тұлғалық құндылықтарын қайта қарастыру болып табылады.

Мектептегі зорлық-зомбылықпен күрес жүргізу алгоритмі (Д. Ольвеус бойынша)

Норвегиялық психолог Д. Ольвеус мектептегі зорлық-зомбылықты «мектеп буллинг» деп атаған болатын, буллингпен күрес жүргізудің келесі тәсілдерін ұсынады:

1. Сіздің мектебіңізде кездесетін буллинг түрін анықтаңыз.

Буллинг дегеніміз – «күштінің» «әлсізге» қорлық көрсетуден (материалды немесе рухани түрде) «ләззат» алуы.

2. Дене немесе психологиялық күш көрсетуге бейім тұратын балаларды бақылауға алыңыз. Бұл мұғалімдер мен ата-аналарға да қатысты болуы мүмкін.

3. Оқушылар арасында жасырын сауалнама жүргізіп, буллингтің көлемі мен себептері туралы мәлімет жинаңыз, бұл баланы қорғау шараларын анықтау үшін де керек.

4. Оқушылармен жеке және топтық әңгіме жүргізіңіз. Олардың сезімдерін бағалап, кінәлілердің әрекетіне рухани баға беріңіз.

5. Мектепте буллингті құрту, жою комитетін құрыңыз, осы арқылы оқытушылар мен ата-аналарға көмектесіңіз.

6. Оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынасқа ықпал ететін іс-шаралар жоспарын құрыңыз.

7. «Айыптылармен» міндетті түрде әңгіме жүргізіңіз, және де олардың ата-анасымен сөйлесіңіз. Бұл жұмыстың түрі әр түрлі болуы мүмкін: жай әңгімелесу, айыптыларды мәселені шешуге қатыстыру сияқты формаларда болуы мүмкін.

8. Жәбірленген балаларды анықтап, оларға көмектесіңіз.

9. Ата-аналармен буллинг себептерін талқылаңыз, себебі буллингке барушылардың көбісі «берекесіз» отбасынан шығады.

- қарым-қатынастық дағдылардың болмауы, оның ішінде зорлықсыз қарым-қатынас үлгілерін көрмеуі;

- мектепте қаталдықты көрсететін дәстүрлердің болуы, мысалы:

- а) оқу орнының жалпы психоэмоционалдық жағдайының өзі балаға қобалжу, ширығу сезімдерін тудырады;

- б) мектептегі авторитарлық басқару стилі және педагогтар арасындағы агрессивтік қарым-қатынастың болуы;

- в) сынып ішіндегі өзара қатынас стилі;

- г) «қожайын» және «жемтік» әлеуметтік рөлдерінің болуы;

- д) БАҚ құралдары насихаттайтын мінез-құлық стереотиптері.

Мектептегі зорлық актілерімен жұмыс кезінде арнайы шаралар кешенін жүргізу керек – мектеп өміріне жаңа педагогикалық технологиялар енгізу керек, мысалы іскерлік және рөлдік ойындар, психологиялық тренингтер.

Рөлдік ойындардың мәні ерекше болып табылады. Оның ерекшелігі – ол жерде ересек те, бала да тең деңгейде болады, мұндай ойындар адамда жауапкершілікті арттырып, өз бетінше тәуелсіздікке үйретеді, әр ойыншыға таңдау жасап, шешім қабылдауға бейімдейді. Рөлдер жас ерекшелігі мен әлеуметтік мәртебеге тәуелсіз бөлінеді, үйреншікті емес өзара қатынасты модельдеу жағдайын басқаша қабылдап, балалар мен ересектер арасындағы қатынасты жаңаша құруға мүмкіндік береді.

Балалармен бір деңгейде болған педагог оларға басқа көзқараспен қарай алады. Ойын жағдайы әлі байқала қоймаған жанжалдар мен жағымсыз қарым-қатынасты анықтауға көмектеседі. Басқалар педагогикалық талдау нысанына айналады, оның нәтижесі бойынша жекелеген педагогтар мен педагог ұжымдарына түрлі ұсыныстар берілуі мүмкін.

Рөлдік ойындардың нәтижелері балалардағы қобалжу мен агрессияны төмендетіп, ал педагогтар рейтингін көтереді, екі түрлі топтардың шекарасын бұзып біріктіре түседі, «шеттетілгендерді» азайтып, «көшбасшылардың» ауысуына мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілерін қатал ұстап, оларды басып үйреніп қалған педагогтарда мұндай ойындарға бірден жағымсыз көзқарас қалыптасады. Теңдік позициясында болудың өзі оларда

Қара + жасыл: өзінің көзқарастарын дәлелдеу

Қарадан кейін жасыл түстің орналасуы – бұл оның қызығушылығына зиян келтіруге деген қарсылық. Адам өзінің ойын табанды түрде негіздеп, өзінің тәуелсіздігін дәлелдеуге ұмтылады. Оған демалып, өзінің жағдайын мұқият ойластыруы керек.

Қара + қызыл: эмоцияларды басу қауіптілігі

Қызыл түс адамның өзінің жағымсыз эмоцияларын басуы туралы ақпарат береді. Егер осылай жалғаса берсе, олар бір күні жарылуы мүмкін. Кеш болмай тұрғанда шешудің басқа жолдарын қарастырған жөн.

Қара + сары: қатты түңілу

Бұл өте қобалжулы үйлесім жағдайы, мәселелердің шырмауынан шығуға деген ұмтылысты көрсетеді. Адам шаршаған және түңілген, сондықтан да оның әрекеттері ретсіз және адекватты емес. Бұл жағдайда адам кез келген қылықтарды жасауы мүмкін, тіпті өзіне өзі қол жұмсауға дейін. Басу қажет.

Қара + күлгін: қыңырлық

Күлгін түстің қара түспен қатар келуі – тым қыңырлықтың белгісі. Жүйкесінің шаршауы жағдайды объективті түрде бағалауға мүмкіндік бермейді, сондықтан да адам ымырадан бас тартып, нәтижесінде айналасындағы адамдарды өзіне қарсы қояды.

Қара + қоңыр: мақсаттардың шынайы еместігі

Қоңыр түс қара түстен кейін тұрса, мақсаттардың шынайы еместігі туралы ескертеді. Оларға жету оны түңілуге әкеледі және өзіне деген сенімдіктен айырады. Оған тыныш жағдайда күшін орнына келтіруі қажет.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ОРЫНДАР

Сұр + көк: зерігу

Адам зеріккен және салы суға кеткен. Себебі – жалғыздық, қажет еместік, шеттетілгендік сезімдері. Бұл жағдайда оның

өмірінде толық сенім мен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынастың жоқ болуымен сипатталады. Оның жуық арада жақын адамынан айрылған болуы да мүмкін.

Сұр + жасыл: тұтқыннан шығуға ұмтылу

Сыртқы жағдайлар оны басып тастаған. Жағдай өте күрделі. Олай бола тұра, адам өзінің көзқарасын қорғауға тырысады.

Сұр + қызыл: ашулану

Адам өзінің жоспарларын жүзеге асыруға талпынып тұрады, бірақ қоршаған адамдар мен жағдайлар оған кедергілер қояды. Бұл оның зығырданына тиеді. Жүйке шиеленісі ұлғая түседі.

Сұр + сары: адасу

Адамның үміті ақталмай, ол жағдайды өзгерту үшін не шара қолданатынын білмейді. Бұл оны өте қатты стресске әкеледі. Ішкі ресурстар шаршаған, сондықтан да психологтың көмегіне жүгінгені дұрыс.

Сұр + күлгін: іштей бөлектену

Қазіргі жағдайда адам жақын адамымен ренжісіп жүр. Өткен өмірінен алған эмоционалды жарақаттарға негізделген сенбеушілік басқалармен жақындасуға кедергі болады.

Сұр + қоңыр: шаршау

Өте қобалжитын жағдай! Ішкі шиеленіс жағдайы өзінің шегіне жеткендігі туралы ақпарат береді. Адам міндетті түрде демалуы қажет, тіпті емделуі керек.

Сұр + қара: шектен тыс талап қою

Қалыптасқан жағдайлар адамның қазір қолынан келмейтін жоғары талаптар қояды. Оған біраз уақытқа өз ойынан бас тартуы керек, әйтпесе оның ішінде жиналған стресс ауруға әкелуі мүмкін.

4.4. МЕКТЕПТЕГІ КҮШ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚАТАЛДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІ

Мектеп қоғамның бөлшегі ретінде, қоғамдағы болып жатқан жағдайлар, оның ішінде жағымсыз жәйттер мектепте де кездеседі.

Мектеп дегеніміз – мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне деген нормативті талаптарымен реттейтін өмір салты бар мекеме.

Баланы балағаттаған педагог осы жол арқылы баланың ұятын шақырып тұрмын деп есептейді. Шындығында ол өзінің қорғансыздығынан, басқа шешім таба алмағандығынан осы жолға барады. Мектеп директоры мектепке «кіру-шығу» бойынша қатаң бақылауды енгізе отырып, бұл тәртіпке көмектеседі дегенімен өзінің басқа жол таба алмағанынан хабардар етеді.

Сондықтан да зардап шеккен балалар мен жасөспірімдерге көмекті ұйымдастырумен қоса, алдын алу шараларын жасау – оқу орындарындағы зорлық жүйесі әрекеттерінің пайда болу ықтималдылығын азайту қажеттілігі туындайды. Мұндай жүйені құру үшін қаталдық, жауыздыққа әкелетін факторларды анықтап, агрессивтік мінез-құлықты азайтатын жағдайларды анықтау керек.

Баланы жасытатын оқу жүйесінің қаталдығынан басқа мектепте балалар өз құрдастарынан, жоғарғы сынып оқушыларынан көп азап шегеді.

Оқушылар қоғамдастығындағы қаталдықтың дамуына әсер ететін факторлар:

- оқушылардың тұлғааралық агрессивтілігі.

Бұл жағдай жасөспірімдік дағдарыс кезінде күшейе түседі, ал мектеп оқушыларының 60%-ы осы жастағы балалар болып келеді.

- жақын қоршаған ортасынан – отбасынан, оқу ортасынан, құрдастарынан көрген агрессивтілікке еліктеу ретінде өзіндік агрессияның көрініс табуы;



7-ЕРЕЖЕ.

Агрессивті мінез-құлыққа талдау жасаңыз

Агрессия үстінде оны талқыламаңыз. Сабырға келгенін күтіңіз. Сонымен қоса, жанжал жағдайын бірден шешуге тырысыңыз. Ешкім жоқ кезде баланың өзімен сөйлескен дұрыс. Сабырлықты жоғалтпаған күйі агрессивті мінез-құлықтың жағымсыз нәтижелері туралы талқылаңыз.



8-ЕРЕЖЕ.

Баланың агрессивтік мінез-құлықты көптің алдында талқылаудан қашу

Әрбір адам, оның ішінде бала жағымды беделге ие болғысы келеді. Жұрт алдында табалап, оның мінез-құлығына теріс баға берілсе, бұл ары қарай агрессияның артуына алып келеді. Жағымсыз бет-бейнесі баланы одан ары агрессивті болуға итермелейді.

9-ЕРЕЖЕ.

Конструктивті мінез-құлық моделін көрсетіңіз

Педагог өзі балаларға агрессивті емес мінез-құлықты көрсете білуі керек. Баланың жасы төмен болған сайын оның агрессивті мінез-құлығына түсіністікпен қарау керек.

Конструктивті мінез-құлық технологиясының тәсілдері:

- «рефлексивті емес тыңдау» техникасы.

Бала толығымен ойын айтып болғанша тыңдау керек;

- үнсіздік балаға тынышталуға көмектеседі;

- үнсіздік тыныштыққа иландырады;

- жағдайды ашатын сұрақтарды қойыңыз;

- қалжыңды пайдаланыңыз;

- эмпатия көрсетіңіз.

РЕФЛЕКСИВТІ ЕМЕС ТЫҢДАУ – әңгімелесіп отырған адамның шерін тарқатуға мүмкіндік беретін талдаусыз (рефлексия) тыңдауы. Бұл дегеніміз үндемей мұқият тыңдау қабілеті

Көк + сұр: тынышталу

Адам жақында бастан кешірген толқулардан кейін демалғысы келеді. Психологпен сенімді қарым-қатынас ол үшін жақсы ем болады.

Көк + күлгін: түсінуді қажет етеді

Адам өте сезімтал және ренжігіш. Оған оны түсініп, қолдайтын адам керек.

Көк + қоңыр: қорғауды қажет ету

Қоңыр түс көк түстен кейін келсе, бұл адамның қазіргі кезде қолдауды, тыныш достық қарым-қатынасты қатты қажет ететіндігі туралы айтады. Ол үшін ең маңыздысы – қауіпсіздікті және достық қолдауды сезіну.

Көк + қара: максимализм

Адам сенімді қарым-қатынасты талап етеді және қоршаған адамдардан түсінуді, өзін сыйлауды талап етеді.

Жасыл + сұр: қарсыласу

Сыртқы жағдайлар қарсы келеді, бірақ адам шешімді түрде өзінің талаптарын жүзеге асырады.

Жасыл + көк: жақындары тарапынан түсіністіктің маңыздылығы

Адам өзін байсалды және сенімді сезінгісі келеді. Бұл үшін оған басқалардың оны сыйлауы, мойындауы және түсінуі қажет.

Жасыл + қызыл: ойының беріктігі

Адам өзіне басқалардың қысым көрсетуін сезінеді. Және де ол өзінің позицияларын ұстанып, өз ойларын жүзеге асыруға тырысады.

Жасыл + қара: ымыраның жоқтығы

Қара түстің төртінші позицияда болуы бұл өмірде қалыптасқан жағдайлардың күрделілігі, шиеленісуі адамның өз талаптары мен сенімдерін жүзеге асыруын талап етеді. Адам бас тартуға келіспейді және ымыраға бармайды.

Қызыл + сары: ашулану

Сұр түс қызыл түстен кейін тұрса онда ол жағдайдың шиеленіске толы екендігін көрсетеді. Адам мүмкіндігі шектелгендіктен, ол ашуланады. Қазіргі жағдайда оған өз эмоцияларын басуы керек.

Қызыл + жасыл: өз тағдырын басқару

Адам өз өміріндегі оқиғалардың барысын басқаруға мүмкіндік беретін жағдайға ұмтылады. Кедергілерден ол қорықпайды, ол бастамасын көрсетіп, қиындықтарды жеңуге тырысады.

Қызыл + қара: менменсінуді басу

Қазіргі жағдайға адамның көңілі толмауынан, өзін ашуға билетеді. Бірақ ол түзелгеннің орнына, бұрынғы реніштері мен сәтсіздіктерінен босай алмай, тұйықтыққа бой алдырады.

Сары + қызыл: уақытша көңіл толмаушылық

Адам өз үмітінің орындалмауын жанындағылардың оны ығыстыруларынан ба деп ойлайды. Ортаға деген ашу ызаны шақырады.

Сары + қара: шыдамсыздық

Адамның шыдамсыздық танытуы – өзінен және өзгелерден мүмкін емес нәрсені талап етуі

Қоңыр + сұр: жүйкенің шаршауы

Адам өзін ұрыс пен кикілжіңнен шаршаңқы сезінеді. Содықтан да ол демалыс, өзін қауіпсіз әрі денелік жайлылықта болуды қажет етеді.

Қоңыр + көк: қамқорлықты қажет ету

Адам өзін нашар сезінеді. Демалыс пен жақсы достық әңгімелесу қажеттілігінен бас тартпау керек. Оған қазір керегі – қамқорлық, көңіл бөлу, жақсы қарым-қатынас.

Қоңыр + жасыл: істерінің алға баспауы

Адам өмірінің аса сәтті емес кездерін бастан кешіреді. Өз амбицияларын қанағаттандыруда кедергілерге кезігеді. Оған

- ым-ишараға мән беріңіз, агрессивті тұрыстар мен ым-ишаралардан аулақ болыңыз;

- балаларға, олардың ата-анасына қатысты мазақтап күлмеңіз;

- баланы басқа балалармен салыстырмаңыз;

- денелік күш жұмсауға көшпеңіз;

- басқа балаларды араластырып, жанжалды ушықтырмаңыз;

- мораль оқымаңыз;

- жазалаумен қорқытпаңыз;

- өз билігіңізді көрсетіп, бұйрық бермеңіз;

- баланы мақтап қойыңыз;

- тіміскілей бермеңіз.

5-ЕРЕЖЕ.

Сыпайы болыңыз

Балаларға жақтырмай қарауға болмайды. Баланың сырт келбеті, киімі сізге ұнамады деп сынамаңыз және баланың сырт келбеті туралы пікіріңізді баланың тұлғасына тұтастай ауыстырмаңыз.

Бұл жерде адамдардың өздерінен айналасындағылардың күтетін нәтижелеріне сәйкес болуға тырысатындығын айтып кету керек. Егер мұғалім оқушылардың интеллектуалдық деңгейлерінің жоғары болып, адамгершілігі жоғары болғанын қалаған болса, ол сондай оқушыларды жолықтырып отырады.

6-ЕРЕЖЕ.

Сабырлы дауыспен сөйлеңіз

Көптеген мұғалімдер өз талабын сыныпқа немесе бір балаға орындату үшін айқайлау арқылы шешіп жатады. Егер ол «қиын сынып» болса олар айқайдан басқа сөзді тыңдамайтыны белгілі. Жақсы мұғалім өз дауысын дұрыс пайдалануы керек. Ескерту жасар кезде дауыс ырғағын өзгертіп отыруы керек.

Айқайлаудың қажеті жоқ, сөйлеу екпінін өзгертіп, сөздер арасындағы үзіліс уақытын ұзартуды пайдалануға болады.

Сіз айқайды қаншалықты көп пайдаланасыз, балалар айқайға үйреніп алады. Егер мұғалім балалардың назарын аударғысы келсе, айқайдан гөрі дауысын әдеттегіден аздап төмендетіп көруге болады.

2-ЕРЕЖЕ.

Адам тұлғасы мен қылықтарының ара жігін ажыратып алу

Мұғалім баланың тұлғасына емес, оның әрекеттеріне көңіл бөліп үйренуі керек. Ол үшін «**мінез-құлықты объективті түрде суреттеу**» техникасы қолданылады.

Бала сабырға келген соң онымен мінез-құлығы туралы сөйлескен жөн. Бұл кезде түрлі сыни пікірлерден аулақ болыңыз. Агрессивті мінез-құлықты талдау кезінде тек фактілерге ғана тоқталыңыз, өткен кездегі қылықтарын еске салмаңыз. «Мораль оқымаңыз», бұл көптеген мұғалімдердің жіберетін қателігі. Мынадай әрекеттерден тұратын «кері байланыс» техникасын қолданыңыз:

- фактіті анықтау («Сенің мінез-құлығың агрессивті»);
- анықтайтын сұрақ («Сен ренжідің бе?»);
- агрессивті мінез-құлық түрткісін анықтау («Сенің кек алғың келеді ме?»);
- өзіңнің бала қылығына қатысты сезімдеріңді жеткізу («Сенің осылай жасағаның маған ұнамайды»);
- ақылға шақыру («Жұдырықпен ешнәрсе шешілмейді», «айғаймен жұмыс бітпейді»).

3-ЕРЕЖЕ.

Өзіңнің жағымсыз эмоцияларыңызды бақылаңыз

Педагогтар өздері жағымсыз эмоцияларын ұстай білуі керек.

Әрине баланың агрессиясы мұғалімде ашу, ыза туғызатыны тіпті кейде не істерін білмей қалатын деңгейге дейін жететіні белгілі. Бұл адамның табиғи реакциясы. Өзіңнің теріс эмоцияларыңмен жұмыс істей алу үшін олардың себебін біліп алу керек. Агрессивті адаммен өзара әрекетке түсіп үйреніңіз.

4 ЕРЕЖЕ.

Шиеленіскен жағдайды шешіңіз

Кез келген бала мен жасөспірім агрессиясына тап болған ересек адамның міндеті осы жағдайдың шиеленісуін азайту.

Шиеленісуді азайтуға арналған ұсыныстар:

- өз даусыңыздың ырғағына мән беріңіз;
- айқайға көшпеңіз;

қойылған талаптарды қатты қиыншылықпен орындайды. Бірақ ол жағдай жақсарады деген үмітпен өз іс әрекетін жалғастыра береді. Жакындарының қолдауы, оның қорғаныстамын деген сезімін арттыра түседі.

Қоңыр + қара: ауру

Адам өз қажеттіліктерін қанағаттандыруды және қам-қорлықты қажет етеді. Өзіне артық талаптар қоя бермей, өз-өзіне көңіл бөлу керек.

Қара + көк: қанағаттанбау

Адам қазіргі жағдайына қанағаттанбай, қиындықтар мен кикілжіңнен арылуға талпынады.

Қара + көк: аса жоғары талаптар

Адам тыныштық және жылы, жүрекке жақын қарым-қатынасын аса қатты қажет етеді, бірақ ол жанындағы адамдарға аса жоғары талаптар қояды.

Қара + жасыл: қатаң шешім

Адам өз амбицияларының қанағаттандырылуына қатаң және табанды түрде жетеді. Егер оған біреу қолдау көрсетпесе, ол адаммен араласпай кетеді.

Қара + қызыл: анық күрес

Адамға бар әлем қарсы, барлығы оның қалағанына кедергі мен тосқауылдар қойғандай болып көрінеді. Бұл оған қарсы болғандарға деген ашу-ыза шақырады.

Қара + сары: адасу

Адам өз сәтсіздіктеріне басқаларды кінәлайды. Егер үміті ақталмаса, кінәлі деп санайтын адамдармен қарым-қатынасын бірден үзеді. Бұл өзара ұрыс пен ренішке байланысты.

Қара + күлгін: өзара түсініспеушілік

Қазіргі кездегі қарым-қатынасқа қанағаттанбайды. Адам жақын адамдарының түсінбеуіне тап болады және түсінетін адамды іздейді.

Қара + қоңыр: олқылық

Жүйкесінің шаршауы үдей түседі. Себебі қатынастардан түнілу. Адамға дереу демалу және жақсы көретін, қамқор адамдармен қарым-қатынасты қажет етеді.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ОРЫНДАР

Сұр + көк: ішкі бөлектену

Қалыптасқан өзара қарым-қатынас жоғарғы талаптарға және эмоционалды күтімдерге сай емес. Бұл жалғыздық сезімін шақырады, жақын, шынайы қатынастар құруға кедергі жасайды.

Сұр + жасыл: өкпе

Жағдай қиын. Адам өзіне тиісті нәрселерді алмайды, сондықтан өзін өкпелі сезінеді. Жағдайлар қалыптасқан шарттарға бейімделуге мәжбүрлейді.

Сұр + қызыл: зауқының болмауы

Адамның шаршағаны соншалық, оның ешнәрсеге зауқы жоқ болады. Себебі – шаршаған. Оған демалып, күшін орнына келтіру қажет.

Сұр + күлгін: аса сезімталдық

Адам қоршағандардың сөздері мен әрекеттеріне аса сезімталдықпен қарайды. Оған тыныш жағдайда күшін қалпына келтіруі керек.

Сұр + қоңыр: эмоцияны шығару қажеттілігі

Адам іші шиеленіске толы. Стресстен құтылу үшін оған өзі сенетін адамдармен қарым-қатынас жасауы керек. Қазір ішіндегіні айтып, эмоциясын шығарғаны дұрыс.

Сұр + қара: келісу

Адам махаббаттың және эмоционалды бастан кешірулердің жетіспеуін сезінеді, сондықтан да уақытша өзіне ұнамайтын қатынастарға келісу міндетті.

дамуы, әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе алмауы, әлеуметтік нормалар мен ережелерді білмеуі болып табылады. Сондықтан оқушыларда қарым-қатынас біліктілігін дамыту, қарым-қатынасқа түсуге дайындығын қалыптастыру өте маңызды болып табылады.

Бала агрессиясымен жұмыс істеу кезінде рөлдік ойындар мен вербальды емес жаттығуларды пайдалану тиімді. Өзін-өзі жағымды бағалауды, рефлексиялау қабілетін арттыруға, өзін-өзі тану механизмдерін, өз қылықтарына жауапкершілікті сезінуді дамытуға бағытталған жаттығуларды енгізу керек.

4.3. ЖАНЖАЛ ЖАҒДАЙЛАРЫН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Көп жағдайда агрессия жанжал жағдайына жауап ретінде пайда болады. Балалардың агрессиялық мінез-құлығының алдын алу үшін біз сіздерге жанжал кезіндегі мінез-құлық ережелерін ұсынамыз.

1-ЕРЕЖЕ.

Болмашы агрессия кезінде сабырлы болу

Мектеп оқушыларының агрессиялары аздаған, ешкімге зиянсыз болса мұғалім мен сынып жетекшісіне келесі мінез-құлық моделі ұсынылады:

- балаға қатысты эмпатия таныту, оны тыңдау («мен сені тыңдап отырмын..., «иә, не айтасың?»).
- баладан агрессиясын түсіндіріп беруін сұрау: («сенің ашуланған себебің ...»)
- баланың көңілін басқа жаққа аударту («Бор алып келе қойшы»)
- агрессивті мінез-құлық жұмыс істеудің тағы бір жолы – оны толығымен елемей, себебі балалар кейде өздеріне көңіл аударту үшін ғана агрессия көрсете бастайды. Егер бала ашуланып жатса, оған көңіл бөліп, оның зейінін басқаға аудару керек.

Ашу барлық уақытта агрессияға әкеле бермейді, бірақ бала немесе ересек ашу сезімін жиі басынан кешіретін болса, агрессияның түрлі формасының пайда болуына алып келеді.

3. Балаларда эмпатия сезімін дамыту

Агрессивті балаларды басқалардың сезімдері ойландырмайды, олар басқаларға ауыр және ыңғайсыз болатынын түсінбейді. Сондықтан балада эмпатия сезімін дамыту маңызды болып табылады. Басқаларды сезінген бала өзінің сенімсіздігі мен көңілге алғыштығынан арылып, нәтижесінде өзі жасаған әрекеттеріне жауап бере алатын деңгейге жетуі мүмкін.

Мектептегі зорлық көрсетудің алдын алу жұмыстарының негізгі нәтижесі қауіпсіз ортаны қалыптастыру, яғни зорлық-зомбылыққа итермелейтін факторлардың әсерін төмендету, кез келген агрессия түрін көрсету қажеттілігін жоюға бағытталуы керек.

Бұл үшін мектептегі ұжымның бірлігін арттыруға бағытталған іс-шаралар үлкен орын алады.

Зерттеулер көрсеткендей, мектепте ұжымдық-шығармашылық әрекет жүйесін қалпына келтіру орынды болып табылады.

4. Балаларды ұстамдылыққа үйрету

Агрессивті мінез-құлықтың алдын алудың тиімді тәсілінің бірі – әлеуметтік іскерліктер тренингі болып келеді. Бұл тренинг адамда өз бетінше агрессиялық жүріс-тұрыстан құтылуға деген ниет пайда болған кезде ұсынылады.

Р. Бэрон және Д. Ричардсон әлеуметтік іскерліктер тренингінде келесі шараларды жүргізеді:

- адекватты мінез-құлық мысалдарын модельдеу;
- рөлдік ойындарды жүргізу, игерілген мінез-құлық модельдерін тәжірибеде тексеру;
- кері байланыс орнату (жағымды әсерлерді нығайту);
- дағдыларды мектепте оқу ситуациясынан өмірлік ситуацияға ауыстыру.

5. Оқушыларда коммуникативтік біліктілікті дамыту, қарым-қатынасқа түсуге дайындығын қалыптастыру.

Агрессиялық мінез-құлықтың негізгі себептерінің бірі – баланың қарым-қатынас жасай білмеуі немесе төменгі деңгейде

Көк + жасыл: шеттетілу

Адам өзінің шеттетілгенін сезінеді. Оны ешкім жақсы көрмейді, түсінбейді және бағаламайды деп ойлайды. Сондықтан да ешкімге да бауыр баса алмайды.

Көк + қызыл: суықтық

Адам жақын қарым-қатынас құра алмауын уайымдайды. Басқалардан қол үздім деп ойлайды, терең бауыр басушылыққа қабілетім жоқ деп ойлайды.

Көк + сары: жоғары эмоционалды талаптану деңгейі

Адамның қоршаған адамдарға деген эмоционалды талабы жоғары, достарын таңдауға аса мұқияттылықпен қарайды. Сондықтан да жақын қатынас құру қолынан келмейді.

Көк + күлгін: жоарғы сезімталдық

Эмоционалды сезімталдық адамды өкпелегіш және ашуланғыш етеді. Осы себептен болмашы сын оны жаралайды. Сондықтан да ол жақын қатынас орната алмай, жалғыз қалып қояды.

Көк + қара: салының суға кетуі

Адамға өзін себепсіз кемсітіп шеттететін тәрізді болып келеді. Осы себептен ол ешкімге қатты бауыр баса алмайды.

Жасыл түс: басқаларға бейімделуге тырысу

Адамға оның еңбегі мен жақсылығын басқалар көрмейді деп ойлап, нәтижесінде ол басқаларға бейімделуге тырысады. Ол өзін жеткілікті түрде бағаламайды және алдын ала жеңіліп қалатындығына сенімді болады, сол себептен өзінің мақсаттары үшін күресуден бас тартады.

Жасыл + сұр: сенімділіктің жоқ болуы

Адам жағдайдың талабына бейімделуге мәжбүр және барлық күшімен қарама-қайшылықтан қашуға тырысады. Және соны уайымдайды, бірақ оның бұл мінез-құлығына өзіне сенімсіздік екенін толық түсінбейді.

Жасыл + көк: адамдардан қашу

Адам өзінің еңбегі мен жақсылығын жеткілікті деңгейде бағаланбайды деп есептейді, сондықтан басқаларға бейімделуге мәжбүр. Сондықтан да өкпелі және жақын қатынастарға түскісі келмейді.

Жасыл + күлгін: тұйықтық

Адам жақындары мен достары арасында түсіністік таба алмайды. Сондықтан да жағдайды басқарғаннан гөрі өзінің сезімдерін басып, жағдайға деген бейімделушілікте ұстамдық көрсетеді.

Қызыл + сұр: мағынасыз күрес

Адамды жан жағынан қыспалайды, оның баламасы назардан тыс қалады. Бұл мағынасыз күрестен шаршап, тыныштық іздейсіз. Дереу демалу керек.

Қызыл + көк: жақын қарым-қатынас орната алмау

Адам жүрекжарды қатынас орната алмауынан қайғырады. Өзінің өзгелерге керексіз, әрі оқшауланып қалу сезімі мазалайды.

Қызыл + жасыл: күш қайратының жоғалуы

Өз қалауына талпыну кезінде қиын кедергілерге жолығады. Күш қайраты төмендеп, өзін нашар сезініп, сондықтан да қазіргі жағдайына келісуге мәжбүр.

Қызыл + сары: жақындарының қолдауын қажетсіну

Адам ойын іске асыру кезінде қиындықтарға тап болады, бұл қиындықтар ойын іске асыруда кедергілер туғызады, бірақ ол шегінуге тырыспайды.

Қызыл + күлгін: реніш пен ыза

Адам өз қажеттілігін жанындағылар түсінбейді деп ойлайды, сондықтан да қайғырады және өзін бұл өмірде жалғызбын деп ойлайды. Өзінің шектен тыс эмоционалдылығының себебінен бірде ызаланып, бірде депрессияға ұшырайды.

Бұл жерде бала өзінің ашуын вербальды немесе вербальды емес түрде шығаруына да байланысты.

Мысалы, бала өзінің бір досына ашуланып қалған кезде арт-терапия техникасын қолдануға болады: балаға ренжіткен адамның суретін қалай, қандай түрде салғысы келетініне рұқсат беру керек. Мұндай жұмыстан кейін төменгі және орта мектеп жасындағы бала жеңілдеп қалады. Ермексазбен өзін ренжіткен адамның фигурасын жасап, оны бұзып тастауға болады, қалаған жағдайда қайта жасап қоюға болады. Балалардың өздері жасаған дүниелерін бұзып қайта жасай алуы өздеріне қатты ұнайды.

Тәжірибе көрсеткендей, осылайша өз агрессияларын шығара алған балаларда агрессияға баруға деген ниет төмендей бастайды.

2. Жанжал жағдайларында балаларды өзін-өзі ұстау, бақылау дағдыларына үйрету.

Агрессивті бала өз ашуын жеткілікті формада шығаруы үшін психогимнастика жаттығулары бар қарым-қатынас тренингтерін өткізу керек. Бұл сабақтарда нысанаға доптар лақтыра алады, жұмсақ жастықтарды теуіп ұра алады. Ашумен жұмыс істеу үшін резеңке балғамен балалар қабырғаны, еденді ұра алады; газеттерді жыртып, ұмаждай алады – бұлардың барлығы эмоциялық және бұлшық еттік ширығуларды азайтуға көмектеседі.

Көптеген ересектер балаларының түрлі ойыншық қару-жарақтармен ойнауына қарсы. Көптеген ата-аналардың ойынша қарумен ойнау баланың агрессиясын күшейте түседі, қаталдық, зұлымдыққа алып келеді деп санайды. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, ұл балаларда ойыншық қарулар болмаса да олар түрлі заттарды қару сияқты алып ойнай беретіні белгілі. Оларға тыйым сала отырып, осындай ойынға деген қызығушылықтарын күшейте түсеміз.



4.2. АГРЕССИВТІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕРІ

Балалар неге мектепте төбелеседі, бір-бірін тістейді, итереді? Көп жағдайда балалар өздерін осылай ұстауының себебі басқаша жасай алмағандықтан, сондықтан психологтар мен педагогтардың міндеті – балаларды қоршаған ортамен тиімді, жанжалсыз қарым-қатынасқа түсуге үйрету.

Агрессивті балалармен жұмыс үш бағытта жүруі керек:

1. – агрессивті балаларды ашуды дұрыс шығара білуге үйрету;



2. - жанжал жағдайларында балаларды өзін-өзі ұстау, бақылау дағдыларына үйрету.

3. - басқаларды түсінуге, сезінуге, олар үшін уайымдауға, басқаларға сенуге үйрету.

Агрессия жақтырмау, қаламау сезімінен басталады, бұл өзін-өзі бақылаудың жоғалуына алып келеді. Өкінішке орай – ашуды сыртқа шығару бұл ұят деген пікір қалыптасқан.

Мамандардың айтуынша жағымсыз эмоцияларды ішінде ұстап, жинай беруге болмайды. Ашуын ішіне сақтаған адам оны бір кезде сыртқа шығаруға дайын болады.

Ашуын іште сақтаған адамның психосоматикалық ауруларға көп шалдығатыны туралы теория бар. Іште сақталған ашу-ызаның ревматизмдік артрит, есекжем, псориаз, асқазан жарасы, бас ауруы, қан қысымының жоғарылауы тәрізді ауруларға алып келетіні белгілі. Ызадан арылу керек. Ол үшін балаларды ызаны мақұлданған, ешкімге зиян әкелмейтін жолмен шығаруға үйрету керек.

1. Ызаны тиімді жолмен шығаруға үйрету.

Көбінесе ыза сезімі еркіндікті шектеу кезінде пайда болатындықтан, осындай «қатты ашу» кезінде балаға әдетте сіз рұқсат бермейтін әрекеттердің бірін жасауға мүмкіндік беру керек.

Сары + жасыл: айналма жолдар

Адам өмірдегі үлесін жоғалттым деп сезінеді және бұл жағдайдан шыға алмаймын деп ойлайды. Өзін жабтырқаулы және тағдыр қарғысына ұшырағандай сезінеді.

Сары + қызыл: күш қайратын қайта орнына келтіру

Қазіргі кезде адам өмірінде көптеген кедергілер бар, бұл кедергілер оның өзін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Ол шаршаған, сондықтан оған демалыс пен достарының қолдауы керек.

Күлгін + сұр: төмен сезіну қорқынышы

Сұр түс күлгін түспен қатар келсе, шектен тыс сезімталдығы туралы айтады. Адам өзін төмендетуден, күлкіге қалудан қорқады, сондықтан сезімін толық көрсетпейді және ешкімге бауыр баспайды.

Күлгін + көк: түсініксіз болу қорқынышы

Адам өзінің қарым-қатынас жасауы кезінде толық өзара түсінушіліктің болмауы, нәтижесінде ол жағдайларға көндігіп, бейімделеді.

Күлгін + жасыл: еңбегін жоққа елемей

Адамға оның еңбегі мен жақсылығын қоршағандар елемейтін болып көрінеді. Эмоционалды сезімталдықтың жоғары болуынан ол жағдайды жүрегіне жақын қабылдайды.

Күлгін + қызыл: ашудың сақталуы

Адам, оны қоршағандардың оның бастауларын қолдамайды деп ойлайды. Бұл оның ашуын шақырады, бірақ ол бірден ашуға бой алдырмайды, оны өзінде ұстайды, ыңғайлы сәттерді күтіп жүреді.

ЖЕТІНШІ ЖӘНЕ СЕГІЗІНШІ ТҮСТЕР

Сұр + көк: мазасыздық пен қанағаттанбау

Көк карточканың соңғы орында тұруы депрессияны көрсетеді. Бұл оны шаршатады, ашуландырады, ештеңеге тұрақты көңіл бөлгізбейді.

Сұр + жасыл: қалыпты қысым көрсету

Жасыл түстің соңғы позицияда болуы – бұл адамның жүйкесінің тозғанының белгісі, бірақ ол өз дегенінен бас тартпайды. Адам жағдайдың шектен тыс қысымын сезінеді, бірақ бұл күйден құтыла алмайды.

Сұр + қызыл: дәрменсіздік және ашуланшақтық

Адам өмірлік күшінің таусылуы шегінде. Міндетті түрде демалу керек, кейде емделу керек.

Сұр + күлгін: сезімдерді басу

Адам ішкі шиеленісті сезінеді және өзара түсінушілік пен сенімнің болуын қатты қажет етеді. Бұл жұптардың сәйкес келуі күрделі ішкі шеленістің бар екендігін көрсетпейді.

Көк түс: қарым-қатынастарда қиындықтардың болуы

Көк + сұр: адамның өзінің өміріне риза болмауы

Адам оны қанағаттандыратын қатынастарды орната алмауынан шаршаған. Бар қатынастарды тәуелділік және еркінділігінің шектелуі деп түсінеді. Сол себептен ол ешкімге бауыр баса алмайды. Бір жағынан жалғыздық оны мазасыздандырады және тынышсыздандырады.

Көк + жасыл: қысым көрсету

Түстердің бұл жұбы ерік жігерін және табандылығын басу қаупі туралы ескертеді. Адам кездескен қиындықтарды жеңуден шаршаған.

Көк + қызыл: жақындықтың бұзылуы

Адам белгілі біреумен қарым-қатынасына көңілі толмайды, өзін бұрынғы жақындық пен өзара сенімді орнына келтіруге қабілетсізбін деп санайды. Бұл оның жанына батады. Адам өзін нашар сезінеді және бұл жағдайды жағымсыз қабылдайды. Жүрек талмасы қаупі болуы мүмкін.

балалардың уақыт өткізуіне көп уақыт бөлу... Әртүрлі ойындар ұйымдастыру...»

Баланың агрессивтілігінің алдын алу мен түзетудегі құқықтық шаралары ретінде ата-аналар төмендегілерді көрсетті:

«Заңдарды жетілдіру... Қажетті заңдарды қабылдау... Ата-аналардан қатаң түрде талап ету... Полициямен жұмыс жасау... Баланың құқықтарын ұстану... Баланың құқығын бұзбау... Заңды қайта қарау... Қатаң жазалау шараларды қолдану...».

Баланың агрессивтілігінің алдын алу мен түзету шараларының ішінде ата-аналар келесі мемлекеттік шаралар маңызды деп санайды:

«Баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру... Отбасының әлеуметтік амандығы... Ұлтына, болашаққа деген сеніміне қарамастан қорғанышылық және мемлекет тарапынан қамқордың болуы сезімін тәрбиелеу... Отбасының тәрбиелеу-адамгершілік деңгейін жоғарылату... Мемлекеттік қолдау... Мемлекет тарапынан көп балалы отбасыларға көмек беру... Жастар мәселелеріне көңіл бөлу... Жағдайы жоқ отбасыларға балалар құқығын қорғау комитеті тарапынан бақылаудың болуы... Жағдайы нашар балаларға қамқор органдардың қадағалауын қатаңдату...»

Ата-аналар қоғамдық әсер туралы:

«Адамдардың бейқамдығы... Баланың адекватты емес реакцияларына жауап беру... Балаларды қорқынышта ұстауға болмайды... Балалар қоғамда болып жатқан жағымды өзгерістер мен жаңалықтарды қадағалауы... Баланың агрессиясына агрессиямен жауап бермеу, үнемі баланы түсінуге тырысу...»

Сондықтан да ата-аналар бұл әлеуметтік институтқа бала агрессиясының алдын алу және түзетуде маңызды орын алады.

«Мұғалімдермен байланыста болу... Дәрістер... Психологтың, ата-ананың қатысуымен бірігіп кеештер жүргізу... Ата-аналар үшін семинарлар және дәрістер жүргізу... Мұғалімдер және ата-аналар тарапынан қадағалаудың болуы... Баланың сабаққа деген қатынасы мұғалімдерден, сыныптастарынан, ата-аналарға байланысты... Сынып жетекшілерімен тәрбие жұмыстарын жүргізу... Мамандарға бару... Агрессивті балалармен жеке жұмыс жүргізу... Тақырыптық жоспарлар жүргізу... Мұғалімдер тарапынан назар бөлу... Сынып жетекшісі әр баланың отбасылық жағдайы туралы білуі керек... Қосымша сабақтарға бару...»

Респонденттер бала агрессиясының алдын алу және түзету бойынша маңызды фактор ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын атап өткен.

«Ақпаратты БАҚ арқылы қадағалау... Балаларды БАҚ-нан шектеу... Компьютерлік ойындардан қорғау... Ойындарды өшіру... Қобалжумен байланысты ақпараттарды шектеу, бала бағдарламаларын көрсету уақытын қадағалау... Күш көрсетумен байланысты телебағдарламаларды көруін шектеу... Интернетте көп уақыт өткізбеу... Қорқыныш, триллерлер фильмдерін көруге шектеу қою... Агентке, компьютерге шектеу қою... Ұялы телефоныңызды бермеу...»

Баланың агрессивтілігінің алдын алу мен түзету шараларының ішіндегі маңыздысы – балалардың демалыс уақытын ұйымдастыру.

«Балаларды спорттық мектептерге қатыстыру... Балаларға тегін демалыстар ұйымдастыру... Баланың отбасымен демалысын ұйымдастыру керек... Көп уақытты таза ауада, табиғатта өткізу... Балалардың сабақтары үшін тегін үйірмелер ұйымдастыру... Шығармашылық пен спортқа деген махаббатты дамыту... Мәдени даму деңгейін кеңейту... Қоғамдағы мейірімділік шараларын көбірек ұйымдастыру...»

Көк + сары: эмоционалды түңілу

Ішкі стресс эмоционалды түңілудің нәтижесі болып келеді. Оны белгілі біреумен қарым-қатынасы қанағаттандырмайды: олар тәуелділік және мәжбүрлік болып қабылданады.

Бір жағынан, ол бұл бауыр басушылықтан құтылғысы келеді. Басқа жағынан – барынан ажырағысы келмейді. Оны бұл жан-жаққа шашыратады. Адам оларды басқысы келеді, бұл оның жүйке жүйесіне салмақ түсіреді. Денсаулығы нашарлайды.

Көк + күлгін: өзара түсінудің жоқ болуы

Стресстің алғышарты өзара түсіністіктің жоқ болуы. Сондықтан да ол бұл қатынастарды жүрегіне жақын қабылдайды. Адам шаршайды, ашуланады және жалғыздыққа ұмтылады.

Көк + қоңыр: өзін-өзі қадағалаудың шектен тыс болуы

Стресс қазіргі қатынастармен қанағаттанбаумен, мойындаудың жоқ болуымен, қоршағандардың оны сыйламауынан туындайды. Қатынастар адамды қынжылтады және оның жанына батады. Жақсы қатынастар құруға эмоцияларды шектен тыс қадағалау кедергі болады. Оның ойы бойынша өзін көрсетудің бірден бір жолы бұл қатаң қадағалау деп түсінеді.

Көк + қара: тұрақсыздық

Стресстің себебі – эмоционалды қанағаттанбаушылық. Қалыптасқан қатынастар жеке еркіндігінің шектелуі ретінде қабылданады. Адам тәуелсіз болып қалғысы келеді. Сондықтан да жүрекке жақын қатынастарды құра алмайды. Бұл қарама-қайшылық эмоционалды шаршауға, мазасыздыққа, тұрақсыздыққа алып келеді және бұл барлық қалған жұмыстарға әсер етеді.

Жасыл түс: еріктің шиеленісуі

Жасыл + сұр: шешілмеген мәселеден құтыла алмау

Сыртқы жағдайлар қысымына қарсыласу қабілеті әлсіз. Ерік жігері біткен. Адамды қажетті ойлаған нәтиженің жоқтығы және күштің бітуі сезімі қатты қынжылтады. Адамның жүйкесі

шаршаған, бірақ өзінің мақсатына жетуді тоқтатпаған. Өз мәселесінен шыға алмау жағдайға объективті түрде қарауға кедергі болады. Уақытша зейінін ауыстырып, мақсатына ұмтылуды тоқтату керек – сонда мәселе өздігінен шешіледі.

Жасыл + көк: адасу

Стресс эмоционалды қанағаттанбаудан және қиындықтармен күресу қабілетінің төмендеуінен туындайды. Ерік-жігері әлсізденіп, адам өз позициясын жүзеге асыруға тырысады. Адам қолдауды қажет етеді. Достарының көмегінсіз жағдайды жақсарту үшін ештеңе жасай алмайды.

Жасыл + қызыл: көмексіз бүлік

Адам өзіне тым жоғары, ойға сыймайтын талап қоятын араласатын адамдарының мінез-құлығына көңілі толмайды. Бірақ ол қарсылық көрсетіп жағдайды түзете алмайды. Бұл оның жүйкесін жұқартып жүрек қан-тамырларына күш түсіреді. Оған күресті тоқтатып демалуы қажет.

Жасыл + сары: өмірді «кейінге қалдыру»

Стресс шешім қабылдаудағы сенімсіздікпен шақырылған. Үміттің үзілуі қатты түңілдіріп және өзіне деген сенімсіздікті шақырады. Адам болашақта жағдайдың жақсы жаққа қарай өзгеретіндігіне сенбейді, сондықтан да кейінге қалдырады.

Жасыл + күлгін: төмендеу, кемсіту

Адам айналасындағылармен өзара түсіністікке келе алмайды. Оған ешкім оны жақсы көрмейтіндей, сыйламайтындай, бағаламайтындай көрінеді, сондықтан да өзін төмен сезінеді. Оның пікірі бойынша, ол қиындықтармен жалғыз күресуге қабілетсізін деп ойлайды. Барлығын осы қалпында қалдырып, өмірге ренжудің қажеті жоқ.

Жасыл + қоңыр: өзіне деген сыйластықты талап етудің нәтижесіз болуы

Адамды басқалармен қатынасына көңілі толмайды. Оған оны жеткіліксіз түрде сыйлайды деп ойлайды. Адам өзін басқалардан бөлініп көрінгенін қалайды.

құлақ салу... Отбасылық дәстүрлі мерекелер ұйымдастыру... Олардың орнына өздеріңізді қойып сөйлесу... Ата-анаға деген сыйластықты тәрбиелеу... Отбасылық демалыстарға бірге бару... Ата-аналар психолог болуы керек, баланың ішкі әлемін түсіну керек... Балаларда жақсы қасиеттерді тәрбиелеу... Балаға дос болу, бірақ ата-аналық беделді жоғалтпау... Әкесінің тәрбиесі де керек... Өзінің әрекеттерінің дұрыс еместігіне сендіру...»

Бала агрессиясының алдын алудың маңызды кең тараған шарасы ата-аналардың пікірі бойынша – психологтың жұмысы. Психологтың бала агрессиясының алдын алу бойынша жұмысы ата-ананың ойы бойынша – бұл агрессивті балалар мен оның отбасын зерттеу, олармен әңгімелесу және балаға және оның отбасына психологиялық көмек көрсетуде.

«Мектепте психолог қызмет етуі керек... Жақсы психологиялық тәрбиелеу. Психолог баланың мәселелерін шешуге көмектесуі керек. Балаға әртүрлі жағдайларды өзін қалай ұстау керектігін түсіндіру. Ең алдымен, психологтың қызметі көмектесер еді... Мектепте, көшеде балаларға түсіністікпен қарау керек... Психолог балалармен мектепте, көшеде кездескен мәселелері туралы сөйлесуі керек. Агрессивті бала отбасымен жұмыс жасау... Осы отбасындағы тәрбиелеу әдістерінің ерекшелігін зерттеу... Баламен сөйлесудің жолын табу... Түсіндіру әңгімелерін жүргізу... Алдын алу және түзету үшін себептерін білуден бастау... Психологқа бару, баламен жақындасуға тырысу... Психолог ата-аналарға балалардың агрессивтілігі бойынша кеңес беру... Оның ішкі жағдайын түсіну мақсатында, баламен көбірек қарым-қатынас жасау... Баланың қабілетінен жоғары талап етпеу».

Мектеп жасындағы бала өзінің уақытының басым бөлігін мектепте өткізеді, оның қарым-қатынас жасау шеңберінде оқу үдерісінің қатысушылары басым келеді (мұғалімдер, сыныптастары, мектептің әкімшілігі және т.б.). Мұны ата-аналар төмендегідей түсіндіреді: баланың тұлғасына және мінез-құлығына сыныптастары мен мұғалімдері үлкен ықпал жасайды.

17-кесте.

Сіздің ойыңызша, баланың агрессивті мінез-құлығының алдын алу және түзету үшін қандай шаралар қолдану керек?

Шаралар	жиілігі	пайызы
Отбасылық тәрбие	144	55,6
Психологпен жұмыс	44	17,0
Мұғалім мен мектептің әсері	34	13,1
БАҚ-мен жұмыс жасау және БАҚ арқылы насихаттау	31	12,0
Баланың демалысын ұйымдастыру	26	10,0
Құқытық шаралар	9	3,5
Мемлекеттік саясат	9	3,5
Қоғамдық әсер	7	2,7
Басқалар	6	2,3
Жауап бере алмаймын	41	15,9
<i>Барлығы *</i>	<i>259</i>	<i>135,5</i>

Жауаптардың қосындысы 100% тең емес, себебі респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алады

Балалардың агрессивті мінез-құлығының алдын алу шаралары саласында маңызды орынды ата-аналар отбасылық тәрбиеге береді.

«Бала тәрбиесімен жақсылап айналысу керек... Ата-аналар балаларға уақытын көп бөлуі керек... Баламен әңгімелесуі керек... Ата-аналардың балаларға мейірімділік көрсетуі... Ата-аналардың өзіндік үлгісін көрсетуі: дұрыс жүру, шыдамды болу... Отбасы толық болуы керек, отбасында тыныштық, келісім болуы керек... Тәрбиелеудің қолайлы тәсілдерін қолдану... балалармен уақытты көбірек өткізуі... Ең алдымен, баланы отбасы тәрбиелейді, өзінің мінез-құлығын ата-аналарынан алады... Жанжал жағдайлардағы мінез-құлық жайлы сөйлесу... Ең алдымен, бала кезден бастап балаға мейірімділік көрсету... Ата-аналар баланың көзінше бір-біріне агрессивтілік көрсетпеуі керек... Міндетті түрде баланың қоршаған ортасын, кіммен араласатынын білу... Кейде баланың айтқанына

Жасыл+ қара: тәуелсіздік және әрекеттердің еркіндігіне ұмтылу

Адам басқалардың оның әрекеттерін шектеуіне көңілі толмайды, тәуелсіз болуға тырысады. Жағдай күрделі және оны кемсітеді. Және ол барлық күшімен осы жағдайдан құтылып жеке қызығушылықтарын жүзеге асыруға тырысады.

Қызыл түс: өмірлік күш – жігерінің таусылуы

Жүйке жүйесі тозып, адам өз-өзін тез ашуға алдырады. Жүйке жүйесінің тозуы өмірлік күш жігерінің жетіспеушілігімен және мәселелердің көптігі. Адам өзіне қауіп төніп тұрғандай сезінеді. Көздеген мақсатына жете алмаймын деген қорқынышты ой адамды жындыдануға жеткізеді. Адамның жүйкесінің жұқаруы және жүрек талмасы болуы мүмкін.

Қызыл + сұр: әлсіздік және уайымшылдық

Бұл түстер жұбы жүйкенің қозуын ұстамшылдыққа жетелейтінін айтады. Оның қазіргі жағдайы ол үшін тығырықты жағдай деп есептеледі. Жағдай ойлаған ойын іске асыруына кедергі жасайды. Адам шешім қабылдауға жүрексінеді және сонымен қатар өмірдің беріп отырған мүмкіндіктерін жіберіп алғысы келмей уайымдайды. Оның жағдайы қиын және оған демалыс пен босансу керек!

Қызыл + көк: бұзылған қарым-қатынасқа бола қайғыру

Қауіпті жағдай! Адам шаршаған және босансу жағдайында емес. Жүрек мәселелерінің бұзылуынан болуы мүмкін. Өте жақын адамымен табыспай қалу. Адам өзін рухани және денелік тұрғыдан шаршаңқы сезінеді.

Қызыл + жасыл: әлсіз кек

Адам өзгелер тарапынан қойылған талаптарды жөнсіз деп санап және бұл талаптарға наразылығын білдіреді. Бірақ ол қорғану керек екенін сезінбейді. Бұл жүрек қызметінің бұзылуын және қатты ашуға шақыру мүмкін. Болған жағдайды ұмытып және тынышталу керек.

Қызыл + сары: өз жағдайсыздығын мойындаудан қорқу

Адам қандай-да бір жетістікке жету мүмкіндігіне күмәндана және үрейлене қарайды. Ол өзін мықты қылып көрсетуге тырысады. Бірақ жоспарды орындау кезінде қауіп туса, ол бірден өзін әлсіз сезінеді. Адам сәтсіздікке ұшыраймын деген ойынан, өзін жеңілдім деп сезінеді. Бұл жүйкенің шаршауына әкеліп соғады.

Қызыл + күлгін: аяушылық қажеттілігінің қанағаттанбауы

Бұл түстер жұбы жүйкенің шаршағанын айтады. Адам қазіргі жағдайын өте қиын деп санап, оны өзгертетіндей күйде емес екенін сезінеді. Оған дереу аяушылық, түсіністік және қолдау керек.

Қызыл + қара: бостандыққа аса қатты ұмтылу

Қызыл мен қара түстің үйлесімі жүйкенің шаршағанын білдіреді. Адам өзін қайғылы жағдайдың құрбаны ретінде сезінеді және оны өзгерте алмаймын деп ойлайды. Мақсатына жете алмау адамның ашуын шақырады және ол барлық кедергілерді ескермей өз қалауымен ісін жалғастырады. Жүрегіңізді сақтаңыз: оған үлкен салмақ түскен!

Сары түс: түнілуден қорқу

Адам болашақта жағдай жақсарады деп сенбейді, сондықтан да ол талаптарды жоғарылатып және жеңілдіктер көрсетуге тырыспайды. Мұндай жағдайда адам сәттілікке сенуі тиіс, бұл тағы қайтадан түнілу жағдайларына алып келмейді.

Сары + сұр: сәтсіздіктерді күту

Бұл түстер қосындысы жүйкенің шаршау көрсеткіші ретінде қаралады. Адам өзіне өмір қазіргісінен де көп нәрсе береді деп сенеді. Сәтсіздік жайындағы ойлар байбалам шақырады. Адам сәтсіздікті тосу үстінде болады, сонда да бәрі жақсы болады деген ниетін ұмытпауға тырысады. Өзін қауіпсіз сезіну үшін, оған қысқа да болса демалыс керек.

Қазақстанның аймақтарындағы оқушылардың ата-аналарына жүргізілген социологиялық зерттеулерде балалардың агрессивті мінез-құлығын түзету және алдын алу шаралары туралы сұрақтар қойылды.

Балалардың агрессивті мінез-құлығын түзету және алдын алу шараларының ішінде ата-аналар көп жағдайда нәтижелі шара ретінде отбасылық тәрбиені атап көрсетті (55,6%).

Сонымен қатар респонденттер басқа балалардың агрессивтілігі жағдайын жақсарту үшін маңызды басқа да шараларды атап өтті:

«Көркемдік әдебиеттерді көбірек оқу... Тәрбиелік сипаттағы фильмдерді көрсету... Балалық шаққа арналған кітаптардың көп болуы... Мектепте анкеталау жүргізу... «Пірәндік әдісі»

Жүргізілген сауалнама барысында ата-аналар әлеуметтік институттар арасындағы ең маңыздысы бұл отбасы екендігі туралы өздерінің ойларын білдірді. Ата-аналардың 55,6%-ы бала агрессивтілігінің алдын алудағы ең маңызды орынды отбасындағы тәрбие алатындығы туралы ойларын білдірді.

Ата-аналардың 17%-ы ойынша, психологтың балалармен жұмысы бұл олардың балаларының агрессивті мінез-құлығының алдын алуының бір факторы. Мұндай төменгі көрсеткіш, ең алдымен мектеп психологтарының біліктілік деңгейінің төмен болуымен түсіндіріледі.

Ата-аналардың 13,1%-ы мектеп жасындағы балалардың агрессивті мінез-құлығының алдын алу шаралары ретінде білім беру мекемелеріндегі мұғалімдер мен басшылардың алатын орнын ерекше атап өткен. Әр әлеуметтік институттың балалардың агрессивтілігі мәселесін шешуде өзіндік ерекшеліктері бар, олардың әрекеттері өзара тығыз байланысты. Сондықтан да ата-аналардың айтуы бойынша бұл мәселеге біртұтас бағыт қажет (17-кесте)

жақсартуға тырысу керек. Және ешқашан оның жеке тұлғасына ауыспауы керек: бала қанша айыпты болса да, оған ешқашан: «Сен жамансың» деп айтуға болмайды. Оған жәй ғана жағдайды түсіндіруі керек: «Міне сен осындай жағдайда бізді жағымсыз, жайсыз жағдайға қалдырдың ...»

Психологтар балалардың агрессивтілігімен жұмыс жасау барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін және мінез-құлығының себебін анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізеді.

«Себебін анықтау. Бұл жанжал не себептен болды, неге олар төбелесті? Бір-бірінің қай жағын ұнатпайды? Егер адамда мәселелер болса, оларды достастыруға барлық шараларды қолдану керек»

«Әрине, мен назардан тыс қалдырмаймын – бұл менің ішкі қажеттілігім, менің тәрбием. Мен балағат сөздерді, ұрыстарды естісем байқамай өте алмаймын – әрқашан тоқтап, себебін анықтауға тырысамын»

«Әдетте себебін анықтау керек, кейде агрессия түсіністіктің жоқ болуынан немесе балаға назардың жетіспеуінен пайда болуынан туындауы мүмкін»

«Енді, бұл жағдайда бірінші ретте әңгімелесу жүргізіледі. Біз әңгіме барысында себебі не екенін анықтаймыз. Бұл агрессияның себебін анықтаймыз: Неге? Не үшін? Қашан? Себебін білген соң, ары қарай не істеу керектігі туралы қорытындылар жасаймыз»

«Баланы сабырлыққа шақыру керек, оған сурет салғызу керек, яғни арт-терапия жүргіземіз. Және де біз өз педагогтарымызға: «Егер сіз баланы мұндай жағдайда көрсеңіз, оны сабырға шақырыңыз, оған дауыс көтеруге болмайды» Айқаймен ештеңе жасай алмайсың. Балаға қағаз, бояу беріп, өзінің осы күйін салуды өтінесіз. Диагностика үшін ол өзінің соңғы жағдайын салады»

Сары + көк: эмоционалды түңілу

Сары мен көк түс қосындысы күйзелісті білдіреді, жақын адамымен қарым-қатынасынан көңілі қалғанынан туады. Осыған дейін шаттық әкелген қатынас, енді тәуелсіздікке ұмтылуға айналады. Адам бұл адаммен қоштасқысы келеді, сонымен қатар жаңадан белгісіз түңілуден қорқады.

Бұл қарама-қарсылықтың шаршатқаны соншалық, ол өзінің эмоциясын жасыру үшін, өз сезімдерін басуға тырысады.

Сары + жасыл: үмітінің үзілгендігінен белсенділігінің төмендеуі

Адам орындалмаған үмітінің кесірінен алаңдайды. Сәтсіздіктер оның өз-өзіне сенімділігін жоғалтады.

Сары + қызыл: шынайылықтан қашу

Қызыл сарымен жұптасса қатты қорқыныш пен жүйкенің шаршауын айтады, жүрек жұмысының нашарлауын айтады. Адам жанындағыларына жақсы әсер қалдырғысы келеді, бірақ өзіне сенімсіз болады. Сәтсіздікті олар масқаралық ретінде қабылдайды. Мұндай ойлар адамды жеке әлсіздік сезімін кешуге міндеттейді.

Сары + күлгін: күмәндану және сенбеу

Айналасындағылардың бәрі жау болып көрінеді. Себеп: біреу бір уақытта оның сенімін жаман жаққа пайдаланып алдап кеткен. Сондықтан да адам тұйықталып және жалғыздыққа ұмтылу. Басқа адамдардың сөздері мен қимылын мұқият бақылап, бұлардың күлімдеуі шын ниетімен емес, жаман пиғылмен деген қорытындыға келеді. Абай болу күмәндану мен сенімсіздікке айналады.

Сары + қоңыр: жасанды немқұрайдылық

Адам байланыстың жетіспеушілігінен қайғырады. Өзін жалғыз сезінуі оны жанындағыларға ерекше бір нәрсемен және қайталанбас екенін дәлелдеп, өз бірегейлігін көрсетіп айналасындағылардың сыйластығына ие болуға итермелейді. Бұл ісінің өзгелер арасынан қолдау таппайды деген қорқыныш оны алдамшы сеніммен, жасанды тәуелсіздікпен, онымен

келіспейтіндерге жиіркенішті көрсетумен боямаланады. Жасанды, тәкаппарлық мойындатуды көксеуді жасырып тұрады.

Сары + қара: үрейлі сақтық

Өткен сәтсіздіктер оны өзіне деген сенімін туғызды, енді адам алдағы істердің (оқиғалардың) өрлеуіне күмәнмен қарайды. Адам ашуланшық және өте сақ. Оған жетістігіне кепілдік керек. Сондықтан да ол қандай-да бір жеңілдіктер жасамайды.

Күлгін түс: сезімді қатаң түрде бақылау

Күлгін түс: бір жағынан адам таза әрі толық сенімді қарым-қатынас іздейді, ал бір жағынан оның сенімін пайдаланып жаман мақсатқа пайдаланып кетпесін деп оны қатты бақылайды. Мұндай мінез жауап қайтаруға қабілетті, бірақ өзін-өзі мықты басқара білетін адамға тән.

Күлгін + сұр: басқарылатын сезімталдық

Сезімнің басылуынан жүйке жүйесі шаршауын бастан кешіреді. Адам жақсы қатынас орнатуға талпынады, бірақ өз эмоциясын мықты басқарады, ал адамдардан толық ашық қатынасты талап етеді. Себебі өзін жаман нәрселерден қорғанып, алдап кете ме деп қорқады.

Күлгін + көк: алаңдаушылық, эмоционалды қанағаттанбаушылықты туғызады

Көк түстің күлгін түстің алдында болуы эмоцияның басылуын білдіреді. Адам ішкі жан дүниесін біреуге айту үшін терең түсінігі бар адаммен қарым-қатынас іздейді. Қалыптасқан қарым-қатынастар бұл талаптарға сәйкес келмейді. Сондықтан да ол ашуланшақ болады және жалғыздыққа ұмтылады.

Күлгін + жасыл: мойындаудың жетіспеуінен қынжылу

Стресс оны ешкім түсінбеуінің себебінен туындайды. Адам өзінің жағдайына қанағаттанбайды: оны ешкім түсінбейді, жақсы көрмейді, сыйламайды. Оны ешкім мойындамайды, қолдамайды.

«Балаларға қоғамдағы мінез-құлық этикасы бойынша алдын алу сабақтары жүргізіледі. Айына бір рет «Жақсылық күні» немесе «Жылы жүрекпен» атты акциялар ұйымдастырамыз. Ата-аналармен де жұмыс істейміз. Мұның барлығын түсіндіреміз, бірақ жиі өткізбейміз өйткені ата-аналарды жинау өте қиын»

«Олар бұл эмоцияларды шығаруы керек, қағазды жыртып, айқайлап, бірақ мұның барлығы біздің көзімізше жасалады»

Психологтар әдетте жеке әңгімелер жүргізеді. Оның негізгі мақсаты: баланың психологиялық ерекшеліктерін және агрессивтілігінің себептерін анықтау болып келеді.

«...Әрине, жеке жұмыс жүргізіледі. Мұндай балалар сыныпта вербальды емес агрессияны көрсетеді, ал сыныптан тыс жерде бала өзін қалыпты ұстайды немесе сыныпта жанжал басталып төбелеске айналатын жағдайлар қазіргі кезде жоқ. Басында кездескенмін, әрине».

«Вербальды емес агрессия сыныпта кездеседі: сыныптан тыс жерде, бала сыныбынан алыс жерде ол өзін қалыпты ұстайды, бірақ ол сол ортаға түскенде ол вербальды емес агрессияны көрсете бастайды. Оны басқалардың мойындалмауы себебінен осындай қарым-қатынас болады. Бастапқыда мен жеке әңгімелесу, отбасы аралық қатынастарды диагностикалауды жүргіземін, содан соң социометрияны жүргізіп оның сыныптағы мәртебесін анықтаймын. Одан әрі оның мінез-құлығын түсіндіруге бағытталған 5 кеңес беру жүргізіледі. Соңынан топта жұмыс жүргізіледі. Біз топтық жұмыстарды баланың ұжымда жақсы сезінуі және оны қабылдауы үшін жүргізіледі»

«Баламен не болып жатқанын, неге бұлай болып жатқаны туралы әңгімелесеміз, міндетті түрде ата-аналарымен қалай жұмыс істеу керектігі туралы түсіндіреміз»

«Мұндай балалармен жұмыс жасауда сабырлылық сақтау керек – оларға дауыс көтеруге болмайды, қалай да жағдайды

«Балалармен сөйлесеміз. Егер біз сыныптан қуылған оқушыларды байқасақ, ол балаларды шақырып жеке жұмыс істейміз. Социометрияны жүргізіп, ренжіткендерді шақыртып, олармен әңгімелесеміз».

«Әңгімелесеміз. Негізінде біз әңгімелесу әдісін қолданамыз. Жоғарғы сынып оқушыларымен ойындар жүргізе алмаймыз, олармен тренингтер жүргіземіз».

«Егер бір жағдай болса, онда сынып жетекшісі, педагогтар осы жағдайды байқап, менің кабинетіме келіп, біз ол оқушылармен дәріс, әңгіме жүргіземіз».

«Мұндай жағдайларда әңгіме жүргіземіз. Ең алдымен, біз сөйлесеміз, себебін анықтаймыз. Бұл агрессияның себебін тауып: не болғанын, не себептен болғанын, не үшін екендігін білуге тырысамыз. Барлық себептер анықталған кезде, олармен неге бұлай жасағандығы туралы сөйлесеміз... Себебін анықтаймыз, ортақ қорытындыға келеміз: ары қарай не істейтіндігіміз туралы әңгімелесеміз»

«Мүмкін, қандай-да бір тренингтер, анкеталар жүргіземіз»

«Олармен тағы да сөйлесеміз. Әңгімеден кейін ол баланы бақылап, оның сыныбында жетекшісімен бірге басқа да ішаралар жүргіземіз. Ол оқушының өзі қатысатын акциялар, шаралар, флеш-мобтар жүргіземіз. «Мен балаға түсіндіремін... Ол өзі түсініп, талдау жасайды: «...егер мен ол адаммен жалғыз қалсам, онда олай жасамас едім. Менің бұлай жасауымның себебі басқа адамдардың көзінше батыр болып көрінгім келеді. Өзіме назар аударғым келеді». Ал кемсіткен адамдармен басқадай жұмыстар жүргіземіз».

«Балаға барып оған басу айтамын. Олар өз-өзіне келгеннен кейін кабинетке біреуін кіргізіп, соңынан екіншісін кіргіземіз. Себебін біліп: неге бұлай болды, неден басталды? Балалар әрқашан қанағаттанған көңіл-күйде кетеді. Содан соң сынып жетекшісіне сол бала туралы ұсыныстар айтамыз».

Күлгін + қызыл: жүйкесінің тозуы

Бұл түстердің үйлесуі жүйкесінің тозуын және жүрек әрекетінің қауіптілігін көрсетеді. Эмоционалды қозу деңгейі өте жоғары. Адам қалыптасқан жағдайға көңілі толмайды, оны жағымсыз деп қабылдайды, бірақ ол ештеңені өзгерте алмайды. Оған міндетті түрде оны түсінетін біреудің басуы керек. Психологқа барғаны жөн.

Күлгін + сары: сенбеу, күмәндану

Өзін алданғандай сезініп, өмірде жолы болмай, шеттетілген ретінде сезінеді. Қоршаған адамдардың мінез-құлығы мен олардың оған деген қатынасын терең талдап, әр кезде олардың шынайылығы туралы күмәнданады. Оған басқалар өзіне қарсы бірнәрсе ойластырып жүргендей сезінеді. Күмәндану сенбеу-шілікке айналады.

Күлгін + қоңыр: қайталанбастық

Адам оның талабына сай келетін, оның рухани дамуына себеп болатын және терең түсінетін достарды іздейді. Басқа жағынан, адам өзін-өзі көрсетуге тырысады және адамдарға деген сыни позицияны ұстанады. Өзіне деген сенімсіздігін сенімді мінез-құлық арқылы орнын толтыруға тырысады.

Күлгін + қара: тәуелсіздіктің қажеттілігі

Адамды өзінің сезімталдығы үрейлендіреді. Сондықтан да ол адамдардан, әсіресе жақындарынан жайлы шешімдер қабылдайды. Өзінің өміріне болмашы араласуды ол бірден шеттетеді. Адам өзінің ойлағанын кедергісіз және шектеусіз орындауына жүзеге асыруына себеп болатын өзара қарым-қатынастар орнатуға тырысады.

Қоңыр түс: мойындатуға талпыну

Қоңыр түстің соңғы орында тұруы дене қажеттіліктерін бірінші орынға қоятын адамдарда кездеседі. Физикалық комфортқа ұмтылу жоғарғы мақсаттарға жетуде сәтсіздікке ұшырауға алып келеді. Олар көпшіліктен бөлінуге тырысады және де өздерінің қайталанбастығын ыңғайлы жағдайларда көрсетуге тырысады; көппен бірдей болу сезімін ұнатпайды.

Қоңыр + сұр: мойындаудың жеткіліксіз болуы

Адам өзін назарсыз қалған адам ретінде сезінеді. Және де мойындату мен сыйлауға лайықты болу үшін физикалық қажеттіліктерді басу арқылы жетуге болады. Қалыптасқан жағдай уақытша, өтпелі ретінде қабылданады. Адам белгілі бір күш жұмсау, талпыну арқылы алдыға жылжуға мүмкін екендігіне сенеді.

Қоңыр + көк: түсінбеу және мойындаудың жеткіліксіздігі

Түсінудің және мойындаудың жеткіліксіздігі адамды сенімділік пен шынайылық негізінде қатынас орнатуға болмайтындығына сендіреді. Қатынастарға көңілінің толмауы оны ашуланшақ және сезімтал етеді. Қалыптасқан өзара қатынастар ашу және тәуелділік, жалғыздықты туындатады. Оның шынайы мақсаты – мойындату және өзін-өзі көрсету.

Қоңыр + қызыл: достарының аз болуынан туындаған өзіне сенімсіздік

Адам өзін мойындамаған және назардан тыс қалған адам ретінде сезінеді. Қандай ұжымда болмасын ол жалғыздық сезімінен арыла алмайды. Адам оны басып, кемсітеді деп қорқады. Бұл сезім өзіне деген сенімсіздік, сенімді болып көріну бетперденің артында жасырынып тұрады.

Қоңыр + сұр: немқұрайдылыққа алып келетін түңілу

Ішкі шиеленістің себебі: өзіне деген сенімсіздік. Қарым-қатынас жасайтын адамдары арасында оның талабына және қызығушылығына сай келетін адамдар жоқ. Жалғыз қалу сезімін уайымдау оны қайтадан адамдарға итермелейді. Өзінің ерекшелігін дәлелдеу үшін ол өзіндегі қатынас жасауға деген қажеттілікті басып өзіне-өзін сенімді адам ретінде көрсетіп, оны сынайтын адамдарға деген жаман қатынасын жасырмайды.

Қара түс: басқаруға деген бейімділік

Қара түсті ұнатпау бұл өз өмірінің иесі болуға талпынысты және өзінің әрекеттерін, шешімдерін қадағалауға, басқалардың тыйымдарынан тәуелсіздікке ұмтылу. Қара түсті ұнатпау амбицияның бар екендігін және өзіне қажет еместен тез босай

оқушыларының алдын алатын әртүрлі сыныптан тыс шаралар, акциялар жүргізеді.

«...7-8-ші сыныптармен «Сөз құдыреті және Мен» атты біз сыныптан тыс шаралар жүргіземіз. Осы сыныптарда оқушылардың балағат сөздер айтатын кездері болады, сондықтан да олармен сыныптан тыс шаралар жүргіземіз. Оларға сөздің әсері туралы айтамыз».

«Жапон ғалымдарының эксперименттерінен сөздің қасиеті туралы мысал келтіреміз. Және балалар үшін күтпеген жағдай: сөздің осындай әсері болуы мүмкін бе? Олар көрнекі түрде көре алады. Бұл жағдайларда біз міндетті түрде әдетті сақтау, мінез-құлықтың ережелерін сақтау керектігі туралы алдын алу әңгімелерін жүргіземіз»

«Олармен алдын ала ішкі тәртіп ережелері туралы келісіп аламыз. Мәселен, ішкі тәртіп ережелері барлық балалар білмейді, білген күннің өзінде олар естеріне сақтамайды, әр тарауды оларға жеке-жеке түсіндіреміз».

«Ең алдымен агрессияның неден туындайтынын біліп алу керек. Агрессия үйде түсіністіктің болмауынан, балаға назардың жетіспеуінен агрессия туындайды»

«Негізінде біз агрессияны жеңілдететін тренингтер жүргіземіз».

«Балалармен сөйлесеміз. Балаларды шақырамыз, оларды ренжіткен адамдарды шақырып жұмыс істейміз».

«Жайсыздық жайпауышы» атты психологиялық акция жүргіздік. Сол жерде балалардан оларды кім ренжіткені, оларды мазалап жүрген мәселелер туралы сұрадық, «Жайсыздық жайпауышы» аузы ашық суретін салдық. Балалар қағаз бетіне өздерінің реніштерін салып, оның аузына салып, ол «жайсыздықтарды» оған жегізеді. «Жайсыздық жайпауышы» бастауыш сынып оқушыларының мәселелерін жеп, мәселелерін иешіп кетеді».

«Жас ерекшелік психологиясының ерекшелігін ескере отырып, біз әр жасқа тән белгілі бір мәселелер болатындығын білеміз. Жүргізілуі керек сабақтардың маңыздылығын балалар әр кезде түсіне бермейді. Сонымен қатар балалардың уақыттары да жетпейді»

«Агрессивті балалармен жұмыс жасағанда ата-ананың көмегінсіз болмайды. Көп жағдайда ата-ана тарапынан түсінбеушілік болады. олар белгілі бір себептермен барлық жауапкершілікті мектепке артып қояды»

Мектептегі психологтардың жұмысының өзіндік ерекшелігі бар: бұл психологиялық кеңес беру, психологиялық түзету және де әртүрлі тренингтер жүргізу.

«Келесі бағыттар бойынша жұмыс жасаймыз: суицидалды және агрессивті мінез-құлықтың алдын алу, шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамыту, жоғарғы сыныптардағы кәсіби бағдарлау жұмыстары, ҰБТ-ға, емтихандарға даярлық»

«Жұмыс тәуекел тобымен, ата-аналармен, оқушылармен және мектеп әкімшілігімен жүргізіледі»

«Әңгімелесу, анкеталау және де басқа өзара әрекеттестік формаларын жүгізуде мәселелік жерлерді анықтап, нақты субъектімен жұмыс жасау бағыттарын анықтаймыз. Әрі қарай олармен психологиялық кеңес беру, түзету-дамыту жұмыстары жүргізіледі».

«Келесі бағыттар бойынша жұмыс жасаймыз: психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру, психологиялық ақпарат беру, психологиялық диагностика»

Жүргізілген тереңдетілген сұхбат көрсеткендей, мектеп жасындағы балалардың агрессивтілігінің алдын алу жұмыстарын психологтар қарым-қатынас тренингтерін, психологиялық жеңілдену, сонымен қатар мектептегі психологиялық ұжыммен бірге олардың ұйымшылдығын жақсарту түсетін және мектеп

алатындығын көрсетеді. Ол ешнәрседен бас тартпайды, ол үшін бас тарту жетіспеушіліктің белгісі болып келеді. Бірақ бұл адамдар беделді, билікке бейім келеді.

Қара + қызыл: дәрменсіздік және жүйкесінің тозуы

Бұл түстердің үйлесуі қатты стрессті және жүйкенің тозуын білдіреді. Адамның қазіргі жағдайы ол үшін шешімі жоқ болып көрінеді. Адам өзінің әлсіздігін сезінеді, мақсатына жете алмайтындығына ашулы, өзінің сенімдеріне сай кедергісіз әрекет еткісі келеді. Оған уақытша өз талаптарынан бас тартуы қажет, өйткені денсаулығы бұзылады. Жүрегіне салмақ түсіреді!

Қара + сары: белгісіздік

Орындалмаған үміттер адамды қобалжуға және күмәнданушылыққа алып келеді. Сондықтан да ол өзін басқалардың бақылауын қаламайды. Ақылға бой алдырмайды. Мұндай жағдайларда жағымды ұстанымдарды ұстану керек.

4. БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚТАР

4.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ: ЖАҒДАЙЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Агрессивті балалар – бұл көмекке мұқтаж және үлкендердің қабылдамауына ұшараған балалар тобы. Түсінбестік пен агрессивті мінез-құлық себептерін білместік агрессивті балалардың үлкендерден де, өздерінің құрбыларынан да ашық түрде жақтырмауы мен қабылдамауына алып келеді. Сондықтан да мәселелік санаттағы балаларды анықтау мақсатында тек агрессивтіліктің деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен бірге агрессивті мінез-құлықтың алдын алу және түзету жұмыстарын жүргізу керек.

Бала агрессивтілігінің алдын алу – бұл балалар мінез-құлығындағы агрессияны туындататын негізгі себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік-дәрігерлік және ұйымдастыру-тәрбиелік іс-шаралардың әсер ету үдерісі. Алдын алу бұл тәуекел факторларын жою немесе қандай да бір құбылыстар туралы ескертуге бағытталған әртүрлі іс-шаралар жиынтығы.

Білім берудегі психологиялық қызметтің негізі туралы көзқарастарға сүйене отырып, мектептерде жүргізілетін алдын алу жұмыстары туралы төмендегідей анықтама беруге болады. Алдын алу – бұл оқушылардың оқу іс-әрекеті барысындағы қиындықтарға алып келуі мүмкін ерекшеліктерін уақытында анықтау болып келеді.

Алдын алу жұмыстарының мақсаты психолог өзінің білімі мен тәжірибесі негізінде баланың дамуы мен өмірлік танымына әсер ететін, балалардың психикалық және тұлғалық дамуындағы болуы мүмкін сәтсіздіктерді ескерту. Бала агрессивтілігінің алдын алу дегеніміз бұл баланың агрессивті мінез-құлқын туындататын әлеуметтік-психологиялық факторларға жол бермеуге бағытталған іс-шараларды жүргізу.

да біздің психологиялық көмек көрсетуіміздің сапасы төмендейді».

Бұл мәселелерден бөлек, оқушылардың санасындағы психологқа тек психикалық ауытқулары бар адамдар ғана келеді деген стереотиптерін жоюға бағытталған мәселелерді жеңу жолында қызмет жасайды. Тағы да бір қиындық ата-аналардың бірігіп жұмыс істеуге дайын еместігі және барлық мәселелерді мектептегі педагогикалық ұжымның иығына артып қойғысы келуі.

«Қиындығы сол балаларда сабақ жүріп жатады және оларды мұғалімдермен келісіп сұрап алу керек»

«Қиындығы мұғалімдермен келісіп олардан жалынып, жалбарынып сұрап алуың керек. Түсінікті олардың да жоспарлары, жұмыстары, қандай да іс-шаралары, қадағалау бар, сондықтан да өте күрделі»

«Әсіресе тоқсанның соңына қиын. Бірақ сонда да мұғалімдер түсініп, біздің өтініштерімізді орындайды»

«Қиындықтар қарым-қатынас жасауда кездеседі. Қазір қыздары үшін төбелесетін жақсы көріп қалғыш балалар көп. Және ол оның қызы екендігін айтып табандылық, агрессия көрсететіндер де кездеседі»

«Балалар қиын қабылдайды. Егер баланың өзін-өзі бағалауы жоғары болса, мен психолог ретінде басыңқы түрде сөйлесе бастаймын. Оларға: «Бұлай болмайды», «Өзіңді қалай ұстау керектігін білмейсің» десең нашар қабылдайды. Олар: «Неге маған жабысып қалдыңыз? Менен де жаман балалар бар ғой» деп жауап береді»

«Біз олармен қалай жұмыс жасау керектігін білеміз, қай жерде басу керектігін, қай жерде өзіндік бағалауын көтеру керек және де балалар белсенді түрде қабылдап, қарсы жауап беруге тырысады»

Психологиялық жұмыс жасау сапасын төмендететін факторлардың бірі ата-аналардың, кейде балалардың жеке сипаттағы мәселелерді шешуде психологпен бірлесе жұмыс істеуден бас тартуында, сонымен қатар педагогтар ұжымы мен оқушылардың әр түрлі сыни жағдайларды шешудегі психологтың біліктілігін жеткілікті түрде бағалауымен байланысты.

«Иә қабылдамайды! Қазір ештеңе емес, алғашқы кездері олармен әңгімелесе бастаса, олар: «Сіздің есіңіз дұрыс па?» дейтін. Сонда оларға: «Балалар, мен ақыл есі дұрыс еместермен емес, тек мінез-құлықты түзету жұмыстарымен айналысамын» деймін

«Олар үшін психолог келсе, психиатрмен жұмыс істеуі керек»

«Психолог тек әңгімелесу арқылы шешеді»

Мектепте кездесетін тағы бір мәселе – жұмыс сағатының жеткіліксіздігі. Психологтар балаларды сабақтан сұрап алады, ал пән мұғалімдері сабақтан жібергісі келмейді.

Психологтың жұмысындағы қиындығы: олар лық толы сыныптармен жұмыс жасауға мәжбүр. Оқушылармен психологиялық жұмыстар жүргізуде балалардың көп болуы қиындық туындатады. Шағын топтарда жұмыс жасау алдын алу жұмыстарының нәтижелі болуының негізгі себебі болып келеді.

«Жалғыз мәселе – сыныптар топтарға бөлінбейді. Психологтың жұмысы шағын топтарда жүргізілуі керек, 12 немесе адамнан ең көбі 15 адамға дейін»

«Барлық сыныпқа тақырыптық сабақтар жүргізген кезде, біз балаларды бөле алмаймыз. Сондықтан да оларды қызықтыру және мұқият тыңдату күрделі»

«Психологиялық сабақтар жүргізген кезде балалардың қызығушылықтары бойынша топтарға бөлген жақсы болар еді. Балалардың санының көп болуы кедергі жасайды. Сондықтан

Тұлғаны түзету оның ауытқыған мінез-құлығындағы жағымды тұлғалық өзгерістерге жағдай жасау.

Баланың агрессивті мінез-құлығын түзету баланың тұлғасының толыққанды дамуы және қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында агрессивті әрекеттерді анықтауға бағытталған психологиялық әсер ету.

Психологиялық түзету – мектеп психологтың психологиялық әсер етудің арнайы құралдарының көмегі арқылы баланың агрессивті мінез-құлығын түзетуге бағытталған қызметінің бір түрі.

Жеке және топтық психологиялық түзетуді бөліп көрсетуге болады.

Жеке психологиялық түзетумен айналысатын психолог баламен бөтен адамдардың қатысуынсыз жұмыс жасайды. Топтық психологиялық түзету жұмысы кезінде оқушылар тобымен өзара әрекеттестік болады, агрессивтілік деңгейінің төмендеуі балалардың бір-біріне өзара әсер ету және өзара қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асады.

Агрессивті мінез-құлықты түзету үшін бірқатар жаттығулар өңделген, оларды дұрыс орындайтын болса жағымды нәтиже береді. Бұл құралда мектеп жасындағы балалардың агрессивті мінез-құлығын түзету бойынша жаттығулардың бірнеше нұсқалары қарастырылды.

Мектепте агрессивтілік және күш көрсету деңгейінің алдын алу және түзетумен тікелей психологтар айналысады.

Мектептегі психологтың жұмысының өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларының психологиялық жағдайын қадағалаумен, психологиялық кеңес берумен, тренингтер жүргізумен ерекшеленеді. Қазақстандық психологтар өздерінің жұмыс күндерін былай деп сипаттайды:

«...Менің жұмыс күнім 9-дан 5-ке дейін. Кейде кешке дейін созылады. Менің жұмыс күнім әдеттегідей өтеді, кеңес берулер, тренингтер және мен өзін-өзі тану сабақтарынан дәріс беремін»

«Әдетте біз таңертең келеміз, жұмыс басталады. Шағыммен келетін барлық мұғалімдермен біз әңгімелесеміз. Егер бізде қандай да бір сынып тесттен өтіп жатса, тест

жүргіземіз. Содан соң басқа балалармен жұмыс жасаймыз, әңгімелесеміз, мен және әлеуметтік педагогпен, тәрбиелеушілермен бірігіп тәуекел топтарымен жұмыс жүргіземіз. Содан жоспар бойынша мектеп директорымен жиналыс жүргіземіз, ол жоспар бойынша зерттеу жүргізілу туралы тапсырма береді. Мәселен, суицид бойынша, немесе қандай да бір дөңгелек үстел жүргізу»

«Менде күнтізбелік жоспарлар және жұмыс кетесі бар. Мәселен, менде дүйсенбі күні демалыс күні, сабақтар бар, сабақ жүргіземін және мәліметтерді өңдеймін. Содан соң сейсенбі күні ата-аналармен жұмыс, сәрсенбіде менде кезекшілік. Бейсенбі, жұма күндері менде диагностика және сенбі күні балаларға кеңес берумен айналысамын»

«9-да жұмысқа келеміз, кабинеттерімізге кетеміз, оқушылардың жағдайларына қараймыз. Егер жоқ оқушылар болса әлеуметтік педагогпен бірігіп ата-аналарға хабарласып, жоқ болуының себебін анықтаймыз. Содан соң тәуекел тобымен, дарынды балалармен жұмыс жасаймыз, яғни әр аптада әр баламен жұмыс жасаймыз. Түзету – дамыту сабақтарын жүргіземіз»

«Менің жұмыс күнім жеті сағатты құрайды. Күні бойы оқушылармен, мектеп педагогтарымен, ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста боламыз. Біздің мектепте спорт саласы бойынша дарынды балалар оқиды. Сондықтан да жаттықтырушылармен жұмыс жасаймыз...»

«Жоспар бойынша жұмыс жасаймыз, бірақ жоспардан тыс та жұмыстар болады. Егер психологсыз шешілмейтін қандай да бір мәселе туындаса жоспардан тыс жұмыс жасаймыз. Мәселелер өте көп, сондықтан да жұмыс істейміз»

«Бір аптаға жоспар құрылады. Дүйсенбі күндері ата-аналармен жұмыс. Сейсенбі – балаларға арналған кеңес беру. Сәрсенбі – түзету-дамыту сабақтары. Бейсенбі – әдістемелік күн. Жұма – оқушыларға арналған дамыту және диагностикалау сабақтары. Сенбі күні материалдарды даярлау, семинарларға

дайындалу, теориялық материалдармен жұмыс. Тоқсанына бір рет ата-аналар жиналысы болады, сол жерде психолог өзінің ұсыныстарын айтады. Жылына 4 рет жалпы мектептік ата-аналар жиналысы болады»

Психологтың агрессивтіліктің алдын алуы бойынша жұмысы маңызды болып келеді, сондықтан да мектептегі балалардың агрессивтілік деңгейін диагностикалау жүргізумен, агрессивті балалардың психологиялық ерекшеліктерін анықтаумен байланысты.

Сарапшылардың кейбір бөліктері жұмыста аса бір қиындықтар жоқтығын атап кетті. Олардың айтуы бойынша: «Барлығы жоспар бойынша, балалармен қарым-қатынас жасауда аса бір қиындықтар жоқ».

«Негізі, аса қиындық жоқ. Бірақ кейде кейбір мінезді балалар болады: оларға ерекше бағыт керек. Мұндай қиындықтарды бірігіп шешеміз – нәтижесінде барлығы шешіледі»

«Енді, негізінде қиындықтар болмайды. Барлық балалар қарым-қатынасқа жеңіл түседі. Барлығы түсіністікпен қарайды, егер қиындық кездескен күннің өзінде маңызды емес. Егер балаармен қатынас жасау қиындаса, сөйлескісі келмесе, оларды әңгімеге тарту қиын»

«Қиындықтар жоқ. Біздің балалардың түсініктері бар, маған дейінгі психологтар да жақсы жұмыс істеген. Бір ғана мәселе – балалардың көңіл-күйінің болмауы, өзін-өзі нашар сезінуі себебінен жұмыстан, қарым-қатынас жасаудан бас тартады»

«Негізінде, ерекше күрделі қиындықтар жоқ. Кейде, кейбір балалардың мінездері ерекше болғандықтан оларға ерекше бағыт керек»

Сарапшылардың енді бір бөлігі жұмыста кездесетін кейбір қиындықтарды атап өтті. Бұл қиындықтар олардың ойынша, ең алдымен психологпен қарым-қатынас жасағысы келмеуінде.